

«Қызылқұм әуені»:

(өлеңдер жинағы), құрастырған Қоспаев Сақтапберген

Алматы: «Үш Қиян» 2024. 275 бет.

Бір замандағы алып мемлекеттің арнайы қаулысымен құрылған «Жаңақала» (қазір Кеңес Одағының Батыры Тәйімбет Көмекбаев атындағы ауыл) ауылы 60-тың белесіне толды. Осы ауылдың 50 жылдық мерейтойына ауыл перзенті, ақын, өлкетанушы Сақтапберген Қоспаевтың құрастыруымен «Қызылқұмның Жерұйығы» деген көлемді дүние жарыққа шыққан болатын.

Ауылға арналған бұл екінші кітап. Жаңа ауылдың қазығын қаққан, өздері де бір заманның алыптарына айналған аға буынның, түрлі салада еңбек етіп жатқан орта буынның, балауса балғын жас-өркеннің өлеңдері осы жинаққа біріктіріліп отыр.

Кітап «Еңбекті жырмен бастаған», «Тебіреніп жүрекпен, туған жерді жыр еткен» және «Балауса жырдың бағында» деп аталатын үш бөлімнен тұрады.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

АЛҒЫ СӨЗ

Қызылқұмның қойнауында боз жусанды боз далада қоныс тепкен, шалғай жатқан қазіргі шағын ауылдың өзіндік тарихы бар. Бұдан 60 жыл бұрын «Жаңақала» деген атпен өмірге келген, совхоз болып құрылған, иен далада құлашын кең жайып, сары жайлауда төрт түлікті мыңғыртып, өрістеткен бұл ауыл кезінде белгілі шаруашылықтардың бірі болған. Бұл жерді мекен еткен боз жусанды боз даланың тұрғындары сол даламен сырласты, дала әуеніне қосылып ән салды. Дала әуенін тыңдай жүріп тебірене жыр жазды. Олар өлеңді кәсіп еткен жоқ. Қолы қалт еткенде кең даламен ақ қағазды ауыстырып әуесқойлықпен ғана жүрек сезімін ақ қағазға түсірді.

Бұл қазақтың қанындағы жыр құмарлық қасиет, екі сөздің басын қосып айта салатын әдет. Сыр бойының ақындық өнерінің жұрнағы десе де болар-ау! Кете, Шөмекей елінен шыққан Балқы Базар, Ешнияз сал, Тұрмағанбет, Шораяқтың Омарының ұрпақтары бұлар. Қызылдың қиясында осы ауылды құра жүріп, қолы босай қалғанда орамды ойын ортаға салып қағазға түсірген ардагер ағаларымыздың біразы қазір арамызда жоқ. Олардың ерлікке бара-бар істеген істері тарихқа айналып, азды-көпті жазғандары ақ парақтың арасында сарғайып барады. Біздің негізгі алға қойған мақсатымыз соларды жаңғыртып, ел игілігіне жарату. Кейінгі ұрпақ білсін, үлгі-ғибрат алсын, керегіне жаратсын деген ой.

Бір қуанарлығы сол ағалар жолын жалғастырар інілері мен балаларының ел ішінде өсіп келе жатқандығы. Сол бір өнер жақсы дәстүрге айналып, жалғасын тауып өміршең қалыпқа түсіп, өркендей берсе дейміз.

Осындай өнер жалғастығы үзілмесін, жаңара берсін, жаңғыра берсін!


Көнертпей қалған ізін ағалардың,
Біз болмасақ осылай бағалар кім?
Көнені жаңартуға жаны құмар,
Кейінгі ұрпақ болмай, жаңалар кім?

Ұсындық бұл жинақты алғаш рет,
Үлгі алсын кейінгі ұрпақ жалғасын деп.
Алғаусыз шын жүректен шыққан сөздер,
Сарғайып сандықтарда қалмасын деп.

Қосбаев Сақтапберген Төлегенұлы

1-бөлім

***Еңбекті
жырмен
бастаған***



Машарап Əлиев
(1916 - 1987)

Машарап Əлиев 1916 жылы Қазалы ауданының Баршақұм деген жерінде дүниеге келген. Соғыс және еңбек ардагері. 1939-1946 жылдар аралығында Екінші дүние жүзілік соғысқа қатысқан. Жаңақала совхозы құрылғанда осында бас инженер болып келді. Кейін ауыл шаруашылығы машиналарының механигі қызметін атқарып, 1976 жылы зейнеткерлікке шықты. 1987 жылы Т.Көмекбаев ауылында қайтыс болды. Машарап Əлиев - жыршы, сазгер, аудармашы. Саз аспаптарын жасаушы ұста болған. Бірнеше дастандарды жатқа білген. Белгілі жырау Алмас Алматовтың алғашқы ұстазы.

Ой толғамдар

Дүниені қудық ізденіп,
Көбейте алмай тістеніп,
Жеткізер сірә болмады
Атқанмен оқты кезеніп.
Салар емес көз қырын,
Дос тұтқанменен еміреніп.
Қуғанды енді қоямын,
Қу дүниені сөз қылып.
Елуге жасым жеткенше,
Ұстамадым кез келіп.
Алпыста тіпте ұстатпас,
Табылғанменен жол болып.
Түлкідей алдап шаршатты,
Бұталы жерде кез болып,
Дүниені құрсын жақсылар,
Өтсе де алдан қыз болып.
Дүниені ойлап қамықпай,
өмірді өткіз мәз болып.
Сұм дүние жеткізбес,
Қуғанменен жел болып.
Бахадүр болсаң халқыңа,
Қарттардың түсіп салтына,
Халқың сені қадірлер,
Тидірсең пайда ұлтыңа.
Жұртыңның көңлі қожырар
Тыға берсең алқымға.
Нәпсінің көңілі жай болмас,
Не сыйлайды алқымға.
Көпті алдап күнелтіп,
Сайтанның түспе салтына.
Ел бездірген ер емес,
Нәпсінің кетсең еркіне.
Сақтаныңдар жақсылар,
Кір қалдырмай артыңа.
Сөз аяғын тоғардым,
Түсінер деп парқына.

Көңіл күйлері

Жауһарлы бәһәм табылмайды,
Көңілге ілім гүл төкпей.
Азаматтар аңласаңдар,
Мысалы пенде миуа көктей.
Ер қартайса болар бір гүл,
Қураған солып күзгі шөптей.
Айтқыштың сөзі ажарлы дүр,
Ақтап алған таза сөктей.

Қате жерлерін қалдырып,
Халыққа жазсаң әпсана сөз,
Естігендері жүрер сөкпей.
Би-опаның кемдігінен,
Кетпеген ер жоқ қапа шекпей.
Кем қолды қылдың, құдайым,
Көңліме салып уайым,
Дүниенің зауқын көрсетпей.
Асыл туған арғымақ ат,
Жабыдан артық болмайды,
Мойнына жүрсе жал бітпей.
Жігіт жылқы, жоқтық боран,
Соқса қоймайды жүдетпей.
Аса бәһәлі кескір қылыш,
Қадырсыз қазан пышықпен,
Тең болады, жүрсең кетпей.
Мен пәленмін, пәленмін деп,
Ойлама өңлім менмендікті,
Заманым азып, тыңдатпаған.
Рас сөздерім өтіріктей.
Қор болып сонда бұл дінім,
Ит арқа жаман жөңгеше,
Кілем жауып артқан жүктей.
Тапшылықтан жүдеу тартып,
Қорғаланған бұл бір інің,
Көсілуге көрпем жетпей.
Беклерім, етсем рұқсат,
Сәл нәрседен шықпас ләззат.
Аз да болса ет қанағат,
Болмайды енді сөзді ірікпей.

Кәрілік

Кәрілік ауру емес емдейтұғын,
Зор кесел күннен күнге меңдейтұғын.
Жұмысқа әлім келмей отыр десең,
Әйел мен балаң да сенбейтұғын.
Кәрілік өз басына келмеген соң,
Ол сенің жағдайыңды сезбейтұғын.
Қайратың қап тауындай болғанменен,
Пенде жоқ ақиқатқа көнбейтұғын.
Бір әдет саған тағы пайда болар,
Біреуден алсаң алып бермейтұғын.
Артың да жастай жиған қалар мүлкің,
Бұл дүние ешкімге де ермейтұғын.
Сөз жазшы қиял барда, ей, машарап,
Күн туар аяқ созып көлбейтұғын.

Алмасқа хат

Алмасжан атыңа арнап жолдадым хат,
Әр уақыт болғайда деп көңілің шат.
Бір ауыз үйде естіген сөзің үшін,
Дей келе нйналаңа үлгі тарат.
Мен сені баламнан кем санамаймын,
Алмасжан келгеніңде бер деп сабақ.
Екі күн ұялғаннан қағаз жаздым,
Науқастан сергімесе де қас пен қабақ.
Атаның ауызда бар әулеті едің,
Қардарға қайыр қылған мол шапағат.
Еңбекке саған үйреткен ризамын,
Қыдырсын Тақ Сүлеймен түрлі әлаят



Қаратай Қуаңбаев (1922 -1988)

Қаратай Қуаңбаев 1922 жылы Қармақшы ауданына қарасты № 12 Қосарық ауылдық кеңесінде кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Еңбек жолын Микоян атындағы колхозда колхозшы болудан бастаған. 1942-1947 жылдары Кеңес армиясы қатарында болып Батыс Калинин, Забайкальский майдандарының құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан. Кеңес-Жапон соғысында болған. Елге оралғаннан кейін аудан көлемінде көптеген әр түрлі партиялық қызметте болды. 1961-1964 жылдары Ленин атындағы совхоздың кәсіподағы жұмысшылар комитетінің төрағасы, Карл Маркс атындағы бөлімшенің басқарушысы болды. 1964 жылы жаңадан құрылған «Жаңақала» совхозының директоры болып тағайындалды. Бұл қызметті 1980 жылға дейін абыроймен атқарып, 1980-1984 жылдары Ленин ауылдық кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметіне ауысты. 1984 жылы Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шықты. 1988 жылы Т.Көмекбаев ауылында қайтыс болды.

Қызылқұм сапары

Бұл қиял шыққан емес еріккеннен,
Болмаса ақындық қып желіккеннен.
Жүрген жол Қызылқұммен сапарымда,
Жинақтаған ойларым көріп келген.

Қашаннан халыққа мәшһүр болғае «Қарақ»,
«Қарақтан» Қызылқұмым жатқан тарап.
Көрініп күндік жерден бұлтпен бірге,
Қасқиып қарауылдай тұрған қарап.

Ежелден елге таныс «Шірік» деген,
«Шіріктен» су ішкен жұрт құдықпенен.
«Тамдыға» тіке тартқан түйе жолы,
Мен бүгін сол соқпақпен жүріп келем.

Түйемен ата-бабам қатынаса,
Шөліркеп, шаршап, жүдеп аһыласа.
Астымда «ГАЗ-69» машинама бар,
Жер қашық, болмаса да жақын аса.

«Қос шын» мен «Қоралы», «Балтай» жалғас құдық,
Қалыпты айналасын шаң бастырып.
Бір құдық «Бұқа қазған» атаныпы,
Маманы бұл кездердің алжас біліп.

Қасында топырақ үйген белгі тұрған,
Еспе құм ақ шағыл боп жел суырған.
Жалданып екі кісі қазған екен,
Үстіне құдық құлап опат болған.

«Қасқа асу» одан соңғы аты шулы,
Шексіз құм көрінеді оңды-солды.
Аса алмай «Қасқа асудан» ол заманда,
Бейнетін көрген екен небір сорлы.

Қақ жарып асады жол «Қасқа асудан»,
Өзгеше жаратыпты басқа асудан.
Бұл кезде машина жол боп кетіпті,
Ел көшіп машинамен жүк тасыған.

О, Тоба, сол кездегі ата-бабам,
Машина болады-ау деп ойламаған.
Тетігін техниканың тауып бүгін,
Өсірген өмірімде отан-анам.

Шұбалтып қою шаңнан құйрық тағып,
Құйылтып зымыратып құстай ағып.
Басына «Қасқа асудың» шығып тұрмын,
Бір жеңіл машинамен бүгін барып.

Жан-жағым қарағанда мұнарланды,
Еріксіз бұрынғыны еске салды.
Ол кездің қиындығын көрмесем де,
Толғатып елестеттім көп сырларды.
Бейнетін «Қасқа асудың» көрген бабам,
Төзе алмай талайлары кешкен жанды.

Нешеулер көш жетектеп жаяулаған,
Азабын тартып өмірдің қаяулаған.
Жеткенше бір құдықтан бір құдыққа,
Ыссыда бұта түбіне аялдаған.

Жас балалар «Су бар ма?» деп шуылдаған,
Топырақ болған емес суырмаған.
Өмірдің бабам кешкен қиындығы,
Көз жаспен жан болмаған жуылмаған.

Жолдағы бейіттерді көргеніңде,
Дәлелдер осынымды етпе күмән.
Талайдың көздерінен ағып жасы,
Мезгілсіз өмірі өшіп зар жылаған.

Қарқын құм өркеш-өркеш шөгіп жатқан,
Ағысты дариядай толқын атқан.
«Қасқа асу» «Қарақтың» бір туысындай,
Қараған төбесінен аспан жатқан.

«Қарақ» пен «Қасқа асудың» екі арасы,
Он күндік көліктіге шамаласы.
Бір күнде күн батпай-ақ келіп тұрмын,
Қазақстан-Өзбекстан шекарасы.

Теңіздің толқынындай шың өркеші,
Жайылып жатқан жайсын тың өлкесі.
Құйылып құт жатса да қойнауында,
Жасырған зар заманның құм көрпесі.

Түлейін түлкі, қарсақ мекендеген,
Секіріп саршұнағы секеңдеген.
Күні үшін қорек іздеп құм ішінде,
Су таппай сүмендеген жетер жерден.

Абыржып әр бұтаны көлеңкелеп,
Алдынан желпіп өтсе желге еркелеп.
Қыс болса қалың қуып ықтасынды,
Күтініп жататұғын күні ертерек.

Қояны қоңырлықта көжектеген,
Көжегі бебеу қағып безектеген.
Киіктің құралайы құрсағы үшін,

Маңырап мама іздеген кезекпенен.

Аялап асыраған дала таңы,
Күнелткен көк қарғаның балапаны.
Шілденің шырылдауық шегірткесі,
Секірсе құмға күйген алақаны.

Түйені сексеуілі тірегіндей,
Құдығы - жеткізбейтін жер шегіндей.
Қуысы, қалтарысы, жықпылы мол,
Тарихы Қызылқұмның шешен үйдей.

Тереңнен құдық қазып қырық құлаш,
Не байлар ертеректе жүріпті рас.
Тайлақтың терісінен қауға жасап,
Томардан ақпана-ақыр құрыпты оғаш.

Білектей ешкі жүннен арқан есіп,
Шарықпен шабандоздай тарта көшіп.
Ішіне ырыс, құтын сақтаған жер,
Ашылмай абатына дархан есік.

Ғасырдың қалып жүрген біразынан,
Қызылқұм шөл дала еді құлазыған.
Ішінен жалғыз-жарым жан жүре алмас,
Жынысы жым-жылас бір жыра-зындан.
Ысекең, Ибрагим, Иман ағам,
Қалдырмай айтып берді бәрін маған.
Сипаты Қызылқұмның осы еді деп,
Түйемен жүрген жолын есте қалған.

Жүрейік дедім сосын Абатбекке,
Бағдарын «Жүзқұдықтың» алып бетке.
Қызығып жан-жағына қарайды ол,
Жолаушы ағаларын санап көпке.

Демалып «Қасқа асудан» жүріп кеттік,
Белгісін көнелердің көріп кеттік.
Шегіне құм мен таудың жақындап біз,
«Құр құдық» деген жерге келіп жеттік.

«Құр құдық» қазылыпты тау қойнынан,
Жүз метр тереңдігі бар бойынан.
Қоңырлық тастақ болып кетеді екен,
«Боз кемір», «Жүз құдықтың» шалғайынан.

Бұл маңды айтады екен «Қақпа тас» деп,
Тартысып жатқан байлар бақталас боп.
Көлікпен Сыр бойына базарлаған,
Асудан асып талай қатынас боп.
Мұнартқан «Жүз құдықтың» тауын көрдік,
Қуанып көрдік-ау деп көңілдендік.

Жеткен соң аман-есен туыстарға,
Көрістік құшақтастық көңіл еріп.
Аталды жоғарыда құдық біткен,
Өзіміз машинамен жүріп өткен.
Төрт түлік жатқан қоныс жазы-қысы,
Елі бай ерлері сай еңбек еткен.

Төрт жүздей шақырым жер қашықтығы,
Заулатып жеттім қазір басып мұны.
Атқан оқ өтпейтіндей қалыңдығы,
«Шөбінің» жоқ қазір де жазықтығы.

Жан-жаққа қарап тұрмын тамашалап,
Орнайды Қызылқұмға тамаша бақ.
Малшылар қатар-қатар боз үй тіккен,
Қойғандай көрініске оңашалап.

Шақырып бірінен соң бірі келіп,
Сый, құрмет кетті мүлде іріленіп.
Қоштасып таң атқан соң жүріп кеттік,
Көңілге шабыт, шаттық гүлін егіп.

Бізде сол Қызылқұмды игеруші,
Жайнатып заманға сай күй беруші.
Жарқырып көшесінде түнде шамы,
Қала тұр... халыққа біз үй беруші.


Қызылқұм бұрынғыдан қазір қандай,
Жайнады жүзінде бір әжім қалмай.
Түбінен әр шөбінің ырыс қайнап,
Қысында қысылмайды, жазында – жай.

Қызылқұм құмың екен қызыл алтын,
Көрген көз келбетіңе қызығатын.
Бал бұлақ баурайыңнан бастау алып,
Жайнады жасыл желек жүзі жарқын.

Шұрайлы шөбі балғын жауһазындай,
Мәуесі арулардың алқасындай
Селеуі семіздіктен төңкерілген,
Шопанның күтімдегі марқасындай.

«Ел жаңа – елу жылда», жер жаңарды,
Абатқа айналдырдық шөл далаңды.
Төсінде еңбек күйін көкке өрлеткен,
Туған жер, өзің жебей бер балаңды.

19 қазан, 1969 жыл



Қасым Жүсіпұлы
(1924 - 2004)

Қасым Жүсіпұлы 1924 жылдың мамыр айында Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ленин совхозында (қазіргі Тұрмағамбет ауылы) дүниеге келген. Соғыс және еңбек ардагері. 1965-1970 жылдары Жаңақала совхозының бас зоотехнигі, бас экономист, кадр бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. «Құрмет белгісі», «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордендерінің иегері. Ауылдың өсіп-өркендеуіне зор үлес қоса жүріп, ел аузындағы шешендік сөздер мен шежірелерді жинақтаған. 2004 жылы Т.Көмекбаев ауылында өмірден өтті.

Әбиболлаға

Әбиболла жүрмісің,
Денсаулықтың шағында.
Жақсы ма оқу, жағдайың
Үйренген өнер бабында
Амандықта мен де кеп
Қосылдым туған еліме.
Кіндік кесіп, кір жуған
Ата бір қоныс жеріме.
Ұмыт болды бәрі де
Көрген бір бейнет ауырдың.
Жетілді кеміс аяғым
Көрген соң көркін ауылдың.
Жазған күні бір он жеті
Тиісті хатың қолыма.
Жағдайын білмей достыңның
Жолдаған хабар жолына.
Мен келгелі төрт айдан
Уақыт асып барады.
Күз аяғы да жағындап
Көктемге де бет бұрады.
Жаздым хатты бірталай
Хат сенен бірақ келмеді.
Түсінбедім бұл халай?
Осы бір хат хабарда
Білерсің сонан жағдайды.
Өлеңменен жазған соң
Қалайша хатым бармайды.
Сауалды жақсы жағдайы
Жарасы бітті аяқтың.
Іркілмей жүрем жолменен
Жәрдемімен таяқтың.
Теңелбай ағай ауылда
Істейтұғын жұмысы
Колхозшының тірлігі.
Өскен колхоз құрылысы
Сүйікті досың, ол да жүр
Етіп тағы сайранды.
Халықта жалпы амандық
Ұран-құрту немісті.
Жақындаған соғысты
Күтуде ұлы жеңісті.
Кемпір-шал да қуатты
Құдай деп отыр тірлікте.
Бітіп соғыс бейбіт боп
Етсек деп көңіл-хоштарын.

Қасым елге келген соң да көпке дейін аяғы жүруге жарамай, біраз жатып қалады. Сол кезде көрші Ақжар ауылынан Қаншайым атты қыз соғыстағы туған ағасының жайын білмек болып хат жазып жағдай сұрайды. Сондағы Қасымның жауабы:

Хатыңа жауап жаздым қарындасым,
Пендесін жаратушым жарылқасын.
Тарапқа Германия ашып соғыс,
Құдайым ен-дүниесін тарылтқасын.
Әбжәли, досым еді елден шыққан
Достықтың інәбатын шыңдап ұққан.
Саулықта ойнап күліп жүрдік бірге
Тірліктің тұзын татып әскер жақтан.
Он жеті ай ойнап күліп жүрдік тылда,
Құдайдың жәрдемі емес пе, болса бұл да.
Он сегіз ай қадам басқанында
Бет алдық майдан жаққа қызыл қырға.
Дейтұғын Қырым атты жерге келдік.
Теңізі Сиваш дейтін ащы суы
Болмаса құдық суы шөлге келдім.
Бір айдай оборонда тұрдық және
Түседі снарядтар жақын ғана.
Бір жатып, бір тұрамыз бір окопта
Тілегіміз жалғыз құдай бол деп пана.
Сол шақта бір снаряд келіп түсті,
Осколка майдаланып тұс-тұсқа ұшты.
Жаралы болғанымды білдім сонда,
Оң саннан жаудың оғы келіп құшты.
Жан досым Әбжәли деп дауыстадым
Белбеуді тәуекелге де буысқанмын.
Қайталап екі-үш рет көтерсем бас,
Қимылсыз жатыр екен ғой туысқаным.
Еріксіз көзден шықты ыстық жасым,
Аман не жан жолдастан айрылғасын.
Бар еді төрт-бес қазақ облыстас,
Олар да болып қалды жабырқасын.
Әбжәли, Әбен, Шәкен серіктерім,
Соқпайды-ау ешкімнен де беріктігім.
Жол, жүріс, қиыншылық кезеңдерде,
Жолдастың білесіз ғой керектігін.
Қысқаша осы менің жолдастығым
Тілге кеп, арызын да естіп бір қолдаспадым.
Тар кезең, тайғақ кешу асуларда
Бір көрген досым еді ғой жол қыспағын.
Ер туады өзі үшін деген нақыл
Өледі елі үшін деген ақыр.

Қасымның ағасына жауап хаты

Хатыңды алдым, Реке
Жазылған айдын бесінде
Сентябрдің отызы,
Сағатта жеті кешінде.

Оқып шықтым қайталап
Түсіндім, талдап бәрін де.
Жұбату айтып жазыпсыз
Кетсін деп, көңілі кірі де.
Бөтені жоқ сөзінің
Тілектес болар халқым да.
Қымбатты аға-інімнен
Қатар бір өскен жарқылдап.
Деп жазыпсыз ғой, Реке
Аралай бер ауылды.
Аралаушы ауылды,
Ел ақтаушы мен емес.
Күн көрермін онсыз да
Үмітім бар ғой алладан.
Кемісі өсіп аяқтың
Жүрем бе деген жолсызбен.
Жауап алғасын хаттағы
Басын да қосып жел сөздің,
Қаламым сен де қарқында.
Әуелеп ұшқан қонар ма.
Таудан аққан өзен де
Мезгілі болмай жазғытұр
Қанадан асып толар ма.
Балақ баулы аршын төс
Өз бабына келмесе
Ұшқанмен аңды алар ма.
Жазылған соң тағдырымда
Айтқаным менің, Реке-ау, болар ма.

Разаққа жазғаны

Бірінші амандықтан сөз басталсын,
Әзірше әзіл сөздер кейін қалсын.
Әзіл мен елді ұмыту ұят болар,
Сәлемін сыбағалы олар да алсын.

Сәлем де туысқан, қалың елге,
Сәлем айт, қарт Анаға, кәриеге.
Денің сау, өз үй-шің тыныштық па?
Саушылық жақсы, өзгенің керегі не?

Біз де ескі орында жатырмыз бос,
Жағдай жақсы, тамақ тоқ, уақыт хош.
Адам қашан болары белгісіздеу,
Қысқаша біздің жағдай осылай, дос.

Бүгін сенен өлең-хат тиді қолға,
Ол хатың көп жүріпті қонып жолда.
Сөзге сөз таппай қалып ині келмес,
Жаздым хат жиырмасыншы ноябрь, осы жылда.

Реке, хатты жаздың кімді жақтап,

Жазыпсың қыздарыңды сонша мақтап.
Қалды деп, барлық олжа бір өзіме,
Жүрмісің алақаның шапалақтап.

Сондай-ақ қыздарыңа енді ме тұр,
Несіне оларды сен мақтадың құр.
Белгілі бикештердің бөгернайы,
Мақтанбай бос, сыртынан абай боп жүр.

Бір күні қыздарыңды құдай ұрып,
Біреудің найзасына қыстырылып.
Әзірге ондай әдет жоқ па
Тұрмай ма көрінгенге басын ұрып.

Мүмкін олар еңбектен оғаш кетіп,
Жүрген шығар бетімен сайран етіп.
Әлде жанжы қуыршақ түріне еніп,
Жүрме оларды көрген жан келеке етіп.

Сырты сұлу, іші бос қуыршақтың,
Сен де пісіп буына, ығына ықтың.
Алыстағы тілегің орындалмай,
Жақындағы біреудің қолың сұқтың.

Осылай сөз жауабы түсінбесең,
Сөз орайы келіп тұр, айта берсем.
Қыздарың хат жазбаса, қиын бопты,
Сөз болар той үстінде тірі жүрсем.

Күн туса ел бейбіт боп қосылатын,
Көрермін қыздарыңның салтанатын.
Менсінбей хат жазбайтын тәуір қыздар,
Әр жерде-ақ арқалайтын жаманатын.

Реке, айтқан сөздің бәрі ойын.
Күлкілі сөз болсын деу менің ойым.
Қыздардың құлағына алтын сырға,
Алармыз жасағанда жеңіс тойын

Осыдан аман барсам, тілек болып,
Көрермін сыр сұлуын көзбен шолып.
Кім жақсы, кім жаманы сонда ашылар,
Кетпесе шөпке айналып гүлдер солып.

Сау боп тұр, деп білдірем тәмамдығын,
Жазып тұр ел тұрмысын, амандығын.
Жаңа талант ініңнің білесің ғой,
Өлеңге аз екенін мамандығын.



**Айтбай Тоқсанбаев
(1926 - 1998)**

Тоқсанбаев Айтбай 1926 жылы қазіргі Алдашбай ахун ауылында дүниеге келген. Атақты шайыр Омар Шораяқұлының немере інісі. Шораяқтың Омарының «Сөйле тілім жосылып» атты кітабының шығуына ат салысқан. Өлең, жыр, термелерін жинақтап сақтап келген. 1964 жылдан бастап «Жаңақала» совхозында құрылыста және мал шаруашылығында ұзақ жылдар бойы қызмет еткен. 1998 жылы Т.Көмекбаев ауылында қайтыс болды.

Дастанұлы Молдашқа жазғаны

Молдеке бауыр едік атамыз бір,
Атақты атаң өткен Омардай дүр.
Кәсәлдің құрсап алған құрсауында,
Жатырсың неше түрлі бұзылып түр.
Сырыл бар көкіректе жағымсыздау,
Шалынат өте нәзік құлаққа пір.
Танисың кейде мені танымайсың,
Отырмын уһ кілеумен басыңда құр.
Дегіңе Қадір мәулен шипа беріп,
Қолдағай ата әруақ әулие пір.
Тілекті берсе егер қиын емес,
Ұлықпандай қызық пенен көп өмір сүр.
Қатардан бас ілгері келе жатыр ең,
Ешқандай ата әруаққа келтірмей кір.
Қосылып қатарыңа тұрып қалам,
Атаңдай ілгері өткен жазсайшы жыр.
Жазылған лауқы Маһфуз болмақ рас,
Бола ма ақ ісіне көрсетіп қыр.
Әруақтың отын жаққан шырақшысы ең,
Тәуір боп тай- құнандай ойнақтап жүр.
Айтсайшы балаларға ақылыңды,
Зәредей көңіліңде қалдырмай кір.
Аталық мейірімің мен ізгулердей
Болады ата сөзі балаға нұр
Ең шалсаң мәшһәр да алла қауыштырғай
Жолдасың болғай қалқам жанната һүр
Жазуы жаратқанның екі болмайды
Өзгермейді олай бұлай мысқалдай мір
Мүбарак фазылымен аһу еткей
Кеудеден жан бұлбұлы ұшқандай пыр
Бәндамыз асылы торпақ қимастықтан
Жел сөз ғой көңіл алдап айтылған ыр
Ырза бол артыңдағы қалған жанға
Айтылған Айтекеннен азғана сыр

Жастарға өсиет

Лебіз аш тілім бұлбұл көңілім сайра
Көретін лепес ашып сен шара айна
Өлеңде даналық бар сөзде сыйқыр
Қош еткіл халық көңілін осындайда
Үлгі етіп ілгергі өткен дүрлер сөзін
Пайымдап сөз маржаным тілді қайра
Сөз тапса өнеге алар кейінгілер
Ақылмен ойтүбінен дүрлер жыйна
Шалықтап шамадан тыс кетпесеңде
Татаусыз талжібектей сөзді тойла
Көз жұмып бұл дүниеден жөнеген соң
О,дарих тіріліктей жүрмек қайда

Дүния үші аға-інімен ренжіспей
Ерлерім ақыреттің қамын ойла
Тауба еткен құзырына мінәжтімдіеп
Мұбарак пазылыңмен қабыл айла
Иншалла дарғаһ уыңнан үміткарман
Жөнелсек бұл дүниядан үзіп бұйда
Етпесе пазылыңмен кеншілікті
Барарын білмейд бәнда қандай жайға
Алдыңда небір асу замандар тұр
Жазса алла қауышармыз үлкен тойда
Істеген жақсы жаман әр істерің .
Басқандай тұрған шығар тайға таңба,
Кетпейді жатсам тұрсам әсілі естен.,
Әрдайым жаратушы тұрат ойда.
Аллаға жатпай тұрмай еткіл тәуба
Тұрғанда қарттық келмей қуат бойда
Жинаған дүние малдың опасы жоқ
Етпеген қарынбайда ешбір айла
Көре алмай жиған дүние мал қызығын
Көмусіз қалған талай небір байда
Алдамшы би опаның қызығынан,
Етеді кейбір пенде жанын пида.
Емкендеп елің үшін ет қызмет,
Ақылмен адалдық пен ойды жида.
Қалады адал болса ел есінде,
Адам бол парасатты нәпсіңді тида.
Біреулер лауазымға қызығады,
Шашылып дән көрген дей қида.
Жағымпаз жәдігөйлер жалған сөйлеп,
Тұрғандай шарап ішіп қызған бойда.
Нәпсі үшін ар-ұяттың бәрін қойып,
Осындай адам дейді азғындарды,
Аулақ бол алайда осындайда.
Жазудан артық болмайды қайда
Адал бол адам болсаң халықпен бірге,
Жұмсақ бол кішіпейіл тілің майда.
Бір нышан болса оның нәсілін де,
Баһаста бәйге алады құнан, тайда.
Тәкәппар тілі ащы менмен болсаң,
Керексіз сен бір ағаш тұрған сайда.
Мінезден осы форым сақтанымдар,
Сөз еді көптен бері жүрген ойда.

1994 жыл 27 қаңтар

Өсиет

Жақсының сөзі жаздайды,
Жадырап жылу шашады.
Жан семіртіп жақсы сөз,
Көңіліңді шатқып ашады.
Ата-анандай елжіреп,

Дариядай шалқып тасады.
Тілейді береке-бірлік,
Шайқалмасын деп ошағы.
Келеңсізден шыққан сөз,
Өкпенді оқшау озады.
Жақсы сөз жүрген жерлерден,
Жын-сайтанда қашады.
Жараспайды жігітке,
Сөздің терген масағы.
Көңіліне келмейді,
Келеңсіз қалжың машағы.
Алаңғасар ақымаққа,
Білейбейді жұрттың нашағы.
Көп ішінде көсемсіп,
Оңды-солды осады.
Ар-ұяттан айырылып,
Аяққа нәжіс басады.
Айырылып абырой атақтан,
Басынан бақыт ұшады.
Береке-бірлік татулық,
Мұндайдан аулақ қашады.
Оңбайтын бала жасынан,
Қуады ойнап сағымды.
Айыра алмай ақымақ,
Алтын, күміс, лағылды.
Сыйламайды шімігіріп,
Сақал шаштағы ағынды.
Ескеріп жүрер ұл болса,
Жас ұлғайған шағынды.
30-40-та бала боп,
Паналап жүрер ығынды.
Адам болса адал боп,
Оңғарғаны алла бағынды.

Жақсы әйел

Парсатты жақсы әйел,
Білдірмейді бар мен жоғыңды.
Керек етпей қызығын,
Алтын, күміс тағыңды.
Қандай кезде болса да,
Сындырмайды сағыңды.
Ақылмен істеп әр істі,
Аштықпен көнет тоғыңды.
Жаныңа жалау боп жүріп,
Етеді сенің бабыңды.
Мұндай әйел кездесе,
Ашқаны алла бағыңды.
Шатақ мінез, шалпы тіл,
Лайлат тынық қағыңды.
Сәл нәрсені сылтау ғып,
Тындырмайды жағыңды.

Аузынан шықпай жақсы сөз,
Құлағына жағымды.
Әл бермейтін бөгеуге,
Су мысал күшті ағымды.
Долы мінез көп ауыз,
Көгертпейді көгіңді.
Өзіңнен асып кей кезде,
Тек тастамайды тегіңді.
Тіл тартуды білмейді,
Кезеп тұрсаңда оғыңды.
Сақта деп алла мұндайдан,
Мысалғып ескі ағымды.

Дәулетке

Жүрсің бе сау саламат Дәуке жаным,
Егілген өз қолымнан гүлім талым
Таңдайдан тәттілігің дәмі кетпес
Айрықша ата-ана үшін шекер палым.
Қараңды көріп тұрсам тоймайтұғын,
Жарасқан тал бойыма құйрық жалым.
Қалмассың құр алақан қалайда да,
Жанасып жақсылардан алсаң тәлім.
Аздырып аз ақылды бекер босқа,
Жүрмесін көңіліңді шарпып жалын,
Шырмалап әр нәрсені шатастырат.
Жіберсең ағызумен көңіл көлін,
Балалық базарында не болмайды
Дененің жүрмегейсіп бұзып қанын,
Ақымақ өз басына әлі кемей.
Адамдық кірлетеді таза жолдын,
Татаусыз тарықпайсың таза жүрсең
Аңламай ақымақтық кейме тонын,
Күлгенің бәрін досқа санай берме.
Сұп сұлу тұрған менен беріп жонын
Арамза сырты адам іші арам,
Сорады жан ауыртпай дене сөлін.
Уайым түбі терең көз жетпейтін.
Қаптатапа қу далаңа ойдың селін,
Аблықпай ақырын күт әрбір істің
Көтермей көңіліңнің қызғын желін.
Басыңа бақыт қонсын баянымен
Кім жаман болсын дейді баққан төлін,
Адам бол халық сүйер қатардағы,
Сындырмай ата-ананың басып белін.
Деген бар қариялардан қалған нақыл,
Сүйеді балық көлін жігіт елін,
Ақтап ал әр сөзімді таза сөктей
Күтпесен дән болмайды еккен егін
Өзіңнен алайда да үміт кәрмен,
Иншаалла қу далаға кетпес терім,
Сау боп тұр амандықпен қауышайық,

Қорғандар қырандарым Отан шегін.

Мамыр 1984 жыл

Терме

Шалқышы көңілім шарықтап
Денсаулықтың бағындайдай
Тұрмайда өмір бір қалып
Сеңнен соғы ағындай,
Босқа өткізбе өмірді.
Жастық шақтың шаңындай,
Жігіттің аты шықпайды,
Көрікше қызық жағылмай.
Қыз көрікті көрінбес,
Қызыл жасыл тағынбай
Сөйлесе сөзі сыпайы
Жібектің күлте бауындай,
Өсірсең ұл-қыз мәпелеп.
Қос шамшырақ көзіңнің,
Қарасымен ағындай
Тәттілігі дәмінің
Жаңа піскен қауындай,
Ортасында отсаң перзентің.,
Көтеріп көңіл шат болып,
Гоһ хаптың табындай.
Қызығын көрсең солардың,
Етек жеңін қағылмай
Ойлаймыз текке дүние мал.
Денеміздің сауындай
Дүние шіркін өткінші,
Қазанда соққан дауылдай.
Лепсіні ерлер таза ұста
Жазейұрғы нөсер жауындай
Кірлетіп алып көңілді
Жүрмесін соңыра жуылмай
Өтеді шолақ дүние
Бұлыңғыр көзге сағымдай
Дғдыға жетсе қол сермеп
Жол бар ма кетпей бағынбай.

1984 жыл

Майданға

Хат жаздым қалам алып сізге бауырым
Амандық білдіруші қалық қауым
Қалған ел мақанында қалпыменен
Аман сау туып өскен қайран аулым
Ауылда қалып тұрған кемпір мен шал
Арнасы миуасы жоқ қалған баудың
Есітіп елде отырып ер қабарын
Дабысы келген дей боп асқартаудың
Хатың келді 23-те жазған бізге

Деген бар бір алладан үміт үзбе
Сағынған зарыңызды алып ақын
Қамығып өлеңді айтқан кезде
Өткен жыл октябрдің айларында
Алынды армияға азаматтар
Ат қосып шаһарына ерам бағы
Қайратқыл гаһарманша қажымаңдар
Өсиет сізге үйіретін жатқаным жоқ
Жүрген жай сағыныштың боп ермегі
Сөзге емес інің шебер шайырлардай
Талдайтын тұңғыйықтан терең дегі
Екі ай болды хат келмейді ағамнан
Ғасірет бар біздің ойда сағынған
Қатарменен бірге жүрсек ренжу жоқ
Көрерміз да басқа төккен таланан
Аман елге сау келсеңдер қауышып
Болар еді уайымнан таралған
Күн олғайдан бұл заманнан қоштасар
Диірменнің шүмегіндей оралған
Сегіз ай боп рани болып жатқаның
Сүйегіне бауырлардың батқаны
Батқанменен қолдан келер дәрмен жоқ
Пана болсын бір жаратқан жаппарым
Біз тараптан енді қабар алсаңыз
Аман саумыз қалған бала шағалар
Отқан жағдай мекенінде баршаңыз
Сұм дұшпанның арандары ашылған
Бұл соғыста талайдың қаны шашылған
Адамзатқа тосын алып бұл соғыс
Таңба болып талай ерге асылған
Кіріптарға ағайынға айдарды
Қол үздірді Раунақ, Нышан, Асылдан.
Осы ерлер Отан үшін қан кешіп,
О, дүнианың дарағына асылған.
Алла білер іс ақырын деген бар,
Ғасірет шегіп, уайым қайғы жегенмен.
Тілектеспіз кеткен келіп еліне,
Қозыдай болып ағытылған көгеннен.
Шарапатшы ата-бабам жәрдем бол,
Амандықты мұнажат етем егемнен.
Хат жазушы інің Айтбай тілектес,
Білдіріп тұр амандықты өлеңмен.

Оразым

Меһераным қош бол ботам, Оразым,
Кім біледі өмір иттің көп азын.
Оқ боп тиіп аяғына сұм ажал,
Өміріңнің айналдырды қыс-жазын.
Жазы кетіп өміріңнің қысы кеп,
Айдын көлдің ұшырдың сен қу қазын.
Ойда жоқта өттің жаным дүниядан,

Өміріңнің білмеппіз ғой күні азын.
Салушы едің шіркін әнді шаттанып,
Ызындайды құлағымда күй сазың.
Анаң отыр қозым қашан келет деп
Ғасіреттің белден кешіп құм сазын.
Аналықпен кеісе де қаншама,
Қабақ шытпай көтеруші ең сен назын
Әзелде алла жазып қойған пәндеге,
Өлшеулі өмір таусылатын тұз дәмін.
Тумақ рас өлмек рас әуелден,
Құдіреттің бар ма ісіне лажың.
Келген пенде бей опадан қайтады,
Өлшеулі дәм біткен күні бұл лазым.
Алла өзі себеп еткен алуды,
Бірін оттан бірін судан боп жазым.
Әркімдерде қызыл гүлін солдырған
Ая көңілім айлықпа сен ет тәжім.
Аттандырат қабырғасы қайысып,
Киіндіріп үш-төрт метр қу бөзін,
Ғасірет оты көкірегін айырып
Жаратқанға жалбарынып бар сөзін.
Әзірейіл ашпаған есік бар ме екен,
Бұл пәниде мейірімі түсіп сал өзін.
Қош бол ботам жанып сөнген шырағым,
Жетер ме екен құлағыңа бұл назым.
Ертелі кеш келетұғын бұлнәубет қой,
Алдың пейіш жұмақ болғай жан қозым.

18 қараша 1985 жыл

Оразды іздеу

1-сөз

Ақ сұңқар ұшты қолымнан
Дүйсенбінің таңында.
Ғайып болды көзімнен,
Боқтыбайдың жолында.
Киімің сенің шашылып,
Қаның сенің шашылып,
Туған-туыс, бауырдан,
Болмады-ау бірі жаныңда.
Алладан әмір болған соң,
Не күшің бар қолыңда.
Ажалды алла жазғандай,
Оқ қылып сол жақ жаныңа.
Алладан бұйрық келгенде,
Кім тұрады жалғанда.
Ұшырып сұңқар қолымнан,
Талайлар қалған арманда.
Айтатұғын сөз бар ма,
Бір жаратқан алғанда.
Әуелде жазған тағдырды,
Құдірет ием бұзған ба.
Арашасы болар ма еді,
Ақ сүт берген анаңда.

Еске алайық әлеумет.

Құран оқып саяма.

19.11.1985

2-сөз

Сөз бастайын қаламнан,

Алланы алып жадыма.

Арманда кеткен қыршыным,

Оразым батты жаныма.

Дақатсыз қарап отыр-ек

Келеді-ау деп жолыңа.

Ажалдың оғы тиді ғой,

Сол жақтағы саныңа.

Еңбектеп жаным жүрдің-ау,

Сая таппай жаныңа.

Алтынымнан айрылдым,

Жиырма екі жасында.

Қарашасы сексен бес,

Он сегіздің таңында.

Қарадың-ау жан-жаққа,

Оңыңменен солыңа.

Жалғыз жатып жан кештің,

Қосылмай туған халқыңа.

Апаң-папаң біреуі,

Болмады-ау қозым жаныңда.

Арманыңды айта алмай,

Көз жұмдың ботам жасыңда.

Өштің-ау баурым дүниядан,

Із қалдырмай артыңнан,

Ақ ботамнан айрылып,

Отырмын маңырап ортаңда.

Бүгіліп отыр ботам деп,

Апаң-папаң қартыңда.

Ауызға түспей айтар сөз,

Ұстадым қалам тартына.

Бұлбұлым едің сайраған,

Гүл жайнаған бақтағы,

Ақ маралдай асыр сап

Сайрандап жүрген таудағы,

Құлпырып өсіп келіп ең,

Қызғалдақтай қырдағы

Ойыма түссең ауырам

Әр нәрсе түссе қайдағы.

Ойым ойран болады.

Қылығың түсіп саудағы

Іздеп отыр бауырың

Балықтай тулап аудағы

Аяқтан тиіп ажал оқ

Шолақ екен дүния боқ.

Оразымнан айрылып,

Ішім жалын, ішім шоқ.

Жайың болып жаннаттан,

Есіркегей егем тақ.

Ашылмай пейіш есігі,
Бәндәм деген жалғыз хақ.
Мейірімінді алла қондырғай,
Аб гаусар суынан
Үр қыздары қосылып,
Жан-жағың болып гүлзар бақ.
Қош боп тұр қозым қош боп тұр
Риза бол туған халқыңа
Атыңды атап дұға етем
Белгі ғой осы артыңда.
Ұшайын деп тұр едің
Қырандай құзда талпына.
Құран оқып іздейік,
Түсе бер қалқым салтыңа.



**Мәрдісадық Жұматаев
(1927 - 1990)**

Жұматаев Мәрдісадық 1927 жылы Қармақшы ауданы Қосарық ауылдық советіне қарасты Ворошилов атындағы колхозда шаруа отбасында туылған. Жастайынан колхоз жұмысына араласқан. 1945-1948 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы педагогикалық училищеде білім алған. Оқу ағарту саласында 45 жыл қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққан. 1990 жылы Т.Көмекбаев ауылында дүниеден өтті.

Шәкірттеріме

Өнер құсы өрендерім алдымда,
Үйреттім мен білмейтінін бардым да.
Менде барды сен аларсың қыраным,
Алға ұмтыл, білімге қарай қадымда.

Сенің жарқын жүзің әркез есімде,
Кетпейді естен, ұмытпаймын жадымда.
Сәулелі өмір, сәнді жүріс алдында,
Үйретуден сендерге сірә, тандым ба?

Бірақ сендер албырт ойлап білмейсің,
Тастайсың ғой лақтырып бардың да.
Осылайша осал ойға үйір болмаңдар,
Білім түгіл обалы бар қардың да.
Сенің бабаң сүйкімді өмір сүрген жоқ,
Жоқ пен жалшы азабын алды бардың да.

Сәрсенге

(әзіл өлең)

Қазақта бар төрлеңіз,
Намысты қолдан бермеңіз.
Сонда да Сәке сырғи бер,
Үйде бола көрмеңіз.
Айткүлдің тауып айласын,
Күлдіріп бағып ерлеңіз.
Кісінің шайы құнды боп,
Ебіл-себіл терлеңіз.
Осының бәрі опық боп,
Қайғырып қалып жүрмеңіз.
Онан да барды базар ғып,
Отбасында көр деңіз.
Ботаға ерген тайлақтай,
Келінге көніп ермеңіз.
Дегенін дереу дем көріп,
Ұшып-қонып жүрмеңіз.
Сабырлы ойлап, санап бас,
Жаспыз ба, осы сіз бен біз.
Шыдам, сабыр шырмаса,
Қыдырарсың алдың күз.
Қосақталып қос болып,
Қыдырды кім, көрдің жүз.

Бір мінездерге

Кейбіреу көп ішінде кісімсінер,
«Кісінде» бір дағды жоқ көзге ілер.

Бірақ та білмеймін деп айтқан емес,
Жүрсе де істе, жаның сүймес кісі күлер.
Кісі кім, кісімсінген ерлер қайсы,
Айтпай-ақ оны халық өзі білер.
Терісін дұрыс деп ол таласады,
Ескертсең шыдай алмай көріп білер.
Мойындап кемшілігін көре білген,
Адамды мен санаймын сірә ес білер.
Адамның ақылы әлсіз болғаннан соң,
Не түрлі сәтсіздікті көре білер.
Сәтті ме, сүрген өмір я сәтсіз бе,
Ес кіріп елін танып жүре білер.
Білмейтін енді қайтып оралу жоқ,
Сол бетпен кездескенге түсіп өлер

Берік пен Серікке

Атын қойдым Берік деп,
Ертен-ақ өсер жігіт боп.
Қатарын қаздай түзейді,
Серігіме Серік боп.
Өскенше маза аларсың,
Көрінгенге жерік боп.
Алмаларым өсіңдер,
Өмірге өрен көрік боп.
Ойдағынды ойнарсың,
Кім болса сонан көріп кеп.
Далаға шықсаң далбаңдап,
Әжем де жүрер берік боп.

23 мамыр 1967 жыл

Сұрақ бар ...

Сұрақ бар сен кімменен қай туыстансың?
Теңі жоқ ол сенімен туысқан соң.
Бірліктің берекесі болмайды екен,
Әңгіме от басынан қуысқан соң.

Туыстан тура қашар айыбым жоқ,
Кім бұзса от басымда қуыстансын.
Арыңды аласартады қатын-бала,
Бір жатып күнде бет-қол жуысқан соң.

Түлкі

(әзіл)

Түлкі қу жасырынып сай іздейді,
Кәрі қыз өлең айтса бай іздейді.
Ізіне ыржалақтап түссе дағы,
Бәйділда бабында ол ілгізбейді.

Тоспайлап тобы толық жігіттерді,
Қылжықтап қыңыршықтап жүргізбейді.
Ахат пен Айтбай боздақтарды,
Үйіне бұл қасқалар кіргізбейді.

Ата мен анаға

Ата мен ана жаны бала өсірдің,
Баланы бақытым деп және өсірдің.
Қақпайын талабынан деп әлпештеп,
Санасын, тәрбиесін шала өсірдің.

Есейіп өзі адам болады деп,
Оздырып уақытын кең көсілдің.
Қиястық, қиқарлықты елемей кеп,
Білмейсің кездескенін шын кесірдің.

Адалдық

Адалдық арам болады ойға алсаң,
Ол адам арам емес шынға барсаң.
Адалдан арам жақсы көңлін тапсаң.
Шыдамың жетіп соған нағын бақсаң.

Тірлікте адам да бар, надан да бар,
Іс түссе надан қалар, ар жөн табар.
Дегенің арам деген адам болып,
Адалдық ой таба алмай бос қаңғалар.

11 ақпан 1967 жыл

Әжеме

Әже бүгін қайда кеттің қасымнан,
Үйреніп ем бауыр басып жасымнан.
Әлде сергіп жатырсың ба, шат болып,
Құтылғандай басқа келген масылдан

Үлкейсем де әлде кімге ата боп,
Сүйенішім, тіренішім көрсем нән.
Еш нәрседен кемшілік жоқ қазір де,
Ойлап көрсем өз орнында болмай мән.

Өрнені ойлап ала танды атырдым,

Ұйқы көрмей қабынады жүрек тән.
Өзің жоқсың әжетайым қасымда,
Алда қандай болашақ бар болар мән?


Сен деме, қызым, шешеңе,
Әлпешпен анаң қартайсын.
Біздер біткен пешене,
Бақытты болып байқалсын.

Сен деме, ұлым, шешеңе,
Жалаулы жаны жасығар.
Алмаса саған шешіле,
Оңаша төгер жасы бар.

Сен деме, ұлым, әкеңе,
Сезінсін десең салмағын.
Мен құсап әке мәпеле,
Балаңнан байқа қалғанын.

Сен деме, қызым, әкеңе,
Асқар тауың мүжілер.
Көзіңе күліп етене,
Сырт сыншы көз кіжінер.

Уытты уыт тілім бар,
Арамбез болса қадалған.
Парақор көрсем жыным бар,
Семсерім соған жаралған.



Рүстем Ахметұлы (1935 - 2009)

Рүстем Ахметұлы 1935 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Құмбөгет деген жерінде туған. 1942-1952 жылдары орта мектепті, 1952-1954 жылдары Қызылорда педагогика институтын, кейін Самарқан ауыл шаруашылығы институтын бітірген. 1954-1963 жылдары орта мектепте мұғалім, ауылдық Кеңестің хатшысы, 1963-1964 жылдарды Ленин атындағы совхоздың кәсіподақ комитетінің төрағасы болды. 1965-1972 жылдары жаңадан құрылған «Жаңақала» қаракөл қой шаруашылығында мал тұқымын асылдандыру, қара, көк қаракөл бағытында қой санын жедел өркендету ісіне белсене араласты. 1980 жылдан бастап 15 жылдай Тәйімбет Көмекбаев атындағы совхоздың директоры болды. 1998 жылы облыстық дәрежедегі зейнеткерлікке шықты. 2009 жылы Қызылорда қаласында қайтыс болды. Артында «Ұлағат айтам ұрпаққа» атты жыр кітабын мұра етіп қалдырды.

Ауыл толғауы

Сәтімен келіп дербестік,
Еркін ел болып елдестік.
Асан қайғы ізімен,
Жерұйық іздеп жүз көштік.
Билік пен бірлік тұстасып,
Өрлей берсін ұштасып.
Саябыр тауып табанды ел,
Орныққандай қол ұстасып.
Жалғасып жылдар тойланар,
Ойлы ерлер ойланар.
Ес жиып, етек жапқанда,
Айтатын жай бар ой салар.
Қуғын-сүргінмен иесі тең,
Үргін –сүргіннің иесі кем.
Қайырда қалған ауыл бар,
Дербестікке ұласқан үдесі кем.
Игер деп шөлін Қызылдың,
Қоштаушысы болған дүбірдің
Айлағын жайлап ғарыштың,
Баламысына барған Сібірдің.
Мал мен жанның қалыпты,
Тастасып жайын сабылтты.
Қияда тұрып қиянат,
Жұртының күнін дамытты.
Оралманға алғаш қол артқан
Тәйімбет батыр оралтқан.
Атындағы сол елді
Қолдағы талай жомарт жан.
Бірқымен жинап халықты,
Сілтеп жөнді бағытты,
Қуаңбайұлы Қаратай.
Шын ықыластты дарытты.
Жасты жанып ірі өтті.
Достыққа баулып дүр етті.
Еңсесін елдің көтеріп,
Қарттарын сыйлы пір етті.
Ерлікке еркін серт еткен,
Қанағат байлық салт еткен.
Хайруллаұлы Әділбек,
Еңбегін ел деп сарып еткен.
Қиындығына елдің елеулі,
Бет бұрғызған кенулі.
Көшербайұлы Елеудің
Рухына ел демеулі.
Қамдастырмай қара аспан,
Сабыр сақтап санасқан.
Жеткізіп көзін байыппен,
Іргесін қамтып қаласқан.
Танымына танытқан,
Сыр сүлейлерін сағынтқан.

Тұрмағамбет белесі
Рухын елдің байытқан.
Түркі жұртын табынтқан ,
Қорқыт Ата жайын жаңғыртқан.
Киелі орны жүйелі
Айғақты жерде тарихтан.
Жетіспестікті тоғысқан,
Егістетуге қоныстан.
Байназардың Елтайы
Тегістетіп жер болысқан
Ұсынысын елдің жолдаған,
Барлап жаяу қолдаған
Бөзғұлұлы Ержігіт
Тоспамен суды толғаған
Сансырап жатқан шаң жолдан ,
Адасқандар да таң қалған
Көлік түгілі ұшақта ,
Барар жер таппай даң болған.
Тас жолда болып кідіріс ,
Жалғасқан зорға үзіліс.
Қаржы бөліп жеткізген
Қалиұлы Ідіріс
Ауданды бүкіл барлайтын,
Шабындық шауып шарлайтын
Босқанды да қош көріп,
Көрші ауданда қалмайтын .
Тоқтатып сөзге қосатын
Араша қолын созатын.
Сүлейменұлы Болатым.
Келістіріп көңілі толатын .
Жер-Суды көріп кеншімей,
Тағат таппай тершімей
Ұластырып достыққа,
Елестіретін елшідей .
Кеудесі көзге шіренген,
Достыққа көңілі рентіген .
Исағали жылма жыл,
Үлес қосқан бір елден
Жиенім Бөкең келді деп,
Тынарбай менен Бердібек
Жалағаштағы Аққырда ,
Шабындық бөлген еншілеп .
Жұт пен жұтаң жылдары ,
Ел асырған ызғары .
Көкшетау мен Оралдан
Оралған бізден із қалды
Ұласып ұйтқы үрдісі,
Әруақ сыйлайтын үлгісі.
Алдашбай ахун орнынан
Кесене тұрғызған бұл кісі.
Тағзым етті, ел иілді,
Ер ісіне сүйінді.
Сілкілесе жүріп сырқатпен,

Қалмайтын істен иінді.
Жалпақтаумен жанасқан,
Қыстап қайтып ел асқан.
Төңкерген үйдей құмына ,
Қарақалпақта жол ашқан .
Аралығында малшыны ,
Әзілі, сыны бар шыны
Құрманбаев Әбекең,
Сергітетін қалжыңы.
Күтіп бізді сағынар ,
Алдан кім тағы табылар.
Қон деп тұр ғой Өзбекбай
Түсейік деген шағы бар.
Кезінде солай қол берген,
Болса қазіргі жол көрген
Келешегі сол елдің ,
Елім деген ерді оң көрген.
Ертеде сол аймақты,
От жылы қыста жайлапты.
Қиясына деп Қызылдың,
Жазалыны кейде айдапты .
Қасқыры мол жал құмда,
Малда жоқ қазір мардымды .
Ауыл базары –ауыр базар
Орап тұр бәрі алдыңды .
Су түгілі бақшаға,
Ауыз суы да шақшада.
Тырс-тырс еткен бұлақтар,
Көтерілер тек ақшаға.
Жұмыссыз жүрген жас ғаріп,
Жәрдем ақыға жармасып.
Сергелденді де сейіл деп,
Күн өткізер бас қағып.
Тындырған істер батырың ,
Тіршіліктен көбі мақұрым .
Шекті тасты бос күткен,
Зейнеткерлікке ақырын.
Жасөспірім балалар,
Талаппен кімді паналар.
Тамағын пұлдап жолына,
Қабағын кімнің баға алар.
Шаруамен дос болған,
Отардағы үйі де бұйыра ма,
Баспанасы бос қалған.
Жекешелендірудің үлесі,
Жеткізер қашан үдесі,
Айналасына сайма-сай,
Қомданды кімнің сүбесі.
Купондар жүр қалтада,
Маңыздары малтада,
Қайтарардай қарымын,
Қозғалар ме екен алқада.
Көбісі көшіп жұрт қалған,

Әруақ күткен қарт қалған.
Дәли, Қасым ағалар,
Сабыр сілтер мәрт тарлан.
Ірге бүтінде кешкен-ді,
Қартайса түйе түскен-ді.
Батасына ерсе ерсін, деп
Батасын беріп шешкен-ді.
Үй қасында үйінді,
Бұзғанмен көңіл күйінді.
Жарқылдап келіп жүздесер,
Елестірмегеніне сүйіндім.
Күйі, күтімі жол қосқан,
Жолсыз кезі жалғасқан.
Төтеге тете тұстасқан,
Пайда зияны қос-қостан.
Адаспайтын, батпайтын
Жетсе жайлы жатпайтын.
Жолаушы да, көлік те,
Елең-алаңмен қайтатын.
Өрістетсін ұлы күресті,
Бөлмеге пайшік үлесті
Пайдасыз жерде сыйласып,
Қалғанша құр қол сіресті.
Қашықтыққа қатынас,
Тапқанына татымас.
Күшінен арып айрылған,
Серіктестікке жарымас.
Өткенге жоқ өкініш,
Кетсе де босқа есіл іс.
Мерейін елдің көтерер,
Күшейе түссе бекініс.
Үргін-сүргіннен шошынбай,
Зорлықсыз қорлық осындай.
Құрбысы жоқ құр жандар,
Араша іздейді досындай.

2001 жыл

Қарттыққа жол салғандар
Ауыл алқасын артып арымаңдар

Кешегі ер сарбаздар,
Бүгінгі жампоз сабаздар.
Өткен күннен сабақтап,
Сыр тартады сырбаздар.
Міне, қазіргі бекселер,
Елдік үрдісті кекселер,
Өздері алып мойнына,
Азайтып ағасын өкшелер.
Тапсырысын таратып,
Әбіштай, Алтын екшелер.
Суыртпақтап сын тағып,
Серікбай, Сағымбай тексерер.


Жұмахан, Әбет, Молдабек,
Үнсіз жымыып ескерер.
Құран оқып қомданар,
Шетінен бәрі молдалар.
Желпіген әзілі желпуіш,
Жарасып жатыр ол да бар.
Нажман отыр жалақтап,
Жабылса бәрі шабақтап,
Тамашаласа тамсанар,
Зәрсіз тілі салақтап.
Көңілдері көлдей кең,
Кез келген күйлі елдей тең.
Несібе үстеп жеткерер,
Қоныстың асты
Жердей кең.
Бірліктің бөркі сыйластық,
Береке көркі күйлі астық.
Бары базар байлығы
Көркейе түссін ұлғасып.

2001 жыл, маусым

Қырқымшыларға

Шаруасы да жайлаулы,
Пернебай, қос Сайлаудың.
Қырқылмаған алдында,
Қой жатпайды байлаулы.
Күздеу менен Шерепет,
Алқасы бар керемет.
Сапалы ісі үлгілі,
Бітірері де берекет.
Мынау жатқан Нажыман,
Қой қырқудан қажыған.
Ауылға десе озар ед,
Қоян қуған тазыдан.

1966 жыл



ТЕЛЬМАН МЕЙІРХАНОВ **(1936 - 2002)**

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақжар ауылында дүниеге келген. Әкесі Мейірхан Аязбаев 1937 жылы Ақжарда ауылдық кеңестің төрағасы қызметін атқарып жүрген күнінде сталиндік жаппай қуғын–сүргін науқанының жазықсыз құрбаны болған. Содан соң жас Тельман Қармақшыдағы жетімдер пансионатында тәрбиеленіп, оқып, білім алған. Жасынан Сыр сұлейлерінің сүбелі сөзіне қанығып көне жыршылардың мақам-саздарын тыңдап өскен. Кейін, Шымкенттегі Өнер институтына түсіп, жанұялық жағдаятына байланысты оқуын аяқтай алмаған. Алайда, осы жердегі Облыстық драма театрында бірнеше жыл актер болып жұмыс жасаған. 1985 жылдары туған топырағына оралып, 1999 жылға дейін Қармақшы ауданы, Жаңақала мал совхозының радисі болып жұмыс жасайды. Өмірінің соңғы кезінде Қызылорда қаласында тұрып, 2002 жылы қайтыс болды.

Алғы сөз-Бастау

Қойып кетіп едім мен,
Қиялға құстай самғауды
Атамыз алып Көк бөрі
Бұйырғандай жалғауды.

Өмір жолы шартарап
Көңілде бұл кез алғаулы
Жас келген соң ұлғайып
Көтермейді таңдауды
Томағалы қыраным
Сокқандай жарға маңдайды
Өлшеулі өмір біткенше
Қызыққа адам қанбайды
Шарық ұрған қиял шарықтап
Өмірді қалған жалғайды
Қуат бер бабам Көк бөрі
Біреуге бақыт біреуге-
Деген сөз бар жар қайғы.

11.10.2002ж

Ақтолқын

Өз аузыңнан есіттім,
Ақтолқын деген атыңды
Жағалауға шақырған
Атыңыз неткен тартымды
Жастықты ойға түсіріп
Қамықтырдың қартыңды
Тартылған Арал суындай
Қойғаным қашан шалқуды
Теңізшіме еді ата-анаң
Толқынды суйген сан қилы
Ақылға ой салардай
Ат қойыпты ауқымды
Өс, өркенде, Ақтолқын
Сүйіп өс сұлу халқыңды.
Мінезіңді білмеймін
Теңіздей атың теңселіп,
Жоғалтпа жаным қалпыңды.

Ойларым менің-Рубаяттар

Қырқында қылық шығарар
Көп әйелдер өзгеше
Мәубас болып еркегі
Қылықтың мәнін сезбесе
Тойдырып қарын торғайдай
Ұйықтауды ғана көздесе

Еркек іздеп естілеу,
Көресін сенен безбесе

*** **

Бір қалыпты ит өмір
Кімге-дейсің жарасқан
Ішер асың болмаса
Төнгені басқа қараспан
Киім бүтін, тамақ тоқ
Таңдасаң жолды адасқан
Тартарсың зарын «тамықта»
Болсаңда білгір бал ашқан

*** **

Ақынға айда өлең, жұлдызда өлең
Талай ай, талай күнді көріп келем
Жаңа ай тілей болып көрінгенде
«О, айым жарылқа»-деп сәлем берем.
Өткен күн, өткен күннің орны бөлек
Сырласам жұлдызбенде елден ерек
Үркер тұр үміттен – деп жолды сілтеп
Мен бір жан құс жолына біткен терек
Қиял құс шарықтап жүр аспанымда
Жастық шақ өте шықтың қас қағымда
Өткен күнін есептеп өміріңнің
Сағатым тұр сыртылдап бас жағымда
Қанша қалды өмірім құдай білер
Ақымақ күліп, ақылды айта жүрер
Ақынның аты өлмейді өзі өлгенменен
Озық ойлы өлеңің болса егер.

13.10.2002ж

*** **

Ғашық болып бір қызға
Өртеніп – күйіп барамын
Ақыл бер деді ақыным
Ол қызды қалай аламын

Тоқта досым өртенбей
Танысып ал асықпай
Шешесін көрде қызын ал
Гүл сыйла шын ғашықтай

Қанша сұлу болғанмен
Есік көрген болмасын
Махаббаттың қызығын
Кешіп көрген болмасын

Қызын тұлдап өсірген
Оңтүстіктен болмасын
Доллар санап өсірген
Кем көрмесін жолдасың

Айтпақшы досым ол қызың
Қай жүзден екен деп қалдым
Әңгіменің тоқ етер
Жеріне міне кеп қалдым

-Ойбай оның жүзі жоқ-
Деді менің жігітім

Алмай жатып ақымақ
Басымды менің қатырып
Кесіледі дедім үмітің
Несіне келдің ақымақ
Басымды менің қатырып
Жүрсін ата-енеңді
Ал үйіңе шақырып
Шошқа алып бар жетектеп
Кешірімге атаңа
Арзан қатын тауыпсың
Қазақта қызын сата ма
Кейін барып есейттім
Жақсылық хабар жата ма
Кетіп қалыпты қалаға
Қарамай берер батаға.

Қарындасқа

Жабайы мысық секілді
Қарындасым мінезің
Дүниеге қыз болып
Келгендейсің бір өзің
Ата-анаң байғұс асырар
Есіктен аттап кеткенше
Еркек қоян кездесіп
Маңдайыңнан тепкенше
Қатты айтты деп қарындас
Іренжи көрме ағаңа
Бір-ақ келген өмірді
Аяла оны бағала
Ұлық болсаң кішік бол
Деген сөз бар халықта
Жарыңды тауып сүйе біл
Жолыңда жүрер анықта
Момындау біреу болмаса
Тырнағың батса шыдамас
Аты-менді аталып
Қайта басың құралмас
Алдын алып аурудың
Дәрісін жақсын затыңа
Ақ сүтін берген ананың
Кір келмесін атына

13.10.2002ж

Тойға тарту

Көзге ыстық көрінесің туған өлке
Еңбегі мен ерімен жерің көркем
Алқаптағы ақ күріш теңселіп тұр

Байлықта береке – де болар ортақ

Татау боп сары алтын қырманьында
Мұндай байлық білсеңіз сыр жағында
Қызда көп,қымызда көп біздің жақта
Естисің ерке әнді түн жарымда

Ат шабыс,палуан күрес той басында
Көкпардан мерт болам-деп ойласын ба
Әнекей қырдан асып кетті бәрі
Азпазшы даярлап тұр тойға асында

Ақ үйлер қатар –қатар тізіліп тұр
Сұлу қыздар алмадай үзіліп тұр
Табак-табак ет тартып қонақтарға
Қыз-келіншек жігіттер сызылып тұр.

Мұндай той болып еді көптен бері
Рахмет Оразбекке ердің ері
Риза мәдениет халқы саған
Жігіттің өзі екенсің кемеңгері

Ерлер көп елін сүйіп еңбек еткен
Табысқа мақтаныңдар қолың жеткен
Алғыспен ел көгерер-деген нақыл
Ел риза ерлеріме терін төккен

Мәдениет үйі анау жаңа салған
Жұмысты бітіріпті ойына алған
Қалайша қуанбассың мұндай іске
Ұжымның бір едік қой артта қалған

Жыршы-да жырауда көп мекенімде
Деуші едім осылайша өткенім бе
Басшының бағы жансын ескерімді
Түрлентіп гүлге оралған мекенімді

Айта берсем таусылмас табыстарым
Көп рахмет ерлерім –арыстарым
Алда талай асу бар ағайындар
Құтты болсын мерекең шабыстарың

14.10.2002ж

Балдыздығың қалмайды ,
Апаң кетіп қалғанмен
Өтіп жатыр өмірің
Шындықты шырқап жалғанмен
Елгезек өскен қыз едің
Жолдас болар тарланмен

Ойын тойда ән айтып
Жүруші ең жыршы салдармен
Ер мінезді Ақ жарқын
Көмкерген күнді арманмен
Маған тиер пайдаң жоқ
Кемпірім жоқ деп барғанмен
Бас қатырып қайтесің
Біз сияқты шалдармен
Балада бар байда бар
Бардың бағы жанып тұр
Алым-берім жандармен
Бақытты болсын балдызым
Жездесін жерге қаратпас.
Қолыңды қасып алған мен

14.10.2002ж

Әнуарға

Әнуар-ау, Әнуар
Елгезек есті баласың
Кімнің оған дауы бар
Еркек болып туған соң
Қыздар саған жауығар
Емексітпей барлығын
Сұлуын таңдап тауып ал
Өтірік айтпа оларға
Шие әкеп берем деп
Соңыңнан қалмас қайда деп
Мен сияқты өлеңдеп
Ер адамға екі сөз
Біле –білсең жараспас
Шын сөйлеген жігіттер
Өмір бойы адаспас
Жас емессің қазір сен
Он алтыға келіпсің
Қалыптасар уақытын
Жігітке жақсы берік сын
Жақсыдан тәлім алғайсың
Жамандықтан қашық бол
Елден таңдап сұлу ал
Бір-ақ рет ғашық бол
Ақылым осы айтқан
Орындасаң озасың
Жат қылық жанға жараспас
Ер жетпей жатып тозбасын

Айналамда кімдер бар
Сөзінен тәлім алатын
Мінезі мен ісі сай
Адамдар аң-таң қалатын

Молдаларға ерем бе
Ұжмаққа бірге баратын

Қалталы байға ерембе
Теңгені таңдап табатын
Алып –сатар қулар көп
Есептеп қойған сағатын
Жақындап кетсең жанына
Жаласы дайын жағатын

Қалтаңда ақша болмаса
Табылмас туыс бағатын
Өлең,өнер жақсы сөз
Тойда керек сияқты
Көсіле сөйлеп шабатын
Жаңа ғасыр, жаңа заң
Әйеліңнің қалтасын
Өзің болдың қағатын

Нарықтық заман заңы деп
Тезегін сатып теңгеге
Тауысқан амал жарасын
Екімың отыз алыста
Саған қуған сайтандай
Қайда кетіп барасың

17. 10.2002ж

Жалқаумын жатып ішер ұйқыға мас
Үш мезгіл кейдегі жоқ алдымда ас
Бір киер киімім бар қыдыратын
Жұмысты мен қайтейін ауыртып бас
Ата-анам өлгенінше асырапты
Ешкімге жаным менің ашымайды
Есектей ері түспей жұртандар көп
Бай болғанмен көрмедім басы байлы
Салпылдап бір жыл күттім жұмысында
Бір тікен жазбаған соң құрысында
Кеулі келсе бір қап ұн алатыным
Түсінбедім дұрысын бұрысында
-Деп мағам жауап берді жалқау достым
Ата-ана еңбегінің орны бөлек
Ақтайсың деп қалайша сөзін тастаймын
Ақтау қиын –деп айтқан төтесінде
Азғана ақыл айттым жалқауларға
Түсінер болса етер жетесіне
Ой салдым озық ойлы азаматқа
Өзің ғана иесің келер баққа
Төрт жағы түгел болып жүргендер аз
Ел билеп отырғанмен мініп таққа

17.10.2002

*** **

Алтын күз келіп далама
Естілді ән шалғайдан
Күрішін жинап еңбекші ел
Тер төгіп жүр маңтайдан
Тұрмысы елдің жақсарып

Күз береке әкелді
Тойың құтты болсын деп
Құттықтаудан әкелді

**** *
**** *
**** *

Мәдениет үйінің есігі бүгін ашылды
Құттықтаймын халайық кәріменен жасыңды
Еңбек еткен ерлерге
Иемін менде басымды
Өнегелі өлең жыр
Қарсы алсын жаңа ғасырды
Атылып шампан аспанға
Бауырсақ кәмпит шашылды
Алтын күз тойы күтіп тұр
Жұрттан асқан жүйрікке
Даярлап қойдық тартуды
Егеменді елімнің көтеріліп еңсесі
Ұққандай бүгін бар сыры
Төр аға бастап біз қостап
Төбесіне көк байрақ
Бүгін міне шаншулы

21.10.2002ж


Абайға

Абай деп қойған атыңды
Абайдай ақын болсын деп
Мектепке берді ата-анаң
Өнер білім алсын деп

Беріп жүр сабақ мұғалім
Басыңа ғылым қонсын деп
Қолыңдағы күнделік4 пен 5ке толсын деп

Жақсы оқы Абай сабақты
Жек көрем салдыр салақты
Тап-таза жүр әрдайым
Жуынбай ішпе тамақты

Кір келтірме атыңа
Жауап бер менің хатыма
Болғың келсе Абайдай
Әр уақыт оқы алтыға



Байділда Түменбаев (1938 - 1976)

Түменбаев Байділда 1938 жылы № 12 Қосарық ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын химия-биология мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Еңбек жолын туған ауылында мұғалімдіктен бастап, 1967 жылдан өмірінің соңғы күндеріне дейін «Жаңақала» совхозының орталығындағы № 185 орта мектепте мұғалім және интернат тәрбиешісі қызметтерін атқарған. 1976 жылы 38 жасында өмірден өтті.

Көктем

Елжіреп мейірленіп күннің нұры
Көңілді жадыратар көктем күні
Нөсерлеп өте шықса бір жаңбыры
Қалмайды көңілдің еш кірбің кірі
Жер беті малынғандай болып нұрға
Құлпырар жауыннан соң түрлі гүлі
Жан-жануар, табиғат түгел тегіс
Тіршілікке енеді қалмай бірі
Көңілге бұлда болса бір қуаныш
Өзгерген тіл жетпестей дала түрі

1974 жыл

Ел жұртыма

Кезі кеп мерген құсты атып алса
Ойшы оның өзі жалғыз жан ба
Бар болса балапандары қайтер еді
Шырылдап бір ұяда жетім қалса
Қамқоршым қайда кеткен деп кезінде
Ізденіп аузын ашып қам қылмай ма
Өзінше еңбек етіп күн көруге
Сары ауыз балапанда бар ма шара
Қайтеді көнеді де амал қайсы
Жазылған құдіреттің ісі болса
Айырылып қамқоршыдан қам көңіл боп
Солардай сары ауыздар қалды ұлда
Қайсысында қамқоршы, ағайын, боларсындар
Жетіліп қанаты өсіп қатайғанша

1976 жыл

Өмірдің білмейді ешкім алыс, тезін,
Жетпейді оған дана ой мен сезім.
Зейілің жетсе егер айтшы қане,
Не болар екен сонау келер кезің.
Сауыққа, адамгершілік, ар, санаңа,
Пайдасы бар ма тиер алтын жездің.
Құр ойсыз, қуыс кеуде боп жүргендер,
Ұнамай қалар мүмкін бұл бір сөзім.

1976 жыл

Шабар нағыз шағында

Шабар нағыз шағында
Еткей алла бабында
Озып бәйге алмай-ақ,
Арман не болсаң тобыңда.
Қас жүйрік те шаппай ма,
Болса нағыз бабында.
Іліксіз денің сау болғай,
Сенің де шабар шағында.

1 қаңтар, 1976 жыл

Шоқан портретіне

Әлде нені ойға алып,
Отыр ғалым ойланып. болашығын халқының,
Отырған болар толғанып.
Шығып еді Шығыстан,
Арманын халық қолға алып,
Бірақ ажал мейірімсіз,
Мезгілсіз кетте оны алып.
Езілген халық еркіндік,
Көксеген еді, ойы анық.
Бақытқа жетті бар халық.

Өмір қандай

Үмбеттер ойлаңдаршы өмір қандай,
Күліп-ойнап, қатар-құрбы жүрген қандай.
Шат көңіл, шалқып өмір жүруші ек,
Дос-жаран бір анадан боп туғандай.

Тамаша табиғаттың сәні қандай,
Сайрайтын көктемде құс әні қандай.
Түсінсең бәрі өмірде қызық екен,
Мысалы байғыз, көкек үні қандай.

Жаратқан жарастырып бір-біріне,
Шек бар ма құдіреттің ісі қандай.
Жадырап жан дүниең осыларға,
Болады бейне өмірің ұзарғандай.

Сарылып шаршасаң да ұмыт болар,
Саулықта сайран екен бәрі тойдай.
Көрген бұл қызықтардың қызуы болмай,
Бітсе өмір өте шығар болмашыдай.
Би опа дүние болып бұның бәрі,
Жатарсың жалғыз жайда жан жуымай.

Ақпан, 1974 жыл

Жаңақала

(Қызылорда вальсінің әнімен)

Шөл дала енді міне, мекені елдің,
Орнатып жатыр қала еңбегі ердің.
Ақ шатыр, ақ үйлері қатар түзеп,
Сүйсінтеді көрші қандай көргендердің

Тамаша табиғаты таңғажайып,
Жасарар алда талай мұнан да әлі.
Сән түзеп көшені,
Құлпырып өс елі,
Жай өркен жайқалта Жаңақала.

Еңбекші ел еңбегінің мақтанысың,
Жыр етейін еңбекшілер астанасын.
Гүлденіп, көркейе бер тілегім сол,
Аударып адам назар, ықыласын.

Жарқырап сәуле шашып нұр үстінде,
Электр шамы жайнап тұр үстінде.
Сән түзеп көшесі,
Құлпырып өс елі,
Жай өркен жайқалта Жаңақала.
Гүлденсін, түрленсін,
Далаңа түр енсін,
Ән болып, жырға енсін Жаңақала.

1965 жыл

Нұрланға

Еріксіз кей қылығың күлдіреді,
Ал, енді бір қылығың күйдіреді.
Жіберсең еркін бәрін ойында жоқ,
Өртеніп әлде нелер бүлінеді.

1973 жыл

Тәнге

Елжіреп ет бауырың егілерсің,
Қайғыма қайысып қабырғаң сөгілерсің.
Ортада тұрған өсіп дарағым ең,
Бұтағың желге ұшқандай сетілерсің.
Тағдырда жазу солай болған шығар,
Қайтесің басқа түссе көндігерсің.
Тәубе ет артыңда ердің қалса нышан,
Солармен өсіп бір күн жетілерсің.
Солардың енді бұлай тіле өмірін,
Қызығын жазбаған бізге сен көрерсің,
Өзіңнің өмірің жетіп бұлар өссе,
Бұған да шүкір Алла деп жүрерсің.

1976 жыл

Қараторғай әніне

Әнім ед сүйетін бір қараторғай,
Тыңдаушы ем айтылса ән бой шымырлай.
Тыншымай қонбай ұшқан болса торғай,
Қалықтайды ой-қиялым менің де сондай.

Қараторғай
Шырқашы солай
Тыңдайын басқа еш
Көңілім аумай

«Менше сүй әнді сүйсең» деген Абай,
Асыл сөз айта алмайтын мен олардай.
Сонда да ұнаған соң әнің торғай,
Жаздым сөз келіп қиял бір азғантай.

Қараторғай,
Шырқашы солай.
Тыңдайын басқа еш,
Көңілім аумай.

19.10.1970 жыл

Денсаулық

Денсаулық қадіріңді білдім жаңа,
Келтірер қалыпқа қайта бар ма шара.
Қалыпқа қайта енді бір келе қойсаң,
Аялар едім етіп сені бала.

Сен науқас бой жаздырмай қойдың сірә,
Айығып шырай шығар күн болар ма.
Бас ауырып, балтыр сыздап көрмесе адам,
Саулықта өмір қадірін ойға алар ма.
Қол үзіп сірә ізіңмен қалмаған соң,
Жабырқап көңіл шіркін болад шала.
Күліп-ойнап бұрынғыдай кетер ме екенмін,
Қиын ба етсең азат бұдан Алла.

1973 жыл

Бала

Қызығы тіршіліктің екен бала,
Тойған ба адам оның қызығына.
Күнде той, асыр-думан жүрген жері,
Құдірет сүйікті еткен қылығын да.

Ішер ас, киер киім десең қайда,
Дүкенде дейді және бар сарайда.
Бала көңіл байыпталмай еш нәрсені,
Рас-ау алып бер деген айды аспанда.

Қудіретін ата-ана, бабам айтқан,
Білерсің балалы өзің деп болғанда.
Біздің де ата-анамыз біздей болып,
Төккен ғой мейірімін ұрпағына.

Алаңсыз болшы ешбір, өсіп ер жет,
Ата-ана тілегі сол, арманы да.
Төземіз сендер үшін шытпай қабақ,
Өмірдің ыстығы мен суығына.

01.11.1975 жыл



Оңғарбай Ібрашұлы (1938 - 2010)

Оңғарбай Ібрашұлы 1938 жылы қазіргі Алдашбай ахун ауылына қарасты «Шырпылы ой» мекенінде туған. Осы мекенде балалық шағын өткізген. 1963 жылдан бастап мал шаруашылығына байланысты Қызылқұм өңірін игеруге ат салысты. 1964 жылы «Жаңақала» совхозы құрылғанда құрылыс шебері болып келді. Қарапайым құрылысшыдан совхоздың бас прораб қызметіне дейін өсіп 40 жылдан астам ауылдың өсіп өркендеуіне зор үлес қосты. Өз ісінің білікті маманы, қажыр қайратын еңбекке жұмсай жүріп, қолы бос уақытта қазақтың ақын-жырауларының мұраларын жинаумен айналысты. Сонымен бірге өзі де өлең-толғаулар, қисса-дастандар жазды. Бірнеше кітаптардың авторы. 2010 жылы Алматы қаласында дүние салды.

Бастау

Руым Қойбақ, атым Оңғар,
Келгені шама-шарқ осы болар!
«Артыма із қалса- деп, аз да болса!»
Ұрпаққа бергендеймін аздап бағдар.
Кең болса ағып жатқан арнасы айдын,
Алғандай болар едің сайдан саға.
Берілер бек, сұлтандар оқыған соң,
Сауатты сыншылдардан толық баға.
Тайғақтай жылтыр мұзбен жылжығандай,
Сындарың боп жүрмесін бәрі жала!
Басталған бұл ісімнің бастамасы,
Түзелер Алла қосса бара-бара.

2009 жыл, Алматы қаласы

Арнау

Салтанат құрды совхоз Жаңақала,
Құрылған облыста жаңа ғана.
Орнығып отырықшы елді құрап,
Арнаның жағасында Қуаңдария.
Ағылды әр ауылдан өңкей дара,
Үкімет қолдап тұрған бұл бір сала.
«Басқар-деп – бақ орнат-деп елімізге!»
Жіберді Қаратаудай ерді дана.
Басқарды ер азамат он сегіз жыл,
Жібермей бір адамын жеке дара.
Кетті ғой көркейткен ер келмеске енді,
Беремін енді саған қандай баға?
Көргендер кейін келіп бұл жерімді,
Болғанын қайдан білсін үлкен қала.
Сән менен салтанатты құрып күндер,
Түнімен қол ұстасып жүрген күндер.
«Сау бол!»-деп сәлемімді қалдырамын.
Шимайлап жазғанымды арнап қана.
Сау болшы, жолдастарым, бірге жүрген,
Іргесін совхозымның бірге құрған.
Жылма-жыл кездесеміз өздеріңізбен,
Осында қырық жылдай бірге тұрған.

28 қазан, 1997 жыл

Ашада

О, құдірет, қарасам жан жағыма, жазық дала,
Жыңғыл мен сексеуілі қалың ғана.
Аққан су жер астынан аспанға атып,
Салынған кең далаға шағын қала.
«Аша» деген аты еді осы жердің,

Ел келіп, қоныс теуіп орныққан соң,
Аталды атыменен «Жаңақала».
Ежелгі аталардың қонысы еді,
Не жайсаң, атақтылар өткен дала.
Батысы мұнартқан тау «Қарақ»-еді,
Басынан әулиелер тарап еді.
Осында төрт әулиенің бірі Жәрімбеттің,
Сүйегі мәңгілікке қалып еді.
Болған соң қайта құру мұсылмандық,
Жабылып Сарқасқалар бірнеше күн,
Күмбездеп мазарын да салып еді.

Ел екен азаматы басы бүтін,
Паш етті, еңбектерін әруақ үшін.
Мың да бір рахмет жігіттерге,
Жасаған әруаққа еңбегі үшін.

1997 жыл

Сағындым сені

Сағындым сені,
Атыңды «Жаңақала».
Мыңдаған мал өсіріп,
Қырық жыл болған пана.

Келтірдің дүниеге талай жанды,
Көшесі үйлерімен бәрі сәнді.
Қарасам елестетіп өткен күнді,
Тамшылап талай ердің тамған тері,
Біртіндей құрастырып тарқап шері.

«Жаңақала» шалғайда, шаңлағыңда,
Шалықтап шарлап өскен,
Мейірбан мен бір бала.

Гүл жайнағаң далаң,
Саған деген назым.
Мәңгілік қалар есте,
Көп жүрген талай кеште.

Тарап кетіп елің,
Келмей қалды сәнің.
Сонда да саған арналар,
Менің салған әнім.

Жапырағы жайқалған,
Жусаны мен жыңғылы.
Арасында осының,
Естіліп тұрғандай,
Жігіт пен қыздың сыңғыры.

Сырласып сыбыр қағысқан,

Сүйгенімен табысқан.
Атқызған талай ұзақ таң,
Мәңгілік қалды төбеңде,
Тіршілік еткен талай жан.

1998 жыл

Бәрінен ыстық ауылым

Алматыдан санасаң,
Жаңақала арасы.
Мың бес жүз шақырым.
Жаяу жүрсең екі айда,
Жетер едің ақырын.
Айтын да адам жоқ,
«Жүрсің – деп неғып пақырым?!»
Тіршілік қиын қарасаң,
Қайдам менің қазағым,
Өмір сүріп осылай,
Қалмаса бір күн мақұрым.
Сағынсам кейде отырып,
Әрі - бері шарлаған,
Жетіасардың тақырын.
Бірге жүрген достардың,
Бәрі кетсе өмірден,
Кім айтар бәрін келешек,
Ненің алыс жақынын.
Жері де ыстық ауылдың,
Белі де ыстық ауылдың,
Соққанымда сағынам,
Тұзды, шаңғыт дауылын.
«Қазір қайда кетті»-деп,
Іздеймін де отырам,
Бұрынғы жүрген қауымым?!
Мейлің сүр өмір жұмақта,
Бәрінен де тым ыстық,
Өсіп-өнген ауылым.

2003 жыл



**Құлназар Самұратов
(1939 -2014)**

*Самұратов Құлназар 1939 жылы Қармақшы ауданына қарасты Өндіріс колхозының 10 ауылында «Күйеуасар» түбінде туған. Жаңақала совхозында көп жылдар бойы көлік жүргізуші болып қызмет атқарған. Ел арасындағы көне қисса-дастандармен бірге ақын-жазушылардың сөздерін жинаумен айналысқан. Сонымен бірге өзі де жастарға арнап гибраты мол көптеген өлеңдер жазған
2014 жылы «Жаңақала» ауылында дүниеден өтті.*

Аман болсын қарттарым

Сол жылдар есінде елдің қанды майдан,
Фашистер соғыс ашып салған ойран.
Кетірген бейбіт елдің берекесін,
Сұм соғыс тақсіреті кетпейді ойдан.

Аттанып сол майданға талай ерлер,
Елі үшін азаматтар болып қорған.
Болсын деп ұрпақтарым бостандықта,
Шайқасып небір боздақ жанын қиған.

Соғыстан өлгендер көп, қайтқандар аз,
Жауыздар атқылаған қорғасыннан.
Айырылып қол аяқтан оралғандар,
Шүкір ғып тәнті ісіне тәңірі салған.

Қарттарым «қанды көйлек» келген аман,
Бұл күнде қатарлары сиреп қалған.
Халықтың бірлік күні құтты болсын,
Тілейміз сау жүрсін деп қалмай тойдан.

Тоғызбаев Әбенге

Әбеке, құтты болсын жетпіс жасың,
Арайлап атсын әрбір шапақ таңың.
Жұбайың Ұлмекенмен қоса ағар,
Алмасын Алла қайтып берген бағын.

Әрқашан ұзақ болсын ғұмырыңыз,
Тозбасын жетпістегі мінген жасың.
Тілеймін отбасының амандығын,
Тағы да тойға ұлассын келер шағың.

Наурызым

Ей, халқым, құтты болсын Наурыз айың,
Келіндер дастарханға құрмет дайын,
Бас қосып мерекелеп отырыңдар,
Халықтың хал-ахуал сұрап жайын.

Ұлыстың Ұлы күні келді бүгін,
Қыс кетті өзі арқалар ауыр жүгін.
Отбасың аман болсын, қойың егіз,
Малыңның майы шықсын тартсаң түгін.

Бұл айым Қызыр Ата жылдың басы,
Нұр төгіп, жер жылытып шұғыласы.

Жылуы жер бетіне көктем келіп,
Көкпеңбек Самарқанның еріп тасы.

Тойлайық жыл басының мерекесін,
Кең жайып осы жылдың керегесін.
Әкелсін құт береке Наурыз айы,
Құдайым бере берсін берекесін.

Қашаннан халқымыздың теңдік күні,
Тойлайды қай елде де тегіс мұны.
Тілейді «Тойың тойға ұлассын» деп,
Қазақтың әнге салып ұлы, қызы.

Осы айда күн мен түн теңелетін,
Ырзығы бастауынан кенелетін.
Көктемнің жаңбырынан нәрін алып,
Жер жыртып, дикан дәні себілетін.

Наурыздың самал желі бетті өпкен,
Көктемім келді міне көптен күткен.
Өзіне тиесілі жерін өңдеп,
Қолына жас пен қария алып кетпен.

Қош келдің жаңа жылым қарсы алатын,
Ұрандап Наурызым деп жар салатын.
Ата-баба дәстүрі осылай деп,
Қазанға жеті түрлі дәм салатын.

Қауышып бір-бірінің көріп сыйын,
Басталап ойын-күлкі ұлы жиын.
Бесікке бала бөлеп, тұсау кесіп,
Ит жейде қудыратын шашып тиын.

Мінекей, мұсылманның осы салты,
Тойлаған бала-шаға, жас пен қарты.
Атжарыс, қыз қуумен қабаттасып,
Ұласып кетеді екен тойдың арты.

Наурыз айы

Наурыз айы жыл басының көктемі,
Күн сәулесі нұрын беріп төккені.
Құтты болсын жаңа жылың қарттарым,
Дәм татайық қалмаңыздар шеткері.

Сәлем беру үлкендерге біздерден,
Жаңылмайық бұрынғы өткен іздерден.
Әр жылыма жете берсін отбасы,
Ниетіміз бата алу сіздерден.

Адам бол

Оқу мен ғылым мектептен,
Білім үшін тер төксең.
Қоңырау үнін жүректе,
Сақта дер ұяң түлеткен.
«Ұлағатты адам бол»,
Деп айтар, ұстаз тілекпен.
Орындасаң айтқанын,
Қызметің келер ретпенен.
Ата-анаң болар садаған,
Тілегінді тілеп күнде өткен.
Қызмет етсең халқыма,
Алғысын айтар шын жүректен.

Оқысаң көзің ашылар

Оқысаң көзің ашылар,
Көрерсің шаһар аралап.
Қызмет етсең халқыңа,
Адалдықты бағалап.
Қоғамшыл бол қалайда,
Шешімін тауып шамалап.
Азамат болу ардақты ат,
Жақсыменен жаманның,
Арасын білсең саралап.
Би боларсың халқыңа,
Табаны тимес тайғақта,
Тұлпардай қойған тағалап.

Аза жыры

(Әбен Тоғызбаевтың қазасына)

Секілді - ең ортамызда гүлің дарақ,
Қай кезде отырушы-ең шытпай қабақ.
Тәңірдің бар ма айла- шарасына,
Алланың берген жасы болса осы-ақ.
Арманы бұл пенденің таусылған ба,
Білседе бір-біріне бес күн қонақ.
Қариялар қатардағы азайыпты-ау,
Бұл өмір баяны жоқ неткен шолақ.
Қырқыңа келіп жатыр қалың қауым,
Қайтеміз жүреміз бе күнді санап.
Әбеке, байтақ жайың, жайлы болсын,
Алдың пейіш, орның болсын жәннат.

Разақ ағайдың «Қапиза» атты шығармасына бастау сөз

Жасынан алма сөзге болған жақын,
Ел білед Әбдіразақ ағай атын.
Ұтымды шайыр сөздің шебері еді,

Сөз тапқыр табан асты шығаратын.
Дейді екен, аттылымын, түйелімін,
Келгенде қара сөзге киелімін.
Сұрасаң менің атым Әбдіразақ,
«Әлімнің Қара сақал» жиенімін.
Сөз басы өлең қылып шығармақтан,
Тағдырдың тәлкегі бар тұралатқан.
Шығарған Ақтөбеде «Қазипасын»,
Зер салып тыңдаушыға қазақтан.

Аяулы досым ең (Айдарбек Пірмантайұлына)

Белгілі азамат ең елге сыйлы,
Сұм ажал ғұмырыңды ерте қиды.
Қамығып халқың түгел қалды артыңда,
Бұл жалған дүниеге кімдер сыйды.
Біреу кеш, біреу ерте кетіп жатыр,
Аңласақ мына дүние қилы-қилы.
Алдың пейіш топырағың торқа болсын,
Алланың жұмақтан орны болсын сыйы.

Мәңгі жаса, ұлы елім

Неше бір жылдар өтсе де,
Ойға алса қарттар толқиды.
Қарғыс атқыр соғыстың,
Зардабы өткен сан қилы.
Қар жастанып, су кешіп,
Өткерген бастан әр күйді.
Оралмай елге майданнан,
Қаншама боздақ жан қиды.
Қорғаған ел мен Отанын,
Сақтайық есте қартымды.
Солар еді дамытқан,
Елдік пен ерлік салтыңды.
Алпыс жеті жыл болды,
Көлемі кеңіп көбейді.
Мәңгі жаса, Ұлы елім,
Шат-шадымен бұл күнгі.

Тәуелсіздік бақытым

Еске алып өткен кезді алдым қалам,
Жаңарып, жаңғыруда бүгін санам.
Өзгерді көз алдымда өмір шіркін,
Тәуелсіз міне елім, дала, қалам.
Еліміз отау тікті терезе кең,
Алаңсыз білім алып өсті балаң.
Егемен жиырма жылдың тойын тойлап,
Мәз-майрам елдің іші, жайлау жағаң.

Ей, Алла, ұзағынан болсын күнім,
Жауқазын жастарымыз алсын білім.
Елбасы саясаты тыныш өмір,
Жүрейік ұлағаттап Ана тілін,
Жасасын ұрпағымен Қазақстан,
Бақытқа толы болып әрбір күнің.
Жүректе әнұраның – күш қуатың,
Биіктен желбіресін тіккен туың.

Жастарға

Өмірді барлап қарасаң,
Білімсіз адам озбайды.
Оқымай уақыт өткерсең,
Басыңа бақыт қонбайды.
Ұстаз сөзін тыңдаған,
Ақылдан кенде болмайды.
Келістіріп кеңінен
Шешендер нақыл толғайды.
Тыңдаған сөзді байыппен,
Өкініп санды ұрмайды.
Айтқанға құлақ аспасаң,
Өзімшіл болып өскеннің
Қасиеті болмайды,
Қатарынан кем болып,
Жақсы атақ алмаса,
Ата-анаға сол қайғы.

Қоштасу сөз

(Жалшораұлы Жақыпбекке)

Келгенде бұл өмірге адам бір шат,
Кім білген тез өтерін балалық шақ.
Өмірдің қызығына тойған бар ма,
Шаттықтың алды бір той, ақыры қап.
Тағдырға талас бар ма келсе кезек,
Көргенің тіршілікте болса сол-ақ.
Апарып жайлы жайға жайғап кетер,
Халықтың қадырын білсек,өтпей бір шақ.
Өсірдің ұл-қызыңды, адам болды,
Атыңа отбасыңа келтірмей дақ.
Өріне жетпіс бестің шыққаныңда
Науқастың ауырына болдың-ау тап.
Туралап келген ауру алып тынды,
Бір күнгідей екен ғой өткен бір шақ.
О,Жәке,жатқан жерің жайлы болсын,
Дүниеден кім озбайды аңлап тұрсақ.



Байділда ДАСТАНОВ
(1940-2005)

1940 жылы туған. "Жаңақала" совхозы құрылғанда алғашқы шопандардың бірі болып келді. Көптеген жылдар бойы совхозда шопан, жұмыскер, кадр бөлімінің меңгерушісі болып еңбек етті. Оның өлеңдері мен мақалалары аудандық, облыстық газеттерде үзбей жарияланып тұрды. Бір топ өлеңдері 1987 жылы Алматы қаласы "Жазушы" баспасынан жарық көрген "Баспалдақтар" жинағына енген. 2005 жылы қайтыс болды.

Туған жерге

О, туған жер балаймын,
Кеңдігіңді анаға.
Гүлдеріңді санаймын,
Жас иісті балаға.

Созылып жатқан жолдарың,
Мен үшін дархан дастархан.
Алғаш дәм сенде бұйырып,
Тіршілік сенде басталған.

Жүрсем де қазір қой бағып,
Егермін ертең күріш те.
Бірде ақын болсам ой бағып,
Арқаусың өзің бар іске.

Құрылысшы болсам бірде мен,
Үйлердің қалап іргесін.
Жүрсем де көкте жалғыз сен,
Өзіммен әр кез біргесің!

Ұрпаққа сыйлаймын

Мылтық бар үйімде,
Жарылған құндағы.
Менің жас күнімде,
Алынған бұл-дағы.

Онымен әкем де,
Талай аң алыпты.
Майданға кетерде,
Ол үйде қалыпты.

Депті әкем анама:-
Мылтықты майларсың,
Бөлшектеп және де
Сандыққа жайларсың.

Өмір боп келсем мен
Онда оны көрерсің.
Келмесем егер сен,
Балама берерсің-

Деген соң жан анам
Сандықта сақтапты.
"Сат" депті көп адам,
Сонда да сатпапты.

Жар күтіп өз басы,
Тылда еңбек етіпті.
Қабыл боп көз жасы,

Жеңіс күн жетіпті.

Табысып жарға-жар,
Талайлар келіпті.
Ал, әкем сақтап ар,
Соғыста өліпті.

Осылай анамды,
Сұм соғыс жылатты.
Көңілін жаралы,
Уақыт жұбатты.

Әкемнен қалған бұл,
Мұраны қимаймын.
"Көзі" деп атаңның,
Ұлыма сыйлаймын.

Шопан

Бір адам бар еңбекшіл бұл қауымда,
Қарсы тұрған қайсарланып дауылға.
Туған дала таза ауасын сіміріп,
Жүреді ол қыр басында жауында.

Ерте оянып ұйқыдан таң атқанда,
Тынбайды ол жаз, күз, көктем, ақпанда.
Күнұзаққа кең даланы серік қып,
Үйге оралар күн ұяға батқанда.

Терлеп тепшіп шайға әбден қанады,
Сосын қолға газет, журнал алады.
Жаңалығын жер жаһанның түгендеп,
Күллі әлеммен сырласқандай болады.

Отырады ойға шомып әрқилы,
Көңіл шіркін әрлі - берлі толқиды.
Маңдай тері моншақ болып төгілген,
Шаңырағында шаттық болып шалқиды.

Еңбегін де құрметтейді Отаны,
Қашан болсын мақтаныш қып жатады.
Білімі де, білігі де айрықша,
Міне, осындай қазіргінің шопаны.

Бір торғайды көргенде

Бір төмен - бір жоғары ұшып торғай,
Шырылдап жан ұшырды жерге қонбай.
Қасына жетіп бардым білмек болып,
Тап болып қалды екен деп халге қандай?

Ұя тұр сексеуілдің бұтағында,

Балапан аузын ашады жатағында.
Бір жылан өрмелейді соған қарай,
Дегендей «балапанды жұтамын ба?»»

Қалайша мен шыдармын көріп тұрып,
Бір бұтақ сексеуілден алдым жұлып.
Сонымен жыланды ұрып өлтіргенде,
Жүргенін қойды торғай ұшып-қонып.

Ұяда торғай отыр маған қарап,
Мен тұрмын бейшараны іштей аяп.
Аналық жүрегімен баласы үшін,
Болыпты өз өмірін етпек талақ.

Осы бір көріністі жыр еткенім,
Торғайды баршаңызға үлгі еткенім.
Адам ба, аң ба, мейлі құс бола ма,
Бәрі бірдей аналық жүректердің.

Осыны естеріңде ұстағайсың,
Ананың ақ көңілі - аппақ айдын.
Ұлағат ұрпағыңа бермек болсаң,
Айдыңға адалдықты сақтағайсың.

Байқасаң, бала үшін ана қандай!
Аямас ақ жүрегін алақандай.
Тілегім гүл өсірген аналардың,
Өмірден өтсін көңілі жараланбай.

Не қиын?

Мергенге төлі бар аң ату қиын,
Ақынға жиында үйде жату қиын.
Саудагер аларманға қолда барын,
Көрсетіп жарқыратып сату қиын.

Үлкенге кіші үйіне бару қиын,
Сараңға жұрттан өзі алу қиын.
Ерлерге еңбек етпей, табыс таппай,
Өзінің қатарынан қалу қиын.

Өздерге айналасын шолу қиын,
Ұлдарға жақсы азамат болу қиын.
Қыздарға өмірінде өкінбестей,
Адаспай тұғырына қону қиын.

Ойлыға дүниені ұғу қиын.
Ініге аға болып жүру қиын,
Бұл қазақ өлмей тұрып мақтамайды,
Тіріңде қадіріңді білу қиын...

Мәңгіліктің көрпесі

Топырақты шаң дейміз, тіл жеткенше тілдейміз.
Өйткені, біз қадірін оның анық білмейміз.
Небір дана, ғалымдар, ғұламалар айтатын,
"Топырақта - тамырың" дегеніне сенбейміз.

Топыраққа жетпейді еш нәрсенің салмағы.
"Тек топырақ толтырар көзді" деген бар тағы.
Адам деген білсеңіз ең алдымен өзінің,
Кіндік қаны төгілген топыраққа тартады.

Көктен алтын жауған ба, ой жіберіп қарашы,
Байқалмайды, ал, бірақ, топырақ – байлық анасы.
Атағы мен даңқын да, бақыты мен шаттығын,
Топырақтан тауыпты бар адамның баласы.

Топырақтан білсеңіз барша ғалам нәр алған,
Топырақта өнген дән жер-жерлерге таралған.
Қалайынша лас деп айта аламыз біз оны,
Адамзаттың өзі де топырақтан жаралған.

Топырақты біреулер шаң екен деп тілдейді,
Ұстап көріп бір уыс топырақты зіл дейді.
Жүрек тоқтап, көз жұмса, мәңгіліктің көрпесі
Топырақтан боларын неге ғана білмейді?!

Жас ұланға

Сүйсең туған далаңды,
Сыйласаң туған анаңды.
Ер жүрек батыл ұлы бол,
Туған еліңнің табанды.

Егеменді ел болып,
Өзгерттік мына заманды.
Қырағы болып ұстай біл,
Ниеті бұзық арамды.

Жолдас етпе өзіңе,
Құлқынның құлы жаманды.
Өсек сөзге үйір боп,
Былғама әсте санаңды.

Берсе бұйрық командир,
Жылдам бітір әр істі.
Бұйрықты қошта құп деп тез,
Сүймейді Отан шабанды.

"Военный" тәртіп жаратпайды,
Құп деген сөзді сараңды.
Орындарсың бұл сөзді,
Сыйласаң біздей ағаңды.

Қош, ержүрек жас ұлан,
Аман барып сау қайт деп
Тілейміз саулық-аманды.

Аққа ештеңе жетпейді

"Ақ түс пе, әлде қара ма?
Қайсысы жақсы сарала".
Деп сұрақты қоюшы,
Беремін жауап балама.

Аққа ештеңе жетпейді,
Одан артық өтпейді.
Сары, қара, көк, қызыл,
Ақтан асып кетпейді.

Себебім, ақты мақтаған,
Көңілім ақты жақтаған,
Ананың сүті ақ түсті,
Ешкім жоқ оны татпаған.

Аққа қара батпаған,
Ақ жүрек сырды сақтаған.
Жаңа отауға жас келін,
Ақ шәлі салып аттаған.

Ұзаққа сапар жасаған,
Ақ бата алған атадан.
Шын сүйгенін ғашықтар,
"Ақ гүлім" деп атаған.

Осы айтқаным дұрыс па?
Безбенге салып қадақта.
Өзің де алғаш барғансың,
Ақ көйлек киіп сабаққа.

Сұрағың осы сұралған,
Болсаң балам ұға алған.
Жылан екеш жыланды,
Ақ құйып әжең шығарған.



Жылқыбай Балшынов

Балшынов Жылқыбай 1940 жылы Қармақшы ауданына қарасты Томарбөгет ауылында дүниеге келген. 1963 жылдан бастан Қызылқұм өңірін игеруге ат салысқан. 1964 жылы Жаңақала совхозы құрылғанда әуелі жүргізуші болып кейін шопан болып еңбек еткен. Жырау, термеші. Саз аспаптарын жасайтын қолөнер шебері. «Сұр мерген», «Жарлы тәліп», «Рауабану», «Әуезхан», «Қара шекпен» дастандарын жатқа айтады. Қазір Қызылорда қаласында тұрады.

Бастау

Арғы тегімді сұрасаң,
Қара кесек Алшынмын.
Өз жөнімді сұрасаң,
Бес Текейдің Кегені.
Ырысбайдың баласы,
Баласымын Балшынның.
Атақты жырау емеспін,
Толтырған жырға алқымын.
Тосыннан сөніп жанарым,
Бір бөлмеде жатырмын.
Өткізу үшін уақыт,
Жыр жазуға талпындым.
Төрт қисса өлең жаттадым.
Дастаны бұлар әркімнің,
Осыларды жырласам,
Әнге қосып әуез деп,
Алғысын алып халқымның.
Ырза болыңдар ағайын,
Жыр бастауы осылай,
Жетпіс үштегі қартыңның.

Қаңтар, 2013 жыл

Көкеме

Қалай көке, көрмегелі көп болды,
Сағынуда отырасыз ба сіз мені?
Сәлем жолдап хат арқылы қол берем,
Еске түсіп еркін түндер елдегі.
Түрме ішінде торығуда отыр ғой,
Құмалақ боп құлыныңның ермегі.
Жақсы түссе жадырайды кеуілім,
Басқандай-ақ қуанышқа пернені.
Мойнымда қиындықтың құрығы,
Демесеңіз тірі жүр ғой өлмеді.
О басында осылайға жазған ба?
Өмірімнің тоқылмақшы өрмегі.
Сабыр ойла, балаңызға басу айт,
«Жақсы болсын»-деп өмірің алдағы.
Денім сау болып, бостандыққа жетсем бір,
Көмегіңді көрсет көке қолдағы.

21 қаңтар 1968 жыл

Аналарым Сара, Ақсүйрікке

Ана сізді ойлағанда еске алып,
Сорғалайды екі көзден жас тамып.
Амалым не, көнемін де жазуға,
Жылағанмен не болады бас салып.

Өзінді-өзің салма анам азапқа,
Жаман ырым дейді оны қазақта.
Жағдайым да жаман емес әзірге,
Деген адам үйренеді тозаққа.

Жылама ана өзінді-өзің босатып,
Тәуекел ет бір алланы жатқа алып.
Жалғызымның жарық ет деп өмірін,
Балаларға басшылық ет басқарып.

Аман болсам оралармын аман-сау,
Дәм бар ма әлде тартып тұрған ұзақта
Ол жағы әлі менің үшін белгісіз,
Қалам шіркін күнін қойып сызат та.

Өтті менен кешір ана қателік,
Соным үшін түсіп тұрмын тұзаққа.
Деген бар ғой болған іске болат бол,
Бұл тұзақта күні бітсе тозатта.

Арнаулы бұл балаңыздың сәлемі,
Қабыл алшы кеуіліңді уатта.
Әзірге сау болып тұр анашым,
Қой кеуілім енді аяғын ұзатпа.

1968 жыл

Қанымкүлге

Денің сау ма, Қанымкүл?
Жүрсің бе мені сағынып.
Бір ойың мыңға бөлініп,
Ойлаумен қажып, қамығып.
Тағдырда бастан осылай,
Қойғанда бізге жазылып.
Ойлап па едім өмірде,
Көрем деп мұндай сарылып.
Байқаусыз жасап білместік,
Өмірді алдым жары ғып.
Көп ойланып қайғырма,
Сары уайымға салынып.
Өткелі шығар өмірдің,
Мен үшін қойған салынып.
Өтетін күнде болатта,
Өткелі мұның табылып.
Ойда жоқта осылай,
Қапасқа түстім жабылып.
Табылат та тетігі,
Мезгілі туса ашылып.
Әзірге аяқ қақпанда,
Бекіген мықтап салынып.

Аралындаймын теңіздің,
Өткелін қойған жары ғып.
Өткелді өзiм соғатын,
Жас өмiрдi қойды ау кәрi ғып.
Табалап дұшпан жатыр ма ?
Бiр сөздi мыңнан әрi ғып.
Кеуiлiңдi бұрма оларға,
Айта берсiн сөздерiн.
Өзiңе-өзiң мықты бол,
Қайтесiң сөзiн өзгенiң.
Қарттарыма қамқор боп,
Айтқанын iстеп тiлiн ал.
Сүйенiшi ендi сен,
Өтiнiш айтып шағынар.
Қайныларыңды қадiрлеп,
Мүмкiндiгiнше таза бақ.
Оқуын жақсы оқысын,
Күтедi соны болашақ.
Жамандық жолмен жүрмесiн,
Жақсыдан қашып тасалап.
Ал сау бол Қаным аман бол,
Жылқыбай сөзiн доғарар.

1969 жыл 20 қаңтар

Інiм Олжабайға


Сағындым Олжан атаңды,
Сәлеммен жолдап хатыңды.
Ойнап-күлiп жүрмiсiң,
Қатармен салып асырды.
Денi сау ма апамның,
Қойсын деп айт жасуды.
Жатырмын мен де аман-сау,
Сыртымнан құлып басулы.
Қателiктi мойындап,
Отырған жай бар сасулы.
Тағдырда жазу солай ма?
Шырмауға жазған басымды.
Ел бетiн қалай көремiн,
Әкеден алып ашуды.
Ойлай – ойлай қажыдым,
Жұлғанмен болмай шашымды.
Аулақ боп менiң iзiмнен,
Ойлап жүр әркез қашуды.
Сабағыңды жақсы оқып,
Ақылға жеңдiр ашуды.
Бөпелерiңе басшы боп,
Жақсыдан әпер шашуды.

Қаңтар, 1969 жыл

Ақын Разақ ағайға

Шымкенттен сағынышты сәлем аға,
Артықша көруші едім көптен дара.
Келгенде «Қарақ» жақтан қарсы алып,
«Ден сау ма»-деуші едіңіз қойшы бала.
Еске алып соныңызды ей Реке,
Хат жаздым қағазбенен қалам ала.
Жаһанша отбасының тірлігінде,
Дені сау жүрме ойнап бала-шаға?
Әлқуат армияға аттанды ма?
Қызмет атқаруға Отанына.
Туысқан, аға-іні, қатар-құрбы,
Ел іші жалпы айтқанда амандық па?
Өзгеріс өлген-жіткен келін алып,
Ол кімдер ренжулі, көңілі шаттар
Өлгеннің ақыры қайыр, алдынан-ақ,
Жарылқап жайы болсын о дүнияда.
Келгендер жолы құтты келін болсын,
Бөленер халық алдында инабатқа.
Біреулер ренжісе біреу күліп,
Не болмайды аспан асты табиғатта.
Сондай-ақ сотқа түсіп біздің ерік,
Жатырмын жаза өтеп Шымкент жақта.
Айырылу әп сәтте екен абыройдан,
Жазықты жан боп тұрмын жаратқанға.
Еркінсіп ел ішінде жүрген басым,
Меңзең боп бөлінеді шартарапқа.
Орын жоқ ел ішінде деп ойлаймын,
Мысалы мен сияқты ақымаққа.
Осылар орын алып өз ойымнан,
Уайым тудырады мазалапта.
Ойнақшып ой теңіздің ортасында,
Мініп ап тұрған жай бар жел қайыққа.
Төрелік терең ойлап айтшы Реке,
Тұрғанда түпсіз інің тұңғиықта.
Ініңнің халі нашар қарамасаң,
Тонсыз жүр толасы жоқ борасында.

3 наурыз 1969 жыл



**Зылиха Баймырзақызы
(1942-2018)**

Ленин атындағы совхозда (Қазіргі Тұмағанбет ауылы) туған. Осы ауылдан 10 жылдық мектепті бітіріп, Қазалыдағы бухгалтерлік техникумға оқуға түскен. Есепші мамандығын алған ол 1965 жылы жаңадан құрылған «Жаңақала» совхозына жұмысқа орналасты. Одан кейінгі кезеңдерде әртүлі мәдени қызметтер атқарып, осы ауылдан зейнеткерлік демалысқа шықты. Ауыл адамдарының еңбегін жырға қосып, замандастары жайлы өлеңдер жазумен айналысқан. 2018 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті. 2019 жылы «Анаға тағзым» атты өлеңдер кітабы жарық көрген.

Құтты мекен

Құтты мекен «Жаңақалам»,
Ардақтайды барлық балаң.
Жазайын жыр өзіңе арнап,
Келе қойса оған шамам.

Ғұмыр өтті біа-ақ күндік,
Кілең құрдас бірге жүрдік.
Гүлдендірдік – түрлендірдік.
Жұрт қатарлы өмір сүрдік.

Ел ауызында болған қала,
Елсіз, сусыз еді дала.
Жаңа ауылды жарақтадық,
Атандырып «Жаңақала».

Болған ауыл жырға мекен,
Басымды иіп құрмет етем.
Елу жылға толған тойың,
Құтты болсын, құтты мекен!

Алматы қаласы 2013 жыл

Сағыныш

Жаздым бір хат «Жаңақала» еліне,
Сәлем бердім есігінен төріне.
Құм суырған желі қатты болса да,
Жетпейді екен өзің жүрген жеріңе.

Білінбеуші ед қысқы суық желің де,
Не жетеді туып өскен жеріңе.
Сағынасың думандатқан күндерді,
Сағыныш қой асқар-асу белің де.

Барлық ақын туған жерін жырлаған,
Уақыт па жастық шақты ұрлаған?
Бірде толып, бірде ортайып теңіздей,
Бұл өмірің бір қалыпта тұрмаған.

Аман болсын үлкен кіші шалдарың,
Аман болсын жас өспірім балдарың.
Елден жырақ жүргеннен соң сағынып,
Сағынышты сәлемімді арнадым.

Ақ шағыл, құм суырған жоталарым,
Қош-аман елім, жұртым, топырағым.
Ертелі-кеш елді ойлап, өткен күнді,
Әрқашан тілектес боп отырамын.

2016 жыл

Ауылдағы келін алған кісілерге

Өлең – жырдың кені едің,
Жаңақалам елім менің.
Өткен жастық өмірлерім,
Құтты болсын келіндерің.
Шақырсаңдар той болат деп,
Мен баруға ерінбедім.
Теңін тауып балаларың,
Ақтасын ел сенімдерін.
Ата-ананы силаудан да,
Әрқашанда ерінбегін.
Сонда ғана атанады,
Өз ісіне жегін келін.
Бақыт қонып бастарыңа,
Ұзақ болсын өмірлерің.

Әке сыры

Ештай Ділманбетов ағаға

Шопан аға қайтты үлкен жиыннан,
Делегат боп барып осы ұйымнан.
Еңбек жолын айтты өзі мінбеде,
Сыйлығын да алды қолға бұйырған.

Отыз жылдай болды қойды баққалы,
Түн ұйқысын неше бөліп жатпады.
Бір отардан он отарды өргізіп,
Абыроймен ел сенімін ақтады.

Өмір заңы, өтер өмір алмасып,
Ұрпағы да келеді өсіп жалғасып.
Ақ таяғын Съезбекке ұстатып,
Бел шешеді: «Кәне, ұлым, алға шық!».

«Ұлдарымның кенжесі едің, құлыным,
Еркелеттім ер жеткенше тұлымың.
Маңдай терді мақтанышқа балайтын,
Баласымын қазақ деген Ұлының.

Әр таңы оның арайланып ататын,
Күні де оны қимай-қимай бататын.
Құт-берекем – шекпенімді ұсындым,
Күн келді деп төрде ғана жататын».

Шопандарға

Ауылым Қызылқұмның қиясында,
Түлігі өсіп-өнген саясында.
Таза ауа, шөбі шүйгін жазиралы,
Көргенде қызығына тоясың ба?

Бұрынғы шөл дала еді жан баспаған,
Құпия сырларын да жанға ашпаған.
Көз салып сол өңірге қарай қалсаң,
Қалмапты ешбір жері мал баспаған.

Қой жайып кең алқапты аралайды,
Ыстық пен суыққа да қарамайды.
Болмаса қозысы егіз, қойы семіз.
Бойына ішкен асы тарамайды.

Орындап Отанына берген сертін,
Байыппен алшысынан киген бөркін.
Қызылдың қой өсірген қырандары,
Керемет келтіргендей елдің көркін.

КӨШЕНЕЙ

Қатарынан арда туған бауырым,
Сүйегі асыл, бауырым-ау, тәуірім.
Қылшылдаған жиырма жеті жасыңда,
Жұлдызынан айырылды ғой ауылың.

Жана беріп, жана беріп сөндің бе?
Пана болар дейсің қалқам, көр кімге?!
Дария едің өрге қарай ұмтылған,
Көзден аққан үмітімді көрдің бе?!

Өнер қонған, өлең қонған ұл едің,
Су сепкендей басылды ғой жүрегім.
Сұм-жалғанға иіп әкеп сиғыздық,
Жыры жарқын Кетелердің тілегін.



Жақсылық Смайылов

1948 жылы Тұрмағамбет ауылында (бұрынғы Каганович колхозы 10 ауыл) дүниеге келген. 1964 жылы Ленин совхозындағы №29 Ворошилов атындағы мектептің 8 класын бітіріп, сол жылы Шымкент қаласындағы «Кооператив техникумының» «Бухгалтерлік есеп» бөліміне оқуға түскен. Бұл оқу орнын 1967 жылы бітіріп, еңбек жолын сол жылы Ленин совхозы жұмысшылар кооперациясында бухгалтер болудан бастаған. 1971 жылы «Жаңақала» совхозына қоныс аударып, мамандығы бойынша қызметке орналасты. Бұдан кейінгі жылдары түрлі салаларда мамандығы бойынша қызмет атқарып, 2012 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты. Қазір Қызылорда қаласында тұрады.

Мен бүгін жетпіс бестемін!

Артқа тастап жаз бен өмір көктемін,
Тарих боп қайталанбас өткенім.
Жеттім күзге , жемісім мол жинаған,
Биіктедім, бүгін жетпіс бестемін.

"Алла" сөзі серік болып өзіммен,
"Шүкірді" де қосып қоям төзіммен.
Саралауға жетер ме екен уақыт,
Жүріп өткен жолдарымды тізілген.

Қайталанбас өтті күндер ең қызық,
Жүрмесек те қалың елді таң қылып.
Бар бақытым Прозадан басталған,
Жиырма жаста "бойдақтықты" қалдырып.

Елу бес жыл өтті содан зымырап,
Көтергелі отау құрып шаңырақ.
Бір сүрлеумен жүріп келе жатырмыз,
Көрген емес ыдыс- аяқ сылдырап.

Орны бөлек ата- ананың, әрине,
Кем қылмаған, беріп бізге тәрбие.
Көріп кетті немеренің нешеуін,
Кезек қонып балдарының үйіне.

Өте "ауыр" тарихы әкемнің,
Күнін кешкен кездері бар жетімнің.
Жас шағына тура келіп сұм соғыс,
Одан аман келет деген оны кім.

Жетім өскен інісімен шешем де,
Ес білгенмен аналары өлгенде.
Нағашы атам Ешнияз мейрімді ед,
Құшақтайтын бізді үйге келгенде.

Өтті бәрі дүниеден бірі жоқ,
Қалдық, бірақ, тірісінде жігіт боп.
Шықпасам да ойларынан көздеген,
Ырза болып өткен шығар, көңілі тоқ.

Осылардан өрбіген біз ұрпақ ек ,
Жеті атадан үзілмеген таза тек.
Алды жігіт немеремнің, білімді,
Алыс емес түсетін күн келіншек.

Міне, осылай өсіп-өнген жайым бар,
Кеттім өтіп уақыттан сыналар.
Деніміз сау, Прозам бар жанымда,
Ең бастысы бізге керек осылар.

09. 11. 2023.

**Аяулы жар, асыл ана, ардақты әже, 55 жыл өтілі бар жұбайым әрі класстасым
Дайрабай келіні Перузаның туған күніне арнаймын.**

Қарсы алып бірге отырмыз -- қасыңдамын,
Оныншы жұлдызында Тамыз таңын.
Еріксіз ойға оралып өткендерім,
Ең алғаш өзіңменен қосылғаным.

Бәрі де басталғандай сол партадан,
Жұп етіп ағай бізді отырғызған.
Жаратқан әлде солай жазды ма екен,
Өмірге жасасын деп бірге қадам.

Келеміз содан бері жұп жазылмай,
Өткеріп сан жылдарды бастан талай.
Он тоғыз, жиырмадағы бозбала едік,
Таңданам, отау құрдық біздер қалай.

Осылай басталып ед жұптық өмір,
Бір кезде жігіт-қыз боп бөліскен сыр.
Заман ед мажырасын, уайым жоқ,
Өткізген ертегідей күндер небір.

Алғашқы келінісің бір әулеттің,
Бойыңда мол қоры бар қасиеттің.
"Пру" деп атап кетті әжем марқұм,
Есімін жаңа түскен келіншектің.

Осылай өтті әжем "Пру" деумен,
Жағымсыз сөзден қорғап саған төнген.
Енеңнің кейбір сәтін тоқтататын,
Кезі жоқ тура сөйлеп "келін" деген.

Бәрі де қалды күндер еңшісінде,
Басынан өткеретін барлық пенде.
Шүкір дегін, Прозам, шүкір дегін,
Жұпты жазбай бұл күнге жеткеніңе.

Ұттық па бұл "жалғаннан", ұтылдық па,
Әйтеуір, өтті өмір тоқшылықта.
Келеміз елу бес жыл бірге жасап,
Ешкім де шығаралмас оны жоққа.

Қондырдық ұлды ұяға отау етіп,
Үй болды екеуі де жасы жетіп.
Келіндер -- Айткүл, Нұргүл егіз жандай,
Үлкенін "апа" дейді құрмет тұтып.

Қыздарың -- Ғазиза мен Айгүлің бар,
Олар да үй боп кеткен тауып сыңар.
Бәрінен жиендер бар -- ұрпақтарың,
Әжем деп сені әрқашан мақтан тұтар.

Ер жетті немере мен жиендер де,
Аралас қатар өсіп бәрі бірге.
Теміржол, медицина, заң саласын,
Бітірді үшеуі оқып "Универ -де".

Тахонтай болды айрықша жастайынан,
Байқалып қабілеті алға ұмтылған.
Білімге арта түсті құштарлығы,
Бойдағы талантынан болмай күмән.

Төртінші курсқа өтті, өте зерек,
Тек, онда мақсат біреу -- оқу керек.
Меңгеріп қалды шетел тілдерін де
Қосымша сабақтан тыс оқып бөлек.

Айгүлдің Ансалы да өте алғыр,
"Қорқытқа" өз күшімен түсті былтыр.
Өзіңмен сәйкесетін тұстары көп,
Күмән жоқ, келтірмейді атыңа кір.

Нүркән жүр топқа түсіп дүркіретіп,
Спортты бала шақтан кәсіп етіп.
Шарлады біраз жерін Азияның,
Қуанып әкесі жүр үміт күтіп.

Мектепте Әлішер мен Алиналар,
Олар да талантты үмітім бар.
Жарасар тектілік деп түйіндесем,
Оқыған ата-әжеден беріп хабар.

Осының бәрі сенің шын өмірің,
Өз көзіңмен отырған көріп бүгін.
Өмірдің мағынасы осы болар,
Жеткенің аман-есен баурың бүтін.

Құдамыз құдай қосқан рулы елмен,
Іргелі әулеттермен өсіп--өнген.
Ертерек кетті, әттең, құдаларым,
Таусылып татар дәмі мына өмірден.

Шүкір ғой, жалғап өмір ұрпақтары,
Ұй болып отыр қазір ұл-қыздары.
Солармен іргелі елміз өрісі кең,
Прозам, сенің арқаң мұның бәрі.

Әулеттің сыйлысысың анасындай,
Қалпыңды сақтап жүрген аласармай.
Бірліктің тұтқасысың -- темірқазық,
Жұмғанда жұдырық боп алақандай.

Құттықтап жылда ұмытпай "Дәу мамалап",
Әулет боп жиналады басын құрап.
Сыйлайды қайныларың "шешесіндей",

Тұрады жиі келіп халың сұрап.

Қызысың текті жердің -- әкең Хамит,
Теңіздей терең болып кешкен мұхит.
Жасынан жыр жазғанмен қалам ұстап,
Өте ерте үзіліпті үкілі үміт.

Бар еді "тау тұлғалы" ағаларың,
Білемін, бір ұяда өстің бәрің.
Кем қылмай өсірді анаң қатарынан,
Жанынан артық көріп намыс-- арын.

Намысшыл, еңбекқор ед анаң марқұм,
Білмейтін мұңаюды жүзі жарқын.
Еліне сыйлы болды -- "Бес Текейге",
Келін боп өтті өмірден бұзбай қалпын.

Қыз едің Сен туылған ар-намыстан,
Қаланған өн бойыңда бала жастан.
Айрықша көрінуші ең қатарыңнан,
Ішінен қалың қыздың араласқан.

Құстайсың ақ көгершін қанатың бар,
Үлбіреп ақ мақтадан жаратылған
Ешкімге ұқсамаған "мақпал" мінез,
Мен үшін әрқашанда дара тұлғаң.

Сыйлысың "үш жұртыма" мен білетін,
Ешкімнің қайтармадың жел боп бетін.
Ренжіп бір адамға "сен" демедің,
Жібермей ондай іске қасиетің.

Осылай өріледі өмір жолың,
Жылдарың қалып артта өткен бұрын.
Прозам, мен осыған шүкір деймін,
Бәрінен қымбат маған денсаулығың.

Қабыл ал жазғанымды күніңе арнап,
Еске алып өткеніңді оймен шарлап.
Түгелдеп тізіп шығу мүмкін емес,
Жылдарды қас қағымдай өткен зырлап.

Доғардым осы жерден созбадым көп,
Жасыңа жеткен бүгін тартуым деп.
Ауырма, денсаулығың болсын мықты,
Өрқашан "жаратушым" жүрсін жебеп.

Дос өмірінен бір үзік сыр

Көп болды атыңды атап жазбағалы,
Мекендеп қалған , досым, Астананы.
Асығам кейде ойлап өмір жайлы,

Үлгірмей қалам ба деп одан әрі.
Жүруші ек бәрі алда "көретін"- деп,
Жас санап, өмір жайлы ойламай көп.
Әйтеуір, уайымсыз өтті жастық,
Үзілмей хабарымыз қайда жүрсек.

Бітірді отыз бала орта мектеп,
Көбісі құлап қалмай, жар жиектеп.
Тұлпарды танығандай құлынынан,
Ішінен шықты үздік азғана топ.

Айрықша өзің едің топ бастаған,
Аттанып Алматыға қалмай жолдан.
Көздеген оқуыңа түстің барып,
Жігіттің өзі болып жолы болған.

Баурында Алатаудың самсап тұрған,
Кезі еді сәнді құрлыс қарқын алған.
Атағы әсем қала Алматының,
Жайылып шартарапқа мәлім болған.

Бақытын сонда тапқан іздегендер,
Жоғалып бойындағы "мұң менен шер".
Аспанын тербеп тұрған ән менен күй,
Құлпырып масатыдай жататын жер.

Қоймайды әсер етпей кім-кімге де,
Туғалы таудан алыс өссе де елде.
Болады жан-дүниенің тірілгендей,
Жүргесін тау самалын жұтып күнде.

Бітірдің бес жыл оқып "малдәрігерлік"
Өзіңе мамандықты таңдап жүріп.
Тұратын хат алысып, уәде еткен,
Үйлендің Жанатыңа елге келіп.

Кезі еді қызметке енді алынған,
Бітіріп "бухгалтерлік" Қазалыдан.
Осылай болып еді жолың, достым,
Қосылып сүйгеніңе Сен таңдаған.

Жанат та бөтен емес "Кете" елінен,
Қоныстас болған ру ілгеріден.
"Асаннан" "Қарабазар"-- "Қарпық" туып,
Тараған аталарың екеуінен.

Өткіздің тойыңды елде ойдағыдай,
Қатысып алыс-жақын бірі қалмай.
Тұрақтап ауылда ұзақ бола алмадың,
Аттандың Алматыға бір ай болмай.

Кеттіңдер тек, екеуің қол ұстасып,
"Аққудай" самғап ұшқан қырдан асып.

Осылай басталып ед "жаңа өмірің",
Еліңді сүйсіндірген қадам басып.

Беріп ед ақ батасын Дәржан шешем,
Жүрегін қол жайғанның елжіреткен.
Үш жұртың қатысып ед түгел сонда,
Сапарға аттандырып зор үмітпен.

Өтсе де жастық дәурен көрген түстей,
Зулаған көшіне жыл ілестірмей.
Сан жылдар сақталыпты осы көрніс,
Санамда сол қалпында өшірілмей.

Жолдауды жөн санадым ойыма алып,
Өткен шақ жүрмесін деп ұмыт қалып.
Жаңғыртып жастығыңды салдым еске,
Қысқаша осылай деп хатқа жазып.

Күрделі тарихың бар жазатындай,
Өткізген қилы күндер бір адамдай.
Әзірге бастап жаздым осылай деп,
Ойда бар жалғастыру әрі қарай.

Жазудан мен аулақпын әсірелеп,
Қолданып "көбік" сөзді көтермелеп.
Куәмін өміріңе сырттай қанық,
Болғасын әрқашанда орның бөлек.

Немерем Нұрислам Жасұлан ұлының Европа сапары алдында Астана қаласында үлкен дайындықтан өтіп жатқан Спорт сарайынан жолдаған бейне жазбасын көріп оң сапар болсын, Алмания (Германия) елінен аман-есен жеңіспен орал деген тілекпен жазылған арнау -- Хат.

Аттандың ұзақ сапар алда тұр деп,
Әуелі Астанаға табан тіреп.
Көрсен де бұған дейін шетел асып,
Бұл сапар Европаға тұңғыш рет.

Нәтижең қуантарлық сапар сайын,
Болғасын сенімің мол, өзің дайын.
Айқастың бірнеше ұлттың өкілімен,
"Мен"-- деген сақалдымен жуан мойын.

Қобалжу енді сенде болмау керек,
Сескенбей өз қалпында соғып жүрек.
Ол анық бәрі сендей спортшылар,
Болғанмен түрі басқа, ұлты бөлек.

Аяма өзіңді-өзің теріңді төк,
Қару қыл намысыңды, жүрме тежеп.
Құқың жоқ енді, балам, шегінуге,
Ісі бұл нар жігіттің қайтпас өжет.

Бұл сапар бұрынғыдан өзгешерек,
Баратын жарты әлемнен жуан білек.
Атынан Қазақстан шығасындар,
Сол үшін іріктелген нағыз керек.

Сатылап жеттің балам, бұл биікке,
Айқасып сан алуан жекпе-жекте.
Әкең ед Сені жастан көре біліп,
Жол салған осы спортқа баулып төте.

Кешікпей келді кеше бейне жазбаң,
Жаттығу өтіп жатқан спорт залдан.
Ойнақты салып жүрсің боз кілемде,
Көлемі көлдей жерді алып жатқан.

Жатырсың біреулерді лақтырып,
Жармасып жатыр ол да қайта тұрып.
Дайындық жақсы жүріп жатса керек,
Бос жүрген асаудайсың тимей құрық.

Қимылың өте ширақ, қиналыс жоқ,
Майыспай тіке жүрсің көңілді боп.
Мәз болып жатыр әжең жүрісіңе,
Жазбадан көріп кеше көңілі тоқ.

Күндерің алда, балам, көрінетін,
Шыңдалып шар болаттай шынығатын.
Тақтайдай тегіс емес күрес жолы,
Мұнайма кезі болса сүрінетін.

Спортта жеңілу мен жеңіс егіз,
Болғанмен боз кілемнің үсті тегіс.
Өзінді сабырлыққа шақыра біл,
Мінезі қарсыластың болса теріс.

Аз емес жетістігің жасыңа сай,
Қатысып додаларға көрдің талай.
Айныма бағытыңнан осы ұстаған,
Апарар үлкен жолға адастырмай.

Сенемін әке үмітін ақтайды деп,
Өзінді сүріндірмей жүрген демеп.
Ел болып күтеді енді нәтиженді,
Жарыста алда тұрған жеңіс тілеп.

Арсеннің туған күніне

Арсенім, құтты болсын туған күнің
Есігін ашқан алғаш дүниенің.
Келдің Сен Әз-көктеммен гүлге оранып,
Құлпыртып түске бояп жер әлемін.

Жас едім елу жасты енді еңсерген,
Алпысқа аяқ басып асқан белден.
Сондағы немерем ең, атыңды өзiм,
Өзгеше бұл Арсени болсын деген.

Сүйкiмдi сәби болдың таң қалардай,
Көздерiң мөлдіреген, жазық маңдай.
Өстiң Сен сұңғақ бойлы жiгiт болып,
Өтпейтiн қасыңнан қыз бiр қарамай.

Түледiң Сырда туып, негiз алып,
Есейдiң еңсе тiктеп, бүршiк жарып.
Қонысын өзгерттi әкең таңдап жүрiп,
Тоқтады тау етегi Талғар барып.

Алатау түстiк бетiн түр еңсерiп,
Ақ жота шыңдарымен түр көрсетiп..
Үйлесiп кеттiң бiрден табиғатпен,
Жұпарын жұтып таза , көңiлiң өсiп.

Талабың қуантады шығып ойдан,
Арсен боп өстiң, балам, бiз ойлаған.
Тербеген шағың қазiр ой толқыны,
Өзендей асып тұрған арнасынан.

Күн жақын оқуды да бiтiретiн,,
"Диплом" құтты болсын дегiзетiн.
Iстерсiң қызмет те маман болып,
Қақтырып есiгiңдi кiргiзетiн.

Бiлемiн ойың таза, жаның мөлдiр,
Жасыңнан тәрбие алған жолатпай кiр.
Жол салып келедi әкең бағдар шамдай,
Ендi, Сен адаспайсың сонымен жүр.

Деп атаң осы жерден iркiледi,
Өрнектеп өлең сөзбен туған күндi.
Әжең де отыр Сенiң тiлегiңде,
Көрсем деп Арсенимнен шөберенi.

Лайым сол күндердi жақын етсiн,
Әжеңнiң қабыл етiп ақ ниетiн.
Күнiңе ата-әжеңнiң сыйы деп бiл,
Жылына сағындырып бiр келетiн.

Бiрге өскен қатар-құрбыларым, өздерiң жайлы ТОЛҒАНЫС

Бәрiмiз бiр ауылда қатар өстiк,
Ауылдың үлкенiнен "тежеу" естiп.

Көшеде жүрмейтін ек бей уақыт,
Өз басым дей алмаймын төбелестік.

Үлкенді "көке" дедік сақалы бар,
Алдынан кесе өтпедік жүріп қатар.
Әжелер айтпай танып түр--тұлғаңнан,
Әкеңді сипаттайтын беріп хабар.

Көрініп ойнамадық көзге түсіп,
Көбіне жүрдік үйге көмектесіп.
Бей әдеп "боқтық" сөзден аулақ едік,
Кейде ашумен қалсақта ерегісіп.

Сыртынан көріп қалсақ мұғалімді,
Табалмай қалатын ек кірер інді.
Аумағы алақандай ауыл іші,
Жасыратын жер де жоқ көлеңкеңді.

Баратын орын да жоқ бүгінгідей,
Кесек там айналаңда бәрі бірдей.
"Клуб"- та пайда болды кейінірек,
Сонда біз қалай өстік дым да көрмей.

Тек қана, ойымызда болды мектеп,
Әйтеуір, сырты бүтін қойған әктеп.
Қарасын көргеннен-ақ көңіл тасып,
Тәртіпке көнетін ек бойды тіктеп.

Кітапты аз оқыдық дей алмаймын,
Жұмсадық оқу үшін көздің майын.
Жарыса оқитындар болды анық,
Айтушы еді мақтанышпен көрген сайын.

Айтарым адамдарға кінә қойған,
Қателік іздемесін біздің бойдан.
Ең таза ұрпағымыз жер бетінің,
Күткен тек, несібесін бір «Құдайдан».

Сендерді сондықтан мен мақтан етем,
Санаулы құрбыларым өмір көрген.
Осылай жазғым келді, біліп жүрсін,
Кейінгі жеткеншектер ізге ерген.

Ой түрткі

Біраз болды кірдім үлкен қауымға,
"Кемпір-Шал"-- деп аталатын ауылға.
Бұрынғыдай еркіндік жоқ ел екен,
Жүретін жер "скоч" таңып аузыңа.

Өз-өзіңмен іштей ғана ой түйіп,
Отырасың төрге барып томпыып.

Айналаңда толған жастар аралас,
Теңселгендер төбе шашы ұрпиып.

Келіні жоқ шай келеді алдына,
Екі -- үш пәрнек бөлме толы жалпыға.
"Жылымық су" асылыққа жазбасын,
Ендеп кірді бүгінгінің салтына.

Әйелдер жүр табақ тартып ызғыған,
Сүрінгенде құлап кете жаздаған.
Табақ қойып жатырғанда еңкейіп,
Әбес қылық байқалады аздаған..

Осындайда еске түсіп кетеді,
Жастық шағың ауылда өткен кешегі.
Қымбат киім кимесек те, жүруші ек,
Уайымсыз, толтырып бір көшені.

Болды кездер шектен шығып кететін,
Өр-қырыңды белден басып өтетін.
"Қайт" үйіңе дейтін көрсе жасы үлкен,
Соның өзі ес жыюға жететін.

Заман еді жасы үлкенді сыйлайтын,
Бәрі туыс бірін-- бірі тыңдайтын.
Оғаш қылық жасап қойса біреуі,
Кешіретін, жамандыққа қимайтын.

Ауыл барсаң ашылады сарайың,
Бәрі жекжат құдандалы ағайын.
Бірі бөле, бірі жиен, нағашы,
Қоршап алған түбі бірлер маңайын.

Елде бұрын қалыптасқан салт бар ед,
Әйел-еркек орнын білген керемет.
Еңшілейтін ошақ басын келіндер,
Олар үшін жазылмаған ереже ед.

Табақ ал деп шақыратын келінді,
Төрде отырған ақсақалдар келімді.
Орамалды түзеп бар деп жататын,
Көрсетпе деп денеңде ашық жеріңді.

Сол келіндер әже болды бүгінде,
Салт--дәстүрдің негізі бар тегінде.
Бірдей емес дәстүр қазір дүбара,
Тек, сақталған Қармақшының елінде.

Түйткілдер ед сақтап жүрген шығармай,
Ақырында болады деп бұл қалай.
Күні туып, бүгін салдым ортаңа,
Бұдан әрі үндемеуге шыдамай.

Баратын ед тойға шалдар жиылып,
Тап-таза боп, үйде барын киініп.
Сақал--мұрты жарқыраған күмістей,
Қолда таяқ, белдері сәл бүгілген.

Тойхана жақ жататын ед түтіндеп,
Қазан басы шала піскен бауыр жеп.
Самаурындар тұратын ед тізіліп,
Безілдеген екі иығы бүлкілдеп.

Осы көрніс көз алдымнан кетпейді,
Сарайларда қонақ етіп күт мейлі.
Дүниенің төрт бұрышын арала,
Бірақ, менің ауылыма жетпейді.

Елге барып басылады құмары,
Ол киелі Бабалардың тұрағы.
Мүмкін емес туған жерді ойламау,
Ол жақта тек, бақыттылар тұрады.

2-бөлім

*Тебіреніп
жүрекең,
Туған жерді
жыр еткен*



Мұратбек Жиенбаев

1954 жылы туған. 1971 жылы «Жаңақала» ауылындағы №185 мектепті бітірген. Әуесқой сазгер. Әндерінің сөзін өзі жазған. Көбіне достарына арнау тілектер жазумен қатар әзіл өлеңдер де жазады. Халық арасына тарап, ел ішінде айтылып жүрген: «Құтты болсын досым туған күн», «Тойға тілек», «Бейтаныс қарындасқа», «Алтынай», «Құстар әні», «Тыңда мені адамдар» сияқты әндердің авторы. «Тойға тілек» әнін телевидениеде белгілі әншілер орындап жүр. 2017 жылы зейнеткерлік демалысқа шығып, қазір «Жаңақала» ауылында тұрады.

Тойға тілек

(Әні бар)

Көзге еленбей,
Тасқын өзендей,
Уақыт шіркін алға асықты.
Кешегі бала,
Міне тұр қара,
Жаңа өмірге қадам басыпты.

Ғашық жандарға,
Алыс жолдарда,
Таусылмайтын бақыт тілейік!
Ата-анаңа,
Өскен ортаңа,
Ел-халқыңа адал бол дейік.

Қайырмасы:

Ей жарандар,
Қол сғыңдар,
Жаңа өмірге сәуле шашылды.
Ел болыңдар,
Қол соғыңдар,
Жаңа отаудың есігі ашылды.

Үнсіз ұғысып,
Жұптаса ұшып,
Ақ отауға келіп қоныңдар.
Қанатың талмай,
Қияға самғай,
Бір-біріңе серік болыңдар.

Достың жүрегін,
Ана тілегін,
Әрқашанда ақтай біліңдер.
Араларыңда,
Адал махббат,
Аялаңдар, сақтай біліңдер.

Қайырмасы:

Құстар әні

(Әні бар)

Құстар әнін төгіп өткен кезде мен,
Танысып ем жүзі жарқын қызбенен.
Содан бері айлар өтті аңсаймын,
Хабар күтіп құс жолынан күнде мен.

Қайырмасы:

Амал қанша тағдыр бірге жазбаса,
Кеудемдегі сөнген отым жанбаса.
Амал қанша мен талпынған махаббат,
Көкжиектен сағым болып алдаса.

Жүрмін жалғыз сыр шертіскен белесте,
Қиял қуып түсіремін сені еске.
Қайда менің махаббатым жырлаған,
Жүрегімді жаралады емес пе?!

Қайырмасы:

ҚҰТТЫ БОЛСЫН ДОСЫМ ТУҒАН КҮН (Әні бар)

Құтты болсын досым туған күн,
Жиырма бірге жасың толған күн.
Сағат сайын баласына,
Мың толғанған анасына,
Қуаныштың оты жанған күн.

Төрлетіндер достар келіңдер,
Қуаныштың сәтін көріңдер.
Би билеңдер жалықпаңдар,
Ән шырқаңдар қалықтаңдар,
Дос жүрегін жырға көміңдер.

Қаракөздер карап қалмаңдар,
Ұялғансып азаптанбаңдар.
Қуанышпен шаттық үшін,
Махаббат пен достық үшін,
Дастарханнан шарап таңдаңдар.

Жеңшесі мұның жарамас,
Қарап тұрма сенде аралас.
Бұл қуаныш саған да ортақ,
Бұл қуаныш маған да ортақ,
Қуаныштан ешкім қала алмас.

Ал жігіттер биге келіңдер,
Бақтарыңды сынап көріңдер.
Бойдақ болсаң қыз іздеген,
Қаракөз көп күлімдеген,
Алтын сөздің бәрін төгіңдер.



Қожабай Ештаев

1954 жылы Қармақшы ауданы Дауылкөл ауылдық Кеңесіне қарасты аймақта дүниеге келген. 1966 жылы мал шаруашылығына байланысты №1 ферманың құрамында жаңадан құрылған «Жаңақала» совхозына қоныс аударған. Кейін №3 фермаға ауысып, еңбек жолын көмекші шопан болудан бастады. Көп жылдар бойы фермада жүргізуші, 1987 жылдан 1995 жылға дейін аға шопан болды. 2017 жылы зейнеткерлік демалысқа шығып, қазір Қызылорда қаласында тұрады.

ТУҒАН ЖЕР

Жер жаннат, туған жерім – Сырдың елі,
Көк орай, белден жусан қыр мен белі.
Отыз мың қой жайылған қойнауында,
Ғаламның жерұйығы – Кекірелі.

Сол елде отыз жылдай еңбек еттім,
Тер төгіп талай биік шыңға жеттім.
Куәсі жалындаған жастық шақтың,
Япырмай, көзім қиып, қалай кеттім.

Қой бағып, қиындықпен өтті күндер,
Түнекте мал күзеткен айлы түндер.
Жоспардан артығымен төл де бердік,
Жабағы, тау-тау болып күзем жүндер.

Ер салып, жорға болар – сай түлікке,
Арман-ай, шаптық талай сәйгүлікке.
Өскен жер, жүрегімде бүлкілдейсің,
Қаласың жадымызда мәңгілікке.

НАҒАШЫМА

(Жақыпбек Жолшараевқа)

Білу парыз әркім шыққан сағасын,
Пірімдейсің шынымды айтсам нағашым.
Құтты болсын бүгінгі алтын тойыңыз,
Елу жылдай бірге болған жарасым.

Бола қоймас бұл сөзіме таласың,
Өткен күнге өкпеңіз жоқ, бәрі асыл.
Ұл өсірдің, қыз өсірдің ибалы,
Шаңырағың жайқалады қарашы.

Сіз асқар тау, біз жай ғана төбеміз,
Сіз садақсыз, біз садаққа жебеміз.
Атыл десең атыламыз ура деп,
Соңыңыздан түмен болып келеміз.

Бір-бір үйдің шылбырына егеміз,
Сіз бар жерде тауға жетер төбеміз.
Не десең де, о десең де құба-құп,
Тіршілікке тіреу болар кемеміз.

Өзіңізге айта қояр өтініш,
Жамбыл жасы, бір ғасырға жетіңіз.
Ұлысыңның ұйтқысына айналып,
Бұл фәниден армансыз боп өтіңіз.



Рахман Нұрғалиев (1954-2016)

1954 жылы Қармақшы ауданы қазіргі Алдашбай ахун ауылында дүниеге келген. №185 орта мектепті 1972 жылы бітірген. 1976 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақтың Мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетін бітіріп шықты. Алғашқы еңбек жолын 1976 жылы №185 орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі болып бастап, 1979 жылы осы мектепте тәрбие ісі жөніндегі орынбасар қызметіне көтерілді. 1979-1983 жылдары Ленин атындағы совхоздағы №29 мектепте оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1983 жылы «Жаңақала» ауылындағы №185 мектептің директоры қызметіне тағайындалды. Бұл қызметті 2001 жылға дейін 18 жыл бойы аброймен атқарды. 2001-2007 жылдары Т.Көмекбаев ауылдық округінің әкімі, 2007-2012 жылдары «Қуаңдария» ауылдық округінің әкімі қызметтерінде болды. 2012-2013 жылдары №185 орта мектептің директоры болды. Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің үздігі» атағымен марапатталған.

Құттықтау

Рүстем Ахметовтің 70 жасқа толуына орай

Рүстеке құтты болсың жетпісіңіз,
Әлі де жігіттейсіз көп күшіңіз.
Өмірде бір кісідей үлес қостың,
Белгілі еңбегіңіз, көпке ісіңіз.

Көненің көзін көрген ескі ісіңіз,
Десек те кемел жаста бесті ісіңіз.
Асулар алдыңызда әлі де бар,
Токсанның төбесінен дөп түсіңіз.

Таусылмас бабыңызда бар жақсылық,
Ақтаған тың көтеріп алғашқы үміт.
Қызылдың қиясына бастап бардың,
Жасаумен ел-халыққа жол басшылық.

Келесіз жаңалықты жолдас қылып,
Біз жүрміз сол бір жолды жалғастырып.
Бірегей елге еткен еңбегіңіз,
Тұтады сізді мақтан қармақшылық.

Сіз алғаш мекен еткен «Кекірелі»,
Жол сілтер жақсылықа көпір еді.
Даладан қала болған «Жаңақала»,
Сізді іздеп әлі күнге өкінеді.

Жетпіс шақ қарттық емес, бесік өзі,
Өмір жас ерте, кейде кешігеді.
Сіз-дағы кешігіңіз жүзге жетіп,
Алланың берген жасы кесіп өзі.

Өмірдің айыра бер тортасында,
Денің сау жеңгеміздің бол қасында.
Отбасы аман болсын деп тілейміз,
Жүре бер ел-халықтың ортасында.

Көңіл күйі

Сәулем менің көкіректі кернедің,
Кеудемдегі жүрегімді тербедің.
Қасымдағы арманым жете алмай,
Жабырқаулы, ренжіулі жүргенім.

Қарап тұрам жәй басып сен барасың,
Ренжіп сен, жабық кетті-ау қабағың.
Арманым боп алыс қалсаң сен егер,
Жанып сөнген күл болып мен қалармын.

Тұрып едің қос жанарың дірілдеп,
Жүрегімде талай сырлар жүзіп ед.
Айтайын деп батылданып барсам да,
Көкіректе бір себеп боп жүріп ед.

Алыстан хат

О, досым көптен, сені аңсадым ба?
Хатыңды оқи бердім, тамсандым да.
Алыстан арманымдай елестейсің,
Сыр шертіп отырғандай қарсы алдымда.

Назыңды айтшы жаным жүректегі,
Көңілім кетер менің түлеп тегі.
Сұрасаң саулығымды сағынышпен,
Ол дағы жүрегіме гүл еккенің.



АЛМАСБЕК АЛМАТОВ

Алматов Алмасбек Нұрмаханұлы, профессор, жырау, педагог, өнертанушы. 13.02.1956 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданы, Қорқыт станциясында теміржолшы отбасында дүниеге келді. "Жаңақала" с/з, №185 орта мектептің 1973 жылғы түлегі. Еңбек жолын өз ауылында

жұмысшы болып бастады. 1974-76 ж, әскери қызметін өтеді. 1977ж, "Қарақ" метеостанциясының агротехник қызметін атқарды.

1978-1982 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының Музыка-педагогика факультетінде оқып, "Сыр сұлуы" халық ән-би ансамблінің құрамында өнер саханасына шықты. 1982-1987 жылдары Қызылорда Облыстық кәсіптік білім беру мәдениет басқармасы мен Облыстық халық шығармашылығы орталығында жетекші маман қызыметін атқарып, 1987-1988 жылдары Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының ғылыми ізденушісі болып қабылданды. 1988-1990 жылдары Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының «Халық әні» кафедрасын ұйымдастырушылардың бірі және алғашқы меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1990 – 2011ж. қазан айына дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасын ұйымдастырушы және алғашқы меңгерушісі болып қызмет атқарды. 2011 жылдың қазан айынан Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, Қорқыт атындағы өнер зерттеу институтының директоры, 2012 жылдан Қазақ ұлттық өнер университетінің «Дәстүрлі ән» кафедрасының профессоры қызметінде.

- 1994-1998 жылдары Қызылорда облыстық маслихат депутаты.

- 1998 жылы А.Н.Алматовтың жетекші, авторлығымен 0621-«Дәстүрлі өнер-жыр» мамандығы бойынша негізгі жоғары білім беру мемлекеттік стандарты, оқу жоспары, онын толық оқу – әдістемелік кешені жасалды. Ол Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет, денсаулық, спорт министрлігінің 08.05.1998 жылғы № 115 бұйрығымен бекітіліп, жоғарғы оқу орнындағы арнаулы мамандық есебінде классификаторға енгізілді. Осы мамандық бойынша 1998-1999 оқу жылына алғашқы студенттер қабылданды. 2001,2002,2004,2006 жылдары 062140 – «Дәстүрлі музыкалық өнер» (түрлері бойынша) Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жетекші авторы.

Жыраулық дәстүрді насихаттау және ғылыми дәлелдеу жолында А.Н Алматов әр кезеңдерде шетелдерге қызметтік іс-сапарларда болды.

Баспадан шыққан еңбектері:

- 2004 ж. М.Байділдаев дайындаған нұсқасы бойынша халық ақыны Т. Ізтілеуұлының (1882-1939) «Шаһнама» дастанының жыр тіліндегі аудармасының екі томдығы (I-II том, 60 б.т.) «Жазушы» баспасынан жарық көрді. (Жауапты шығарушылары: Ә.Асқаров, А.Н.Алматов). Алматы.

- 2007 ж. М.Байділдаев жинаған Т.Ізтілеуұлының төрт томдық (I,II,III,IV том) шығармалар жинағы (60 б.т.) Жауапты шығарушысы: А.Н.Алматов. «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Алматы.

- 2008 ж. «Көрұғлы» (М.Байділдаевтың экспедициялық еңбектері бойынша) 36 жыр мақамдары нотаға түсіріліп, «Музыкалық эпос» топтамасымен (жауапты шығарушылары: А.Н.Алматов. Т.Тоғжан) «Дайк-Пресс» баспасынан (23,66 б.т.) жарыққа шықты. Алматы.

- 2009 ж. Т.Ізтілеуұлының түпнұсқа қолжазбасы негізінде «Шаһнаме» дастаны толық факсимилесімен «Сарыарқа» баспасынан екі том(I-II

том,103 б.т.) көлемінде жарыққа шықты. (жауапты шығарушылары: А.Н.Алматов, И.Жеменей). Астана.

- 2011 ж. Қазақтың батырлық жырлары. Антологиялық күйтабақ. "М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты". РМҚК. "Мақсат-2011" ЖШС. Алматы.

А.Алматов жобаның жұмыс тобында қатысты.

Өзі мына дастандардың тарауларын жырлады: "Едіге", "Қарабек батыр", "Алау батыр", "Қамбар батыр", "Қаблан батыр", "Бөгенбай батыр", "Жидебай батыр" "Мырқы батыр", "Бердіқожа батыр", "Арқалық батыр", "Кенесары", "Иман батыр" дастандарын жырлап, күйтабаққа түсірді. Алматы.

- 2013 ж. Т.Ізтілеуұлының 40 000 жолдық «Шаһнама» дастанын Сыр бойының жыршы, жырауларымен 68 сағат көлемінде жырлап, күйтабаққа түсіріп, «Музыкалық эпос» күйінде халыққа ұсынды. (жоба авторы: А.Н.Алматов. Музыкалық студиялық жазылымы: Р.Тайманов.) Алматы.

- 2014 ж. Т.Жүргеновтың өмірі мен шығармашылығы. М.Байділдаевтың жинақ қоры бойынша (I-томы, 36 б.т.) «Сарыарқа» баспасынан жарыққа шықты. (Жауапты шығарушысы: А.Н.Алматов., Б.Б.Мырзабаев). Астана.

Бұл кітапта Т.Жүргеновтың НКВД тарапынан жүргізілген тергеу құжаттары мен сот үкімінің орындалуына дейінгі хаттамалары алғаш рет, түгел жарияланды.

- 2016ж. "Шыңғыснама" А.Н.Алматов, тарихи-эпопеялық дастанының I томы жарыққа шықты, (Алғы сөзін жазған академик, профессор Қ.Салғара. Жыр көлемі: 15 000 жол). "Сарыарқа" баспасы. 34 б.т, Астана.

- 2016ж. "Жыр керуені" А.Алматов, шығармалар жинағы жарық көрді. (Алғы сөзін жазған "Алаш" сыйлығының лауреаты Ж.Ерман) "Сарыарқа" баспасы, 42 б.т, Астана.

- 2020ж. "Ер Едіге" - ноғайлы дәуірінің жыры, - Алматы, "Қазақ кітабы" баспасы, 2020, - 84 бет. УДК 821 512. 122

ББК 84(5Каз). Музыкалық эпос, антологиялық күйтабағы жарық көрді. Қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі ғылыми түсініктемесімен. (60 сағат, 42 жырау жырлады. "Едіге жыры" тарауын жырлаған А.Алматов, көлемі: 1 сағат). Жобаның авторы және жетекшісі: профессор А.Алматов, ғылыми кеңесшісі: ф.ғ.д Ж.Асанов, музыкалық редакторы: өнертану магистрі К.Түрікпен.

- 2020ж. "Шыңғыснама" дастаны, А.Алматов. YOUTUBE. COM. "Алтын Орданың 750 жылдығына орай, Республиканың жыршы, жырауларының орындауындағы видео онлайн фестиваль (50 орындаушы, 15 сағат жырлады). Қызылорда облыстық филармониясы бастамасымен; Қызылорда, Алматы, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Орал, Маңғыстау облысының орындаушылары қатысты. Жоба жетекшісі: профессор А.Н.Алматов, музыкалық редакторы: Ә.К. Іздікұлова.

Бірнеше оқу-әдістемелік құралдарының авторы.

Отбасылы. Жұбайы Алматыва Мейрамкүл Сағындыққызы музыка маманы, оқытушы. Алла берген бес баланың әкесі. Төрт келін, оншақты немеренің атасы.

БАСТАУ

Ассалаумаалейкум,
Алқалап келген азамат!
Додалы дуға түскенде
Қайыспай шығар қазанат.
Сүреге түскен біз жорға
Жер танабын суырар
Жолға салсаң тағалап.
Сөйле жырау дегенде
Халықтың көңлін қайт қылсақ
Жабысар сырттан жаманат.
Пенде болсаң ізіңде
Саусқандарың еріп жүр
Шықылықтап табалап.
Құдайдың берген дәлеті
Ордалы отыз кезінде
Әр елді көрдік аралап.
Қанағат жанның қорғаны
Ақылдың кәміл толғаны
Ойласаң бектер саралап.
Ақ желең думан қызықты
Талапкер жасқа қалдырып
Қырқаға шықтық жағалап.
Адамдықтың ақ туы
Жалғаннан жөнөп кеткенше
Қолыңда ерлер аманат.
Қаумалап келген ағайын
Кәделі жырдан еншіңді ал -
Сөз зергерін бағалап.
Қырық күншілік шабысқа -
Шаршамайтын біз жүйрік
Сау болсақ халқым саламат!

ЖЫР БАСТАУ

Ассалаумағалейкум -
Алқалап келген азамат!
Додалы дуға түскенде,
Қайыспай шығар қазан ат.
Сүреге түскен біз жорға,

Жер танабын суырап,
Жолға салсаң тағалап.
Ал сөйле, жырау дегенде,
Халықтың көңлін қайт қылсаң,
Жабысар сырттан жаман ат.
Пенде болсаң ізіңде,
Сауысқандарың еріп жүр,
Шықылықтап табалап.
Алланың берген дәулеті
Ордалы отыз кезінде,
Әр елді көрдік аралап.
Қанағат ердің қорғаны,
Ақылдың кәмбіл толғаны,
Ойласаң бектер саралап.
Ақ желең думан қызықты,
Талапкер жасқа қалдырып,
Қырқаға шықтық жағалап.
Адамдықтың ақ туы,
Жалғаннан жөнep кеткенше,
Қолыңда ерлер аманат.
Қаделі жырдан еншіңді ал,
Қаумалап келген ағайын,
Сөз зергерін бағалап.
Қырық күншілік шабысқа,
Шаршамайтын біз жүйрік,
Сау болсақ халқым саламат!

* * *

Я, Алла - өзің жаратқан,
"Бар" менен "жоқтың" егесі!
Иман, таупих, тәубамыз,
Пенденің мінген кемесі.
Ынтымақ, бірлік, береке,
Ел бастар - Ердің кеңесі.
Әділдік - һахтың бұйрығы,
Әркімнің жетпес өресі...
Ақыл мен білім, өнер дүр,
Тірліктің алтын шегесі.
Қанағат - жанның қорғаны,
Ләпсіге тоқтау - төреші.
Тілге тиек қоймаса,
Оқ тимей өлер - егесі.
Ақ найзадай - ақиқат,
Үш қырланған жебесі.

Абырой деген - ақ сауыт,
Сөгілмесін - көбесі!

* * *

Күннің сәні түнімен,
Бұблбұлдың сәні үнімен.
Қызықтырады қыранды,
Алтайы түлкі түгімен.
Топқа түсіп толғаған
Жыраудың сәні тілімен.
Талабы таудай болғанмен,
Ағаның сәні інімен.
Бірлігі болсын туыстың,
Ұйыған майдай күбіден.
Сай келсе сұлу адал жар,
Түскені сақаң бүгінен.
Намыстың жүгі нарға сын,
Өлшенер артқан жүгімен.
Талайлар опа тапқан жоқ,
Жиһаздап жыйған жүгінен.
Отырмыз бізде ой толғап,
Қиялдың шыңырау түбінен.
Көңілім сандық көпшілік,
Қашқан сөз осы,- жігінен.

* * *

Байлыққа бақыт келмейді,
Алтынды белден үйгенмен.
Кейбір жанның көңлі тар,
Бар болып дәурен сүргенмен.
Бастағы дәулет түлкідей,
Көзді алдап сұлу түрленген.
Достыңда баз-бір опа жоқ,
Бетіңе қарап күлгенмен.
Шалағай болса жолдасың,
Болмашы жерде сыр берген.
Жүйелеп сөзді жымдасаң,
Найзадай болып түйрелген.
Дәмді болсын лебің,
Жал-жаядай сүрленген.
Қысылған жерде топ бастар,
Сөзге құмай, сұрмерген.
Бақ біткен сайын жұмсақ бол,
Терідей сүтке иленген.

Ойласпай ерте,- іс қылма,
Қолыңа билік тигенмен.
Қобалжып көңлім торықпа,
Өсек пен нахақ, сүйреңнен.
Күншілдік бірге туысқан,
Белгілі жау-ғой, үйренген.
Шабыстан жүйрік жаңылмас,
Аяқтан шалып ілгенмен.
Дария арам болмайды,
Ит қаншама,- сигенмен!

* * *

Әділдік - қақтың бұйрығы,
Әркімнің жетпес өресі.
Халқы үшін жаны құрбандық,
Ел бастар ердің кеңесі.
Жаманға күнің түскенде
Сөгілер істің көбесі.
Рудан, бұру шығарып,
Көрінер даудың төбесі.
Білгеннің жауы - білмеген,
Таусылмайды егесі.
Олақ адам үй соқса,
Солқылдайды шегесі.
Зердің құны зергерде,
Әр істің бар дүр егесі.
Тәңірі берген пенденің,
Құмға жүзер кемесі.
Заманы келсе тартылар,
Шындықтың алтын жебесі.
Мойымандар жігіттер,-
Бір, Алла болсын - төреші?!

* * *

Атаңа нәлет - сатқындық,
Айналып сені өте алмай,
Ер бойынан - ар өлді.
Халықтың жүгін көтерген,
Омыртқада жігі жоқ
Намыс - деген, нар өлді!?

* * *

Арғымақ тегі жылқы да,
Шамадан артық шабылмас.
Қызыл тілдің - қаласы,

Жақ болмайды жаңылмас.
Ер басына күн туса,
Қайғысы қалың қарындас.
Қан жұтынып қарысып,
Намысқа шабар бауырлас.
Қас нәмәрттің белгісі,
Қысылған жерде қайрылмас...
Мәрт жігіттің,- нояны,
Балтамен шапса айрылмас.
Бауырын үзіп алса да,
Жауда қалса жалынбас.
Ондай ердің тұқымы,
Мыңның бірі табылмас...
Мойымандар жігіттер,
Алмастың жүзі шағылмас.
Алты Алаштың баласы,
Тұрғанда бәрі бауырлас.
Көк Түріктің оғланы,
Қазулы жолдан жаңылмас.
Көк байрақты Қазақтың,
Ұраны шықса дабылдас.
Бейбіт күнде ерлерім,
"Ұран оты",- жағылмас!
Жау хабарын есітсең
Жарақтан да жолға шық,
Отбасың, Ордаң, Отаның,
Қорған бол Қазақ,- қауымдас!

КӨШЕНЕЙГЕ

Самала сырдың саумалдай жұтып ауасын,
Жаныңның емдеп жүрекке дәркәр дауасын,
Сағынсаң достым Сыр бойын аңсап келіп қайт,
Көшеней жырдың кәусарын ішіп қанасын.

Күмбірлеп әсем, көкірегі сарай күй тербеп,
Қоңыраулай соққан Мәскеу мен Сырдың арасын.
Қарттарға аға, қатарға абыз күй кешіп,
Беріп еді Алла, басыңа мұнша жарасым.

Өрмегін қиып, өрнегін жиып өмірдің,
Ұлғайттың аға ұлан даланың жарасын.
Толғағы қысқан дәуірдің ділгәр кезінде,
Ізедік талай тұлғанның «Сүлей» қарасын

.

Сұңқардай даусың саф алтын күйі сақтап тұр,
Киелі жырдың тұмадай тұнық сағасын.
Мәнажат жырым, мұқалмас сырым Көшеке,
Рухың кезіп жүрсе егер Сырдың жағасын.

Үкілі тұлпар - үмітке жалғап арманды,
Сарғайтып сана сағымға сіңіп барасын!?

КӨҢІЛҚОС

Әбіш Кекілбаев ағамызға, баласы Әулет қайтыс болғанда

Ассалаумағалейкум!
Арыстан жал айбатты,
Алашқа сүтін* азамат!
Адамдықтың ақ туы,
Жалғаннан жөнөп кеткенше,
Қолыңда ерлер аманат.
Халыққа Абыз оғлансыз,
Адасқанға жанға жол айтқан,
Тілеуін тілеп саламат.
Қалыңға түскен құсыңды,
Қанатынан қайырып,
Жатсыз ба аға азалап?!

Алла ісіне амал жоқ,
Өзі беріп, өзі алды,
Шер құйып жанға жаралап,
Кезекті нәубет келгенде,
Балдан тәтті ажал оқ,
Омыртқадан қадалат,
Уайым қақпан құрулы,
Тасты тескен тамшыдай,
Уыты бойға таралат,
Қайғы мен сабыр, ақылдың,
Тертесін аға тең ұста,
Шүкір – деп, барға қанағат.
Қайғы - қонақ, аттанар,
Сабыр қорған сарайын,
Ақыл ұстар тазалап.
Тасқа тисе табаны,
Сазды басса жетіліп,
Шабушы еді қазанат,
Қарасы қандай піл болса,
Жарасы сондай көрінер,
Қазалы жанға салауат!

Ерге берген қайғыны,
Ел көтерер - деген бар,
Ойлаңыз аға саралап.
Бәтеке сопы баласы,
Палуанқұлды* көріп ем,
Жүретін елді аралап.
Төрт түлік малдың бәрі сай,
Перзентсіз өтті дүниеден,
Келетін үйге жағалап,
Қуанбадым – «туды» - деп,
Жұбанбадым - «өлді» - деп,
Азасын сойып қазалап!?
Я, Алла! Мұнша қаһарың,
Тамырымды тасқа тақадың,
Мен пендеңді жазалап?!...
Дегенді үлкен кісілер,
«Алладан болсын панаңыз,
Етіңіз - барға қанағат...
Тәубашыл ерге бас берем,
Жылаған көзге жас берем,
Дегенді, Алла – жамағат!»

Сол айтқан сөзді зерлесек,
Әулеттен өрген ұрпағың,
Болғайда аға саламат!
Тәубаңыз болсын таяныш,
Ұл-қызың өскен саяңыз,
Келмесін қайтып жаманат.
Дұғадан ізде бағланды -
Еншісі ердің сол болар,
Алладан бұйрық - аманат!

ЕДІЛ мен ЖАЙЫҚ (толғау)

Еділ мен Жайық – екі өзен,
Ернеуің алтын, суың бал.
Ерлерге сая болған-дүр,
Еділден шыққан шығатал.
Егеулі найза, ақ сауыт
Арғымақ еді жиған мал,
Алты Алаштың баласы,
Бірің – құйрық, бірің – жал!

Құранды ерге қағылған,
Айрықты алтын шегедей,
Еділге салса ендеген,
Едіге соққан кемедей.
Орда көшіп, нар шөккен,
Орын едің телегей,
Саумысың ерлер саламат -
Сөйлейін сөзді көнедей!

Еділ мен Жайық – екі су,
Теңізге құяр саласын.
Алтайдан шыққан айдарлы,
Түркінің алты Алашын,
Тұлпар мініп, ту алған,
Болаттан құйып тағасын,
Алтыннан жебе жондырып,
Күміспен орап жығасын.
Құрыштан құйған ақберен
Тайтұяқ жетпес бағасын,
Орманды жұртты ойрандап,
Өртеген ағаш қаласын.

«Ата қоныс – елім!» деп,
Тұтам жерге қан беріп,
«Қасиетті мекен!» деп,
Қарыс жерге жан беріп.
Байрақты тудың түбінде,
Айтылған сертке шаң беріп,
Еділден әрі үңілдің,
Қоңыраулы найза, ханға еріп.

Аламанға өңгеріп,
Алдына дабыл ұрғызып,
Ала байрақ ту алып
Жібектен шатыр құрғызып.
Хан кеңесін шақыртып,
Бидің мойнын бұрғызып,
Келелі кеңес кең толғап,
Алтыннан Орда тұрғызып.

Аштырханға ту байлап,
Ен жайладың даласын.
Дабылыңа тік тұрған,
Қырымның қырық қаласын.
Темір қақпа Дербент пен,

Күмбезді Қазан арасын,
Қылышын қанға суарып,
Дертiнiң жазған жарасын.

Өрлiктi бермей өлiсiп,
Жау бетiне шеп құрып.
Қанды көбiк жұтынып,
Жүрекке кiлкiп, кек тұнып.
Қылша мойнын талша үзiп,
Қаншама арман кеттi үмiт.
Қазығынан айналып
Өзiңде қалды тектi жұрт!

Едiл мен Жайық – екi өзен,
Судың бойын жағалап.
Ер басына күн туып,
Ақ шағылды паналап,
Тас тұяғын керiтiп,
Көбесiн сөгiп қазанат.
Қайрақты құмда қан жұтып,
Қалған-ды небiр азамат.

Қолдаудан өтiп ақ найза,
Қойныңа қаның құйылмай,
Қақыратып ақ еттi,
Белдiкке барып ұйымай.
Жантайып жусан жастанып,
Ақ төсегiң бұйырмай,
Ат үстiнен алшайып
Ажалға қарсы ат қойған,
Алланың берген сыйын-ай!

Хандар киген мауыты,
Тон тозады жағадан.
Халық меңгерген таразы,
Би тозады - парадан.
Ел iшiне жiк салып,
Жау кiргiзер арадан.
Қайыры жоқ халыққа,
Бай шығады - жаңадан?!

Арғымақ атта не сын бар?
Тертенiң басын кемiрген.
Жалы қайтып жасыса
Жабы озады семiрген.

Ер жігітке не сын бар?
Ерте кетсе өмірден,
Халқы үшін қылған қайраты
Қоса шығар көңілден.

Көмейің айыр болса да,
Малды аясаң, дау жеңер.
Қос кіреуке кисең де,
Жанды аясаң, жау жеңер.
Қорқаққа қос көрініп,
Қарауытқан қау жеңер,
Қыран құсты көктегі,
Жемтікке құрған ау жеңер.

Еділ мен Жайық – екі өзен,
Сен-дағы шерлі екенсің.
Семсерін сертке байлаған,
Ерлерден жеткен мекенсің.
Ойдағы іске қол жетпей,
Дариға дәурен өтерсің!
Қолдағы іске ой жетпей,
Өкінсең ерлер – бекерсің!?

Тұлпар аттың тұяғы,
Тасқа тиіп кетілер.
Төрт аяғы сау болса,
Сазды басса жетілер.
Қыран құстың қияғы,
Қалыңға түсіп сетінер.
Жез тырнағы сау болса,
Бір түлесе жетілер.

Азамат ердің баласы,
Ту көтерсе сайланар.
Хан жарлығы түскенде
Бес қаруын байланар,
Қадақтап басып назбедеу,
Қазығынан айналар.
Ұл өсірген атаның
Көңілі сонда жайланар.

Алқалап келдің әлеумет,
Жырау деп елге аты бар.
«Күтімсіз тұрған күмістің,
Адам көрмес даты бар» .

Көңілім сандық көпшілік
Ғалымның жазған хаты бар,
Текшелеп жиған сөздерім
Зат емес жұртқа сатылар.
Кәусәрлі сөзім қайнардай,
Тасқындап таудан атылар.
Сөз бағасын түсінер -
Бекзада ерлер зат(д)ы бар.
Бір ауыз ердің сөзінде -
Мың кісінің ақы бар!

Жыраудың сөзі насихат,
Кешегі менен бүгінге.
Перделеп айтқан сөзімнің
Қорабасы түбінде.
Қаз орнына қарғадай,
Біздер жеттік бүгінге.
Сұлы жерде - сүйрік бар,
Бәйгелі жерде - жүйрік бар.
Алқалап келген әлеумет,
Жырау жоқ - деп түңілме!



Алтынбай Оразбаев

Оразбаев Алтынбай Бектібайұлы 1956 жылы Қармақшы ауданына қарасты Ақжар ауылында дүниеге келген. 1969 жылдан бастап «Жаңақала» ауылында тұрады. Көп жылдар бойы шопан болып еңбек етті. Қолы бос уақытта өлең жазумен айналысады. Сонымен бірге халық ауызындағы аңыз - әңгімелерді өлең түрінде жазып жүр. Қазір «Жаңақала» ауылында тұрады.

Арман

Арманым ақын болу өткір тілді,
Жүрекке жылы тиер жазсам жырды.
Ағайын оқып жүрсе қолына алып,
Айтылмай сыртымыздан шіркін сөзді.

Алғашқы махаббатқа

Күндер қалай тез өтеді бұлыңғыр,
Бала едің ғой желбіреген бұрымың.
Ойлаппым ба саған ғашық болам деп,
Сыздап отыр міне бүгін жүрегім.

Қыз дегенде жатпайды ғой жігіттер,
Бізде бірі болып жүрген үміткер.
Айтшы жаным шын ниетің болса егер,
Куә болсын шоқ жұлдыздар көріп тұр.

Аққайында үнсіз бізге қарайды,
Қарауылы секілденіп маңайдың.
Ашық аспан қандай жақсы тамаша,
Кеңітеді көкірегіңнің сарайын.

Арулардың бәрі әдемі, көрікті,
Махаббатқа беріп жүрмін ерікті.
Ұнамасам көңіліңе қарағым,
Іздеймін де басқа жақтан серікті.

Шындықты айтып жасырмаймын қарындас,
Оянды ғой алғаш саған махаббат.
Мен емеспін ғашық саған жүрегім,
Жақсы көріп жүрек сүйді ғаламат.

Көз жүгіртсем ертеңгі мен бүгінге,
Көз жүгіртсем артта қалған өмірге.
Ләйлі-Мәжнүн, Қыз Жібек пен Төлеген,
Бәрі ғашық болып өткен өмірде.

Талай күнді бастарынан көшірген,
Сүйгені үшін қиын іске бекінген.
Махаббаттың шын беріліп ісіне,
Тартынбаған талабы мен сертінен

Сезем сенің жаңарыңнан күлкіні,
Көресің бе мені ұнатпай бір түрлі.
«Сұлу, сұлу емес, сүйген сұлу»,
Жатқан жоқ па ұлы сөздің төркіні.

Өзіңсің ғой менің сүйген сұлуым,
Естімедім сөздің жақсы жылуын.

Қанша сені еске алмайын десем де,
Баса алмаймын сүйген жүрек қызуын.

Амал бар ма тағдыр жазса көнбеске,
Төлегенде Жібек үшін кеткен жоқпа келмеске.
Мәңгілікке ұялаған жүректе,
Шоқ боларсың қызуы кетпес көмескі.

Ана сенің асқар тауың биігің

Ана сенің асқар тауың серігің,
Ана сенің ең жақының, тірегің.
Ана сені алақанда өсіріп,
Тілегіңді тілеп сенің жүреді.

Сондықтан сен аялай біл анаңды,
Ана саған ойламайды жаманды.
Ана жақын, ана бауыр өзіңе,
Кір келтіріп ананың ыстық жүзіне.

Аналарды сыйлайықшы замандас,
Ана деген асыл зат ол табылмас.
Аналардың ақ жүрегін қаралап,
Өкінішке қалдырмаңдар құрбы-дос.

Әр адамның анасы бар ардақты,
Ұмытпаңдар көтергенін құндақты.
Біздер үшін түн ұйқысын төрт бөліп,
Әлдиімен ұйқылы-ояу ол жатты.

50-ге толған достарыма

Тұлпарлар тулап шығар дөннің басы,
Достарым құтты болсын елу жасың.
Алпыс пен жетпісіңді ұрып жығып,
Сексенге селкілдетіп барсын жасың.

Тоқсан мен жүз жасыңды, алла білер,
Отырмайық боқ шеңгелдеп балдар күлер.
Тұз-дәмі біткен күні бұл пәниден,
Көшерміз мәңгілікке ол қара жер.

Қожасы бір-бір үйдің тегің асыл,
Елу жас есте қалар жарты ғасыр.
Қызығын көріп бала-немеренің,
Төрінде ата болып отыр қартым.

Жастықтың жалынымен алған жарың,
Жаныңда мама қаздай жүрсін дәйім.
Қызығын бірге көріп жас ұрпақтың,

Шашылсын жиған дүние тойға әрдайым.

Келмейді аңсағанмен енді жас күн,
Көктемгі қызғалдақтай жастар өссін.
Бұйырса немеренің тойын көріп,
Тау басынан домалар қарлы көшкін.

Бәріне жарты ғасыр келген жетіп,
Жырыммен шашу шаштым бірдей етіп.
Шалынып періштенің құлағына,
Жеткізсін шөбереге алла несіп.

Жандар бар жаны жайсаң жомарт қолды,
Жандар бар алды-артын білмес оңды.
Жандар бар шындық қуған шыр айналып,
Жандар бар жалқаулықтан болған сорлы.
Жандар бар жақсылыққа жаны құмар,
Жандар бар жамандықты елге жаяр.
Жандар бар өзі өзіменен өзі болып,
Жандар бар қосылмайтын басын бағар.
Жандар бар байлықпенен мансап қуған,
Жандар бар еңбегімен ер атанған,
Жандар бар жатып ішер, арам-тамақ,
Аулақ бол абайлаңдар жаман ойдан.

Қарындасқа

Қарағым, атыңызға ажарын сай,
Ата-анаң тауып қойған жақсы ат қандай.
Гүлденіп өсе бергін гүл бәйшешек,
Көктемгі гүлін ашқан жауқазынға.

Қарындасым ақ жарқын ағалаған,
Жасың бар он жетіні жағалаған.
Келіпсіз еңбек етіп ортамызға,
Мен ағаң өз басыңды бағалаған.



Сақтапберген Қосбаев

Қосбаев Сақтапберген Төлегенұлы 1957 жылы қазіргі Тұрмағамбет (бұрынғы Дауылкөл ауылдық кеңесі) ауылында туылған. 1976 жылы «Жаңақала» совхозындағы № 185 орта мектепті бітірген. Мамандығы мұғалім. Жарыққа шыққан «Ауылдың иісі», «Ғұмырдың алтын белесі», «Құтты болсын» атты жыр жинақтарының, және «Жаңақала» ауылының 50 жылдық мерейлі мерекесіне орай жазылған «Қызылқұмның жерұйығы» атты тарихи кітаптардың авторы. Қазір «Жаңақала» ауылында тұрады. Ардагер ұстаз.

Ауыл тарихын таныстыру

Қош келдіңдер, қонақтар, Қызылқұмға,
Қарсы аламыз, құрметпен қызу мұнда.
Жусанның жұпар исі бойдан кетпей,
Еске алып жүрерсіздер бізді жылда.

Бұл аймақ «Шахнамадағы» Тұран жері,
Жауына бас имеген Сақтар елі.
Үзілмей бізге жеткен сол уақыттан,
Жүйелі ұлы өмірдің керуені.

Тоқтатқан Александр, Кир әскерін,
Бастырмай жауға Сақтар туған жерін.
Томирис, Аспрасияб тарихта,
Қалдырған үлгі етіп ерліктерін.

Бір кезде өркениет болған ұзақ,
Жағасы Жаңадария жайқалған бақ.
Оғыздар мемлекеті өркен жайып,
Бұл жерде билік құрған Хорезмшах.

Арасы Әму, Сырдың Мауреннахр,
Темірдің өткен күнде ізі жатыр.
Елі мен жерін қорғап қаламын деп,
Бұл жерде атқа қонған талай батыр.

Жеткізіп елді арманға көптен күткен,
Жанқожа Хиуадан азат еткен.
Күзетіп Сыр елінің тыныштығын,
Тоғанас осы жерде жортып өткен.

«Жеті асар мәдениеті» шығыс жағы,
Алыстан көз тартады «Қарақ жалы»
Жәрімбет, Ер Сейтпенбет ғұмыр кешіп,
Қорқыттың қобыз үні аралады..

Ойлану

Өмір өтіп барады, өмір өтіп,
Азы қалды белгілі, көбі кетіп.
Елу жастан кейінгі аз өмірді,
Енді өткізгің келмейді жеңіл етіп.
Қалдырғың кеп оңаша ойланасың,
Келер күнге бір нәрсе белгі етіп.
Бірақ, бірақ қолыңнан не келеді?
Ойға ештеңе оралмайт зейін жетіп.
Түсірген – ау дұрысы өз ойыңды,
Ақ қағазға жинақтап бірдеңе етіп.
Ойдағыдай бірақ та шықса жақсы,
Оқығанды ойлантар тебіренгіп.

Өз ойым

Кез келгеннің әлі де сырын ұғам,
Өлең деген мен үшін сырлы ғалам.
Ұйқастарым, ой тербеу көңіліме,
Сәл төмендеу сияқты бұрынғыдан.
Ой өрбітіп ұйқастар кезегіне,
Өлеңнің ендесемде өзегіне.
Әйтеуір бір жерінде кеміс бардай,
Риза болған емен мен өзіме.

Дөп басып айтсамда ойды көңілдегі,
Бір жері жетпейтіндей көрінеді.
Ақ қағаз, қалам, сия менің дәрім,
Әйтеуір бойым біраз жеңілдейді.

Оқығандар жақсы деп мақтайды ерек,
Жақсы ғой мақтау деген олда керек.
Алайда өз ойыма ерік беріп,
Қауіптенем көңіліме қарай ма деп.

Бұл өлең жазбай қалсам маза бермейт,
Ашыған қымырандай торсық кернеп.
Жаман ба, жақсы ма оны көп айтады,
Бір ойым ақыл берет «жаза бер»- деп.

Ағытып жазсамда өлең кезінде көп,
Өзімді ақынмын деп сенгенім жоқ.
Көкейдегі көп ойды араласқан,
Қойсам деймін әйтеуір бір жүйелеп.

Ақын деген мен үшін ол басқа адам,
Жаратылған ерекше ол басқадан.
Көптің бірі санаймын ал өзімді,
Күнделікті күйбеннен әрі аспаған.

АРНАУ

Өзімнің зейнет жасымда

Алпыстан асып міне көрдік көпті,
Зейнет жас белес екен бір міндетті.
Бұл мектеп тым ерекше маған ыстық,
Өмірім отыз бес жыл осында өтті.

Өткізіп мәнді ғұмыр ұзақ жолдан,
Өміріме тұрақты тұғыр болған.
Көтерді абыройдың биігіне,
Кем қылмай қатарымнан шүкір Аллаам.

Сіңіріп бойларына білім нәрін,
Алдымнан шықты талай шәкірттерім.

Мақтанышпен ойға алам өткен күнді,
Қойғандай көз алдыма әкеп бәрін.

Шын көңілмен ұстазым десе олар,
Еңбегімнің жемісі осы шығар.
Көргенде көңілім тасып, осы деймін,
Төккен тер, игі ізденіс, мақтан қылар.

Артта бір азын-аулақ қалдырып із,
Алыстап бұл ұжымнан кетсекте біз,
Абырой биігінен көрінсе деп,
Жан ашыр, қайда жүрсек тілекшіміз.

24 қыркүйек 2020 жыл
№185 мектеп

«Жаңақала» күндері

Менің қоныс аударуым жаңадан,
Қапқа салып арқалаған чемодан,
АН-2 ден түстім келіп сәскеде,
Бұл ауылға ең алғашқы бұл қадам.

Жаймашуақ маужыраған күн лебі,
Мың тоғыз жүз алпыс тоғыз күзі еді.
Өмірімді өзгерткендей болған бұл,
Үлкен жолдың бастау соқпақ бірі еді.

Құшақ жайып қарсы алатын жоқ таныс,
Көрмеген ел, көрмеген жер бейтаныс.
Жалғызсырап құлазыды көңілім,
Қызықты күн, думанды орта қалды алыс.

Арластым жаңа ортамен жаңадан,
Сан жанарлар маған сынай қараған.
Басталды енді «Жаңақала» күндері,
Сан арнаға, сан тарауға тараған.

Есімде әлі «Су мисың-ау» - дегені,
Бұйра шашты мұғалім қыз денелі.
Жетекшім боп жақсы ұстаз жолығып,
Жақын тартып қолтығымнан демеді.

Көңілге алып оған ренжімедім,
Адамдардың ой-өлшемін білемін.
Жігерленіп қайта сонда іштей мен,
«Көрсетермін әлі-ақ бәрін»-деп едім.

Сәтті ұстаным, өзімдік ой толғамы,
Өмір бастау болды ұзақ жолдағы.
Орын алдым «Лениндік партадан»,
Айтқанымда тұрып кейін сондағы.

Өтіп жатты «Жаңақала» күндері,
Біреуден кейін, ал біреуден ілгері.
Онжылдықты жақсы оқып бітіріп,
Мүше болдым шаруашылыққа іргелі.

Еңбекпенен катаяды әр қадамым,
Бір үйдің бар ауыртпалығын арқаладым.
Оқу-арман сағым болып желге ұшты,
Мойынсындым тағдырға жоқ амалым.

Алға тартып бірде арман алдағы,
Бірде басты уақыт ауыр салмағы.
Көңіліне тимесемде ешкімнің,
Жеңнен тартып, шалғай басу қалмады.

Өтіп жатты «Жаңақала» күндері,
Біреуден кейін, ал біреуден ілгері.
Гитара ұстап, таң атқанша ән салған,
Басталды енді бойдақтықтың түндері.

Қара жұмыс шыдап қанша ауырға,
Біте қайнап сіңістім бұл ауылға.
Бүлдіршіндей «Майлыөзектің» бір қызын,
Қостым ақыры, әкеп осы қауымға.

Алыстады бойдақтықтың түндері,
Басталды енді отбасылық дүрмегі.
Ретімен өмір жолы осылай,
Өтіп жатты «Жаңақала» күндері.

Көрдік өмір ауырында, жеңілін,
Адамның да жақсы, жаман не бірін.
Қарап тұрсам осы ауылда өтіпті,
Бұған дейін елу бес жыл өмірім.

Шау тартқандай шама-шарық бүгінде,
Жетер жерің белгілі ғой түбінде.
Ойға оралып, өткен өмір кейде бір,
Көз алдынан өтер жастық күнінде.

Еске алу

Еске түсіп, жүрген жер, қырат, белең,
Сағыныш қой жүрекке жыр ап келген.
Бірге ойнап, бірге өскен кішкентайдан,
Қармақшыда досым бар Мұрат деген.

Есінде ме , Мұрат дос, «Шылым бұлақ?»,
Жағадағы жаман там тұрған құлап.
Ләңгі теуіп ішінде кешке дейін,
Ұмыт қалған, жамырап қозы, лақ.

Көрінүші еді асары «Бидайықтың»,
Кейпіндей теңіздегі зор қайықтың.
Көз алдында көлбендеп соның бәрі,
Өтіп кеткен елес боп бір ғайып күн.

Суы салқын шаруаға тым ыңғайлы,
Шөбі шүйгін жайлауға бұл маңайды.
Әкелеріміз кешкілік төбе үстінде,
Өрістеткен әңгіме өріс жайлы

Ыстық шайды сораптап рахаттанар,
Әңгімені қыздырып ұзақ сонар.
Шешелеріміз шертіп сыр отыратын,
Қарашы, енді олардан қалған не бар?

Шаңбұлақ, Кейікшімен, Мырзакелді,
Бұл маңды жайлаған ел ырза еді.
Ферманың орталығы Үшағашта,
Тоқсан жолдың тоғысқан тармағы еді.

Жатыр-ау құлазып сол ой мен алап,
Кейде бір ойланасың ой саралап.
Басқан жерін әкеміз бен шешеміздің,
Шіркін-ай қайтар ма еді бір аралап?.

Жеңгелерім

Армысың ақ жаулықты жеңгелерім,
Келін боп түскенді көрген едім.
Ұялшақ екі көзі жәудіреген,
Ол кезде үлбіреген гүлдей едің.
Туыс боп, жақын тартып, қайным деп,
Жүрегімді баурап ең сенде менің.
Жарасып әзіліміз, сырымды айтып,
Өзіңе риясыз сенген едім.
Сендерге сонда қарап есейгендей,
Бойымды, ойымды да жөндеп едім.
Ана боп ақ жаулықты келе-келе,
Ардықты атандыңдар елге келін.
Тек алға, кері айналмас бұл өмірде,
Дүние донғалағы дөңгеледің.
Шынымен көп уақыт өткені ме?
Ақ қырау самайыңнан мен көремін,
Сендер барда сеніммен көріп жүрміз,
Ағалардың ошағы сөнбегенін.
Туыстықты ту қылып ұстап жүрген,
Өздеріңді ағамменен тең көремін,
Орнында барда оңалтып, жоғалтпаған,
Ден сау боп, ұзақ жаса жеңгелерім.

Ауылдың иісі (Сыныптас қыздың сыры)

Келін боп түскен ауылға,
Қыдырып келіп, кетпек ем.
Ауылдың иісі баяғы,
Аңқып тұр әлі кетпеген.

Иісі де ерек түтіннің,
Бұрқырап шыққан ошақтан.
Кереметі бар ғой ауылдың,
Көңілді бір сәт босатқан.

Көктемде жігіт сыйлаған,
Есте ғой бір түп жусанда.
Түкпірінде жүрек тұр екен,
Бір сезім кетпес қусанда.

Ұмытылмайтын алғашқы,
Махаббатта осы ауылда.
Ойланып ұзақ телмірген,
Терезедегі жауынға.

Қыдырамыз деп алдап апарып,
Төбенің арғы жағына,
Ұлдардың алып қашқанын,
Еске алдым бүгін сағына.

Айта берсе таусылмас,
Ауылда қалған бар қызық.
Бәрінен де иісін айтсайшы,
Дем алдым мұрын жарғызып.

Ажырамайтын ауылдың,
Екенмін мен бір бөлшегі.
Жүрсемде жырақ ауылдан,
Сезіндім бүгін мен соны.

Әрқашанда ардақты елім нағашым...

Көз түсті кедейлердің хабарына,
Ұсынған көпшіліктің назарына.
Мамырдың мамыражай күндерінде,
Дүбірлі ас бар депті Қазалыда.

Керемет бүгін халық көңіл-күйде,
Құрметтеп қонақ жайлап отыз үйге,
Кесене салып үлкен Майлыбастан,
Ас беріп жатыр екен Кедей биге.

Аспанда аты мәлім аңласаңыз,
Белгілі Кедей мерген аты аңыз.

Жайдан-жай жата алмадық естігенде,
Қан бар ғой бойда анық елу пайыз.

Кең пейіл Кедей деген киелі елдің,
Менде бір сыртта жүрген жиені едім.
Арнайы қабыл болсын айта келіп,
Сөзімді өлеңменен жүйеледім.

Асына арнайы кеп Кедейлердің,
Иліп құрметпенен сәлем бердім.
Ардақты маған қымбат нағашы жұрт,
Үш жұрты бар дейді ғой жігіттердің.

Аброй, атақ, даңқ артты міне,
Ризамыз нағашылар мәрттігіне.
Ұлықтаған ұрпаққа рахмет,
Жүретін болды ел-жұрт біле-біле.

Мұра боп ұрпағына билік қонған,
Бақа би отыз жылдай болыс болған.
Бірлігін бүгін ұрпақ көріп тұрмыз,
Таймаған баба салған табан жолдан.

Кедейде небір жайсаң жақсы өткен,
Айтқұлдан бастап мәлім аты көптен.
Кедейдің Қойшыбайының жиенімін,
Нағашым осындай деп мақтан еткен.

Шабыттың шалқыған бір жетегімен,
Күн болды көңіл бүгін көтерілген.
Қабыл болсын сәлемін алып келдім,
Жүз шайыр шыққан мекен, Кете елінен.

Құмжиек 21 мамыр 2022 жыл

Сойырғас бабаға арналған асқа арнау

Шақырту шартарапқа жетті хабар,
Қызылдың қойнауында дүбірлі ас бар,
Ардақтап баба әруағын сыйлап жатқан,
Іргелі ел Кетедегі Сойырғастар.

Кейінге үлгі болар іс бастаған,
Киелі әруағын да ұмытбаған,
Еңселі ескерткіш қойып жол бойына,
Рахмет ұрпағына ұлықтаған.

Танымал орыны бар тарихта алар,
Белгілі ру басы Құдайназар.
Ханына кеңесші боп кіші жүздің,
Қалдырған кейінгіге сара жол бар.

Баласы бір рудың атын алып,
Көрсеткен ауыз бірлік, тектілігін.
Бөлінбей төрт баласы Сойырғастың,
Өзгермей үш ғасырда жетті бүгін.

Алыс-жақын ағайын түгел жыйнап,
Ас берген құрметпенен қонақ жайлап.
Ерекше есте қалар күн болды бұл,
Халыққа көтеріңкі көңіл сыйлап.

Аброй, атақ, даңқ артты міне,
Ризамыз Сойырғастар мәрттігіне.
Ұлықтаған ұрпаққа рахмет,
Жүретін болды ел-жұрт біле-біле.

Бүгінгі барша ағайын арнап келген,
Құдайы қабыл болсын арнап берген.
Байсары, Түменқожа ұрпағымын,
Ұлтай Кете Қосбаев Сақтапберген



Серік Ыдырысов

Ыдырысов Серік 1958 жылы Қармақшы ауданы қазіргі Алдашбай ахун ауылында туған. 1975 жылы «Жаңақала» ауылындағы № 185 орта мектепті бітірген. Айтыскер ақын. Қызылорда пединститутын (Қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті) бітірген. Еңбек жолын мектепте мұғалім болып бастаған. 1996 жылдан бастап ҚМУ-да оқытушы болды. Республикалық, облыстық айтыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болған. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ҚР Өнер қайраткері, Қармақшы ауданының құрметті азаматы. Қазір Қызылорда қаласында тұрады.

Айбек қалқам

Ақылдың тұнығы
Асылдың сынығы
Нұрғиса інімнің
Көбейер шыбығы.
Ай нұрлы Айбектің
Сиқырлы сынығы
Шынжырлы шұбар төс
Негізгі түбірі
Әлемге жайылсын
Жиеннің дүбірі
Биіктен көрінсін
Тірлікте тұғыры
Ғұлама Лұқпандай
Болсын ой, ұғымы
Халыққа берейік
Той болсын шығымы
Тіліне жиналсын
Тәтті сөз шырыны.
Бақ қонып басына
Қолдасын қыдыры.
Бойыңа жетпесін,
Жаманның құрығы.
Жігіттің болып өс,
Шағылмас шымыры.
Жамбылдай ғасырды,
Тойларсың ғұмыры.

Қасым ағаға

Хат жаздым қысылғаннан Қасым аға,
Шынардай тік тұлғалы асыл Аға!
Ренжітіп нағашымның көңіл-күйін,
Бұл күнде шақшадай болды, басым Аға!
Балалық па?, Кешірім сұрай алмай,
Араға бір дәнекер болыңызшы,
Реніші нағашымның басыла ма?
Қажыдай пірге қолын беріп келген,
Көңілім шайдай болып ашыла ма?
Бас кеспек болса дағы тіл кеспек жоқ,
Өзіңіз келтіріңіз, нәшін Аға!
Ендігі үмітім бір өзіңіз,
Болмасын бұл өлеңім хасыл Аға!
Шешемнің ағасы еді алдындағы,
Өтпесін өксіп өмір, жасып аға!
Жас кетіп, кетер болсақ бұл фәниден,
Хақ тағала ойнатпай ма, жасын Аға!
Көп болды не ұйқы, көңіл-күй жоқ,
Сіңбейді бойға ішкен асым Аға!
Мен кешкен тап осындай екі ұдай күй,
Көрмесін досым түгіл, Қасым Аға!

Қызыл тіл келістірсе сөз қиюын,
Жібігер жүректің мұз тасын Аға!.
Мен жүрсем нағашыммен бұлай болып
Жайында тыныш жатпас, асыл Ана!.
Құдайым нағашыммен келістіріп,
Әлде де мейірімді асыра ма?!
Кешірім сұрауға да батыл бармай,
Сізгі арнап хат жолдадым ақыры Аға!.
Тезірек нағашыммен қос тәнімді,
Мүжиік бір марқамның басын Аға!.
Не әкем, болса анам осындай да,
Айтар еді, білгенінше ақыл Аға!,
Қысқа боп, ой-өрісім кей сырына,
Өмірдің болғандаймын масылы аға!,
Атаңның құнын келсе алдаңа кеш,
Деген бар бұрынғыда нақыл Аға!,
Нағашым Әбу Шаһманның жүз дүресін,
Берсе де қабыл алам, мақұл Аға!.
Тезірек нағашыммен ойнап-күлсем,
Әруақтар болар еді, бақұл Аға!.
Осындай балаңыздың хал-жағдайы,
Тезірек бір мәмілеге шақыр Аға!.

Қасымұлы Серікбекке

Жасыма інім, жасыма,
Күн туды бүгін басыңа.
Әкесін ешкім мәңгілік,
Жетектеп жүрмес қасына.

Қасекең берген салмақты,
Жоғалтып алма, тасыма.
Бедел мен білім жеткізер,
Өзіңді бақтың басына.

Адаммен болшы әрдайым,
Наданмен болма ашына.
Әкеден қалған әр істі,
Келтіріп жүрсің нашына.

Тасадан атқан жаманның,
Жолыға көрме тасына.
Ауданды жүрсің басқарып,
Қарамай жастың жасына.

Сүйріктей сымбат сақтадың,
Илікпей дұшпан, қасыңа.
Жүйенді білген жамағат,
Сүйенді саған асыла.
Қаумалап келген қалың ел,
Биіктен күтер асыға.
Ақылшы әкем өтті деп,

Көрмесін мысың басыла.

Сыйлаған дүйім ел келді,
Әкеңе берген асыңа.
Құтыңды көрмей қашыра,
Ашыла түс, ашыла.
Атадан озық туыпсың,
Көз жетті бүгін расына.
Бұл өлеңді жазушы,
Серік деп білсін ел-жұртым
Кітапқа шықса басыла.

Үміт

Фәниге келеді адам, кетеді адам,
Көңілін дүниеге етеді алаң.
Өзіңе өзің қожа болу бақыт,
Жүргенде кеудеде жан аман-есен.

Жадырап күліп жүріп, жылайды адам,
Тағдырдың сынағына мың ойланам.
Салса да алтын сарай асыл тастан,
Санадан шығармасын құдайды адам.

Жүреді дәулеттілер сауық құрып,
Бақилық ойланбайды қауіпті ұғып.
Атақ пен байлық үшін қояды өмір,
Адамды адамдармен жауықтырып.

Бай, кедей, патша, құл, күң, батыр, момын,
Бәрінің Алла жасап жатыр жолын.
Білмейді-ау теңестірет таразыны,
Қара жер болатынын ақырғы орын.

Ақымақ, жақсы, жаман, ақылды адам,
Хакім, би, ақын-жырау тақылдаған.
Жыраудың назар салшы бұл сөзіне,
Өмірге басу үшін батыл қадам.

Төндірмей заманыма қара аспанды,
Қой, жұртым бір-біріңмен таласқанды.
Айтайын көненің мен әфсанасын,
Ұғынса жолға салар адасқанды.

Болыпты Тағдыр атты бір қария,
Алланың бар бұйрығын қылған ия.
Бойжеткен қызына ол былай депті:
Жарасар қыз балаға құрған ұя.

Өмірде бар жаңалыққа бар жан құмар,
Басталған жаңалықпен жол жаңғырар, -
Деді де үш жігітті шақырды қарт,
Ұнатып көрген қызды арман қылар.

Болмайды келбетінен біліп тегі,
Қарайды үшеуі де күліп бері.
Қыз сонда есімдерін сұрап еді,
Аттарын – Дәулет, Ақыл, Үміт деді.

Ойлантип келешегі бойжеткенді,
Таңдауға азаматын ой кетті енді.
Үміттің етегінен ұстадым деп,
Қыз былай әкесіне сөйлеп берді.
Сұлу қыз сөзге шешен, шебер екен,
Парасат ойы түпсіз, терең екен.
Халық тұр тыныштықты сақтап үнсіз,
Көңілі көркем қыздың не дер екен?

Иә, әке, Үміт менің таңдағаным,
Үмітсіз тірлік оңбас аңдағаным.
Тозса да болат темір, тозбайды үміт,
Ашады үміттінің Алла бағын.

Дәулетті таңдар едім баяы жоқ,
Байлықтың басы бар да, аяғы жоқ.
Құдайдан үміт үзіп дүние жиған,
Байларды ел ұмытты баяғы көп.

Ақылды жанға бәрің иілесің,
Ақылды таңдар болсам сүйінесің.
Бүгінде ақылдылар күн көріп жүр,
Қорғаштап ақымақтың дүниесін.

Ал, Үміт қараңғыда жарық салар,
Үмітпен пенде жоғын анық табар.
Құдайым үміт күткен құлын сүйген,
Аңсаған арманына алып барар.

Бұл үміт игі істердің жолбасшысы,
Үміттің шапанының тозбас түсі.
Алдына мақсат қойған адамзатқа,
Жол сілтер үміт қана жолда кісі.

Біз пенде бағынатын ұлы заңға,
Өтеді үмітсіздің күні зорға.
Ақыл кіріп,
Дәулет кеп қолға қонар,
Үмітін жоғалтпаған тірі жанға.

Қыз осылай таңдауын баян етті,
Не деген сөзі сұлу, ойы әдепті.
Болса ақылы дәулетті даңдар деген,
Біреудің ішкі есебі зая кетті.

Айтқызбай адал ниет, сырынды ұғар,

Осындай болсын шіркін бұрымдылар.
Өзегі үзілмейді үміттінің,
Үмітсіз шайтан деген бұрынғылар.

Тыңдаушым, үмітті бол, пейілді бол,
Жақсы сөз,
Жаман ойдан сейілдірер.
Кетенің Серігі айтқан жыр еді деп,
Санаға салып жүрсін кейінгілер.

Ақын сыры

Мен ақынмын бақ пен соры бір жүрген,
Тілімменен елді таққа міндірген.
Қызғанышқа іші тарды күйдірген,
Қуанышты жырыменен білдірген.
Ақын сөзге, балық суға тоймайды,
Жырларымда өмір нұрлы ойнайды.
Тіл қадірін білген жандар сыйлайды,
Ал, пысықтар бір шалуды ойлайды.
Мен ақынмын інжу-маржан жиғаным,
Адамзатқа жырдың нәрін құйғанмын.
Халық мені тұрғызады тәубаға,
Келтіргендей пышақ малдың иманын.
Мен ақынмын халық берген бағасын,
Өзің берсең, өзің қайтып аласың.
Қайғы бұлты түспесе егер басыңа,
Бақыттың да мәнін білмей қаласың.
Мен ақынмын асу бермес арманым,
Сан өсектің үзіп жүрген қармағын.
Тәнде қуат, жанда дәрмен тұрғанда,
Жыр жақұтын көпке келед арнағым.
Бай-құт емес, ақындар –құт халыққа,
Ақын елді шығарады жарыққа.
Серіліктен жан үзбейтін жандар бар,
Қол үзермін жатқан күні табытқа.
Сезім сөнсе ақын ақын бола ма,
Сезімі жоқ жандар маған жолама.
Құдай берген ақындықтың бақ, сорын,
Өзімменен ала кетем молаға.
Мен ақынмын, менде ендеше жоқ қайғы,
Жан сырымды білмегендер оттайды.
Ақын сыры, осы халқым білгенге,
Пышақ қынға, сөз шынына тоқтайды.

Сенім

Күн тізбектен күн өтеді тізіліп,
Өмір ерте қалмасыншы үзіліп.
Ұлы өмірге сенімі жоқ адамның,
Тағдыры мың құбылады бұзылып.
Өз әліңмен соқпағыңды жүр ұғып,

Ел қарасын әр ісіңе қызығып,
Сеніміне тұрағы жоқ адамды,
Жарық дүние майдалайды бір ұрып.
Сенімсіздің барар жері тығырық,
Елің сенсе боласың сен шын ұлық.
Сенім кілтін аша алмаған адамдар,
Күн кешеді көптен қашып тығылып.
Дәнекерім менің және сенің де,
Бір тектілік болса егер тегінде
Онда жаным бас иіп өт өлгенше,
Адамдардың бойындағы сенімге.
Сенім, сенім кейде жетпей жатасың,
Есігіңді кейде айқара ашасың.
Титімдей бір жоқ болса егер сенімің,
Ізсіз, түссіз тұңғыыққа батасың.

Домбыра

Кетемін қолға тисең арқаланып,
Кеудемнен өріледі ән таралып.
Бір туған бауырыма айналады,
Үніңді тыңдап тұрған барша халық.
Жыр етем көк пен жерді, даланы да,
Жаман мен жақсы, ата-ананы да.
Бір күдірет шығар-ау, сырлы әлемді,
Сыйдырған ат басындай шанағыңа.
Бойыма қуат беріп қанға сіңдің,
Тот баспас семсері едің балға тілдің.
Құлақ күй мен шанақты жалғап тұрған,
Куәсі пернелерің әр ғасырдың.
Бүгін қанат сұңқар жоқ елде тегі,
Ата-анамның үзілген сенде тегі.
Қос ішектің біреуі әкем болып,
Біреуі анам болып тербетеді.
Сөйлеме домбырасыз, кесіл тілім,
Жараулы ақ домбыра сен болмасаң.
Жетесіз жетім тиек секілдімін.
Жаныммен бір жасайсың жүрекке еніп,
Әуенің ғұмырыма тілек төгіп.
Арман не жүре берсем сені арқалап,
Тиегің жүрсін бірақ тірек беріп.

Күндестік

Адамдар бар өз шамасын білмейтін,
Ақылыңды құлағына ілмейтін.
Керегі не оларға сөз шығындап,
Жетектеген ит қораға үрмейді.
Өрге тасың бара жатса домалап,
Қайдан шыққан мынау өзі кім дейтін.
Пышылдаса көр соқырлар сыртыңнан,
Көңіліңнің ақ сандығы кірлейтін.

Жандар аз ба жақсылықты көре алмай,
Бір шалмаса ішкен асы сіңбейтін.
Кебісінді қоюға да жарамай,
Жүрсе-дағы өсек сөзбен жүндейтін.
Әттеген-ай, деп сандалып өзінше,
Қаперіне сөз қадірі кірмейтін.
Халқым өзі бағалайды асылын,
Сайтан емес тырнақтан кір іздейтін,
Ақын елдің еркесі де серкесі,
Халқым мені мақтайтын да, тілдейтін.
Жақсы адамның артынан сөз ереді,
Жамандармен бірге шепте жүрмейтін.
Бүгін елім қадірімді түсінсе,
Кезім келген шығар менің гүлдейтін.
Өсекшінің шошынамын түрінен,
Көргендей-ақ күндестіктің шын кейпін.
Осы менің ор қазғанға сыртымнан,
Ақыл-ойым көкірегіңе түй дейтін.

Өмір

Баяны жоқ бұл өмір,
Қас-қағым қысқа гүл өмір.
Аз ғана бақ пен мансапқа,
Адамды еттің құл өмір.
Көзінді ашып-жұмғанша,
Адыра қалар тұл өмір.
Жақсының жүрсең жанында,
Сәулесі нұрлы күн өмір.
Жаманға басың байланса,
Қараңғы қапас түн өмір.
Талғамы теріс пендеге,
Салмағы батпан зіл өмір.
Тобасын білмес тобырға,
Боласың алуан-түр өмір.
Қыз бенен ұлың кері кетсе,
Қызығы болмас дым өмір.
Барды ұрпақ жат болып,
Табады кілтін кім, өмір?
Өтірік басып өмірді,
Өкіріп жатыр шын өмір.
Өкініп өтіп апталар,
Жылайды ай мен жыл өмір.
Адамның бәрі тасбауыр,
Шықпайды жарқын үн өмір.
Жұтылып қайда баралы,
Түтіліп кеткен жүн өмір.
Сол болды нағыз данышпан,
Мол болса кімнің пұлы өмір.
Шындықты қойдың шыңғыртып,
Қиямет-қайым қыл өмір.
Тілегін берші жақсының,

Жігерін етпей құм өмір.
Арманым адам бақыты,
Ар жағың өзің біл, өмір.
Шырағын жақсын ұрпақтың,
Шуағын төккен нұр өмір.

Сөз бен іс

Сөз бенен істің арасы,
Аспан мен жердей шарасы.
Біледі келсе басына,
Адамизаттың баласы.
Сөзі мен ісі жарасқан,
Пенденің артық бағасы.
Сөзі мен ісі адасқан,
Адамның арам бар асы.
Малдан таза жанды жоқ,
Сыртында жүрген аласы.
Адамнан аяр қу болмас,
Ішінде ағы-қарасы.
Дақ түссе аппақ пейілге,
Жазылмас мәңгі жарасы.
Жылқыны мұзға тайдырмас,
Тұяқта тұрса тағасы.
Адамды құзға құлатпас,
Адалдық болса панасы.
Перзенті мінсе пыраққа,
Тақымын қысар анасы.
Білмейді бірақ қай ізбен,
Кетіп барады, қарашы.
Жетеді су да жеріне,
Тазарып тұрса сағасы.
Теңселмейді шарбақ та,
Қағылса терең қадасы.
Қорқындар ойсыз жандардан,
Жайлауда жүрген жағасы.
Жігіттің жаны жай таппас,
Болмаса іні – ағасы.
Жалғыздың жары бір құдай,
Кімнің бар оған таласы.
Досыңның дұрыс көнесі,
Киімнің жақсы тазасы.
Тірліктің кілтін кім ашса,
Басталар өмір жаңасы.
Өткенін қайтып өңдеуге,
Жанның жоқ айла-шарасы.
Тәтті мен улың жолы бір,
Соны ұқсын адам санасы.
Шырағы сөнсе көңілдің,
Шығады парша паршасы.
Қас-қағым қысқа өмірдің,
Бола біл абыз данасы.

Ұстамын ұлттың ұстаған,
Ұстазы ата-бабасы.
Серіктің айтқан бұл сөзі,
Ақылдың шеберханасы.

Ғалияға!

Үш мүшел толып тұрсың пұшық қыз
Текейлерге келін болған пысық қыз
Ата-анасыз тойладым деп ренжіме
Біз солардың қанатынан ұшыппыз

Галшқасы – ең бір әулетті сүйікті
Бойыңа Алла ерекше нәр құйыпты.
Мүшел жасқа толып бүгін ақ-ботам
Парасаттан парша көйлек киіпті.

Ана болдың бір әулетке қыз күннен
Қасиетін ата-ананың қыз білген.
Ақ мамаңның алақанын сездіріп
Жүрегімнен бір тамшы жыр үздім мен.

Келін болдың бүкіл елден бата алған
Қос енеңмен жақсы атың аталған.
Бүкіл әулет тойламасақ тойыңды
Ертең таяқ жейміз мұртты папаңнан.

Үш мүшелде шүкір жақсы дәрежең
Тектілермен тең көрінер терезең.
Күләйшаның жетпегенін жеткізген
Алты алаштың ардақтысы Тән әжең.

Жәдігер қып Бәйділдә аға құманын
Өткенді еске ап,бетті шайып тұрамын.
Сенің салған көпіріңмен жол тауып,
Қазір бүкіл абақанмен құдамын.

Қонақ үшін қайнап қазан, шәйнегің
Кісі күтіп баптауға сен жайлы едің.
Ұзатылып Нұрилаң мен Әйгерім
Аппақ келін алып келсін Айбегің.

Нұрғисаңмен тауып мәңгі жарасым
Жылдарменен алға жлжып барасың.
Шөпшегің уысынан су ішсін
Қадірлі едің әрі апаң, нағашың.

Ұрпағыңды ұлағатқа үгіттеп
Тәрбиеле алда қызық, үміт көп.
Сегіз бірдей мүшелінді ел көріп
Жүз жылдықтың желмаясын мініп кет!



Аман Шобанбаев

1959 жылы туылған. «Жаңақала» ауылындағы №185 мектепті 1976 жылы бітірген. 1977-1979 жылдары армия қатарынан оралып, ауылда әртүрлі жұмыстар атқарған. 1981-1984 жылдары Қызылорда политехникалық техникумын Автомеханик мамандығы бойынша бітіріп, сол оқу орнында «Оқытушы шебер» болып қызмет жасады. 1995 жылдан бастап «Южнефтегаз» мекемесіне жұмысқа тұрып, 2022 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты. Қазір Қызылорда қаласында тұрады.

Көшенейді аңсау

Кешегі өткен Көшеней
Үні бір шыққан қалықтай
Естілгенде дауысы
Тыңдаған жұрты жалықпай
Термесі менен жырлары
Риза қылған халықты - ай
Көрұғлы жырын бастаса
Кететін даусы шарықтай
Дауысы сұлу керемет
Ғашық болып талайлар
Үніне оның зарықты - ай
Сырдың сұлу мақамын
Үнтаспаға бастырып
Шығарып еді жарыққа - ай
Терме бастап жыр айтса
Отыратын қариялар
Ештеңеден тарықпай
Осы күні біз жүрміз
Дауысын аңсап елегзіп
Қалима болған балықтай

* * *

Мақтаншақтық даңғойлық
Жараспайды жігітке
Өтірік айтып, көп сөйлеп
Жұрт аузына ілікпе
Азаматтармен жолдас бол
Жарайтын санақ іліккен
Қиянат қылма ешкімге
Ұқсама құзғын, сүлікке
Ақылыңменен қызмет ет
Орынсыз барма бүлікке
Ағайынмен болма араз
Силасып өткін тірлікте
Өсек ,аяң, өтірікпен
Сенбе жалған үгітке
Тарылып қалмай кең болсаң
Жетерсің арман үмітке

Досқа наз

Бері қара әй достым
Көрінгенге төсек боп
Жалбақтама жалтақтап
Жігітке бұл іс жараспас
Жүргенің дұрыс биік боп
Бәйге атындай алшақтап
Абыройлы жұмыс қыл
Жарамайды жүргенің

Көлеңке де жан сақтап
Ортаңа өскен силы бол
Анаңның берген ақ сүтін
Шығарсың сонда сен ақтап
Құдай қосқан жарыңа
Ниетің түзу ақ болсын
Ақ жүрегін, пәк көңлін
Кетпегейсің сен таптап
Қызыға бермей қызылға
Нәпсің менен құлқынға
Тыға бермей тықпалап
Маңдайға ұрып тарт тоқтат
Осы айтқан аз сөзім
Есіңде болсын әр уақыт
Білгенімше айттым мен
Қайтейін сенен сыр сақтап

* * *

Ей, бауырым алақтамай жан жағыңа
Білім қу пайдасы бар ел халқыңа
Жолдас бол жігіттермен өнегелі
Ерме бос даңғойлардың дарқылына
Білімсіз бос қой өмір деген сөз бар
Ілгергі өткендердің нақылында
Сондықтан білім үшін ұмтыл алға
Ұрыдай ұрлық еткен жасырынба
Білімсіз қалу тіптен ұят болады
Атомның космостық бұл ғасырында
Тағы айтам білім үшін алға ұмтыл
Жетерсің мақсат мұратыңа асылында

Өзім туралы

Өнерге құштар болдым әуел бастан
Домбыра қолға ұстадым 15 жастан
Құмар боп Сыр бйының әуеніне
Жаттадым өз әлімше жыр мен дастан
Молдадан Машыраптай дәріс алып
Үйрендім мақамдарды жалықпастан
Олжабай, Сүйінбай, Берман, Көшенейдің
Тыңдадым әуендерін бас алмастан
Қуандық, Орақ, Шамшаттармен бірге жүріп
Мақамға сусындадым қалыптасқан
Тәнтімін Алшынбектің мақамына
Бұлақтай сырғи аққан тау мен тастан
Боздаған Бидас ағам паровоздай
Тартатын составтарды алқынбастан
Парижде Алмас қожа шырқағанда
Арасы Еуро Азия жақындасқан
Үлгі алдым алдымдағы ағалардан
Тұлпардың тайындай боп ізін басқан
Солардың шылауына ере алсақ

Біздерге бақыт барма онан асқан
Ізімнен естіледі дүбірлері
Жастардың жүйрігінің қамшы басқан
Берік пен Серік келет тізгіндесіп
Бәйгенің алдын ала қиқуласқан
Тұяғы тұлпарлардың Арнұрым бар
Жері жоқ жыр айтудан жаңылысқан
Амандық жалғастырып жыр дәстүрін
Бәйгеге жастайынан араласқан
Қос қызым Ұлжан, Ақерке салса әнге
Талайды табыстырар сағынысқан
Майраның сыңғырлаған сырлы үніне
Дуылдап халық тегіс қуанысқан
Өнері өрлей берсін жастарымның
Таймасын ешуақытта бағы бастан
Солармен жалғасады жыр керуені
Дегендей шығады деп ақыл жастан
Жазушы ныспым Аман қолым қойдым
Шөмекей Дәйт ұранды елім Аспан

Аққұлов Жұмабекке

Киікшіде Аққұлов
Мінезінде пәктілік
Биязы жұмсақ мақтадай
Білінбеген қаттылық
Әңгіме айтса шешіліп
Жіберетін тәтті ғып
Әнді айтсада сиректеу
Айтады бірақ нақты ғып
Тыңдаған жұрт *Нақ - нақты *
Тартады алға факті ғып
Кешегі жігіт бүгінде
65 ке кепті шат күліп
Денсаулық пенен, күш қуат
Тілеймін аға өзіңе
Творчестволық сәттілік


2008 жыл Қызылорда қаласы

Алмас Алматовтың 60 жасына

Ұлысың Текті Ата қасиетті
Жасынан тыңдап өске өсиетті
Сусындап шайырлардың жыр әніне
Жырлауды терме, толғау нәсіп етті
Бұл ағам 60жасқа келіп енді
Заманның талай белін басып өтті
Тілеймін ұзақ ғұмыр ағамызға
Саялы, бау бақшалы, бәйтеректі
Парижде Сыр мақамын шырқағанда
Аспанын Европа дірілдетті
Азия, Америка құрлығына

Саңқылдап Алекеңнің үні жетті
Әлемге Сыр мақамын танытпаққа
Ұланы Ұлы Дала терін төкті
Тілектес ізіңе ерген інің едім
Есімім Аман болар, Аспан текті

2016жыл Қызылорда қаласы



Тасқынбай Оңайсынов

Оңайсынов Тасқынбай 1960 жылы бұрынғы Карл Маркс атындағы колхоз, қазіргі Алдашбай ахун ауылында дүниеге келген. 1964 жылы отбасы жаңадан құрылған «Жаңақала» совхозына қоныс аударып, ол осы ауылдан №185 мектепті бітіріп, еңбек жолын жүргізуші болып бастады. Қазір Қызылорда қаласында тұрады. Зейнеткер.

Ауылға сағыныш

Балалық шақ өзінде өткен,
Көңілге ыстық көркем неткен.
Қызықты шақ, бал дәуренім,
Есейсемде кетпес естен.

Қайырмасы:

Жаңақалам, Жаңақалам,
Өзіңе арнап өлең жазған,
Топырағыңда аунап өскен,
Мен де бір қара балаң.

Күннің ыстық, қысың салқын,
Адамдарың кіл ақ жарқын.
Түу алыстан мен мұңдалап,
Қарақ жалы мұнартатын.

Қайырмасы:

Жусан өскен құм төбелер,
Көсік, жуа терген күндер,
Сағыныш боп, сағым болып,
Көз алдымда елес берер.

Қайырмасы:

Соңғы қоңырау сыңғыры

Жүз сексен бес алтын ұя мектебім,
Сені қиып қалай ұшып кетемін.
Естігенде соңғы қоңырау сыңғырын,
Ойға оралды балалық шақ өткенім.

Соңғы қоңырау сыңғыры ол соңғы рет,
Тербеткендей балалықтың бесігін.
Соңғы қоңырау сыңғыры ол алғашқы,
Ашқанқандай ғой болашақтың есігін.

Ұстаздармен бірге өтті талай күн,
Сол күндерді бақытыма балаймын.
Ұстаз салған алдымда ұзақ сара жол,
Болашаққа сенімменен қараймын.

Қош бол енді алтын ұя мектебім,
Өзінде өтті балалық шақ көктемім.
Ұстаздармен қоштасудың қиыны-ай,
Сезбей қалдым он бір жылдың өткенін.

Отан – Анам

Отаным Егеменді – Қазақ елі,
Біз елдің қорған болар жауынгері.
Отан үшін антқа біз берікпіз,
Бабалардың бізге үлгі жүрген жолы.

Отаным – Анам,
Қорғаның болам.
Ұйықтасын сәби,
Болмай алаң.

Бабаларым найзамен ел қорғаған,
Қартайсамда еліме сарбаз мен болам.
Ел сенімін әрқашан ақтау парыз,
Жаным бірге өзіңмен Отан – Анам.

Қырықтан асқан бір досыма

Қырықтан асып барасың,
Сұлуға көз саласың.
Әйелің бар, балаң бар,
Басқаға қалай қарасың.

Олайда бұлай қарадың,
Қашып қайда барасың.
Біліп қалса әйелің,
Бәлеге сонда қаласың.

Жасың асты қырықтан,
Арыл жаман қылықтан.
Құтылмассың сірә да,
Әйелің салған құрықтан.



Абдолла Дастанов

1961 жылы туылған. «Жаңақала» ауылындағы №185 мектепті 1979 жылы бітірген. ҚазГУ-дің журналистика факультетінің түлегі. 1988 жылдан бері журналистика саласында қызмет жасап келеді. Қазақстан Республикасы Ақпарат саласының үздігі. «Egemen Qazaqstan» газетінің Ұлытау облысы бойынша меншікті тілшісі, «Аймақ ақшамы» газетінің бас редакторы.

ХАЛҚЫНЫҢ ҚАРА НАРЫ БОЛҒАН АДАМ!

*"Жаңақала" ауылының негізін қалаушы
Қаратай аға Қуаңбаевтың 100 жылдығына*

Дүбірді естіген соң ауылдағы,
Жүректен жырдың оты лауылдады.
Жиылып жан - жақтан кеп жатсындар ма?
Ауылдың үлкен - кіші қауымдары.
"Жаңақала" дейтұғын Бәйтеректің,
Бір-бір түйір едік қой жапырағы.
Халықтың нөпірінен көрініп тұр,
Қаншалық Азаматын сағынғаны.
Өзі жоқ, ортамызда жүр ғой бірақ,
Ағамыз Қаратайдың аруағы.

Ойыммен өткен шаққа оралмақпын,
Алпысыншы жылдар бір ғаламат -тын,
Ғарышқа алғашқы рет адам ұшып,
Жадында қалған мәңгі адамзаттың.
Еңсесін соғыстан соң көтерген ел,
Жоспарын сызып жатқан болашақтың.
"Екінші тынды игеру" деген ұран,
Көрінген кепіліндей жарқын шақтың.
Сол кезде Тәуекелге белін байлап,
Қызылға ұлы көшті бастаған кім?

Әрине, ол Қаратай Қуаңбаев,
Бастаған ісін жолда тастамайтын.
Сынақтың талайынан өткен ұлын,
Халқы да қалай ғана қостамасын?
Ерге ел сенді -дағы, еліне ері,
Толқынға айналды көш тоқтамайтын.
Жылында 64 -тің "Ашаға" кеп,
Қазықты өз қолымен қаққаны айқын.
Қазіргі "Жаңақала" ауылының,
Тарихы міне, осылай басталған-тын.

Қарекен бар шаруаны тастай қылды,
Ауылын өрден өрге бастай білді.
Шаруасы көңілге сай болғаннан соң,
Халқы да әрбір ісін қостай білді.
Арнайы Алматыдан бірде ауылға,
Бағаев Ұзақ деген аға келді.
"Кекірелі", "Тағайды" көзбен көріп,
Таңырқап тірлігіне қарай берді.
"Сақпан сынды сартылдап тұрған жігіт",
Деген ол Қарекене баға берді.
"Социалистік Қазақстан" газетіне,
Очеркі де жарқ ете қалып еді.
Сол очерк арқылы Қазақстан,
Аулымыздың тірлігін танып еді.

Жаңа ауылдың тамаша адамдарын,
Журналист тамашалап жазып еді.

Солардың жақсы атағын шығарған кім?
Айтпай - ақ мұны әрине, ұғады әркім.
Қарекен еңбек еткен ерді жақтап,
Жұлдызын жаға білді талайлардың.
Әділбек Хайруллаев "Герой" болды,
Ішінен озып шығып шопандардың.
Жиырма жеті жасында жанған жұлдыз,
Жарқырап Қызылорданың төрінде тұр.
Орынтай, Сайлау менен Шерепеттер,
Демеудің есімдері жадымда жүр.
Құмның іші қазына малға толып,
Жұмыр жердің еді ғой жаннаты бұл!
Төрт ферма қой бағатын адам таппай,
Күзге салым бір айқай болатын кіл.
Соның өзі Құдай - ау ойлап тұрсам,
Сол заманның екен ғой бақыты бір!

Есімі табылатын төрден әман,
Жұртының жүрегінде қалған адам.
Маңайына береке, бақ дарытып,
Ауылдың кие - құты болған данам.
Басында елдің жақсы жүргеннен соң,
Жамандық бұл ауылға жоламаған.
"Жаңақала" ерекше ел еді ғой,
Бірде - бір азаматы сотталмаған.
Жастары оқу оқып, білім алып,
Қарттары жолдарынан жаңылмаған.
Жан -жақтан ел құйылып жатушы еді,
Жақсы жерде болмаққа етіп қадам.
Бір жағы Қарақалпақ, ал бір жағы,
Көшіп келіп жататын Қызылордадан.

Бүгінде мұның бәрі ертегідей,
Сенер ме болды десек сондай заман.
Осының бәрін мүмкін еткен еді-ау,
Қаратай Қуаңбаев деген ағам!
Атадан Қаратай боп туылғанмен,
Халқының Қара нары болған адам!
Жүз жасқа енді ғана жетеді екен,
Таусылмай демі ортада жүргенде аман.
Алпыстың алтауына аттағанда,
Жебесін жіберіпті ажал оған.
"Жақсының көзі сөнеді, өзі өлмейді",
Деген сөз айтылғандай арнап соған.
Ел бар да Қарекеннің аты өшпейді,
Етпейді бұған сірә ешкім күман.
Осындай сенімменен хат жолдаған,
Абдолла ибн Дастан деген балаң.

АЛМАН ШАЛДЫҢ ЕГІЗ ҰЛЫ АТАНҒАН...

Майлыбай-Майлау және Сайлау Алмановтарға

Туған күні Көкем менен Тәтемнің,
Тарихтан да сәл -пәл қозғап өтейін.
Байділдаға серік болсын деп Алла,
Бір -ақ күнде топ еткізген екеуін.

Ол екеуі десеңіздер кім еді?
Аузын ашса көрінетін жүрегі -
Алман шалдың егіз ұлы атанған,
Майлау, Сайлау... десең бәрі біледі.

Кейде қиын тиетұғын сенуге,
Таңғажайып сәттер аз ба өмірде,
Қи үстінде... түзге шығып отырып,
Бала әкелу мүмкін бе екен өмірге!

Рухының алдында бас иелік!
Біле білсек бұл дегенің Ұлы Ерлік!
...Дәрет үшін шығып кетіп далаға,
Әжем үйге келген ұлын көтеріп!

Тоқтамаған тағдыр сыйы мұнымен,
Тағы да бір перзент бары білінген.
Сәлден кейін тербеліпті шаңырақ,
Егіз ұлдың інгалаған үнінен.

Ауанымен өмір алға жылжыды.
Қос егіз ұл - қос ақсақал бұл күні.
Немеренің тәттілігін сезінген,
Шөбереден көрсін қызық ендігі.

Теріс басқан кезім болса кешірген,
Өздерінің үлкеніндей өсірген.
Түспегенім екеуінің мойнынан,
Сірә менің шығар ма екен есімнен.

Еңбектері маған деген ерек тым,
Қос ағамды келіп отыр жыр еткім.
Дегенменен, бәрі -бәрі арқасы,
Қос жеңешем Тынымкүл мен Жібектің!

Біріңді артық , біріңді кем көрмеймін,
Қадіріңді білер дейсің мендей кім?
Жасағанның берген бағы емес пе?
Алдымызда жүргендерің сендердің!

Бауыр бүтін болып, әркез бас аман,
Қуаныштан босамасын босағаң.
Елге барсам, құшағына алатын,
Аман - есен жүріңдерші , қос ағам!

БӨЛЕКШЕ ОНЫҢ БАҒАСЫ...

Зайыбым Даригага

Ақ пенен қара жайлаған,
Айқасқа толы айналам.
Қым-қуыт мынау тірлікте,
Кіммін деп кейде ойланам.

Өзімді өзім білемін,
Өмірден алдым керегін.
Алшаңдап жүрмін Арқада,
Сейхунда туған ұл едім.

Аласа емес дөңеспін,
Таулармен небір тең өстім.
Көңілім – патша... ендеше,
Патшадан кем де емеспін.

Бастағы бақыт құсының,
Екенін анық түсіндім: -
Үш жүздің ханы болғаннан,
Әкесі болған үш ұлдың.

Арайлап таңым атады,
Күлімдеп күнім батады.
Шаңырағым - менің ақжайлау,
Арылмай қонақ жатады.

Ұлынан артық төренің,
Қадірлеп жатса мені елім,
Осының бәрі арқасы,
Өзімді сүйген әйелдің!

Марапат, мақтау - менікі.
Таусылмас тірлік - оныкі.
"Бақытты болсын" деп мені,
Өмірге келген секілді.

Қиындықтар да көргенбіз,
Көре де жүріп жеңгенбіз.
Өмірімді көркем етті ғой,
Көктемде туған көркем қыз!

Құдайым артық көрмесін,
Ақиқат айтпау - ерге сын.
Көңілде аштық болмайды,
Жан жарың жақсы көргесін.

Әйелсіз өсіп, өнер кім?
Сонымен көктеп, көгердім.
Ертеңім артық бүгіннен,

Болатынына сенемін.

Шадыман шалқар шаттықпен,
Осындай маған бақ біткен!
Бөлекше оның бағасы,
Табылар теңеу жоқ тіптен!

Мақтамай енді не етейін!
Сонымен асқақ мерейім!
...Еркекке қарап таниды ел,
Әйелдің қандай екенін!

СЕН - КӨКТЕСІҢ, МЕН - ЖАЛҒАНДА!

Дариганың рухымен тілдесулерден

Алты ай өтті - жарты жыл,
Бүгін емеспін - жартымын.
Сапарға кетсе іздеуші ем,
Хабарсыз қалса жарты күн.

Түседі еске бұл күні,
Сымсыз телефон арқылы:
"Өліп қалды ғой деймісің,
Барам ғой ертең" дейтіні.

Тұрағын тауып ғарыштан,
Қарай ма бүгін алыстан?
Тағдырға не деп болғандай,
Бір мезетіне зар қылған.

Көңілімде Мәңгі қалған мұң -
Бақұлдаса алмай қалғаным.
Кім білген жоқ боп кетерін,
Қасыңда жүрген адамның.

Сыртыма жалы дүрдеймін.
Ішімде не бар... білмеймін?
Өзіңді өзің ұқпайтын,
Шеңберіндемін дүниенің.

Басына түссе пенденің,
Болмайтыны жоқ көнбейтін.
Кеткендігіне көз жетті,
Сапарға қайтып келмейтін.

Тәубе дейтінім мен енді,
Қабыл боп елдің тілегі,
Қолынан ұстап Бағланның,
Шаңырағыма Гүл келді.

Мен - Жерде, ал, ол Көкте жүр.

Тілеймін тілек Хақтан бір:
Дариғам кеткен қалдырып,
Дәндерім өсіп, көктесін.

Түргендей болып түнекті,
Жұбаттым аздап жүректі.
Ұрпақпен өмір жалғасып,
Тәңірім берсін тілекті.

* * *

Тағдыр деген тастан қатты,
Жүрегімнен жас парлатты.
Жерді қойып... жанарыммен,
Шарлап кетем аспан жақты.

Қалып кейде төзім ада,
Аласұрам жан - жағыма.
Жерден болсын, Көктен болсын,
Іздейтінім - Өзің ғана!

Таппасымды біліп тұрам,
Алданады - ау үмітке адам.
Таңды көзбен атырам да,
Түніменен ұлып шығам.

Сен кеткелі жайым осы,
Жылжи берсін өмір көші.
Басылмайтын шығар сірә,
Көңілімнің сағынышы.

Сен - Көктесің, мен - Жалғанда!
Жолығатын жол болмай ма?
...Ұшып жетем Саған бір күн,
Сағыныштан сарғайғанда!

ПЕРІШТЕ- ӨМІР, ПЕРИЗАТЫМ-АУ...

Қарындасым Нағиманың аруағына

Кім жазар жүрек жарасын мәңгі,
Топырақ болып қаласың ба, енді?
Періште- өмір, перизатым-ау,
Пенде біткеннің арасындағы.

Ой- арманыңа жете алмадың-ау,
Тағдырдан аттап өте алмадың-ау,
Азғантай ғана жалған ғұмырда,
Жайрандап күліп кете алмадың-ау.

Жартысы-бүтін, жартысы- жамау,
Не сезіп өттің фәниден мынау.
Тойыңды ғана көрсем деп едім,
Тағдырдың әнтек талқысы- мынау.

Арманым қайтем алдады мені,
Ағаңның жылап қалғаны ма еді?!
Өзгеден артық болдың ба, жаным,
Соқыркөз ажал таңдады сені.

Ұзақ сапарға ұзатып мәңгі,
Сұп-суық ажал сұлатып салды,
Төсіңнен өрген төрт құлының да,
Төртқұлағыңды күзетіп қалды.

Қабір құшақтап, қақырап денем,
Ойымда бар ма, аһ ұрам деген.
Үйіңе талай іздеп барармын,
Кім күтіп сонда отырар екен?

Қарғаларыңа қорған болармын,
Өскінің өссе- орман қыламын.
Жаннаттан жаның тыныштық тапсын,
Жалған дүниеге сыймаған жаным.

КЛАСТАСТАРЫМ — МҰРАТТАСТАРЫМ

Әнін шығарған Нұрлан КЕРІМБЕКОВ

*(Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы №185-қазақ орта мектебінің 1979
жылғы түлектеріне)*

Бағындай болған бала шақтардың,
Баспалдағындай болашақтардың.
Мектебім менің куәсі де едің,
Бұр жарған алғаш махаббаттардың.

Қайырмасы:

Кластастарым, —
Мұраттастарым,
Қымбатсың маған,
Қанаттастарым.
Бұл жырым менің,
Сендермен бүгін,
Жырақта жүріп,
Құшақтасқаным.

Өтуде жылдар өрнегін салып,
Тәттісі кетті, кермегі қалып.
Қанат қақтыңдар биік шыңдарға,
Бақыт таптыңдар өмірге лайық.

Қайырмасы.

Қалқыды өмір, шалқыды көңіл,
Қай жерде қалдың, шайхы күндерім?
Біз жүрген ізбен ендігі жерде,
Балауса-ғұмыр сайрандай берсін.

Қайырмасы.

Жатса да шашқа ақ кіріп бүгін,
Сендерсіз шаттық жоқтығын ұқтым.
Жүзге жетсек те жүрегімізде,
Балалық шақтың пәктігі жүрсін!

Қайырмасы.

ҒАРЫШ ПЕН ЖЕРДІҢ ЖЫРАУЫ!

Бидас аға Рүстембекұлына

Ауылдас ағам Алмастың,
Астанадан жазғаны,
Жабулы жатқан жасырын,
Мендегі "жынды" қозғады.
Алпыстың кепті бесіне,
Рүстембектің Бидасы!
Жұртында қалған Қорқыттың,
Жиенбай жырдың жалғасы.
Күміс көмей атанған,
Көшеней еді ағасы.
Құлагерді мерт қылған,
Батыраштың балтасы.

Жыраулардың бір уақ,
Ойсырап қалды-ау ордасы.
Ағаның орнын жоқтатпай,
Жыраулық көшті тоқтатпай,
Сол кезде алға сүйреген,
Халқымның осы қарғашы!

Алға ұстап әке, атаны,
Жаныңды матап мақамы,
Көнеден жеткен қоңырау,
Күмбір қағып жатады.
Жиенбайдан жеткен мақаммен,
Би-ағам берген батамен,
Басталған жоқ па ғарышқа
Айдын батырдың сапары.
...Бақыттың зоры емес пе,
Бидастың дауысы бүгінде,
Ғарышта қалқып барады.

Ер болған соң баталы,
Елге кеткен атағы.

Тұтқандар Ұстаз қаншама,
Бидастай жырау ағаны.
Қармақшы жері қашаннан,

Жыраулардың Отаны.
Өнерге талап еткендер,
Батасын алып жатады.
Жыраулық өнер білгенге,
Халықтың шәрбат-бұлағы!
Жиылса жұрты тарқамас,
Тәттіге кім тояды?
Құлақтың құршы қанғанмен,
Көңілің аңсап тұрады.
Терме сөздің тiнiнде,
Даналық пен тазалық,
Тiзiлiп қатар тұрады.

Шын жырауды кім десең,
Көненің сөзін жеткізген,
Көкірегінен өткізген,
Ерекше жан ғой бұ-дағы.
Алпыс бестен асса да,
Жүзге жетіп жатса да,
Тыңдауға халқы тартынбай,
Жырлай берсін алқынбай,
Ғарыш пен Жердің жырауы!
Рүстембектің Бидасы!

* * *

Жетпіс жас құтты болсын, Би-Ағамыз!
Өн бойы тұнып тұрған жыр ағамыз!
Бұл көңіл әлденеден жадау тартса,
Өзінді тыңдаймыз да уанамыз!
Біздің де ұсақтауға қақымыз жоқ,
Болған соң алда сіздей ірі ағамыз.
Жиенбай сан шәкіртті жетелесе,
Ұстаз болып келесіз талайға сіз.
Жыраудың жалғас тапқан көшін көріп,
Сүйсініп ырзалықпен қараймыз біз.
Ақ сүтін ақтап жүрген Сіздей ұлын,
Мақтаныш ете берсін Сыр-Анамыз!
Алланың деген жасын көресіз ғой,
Дегенмен, жүзге жетпей құламаңыз!

АЛАШҚА ЖЫРАУ БОЛЫП ТАНЫЛДЫҢЫЗ

Алмас аға Алматывқа

Әлеке, құтты болсын, алпысыңыз!
Халықтық ұғымдағы талтүсіңіз!
Ініден жазылған хат - сыйланған ат,
Без емес, сөзден болсын тартуымыз.
Жалғанның жұмағындай "Жаңақала",
Ақбесік туып-өскен ауылымыз.
Ішкен - су, жұтқан ауа бір дегенмен,
Болды ғой бөлекшелеу тәліміңіз.
Олжабай, Машарап пен Орақ жырау,
Соңында сөнбей қалған жарығысыз.
Дүниеге қожа болып келгенменен,
Алашқа жырау болып танылдыңыз.
Салғанда алпыс қанар қапқа сыймас,
Еліңнен алған бата, алғысыңыз!
Бағасын білетінге бақ қонады,
Көтеріп жүре алар ме едік жартысын біз?.

Қашаннан Сырдың елі - жырдың елі,
Дегенді айтпасам да ел біледі.
Беласар, Алтындыасар, Жетіасардан,
Есте жоқ ескі заман гүңгірлейді.
Оғыздар бұл өлкеде қала салып,
Жайлаған кешегі күн ғұнның елі.
Қолында қара қобыз сар далада,
Сарнатып дәдәм Қорқыт жүрген дейді.
Сол кезден Сырдың бойы жырға айналып,
Сыралғы сазға бөгіп қалған дейді.
Аңыздың түбі - ақиқат, сенем бұған,
Өнерлі ұрпақ өсіп-өнген еді.
Солардың бірегейі Алмас ағам,
Көрінген қатарынан көші ілгері.

Әлеке, інің де ортақ тойыңызға,
Табамыз жырдан дәру жанымызға.
Алпысқа абыройлы алып келген,
Алпыс жыл жалғас тапсын алдыңызда.
Құйылып көңілден - сыр, көмейден - жыр,
Қызмет ете бергін халқыңызға!
Шәкірттер жүздеп, мыңдап өсе берсін,
Сіз жүрген жыраулықтың бақшасында.
Түтіні шаңырақтың түзу шығып,
Шырайлы шаттық болсын отбасында.
Марқайып өзіңізбен біз жүрейік,
Мақтанып ауылдастың аты озғанға!

ЖҰМАҚҚА СЕН БАРМАСАҢ, КІМ БАРАДЫ?

Жан құрдасым, досым Асыл Шамшатұлының рухына

Ел жақтан мұндай хабар күтпеген ем,
«Өмірден Асыл досың өтті» деген.

Хабарды естігенде қанжар сұғып,
Алғандай тітіркеніп кетті денем.

Егіздің сыңарындай көрінетін,
Қатарлас бірге туған төлім едің.
Болсаң да көзден ғайып, көңілімнің
Тұрасың орын алып төрінен шын.

Тірлікті айта алғандай жеңіл деп кім?
Тұщысын, ащысын да көріп өттің.
Пәнидің ұйқысынан ояна алмай,
Бақидың ұйқысына еніп кеттің.

Сағынтып бірге жүрген шақтар мені,
Тілдесу телефонмен тоқтайды енді.
Ұққаным – Асыл досым арсалаңдап,
Ауылға барғанда алдан шықпайды енді.

Наурызда нала көңіл ән сала ма?
Жыланды жылап тұрып қарсы алам ба?
Таңдауы саған келіп тіреліпті-ау,
Ажалды жерік деуші ед жақсыларға.

Елудің екісіне беттегенде,
Ғұмырың кілт үзіліп кеткені ме?
-Болсын - деп - алдың – пейіш, артың – кеніш,
Рухыңа дұға-тілек еттім міне.

Жігіт ең сыйлайтұғын елдің бәрі.
Тұрағың пейіш болсын алдыңдағы.
...Тараған кіндігінен төрт қызы бар,
Жұмаққа сен бармасаң, кім барады?

ТАБЫЛАСЫҢ ТӨРІНЕН КӨҢІЛДЕРДІҢ!

Үрімкүл Садыққызы Ерсейітованың рухына

Қу телефон, жеткіздің тосын нені?
Естігім келген хабар осы ма еді?
Чаттағы кластастар таңертеңнен,
"Үрімкүл неге үнсіз?" десіп еді.

Көңіл шіркін сезді ме әлденені,
Достардың бәрі сұрау салған еді.
Әншейінде бізді өзі іздейтұғын,
Үрімкүл бірақ, жауап бермеп еді.

Ақиқатпен беттесіп тұрмыз енді,
Кетті аспанға... өзі де жұлдыз еді.
Ресми лауазымы болмаса да,
Бізге басшы боп жүрген бір қыз еді.

Іміран, саған түсті ауыр салмақ.
"Сынақты береді" дейді Алла таңдап.
Алланың сол таңдауын көтере біл,
Бала -шаға қалды ғой саған қарап.

Қайтейік, қолдан келер не шара бар?
Пейіш нұрын тілейік Жасағаннан.
Қайғыны сабыр ғана жеңед дейді,
Ендеше, берік болып, босамаңдар!

* * *

Уақыт қоймайды екен сенбесіңе,
Көзіміз жетті қайтып келмесіңе.
Етіміз де үйреніп бара жатыр,
Жарқылдап ортамызда жүрмесіңе.

Қарамай қиыншылық , басқасына,
Жиналғанда өзара басқосуға.
Сондай сәтте жетіп кеп достарыңның,
Сыйлық беріп кетер ең бас - басына.

Ондай күннің бәрі де кейін қалды,
Енді қайтып келмесің мойындалды.
Сырты күліп тұратын іші жылап,
Кім жұбата алады Іміранды?

Көңілің шайдай ашық мөлдір еді,
Сыйлаушы еді сондықтан елдің көбі.
Аузын ашса жүрегі көрінетін,
Сендей досты бізге енді кім береді?

Кешегі бар, бүгін жоқ,
Өмір мына -
Сағынышқа айналған сағым ғана!
Тұлымшағы желбіреп жүрген кеше,
Құлыншағын іздейді "Жаңақала"!

Жыл толды үзілді де өмір дейтін,
Еніп кеттің әлемге көрінбейтін.
...Төрдегі орның қалғанмен үңірейіп,
Табыласың төрінен көңілдердің!

ЕНДІ БІЗГЕ ӨЗІңДЕЙ ДОС БОЛМАЙДЫ

Құлысбай Жақсымбетбаласы Үкішов дүниеден өткенде

Сен де кетіп қалдың ба, бұл өмірден,
Бір кінарат болды ма жүрегіңнен?!

Қашан болсын Құдай -ау, айдақ -жайдақ
Аңқылдаған қалпыңда жүретін ең.

Жүрген жерің күлкінің базары еді,
Қалжыңдарың қазақы, ғажап еді.
Күлмесханның өзі де сені көрсе,
Екі езуін жия алмай қалар ма еді?!

Жігіт едің "мынау кім?" дегізбейтін,
Қадірлі едің сонымен еліңе шын.
Көңіліңнің кеңдігін біле ме екен,
Кім келсе де ауылға сені іздейтін.
Жұғымды едің жасыңнан жан -жағыңа,
Тілін таптың орыстың, орманның да.
Құрдасыңа айналып кеткен еді -ау,
Жастары да ауылдың, шалдары да.

Сен осындай ерекше бір жан едің,
Енді сені жоқтайды туған елің.
Енді бізге өзіндей Дос болмайды,
Ешқашанда әрине, толмайды орның!

Сабыр берсін жан жарың Алмашыңа!
Ұл -қызың, немерелер, баршасына.
Кеше ғана тілдесіп, сөйлесіп ек,
Осы екен ғой білгенге жалған мына.

Ақырғы рет дем алып таң атқанда,
Сапар шегіп барасың Жаратқанға!
...Біз білетін Құлысбай болсаң егер,
Күліп барып енерсің жұмаққа да!

ТАҒЫЛЫМ

Бұл шалың заманында белсенді еді.
Тепкісін тартып халық, ел сенделді.
Талай жыл төсек тартып жатқанына,
Ойы сол «тек тезірек өлсем» дейді.

Самалы уақыттың жаза алмаған,
Бойында күнәсі көп тазармаған.
Қарарға жұртқа беті қалмағанда,
Адамға болады екен ажал да – арман.

Сананың сия қоймас мөлшеріне,
Өлімге асығады ол сонша неге?
Көрпесін одан сайын қымтанады,
Сәулесін сезсе күннің бөлмесінде.

Ажалдың ұстай алмай қармағынан,
Қорқыныш, үрей қысып жан - жағынан.
Жалғанның жарығынан қашып жатыр,
Жалғанға талай лаң салған адам.

Бар пәле бүгінде емес өткенінде,
Талайлар бұдан азап шекпеді ме?
Тірінің біріне де қадірі жоқ,
Өлімнің өзі де оны жек көре ме?

Бар болса келіп неге мұны алмайды?
Атқан таң, батқан күнге қуанбайды.
Қабырғалас тұратын тым құрыса,
Көршісі де көңілін сұрамайды.

Тірлігі таусылмайтын болғасын мұң,
Мүжіліп іштей қалай қорланбасын?
Күніне бір емес ол, мың өледі,
Келіні тәнін көріп, жуған сайын.

Тәңірден нәсібі кем жаратылған,
Қарашұнақ құл еді қаратабан.
Қазанда қазы-қарта қайнағанда,
Ерінін жалай-жалай жара қылған.

Бір күні патша құлап, қызыл келді,
Құл-құтан Қызыл тудың соңына ерді.
Қолға су құюға да жарамайтын,
Осылар топты бастап шыға келді.

Ел таныр болмағанмен тектілігі,
Түлкідей танылғасын ептілігі.
Кеңестің саясатын жүргізетін,
Өкіметтің өкілі етті мұны.

Нан пісіп көкірекке шыға келді,
Кәрінен қорқып халық ыға берді.
Сол кезде көпке тісі батқандығын,
Пұшайман күйге түсіп ұғады енді.

"Заманым міне, менің келді" деген,
Қолында Қызыл Туы желбіреген,
Тақымында жатты ғой тулап талай,
Байлардың жас тоқалы үлбіреген.

Бұғынып ештеңеден тайсалмады,
Болмай әсте қоймайтын ойға алғаны.
Кешегі жақсы менен жайсаң жандар,
Осының айтуыменен жауға айналды.

Тізесі батқан елге бұл адамның,
Тізбелеп кім тауысар құналарын?
Есімі естілгенде бесіктегі,
Бала да қоюшы еді жылағанын.

Тұрғанда баста - бөрік, қолда - мылтық,
Құдайын ұмытқанын енді ұғынып,

Бармағын тістелеген бейшара шал,
Өлімге болып жатыр соншама ынтық.

Жүгенсіз жүргендерге осы күнгі,
Тексіздің тәлім болсын тағылымы.
...Халықтың қарғысына ұшырасаң,
Өлім екеш өлім де жуымайды.

Киелі елім -Қармақшым!

Марал ишан, Сейтпенбет,
Қорқыт бабам жатқан жер!!
Тұрмағамбет,Дүр Оңғар,
Жиенбай жырын төккен жер!!
Шораяқтың Омары-
Халқына мақтан болған ер!!
Сүлейлердің жалғасы
Көшеней туып өскен жер!!
Шамшат жауһар жырларын
Ақ жаңбыр етіп сепкен жер!!
Бұлбұлдай даусын сайратып,
Қуандық жырау өткен жер!!
Қойнауында ғасырдың
Қалмасын деп жырлары,
Алмас аға жүр ізденіп!
Көп болып айтар сырлары!!
Сегіз қырлы бір сырлы,
Әрі әнші,әрі ақын,
Бауырым Серік ақынның
Жүрегінде әркез жыр тұнды.
Табанда тақпақ құраса,
Қалауын тапты халқының.
Түйінді айтқан ойлары
Көңіліне жақты жалпының!!
Сан өнерпаз түрленіп,
Гауһардай болып жанған жер!!
Киелі елім -Қармақшым!
Дүлдүлдер сөзі қалған жер!!
Дүбірлетіп даламды,
Сан тұлпарлар өткен жер!
Сол тұлпарлар жолымен
Біздердей ұлан өскен жер!
Арғы атамды сұрасаң,
Шораяқтың Омары!
Кіші жүзде Бесенмін,
Кетенің Қарабазары!!
Ақын мен жырау әлі көп!!
Қосылған жырдың көшіне!!
Тыңдаушым жалығып кетер деп,
Тоқтамай барам көбіне!!
Игілік тілер баршаға
Әкем де сөзге жүйрік ед!

Ұрпағын баулып жақсыға,
Қалдырды талай өсиет!!
Шабысын талай жүйріктің
Байқастап, байқап өскенмін!!
Инжуін терген жырлардың
Айтбайдың ұлы Дәулетпін!!
Мұрагері мен болам
Дүр Омар шыққан әулеттің!!!

Біз де бір әңгіме қозғайық ауыл жайлы!

Ауыл жайлы әңгіме жанға жайлы!!
Қызылқұмды қоныстанып ауыл болған
Қарапайым, еңбекқор жандар жайлы...
Салт-дәстүрін халқымның сақтағандар!
Әділдік пен шындықты жақтағандар!!
Қызылдың қиясына қоныстанып,
"Жаңақала" ауылы атанғандар!!!
50 жылда Ел жаңа болып кетті!
Ауылдың 50 жылын дүрілдетті!!
50 үй аппақ болып тігілгенде,
Көргендер ерекше бір сезімге енді!!
Еске түсті баяғы балалық шақ!!
Ауылдың тіршілігі жатар қайнап...
Клуб жақтан күй ойнап, ән шырқалып,
Кешке қарай ауыл тіпті кетер жайнап!!
Ауылдың артық еді берекесі!!
Бөлекше болатын әр мерекесі!!
Сан түрлі жаңалыққа жаршы болып,
Көрші ауылдар алатын өнегені!!
Бағы жанар басшысы Жақсы Елдің!
Арттырған ауылының берекесін,
Еңбегі үлгі Қаратай әкеміздің
Жанашыры бола білген әрбір үйдің!!
Жаңалықтың жаршысы болған ауылым!!
Жыл сайын бір өткізер Наурыз тойын!!
Кезекпен әр жылғылар басын қосып,
Жалғайды алдындағы үлкен жолын!!
Қанат қағып қияға ұшып кеткен
Түлектері ауылға оралады!!
Алуан түрлі ұлттық дәстүр дәріптелген
Бұл үрдістен жастарымыз үлгі алады!!
Қоңыр күзде қоңырқай көңілдерді
Ауылдағы "Ауыл күні" көтереді!!!
Жиылып жан-жақтағы ұл мен қыздар,
Ауылмен байланыс еш үзілмейді!!

Біздер үшін ауыл жұмақ саналады!!
Ауылдық дос "Қарашаңырақ" атанады..
Жастары үлкендерден бата алып,
Қазақы салт-дәстүрім сақталады!!
Ал,биыл толып жатқан 60 жасқа!!
Туған күнің құтты болсын, Жаңақала!!
Іргең мықты,келешегің жарқын болып,
100 жылдығың тойлансын болашақта!!!



Еркін Ыдырысов

Ыдырысов Еркін 1962 жылы Қармақшы ауданы Жосалы қыстағында дүниеге келген. 1969-1979 жылдар аралығында «Жаңақала» совхозындағы №185 орта мектепте білім алған. Еңбек жолын осы ауылда механизатор болудан бастаған. Кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде оқып, жырау-термеші мамандығы бойынша білім алған. Қазіргі таңда Қызылорда қаласында тұрады.

Бастау

Нәшіне жырды келтірдім,
Жырыма жұртты сендірдім.
Бұхара, Тамды, Сыр бойын,
Кенелтіп жырға кеп жүрмін.
Қарабазар Омардай,
Ұрпағымын мен дүрдің.
Қызылорданың қаласы,
Сұрасаң мекен ег-жұртым.
Термені төгіп жүйріктей,
Алғысын алдым елдің мың.
Бусанып ащы тер шықса,
Төгілтіп жырды өндірдім.
Әр түрлі сиқыр мақамға,
Даусымды жонып көндірдім.
Сүлейлердің сарқыты,
Қармақшылық Еркінмін.

Жаңақала

Жаңақала – Дана, Дара мекенім,
Қойнауың құт, суың балдай шекерім.
Жанға сая, дәтке қуат өлкеме,
Мәңгі бақи басымды иіп өтемін.
Сенде өткен балалық шақ, көктемім,
Алтын ұя, білім алған мектебім.
Алпыс жылда ел жаңарып мінекей,
Тамырыңды кеңге салдың, көктедің.
Армысыңдар қазыналы қарттарым,
Ұрпағына сенім жүгін артқаның.
Сенен алдым ақ тілек, ақ батаны,
Сенен ұқтым өмір сүру шарттарын.
Жаңақала жылдан жылға жасарып,
Болашаққа қадамыңды бас анық.
Бірлікпенен Ту көтеріп ұрпаққа,
Ұлылықтың тың үлгісін жасалық.
Көзін көрген атам менен анамның,
Қасиетін бойға жидым даламның.
Жаңақала жасара бер, жайнай бер,
Ақ тілегі осы Еркін балаңның.

Арман құсы

М – Мамырдағы қызыл гүлдей құлпырған,
Е – Ерекше еді ай дидарлы, түр-тұлғаң.
Н – Неге сонша тура қарай алмаймын.

С – Сенің қара көздеріңе сыр тұнған.
А – Арамыздан қыл өтпестей тату ек,
Ғ – Ғашық жүрек артық кетсе ғафу ет.

А – Аңсап жаным бір өзінді қажыды,
Н – Нәубет жайлап түскендей-ақ қасірет.

Ғ – Ғажайып бүр күй кешемін оңаша,
А – Арман құсым бірге ұшшы жанаса.
Ш – Шарықтаймын қиялменен ой кешіп,
Ы – Ықыласы тәттіге ауған балаша.
Қ – Қайда жүрсең саған бақыт тілеймін,
П – Парасатты арулардың бірі едің.
Ы – Ықыласпен, шын пейілмен өзіңе,
Н – Нағыз ғашық жолдайды пәк тілегін

Қортанға барғанда

Кен дала; бұйрат құмдар белестері,
Алдымнан майда самал жел ескені.
Ой салып, көз алдыма оралады,
Кешегі өткен күннің елестері.

Жұлдыздар жымың қаққан әр таңдағы,
Табиғат сұлу еді Қортандағы.
Бұл күнде әркім бастың қамын ойлап,
Өмірден өз әлінше жол таңдады.

Білмеймін әлдеқандай болашағым,
Кейде биік, кей сәтте аласамын.
Қордалардан аң аулап, атқа шауып,
Өзіңде өтіп еді бала шағым.

Аралап ақ шағала құмдарыңды,
Келемін жалғастырып сырға-мұңды,
Баяғы аққу қонған көлің қайда,
Ойлайды бұл күндері кім халінді?!

Түпсіз ой тастағандай шырмап үнді,
Айта алмай ішке бүктім сырларымды.
Білсе екен, әкем марқұм өзі орнатқан,
Белгіге басымды иіп тұрғанымды.

Әке арманы ақталады

Ә - Әлдеқандай аласұрған сезіммен,
К - Көңілім пәс, жан дүнием езілген.
Е - Елжіреймін ойлап кетсем өзінді,
А - Арман қуып, қиялға еніп көз ілмен.
Р - Ризамын Алла бөлер пенденің,
М - Маыналы еді әке еңбегің.
А - Араманда боп кете бардың өмірден,
Н - Неше түрлі қиындық боп көргенің.
Ы - Ысылды ғой өмір көрген балдарың,

А - Ақталды әке сенің сол бір арманың.

Қ - Қалған жалғыз кіндік едің атадан,

Т - Тамырланып ұрпағыңды жалғадың.

А - Алдыңызда тәжім етіп тұрайын,

Л - Лүпілдеген жүректе көп уайым.

А - Ақтап әке сеніміңнен шығайын,

Д - Демеп-жебеп, пана болсын құдайым

Ы - Ылайым!



Нұрғиса Түменбаев

1964 жылы Қармақшы ауданы Ленин атындағы совхоздың Карл Маркс бөлімшесінде дүниеге келген. 1971-1981 жылдар аралығында № 185 орта мектепте білім алған. 1981-1984 жылдар аралығында Қызылорда политехникумында техник-механик мамандығы бойынша білім алған. Қазіргі уақытта «Жаңақала» ауылында тұрады.

Көктем

Көктем келді жердің беті көгеріп,
Қарда кетті, мұзда кетті ол еріп.
Жапырағы бүршік ашып жемістің,
Көгеріп тұр шие, жүзім, көк өрік.

Жусаны да бұрқырап тұр көктемнің,
Анық міне қыстың мүлде кеткені.
Таң алдында бара жатыр, диханшы,
Қолтығына қысып алып кетпенін.

Ал еңбегім мынау менің деп малшы,
Қозы-лағы жамырап тұр қарашы.
Бұл көктемнің маған берген бір сыйы,
Қаншама төл көзің жетсе санашы.

Жаңбыры да қандай жылы ерекше,
Әр тамшымен жер құлпырар белесте.
Самал желі бетті келіп өбеді,
Лажың жоқ көктем келді демеске.

Біз жыл сайын қуанамыз келіп көктем жеткенін,
Пенде көрер өз басына жеткенін.
Е, Құдірет өмір деген мезгілде,
Қысты емес көрсете көр, деп тілеймін көктемін

13 сәуір 2002 жыл

Кең далам

Далам менің кең байтақ, кең далам,
Топырағыңды иіскеп ләззат алам.
Көргенде көктемгі жаңбырыңды,
Бейне бойым дір етіп қуам арман.

Далам менің кең байтақ әрі жазық,
Сол жазықтан алғанбыз талай азық.
Топырағыңда шыр етіп дүниеге кеп,
Кең төсіңде ойнадық, көрдік қызық.

Ұлан - асыр сап жүрдік кең далада,
Жусаныңды иіскесе жан рахаттанбай ма?
Шомылдық та суына сылдыр аққан,
Гүл тердік те қырдағы ойпат жақтан.

Сен далада қуаныш нұрын төккен,
Төскейінде ат шауып, той-думан болып өткен.
Кем емес-ау сенің де құшағыңда,
Бұл өмірден қанша адам жүріп кеткен.



Серәлі Қойбағаров

1965 жылы «Жаңақала» ауылында туған. Осы ауылдағы №185 мектепті 1982 жылы бітіріп, шаруашылықта әртүрлі жұмыстар атқарған. Кейін №3 ферманың орталығы Кекірелі бөлімшесіне қоныс аударып, көп жылдар осында қол жұмысында болды. Қазір Түркістан облысы Достық ауылында тұрады.

Ауылға деген сағыныш

Мен бір жүрмін Шымкент деген қалада,
Симай жүрмін осынау үлкен қалаға.
Қанша жерден әсем қала болғанмен,
Жетпейді екен менің «Жаңақалама».

Жыр жазамын сағынғаннан ауылды,
Жора-жолдас туған-туыс бауырды.
Өмірімнің өткен бірге көп күні,
Еске аламын шопан деген қауымды.

Ерлері бар еңбек десе майталман,
Жүйрік баптап, жорға мінген тайпалған.
«Қарақ» тауым мұнартып ол тұрады,
Бөктерінде қызғалдағы жайқалған.

Еске түссе туып өскен ауылым,
Сағынамын нәсерлеткен жауынын.
Тең көремін желпіп өткен самалға,
Көз аштырмас құм бораған дауылын.

Айтайын ба, мен Шымкентте не қылдым?
Көк цементтен үсті-басты қағындым.
Үстің түгіл аяғыңа жұқпайтын,
Ауылымның шеге құмын сағындым.

Мен сіздерге айтсам сөздің ашығын,
Сол ауылда қалдау менің ғашығым.
Ауылыма, аруыма жеткізбес,
Айтпа сірә екі араның қашығын.

Жігіттер-ау айтып айтпай не керек,
Туған жерді сағындым ғой мен ерек.
Алма ағашын мен қайтейін Шымкенттің,
Қымбат маған сексеуіл мен тал-терек.



Құдайберген Балшынов

1966 жылы Жаңақала ауылында туылған. №185 мектепті 1984 жылы бітірген. Еңбек жолын көмекші шопан болудан бастаған. 1994 жылы Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы институтты «Әуез және мәдени азарту саласы» мамандығы бойынша бітірген. Қазір Т. «Көмекбаев ауылдық клуб үйі» МКҚК-ның директоры қызметін атқарады.

Ақорда-Астана

(Әні бар)

Жерінде Сарыарқаның әсем қала
Әлемге нұрын сепкен нұрлы Астана
Шыңындай Алатаудың «Бәйтерегін»
Көрінер сонау жерден жеке дара.

Астана –ақ ордасы қазағымның
Тербеткен самал желің дала гүлін.
Елтаңбам-белгісіндей достығымның
Астана мақтанышы қазағымның.

Ақорда – «Хан шатыры» қазағымның
Тыңдашы ақ жүректен балаң үнін.
Астана құтты болсын туған күнің
Ұсынам жүрегімнің алау гүлін .



Бекжан Сүлейменов

Бекжан Зинабытұлы Сүлейменов 1968 жылғы 11 қарашада Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының «Жаңақала» совхозында (қазіргі Тәйімбет Көмекбаев атындағы ауыл) дүниеге келген. 1986 жылы «Қуандария» ауылындағы № 186 орта мектепті бітірген. 1993 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Республикалық «Ақ желкен» журналында бөлім редакторы, бөлім бастығы қызметтерін атқарған.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы мен Мәдениет және ақпарат министрліктеріне қарасты мемлекеттік мекемелерде жұмыс істеген. Ірі бизнес орталықтарында директор, бас директор қызметтерін атқарған тәжірибелі менеджер. Қазір Алматы қаласында тұрады.

...

Жүктерін ойлап ертеңнің,
Жүйрікке мінген жан қанша?!
Отына ардың өртендім,
Қасықтай қаным қалғанша.

Шалқұйрықтарын ерттеген,
Ер Төстіктермен біргемін.
Қиялдан тағы кетпеген,
Ақжүністермен біргемін.

Ашылмай қалған құрлықтай,
Жанымның тілін түсінбей.
Ертектің бәрі шындықтай,
Өңімнің бәрі түсімдей.

Сапарға шығып барамын,
Құдіретің жетсе сағындыр.
Тұлпарға мініп даланың,
Баянын іздер шағым бұл.

Бабама тартқан батырмын,
Жолыма кесір келмегей.
Сені іздеп келе жатырмын –
...Темір етігім болып теңгедей,
Темір таяғым болып тебендей!

1986 жыл

ДАРБАЗА ТӨБЕ

Демессің, құрбым, қата тым –
Таңы да бөлек ататын,
Жан-жағын менің ауылымның
Төбелер қоршап жататын.

Қиялмен кезіп жалғанды,
Іздеуші ем ізгі арманды.
Төбені... кесіп өтетін,
Ауылдан шыққан жол бар-ды.

Қондырып бақыт – шапақты,
Болмасаң-дағы атақты,
Бауырыңда өскен ел сені
Дарбаза төбе атапты.

Бойыңа балқып нұр енген,
Жол етіп дала жыр өрген.
Ауылдан шыққан жолдардың
Иесі өзің, білем мен.

Нұр құйып кәусар жаныма,
Арай бер, атар таңыма.
Киелі төбе, баста өзің
Өнердің даңғыл жолына!

1986 жыл.

БЕСІК

Дарқан көңіл сыймай кең даласына,
Күтті ме әлде сағына, әрі асыға.
Бесік алып ертерек қойыпты анам,
Баласының болашақ баласына.

Сәбилердің баураған бұла жанын,
Қуанышпен қарсы алып мына таңын.
Жеңгелерім әзілдеп жүрсе-дағы,
Бесігіңді осы бір ұнатамын.

Болашағы үшін де, арманы үшін,
Бабам қолдан бермеген ар-намысын.
Күтті ме екен осылай үмітті ана,
Бесігіне сүйеніп Алпамысын?!

Асау өнер ұстатпай делебесін,
Мен кеттім... жайып арман керегесін.
Тал бесікті мәпелеп, аялаумен,
Анам күтіп жүр ме екен немересін?!

ЖЫЛҒА ТІЛЕК

Жақсы ойлау жайлы білелік,
Ізгілік болғай көптеген.
Жүлделер алып жүрелік,
Маймылға біткен ешпенен.

Сөз айтпай ілкі қатадан,
Артынан сосын «кешір» деп.
Қазағым неге атаған?!
Маймылды мына Мешін деп.

Дүние көші ауғанда,
Ар жүгін ғана ойлайтын.
Атадан қалған жаудан да,
Аярлық күте қоймайтын.

Қулығы аздау болса екен,
Алладан алған жаны бар.

Қазаққа құт боп қонса екен,
Жыл атын алған жануар.

Біз-сынды ісі «күрмеліп»,
Жұмақтан Тәңір қуған ба?!
Маймылға ұқсап жүрмелік,
Мешін жыл, жұртым, туғандар.

28 желтоқсан 2015 жыл

ҚАМШЫНЫҢ САБЫ

Имран Лепесовке!

*«Өмірің де, өлімің де қас-қағым...»
Иран-Ғайып*

Жан жарасын сабырға жеңдірерміз,
Басылармыз өрікпеп, көтеріліп.
Көкке қарай көбірек телмірерміз,
Кеткендердің мәңгілік мекені деп.

Кезеңдерді торығар жерге сыймай,
Аттанарда олар да білген шығар.
Сынағы мол жердегі бізді қимай,
Төбемізден үңіліп жүрген шығар.

Құстар әні жан-жақтан төгіледі,
Шуағы мол болғанмен маңайында.
Көкке кеткен жандар да егіледі,
Жаны сыздап жердегі ағайынға.

Кілең жайсаң, жоқ онда бақталасың,
Жақсы істерің айналар тіреуіңе.
Пешенеңе жазған соң... аттанасың,
Үш деңгейлі әлемнің біреуіне.

Қу дүние, алдандық, қайың қызға,
Қайталаймыз өткенді, ұғып қалмай.
Жерұйыққа баруға дайынбыз ба?!
Жаратқанның көшінен шығып қалмай.

Біздің істі өзгелер жөндемейді,
Сабаңа түс, бұлбұлдай сайра көңіл.
Көз алдында қазақтың дөңгелейді,
Қамшысының сабындай қайран өмір.
Қайран өмір!!!

ҚАЛҚАН

Дархан Ахметовке!

Жауға шапса зор батпан,
«Ер Майлыбай» ұраны.
Қорғап қалған қалмақтан,
Қаскелеңде тұрады.

Басына сөз жуытпас,
Батыр ағам қырдағы.
Бабалармен рухтас,
Ер Текейдің жұрнағы.

Жау шебінде жатыр ол,
Харам нәрсе ішпеген.
Бабасындай батыр ол,
Ат үстінен түспеген.

Жүргеннен соң ірі боп,
Тектілігі темірдей.
Дем алатын түрі жоқ,
Соңғы қалмақ жеңілмей.

Төмендемес бағаң-ай,
Табанынан сыз өткен.
Қырағы көз ағам-ай!
Шекараны күзеткен.

Қаңқу сөзбен жоңғанмен,
Құрмет тұтар көз көрген.
Бабасындай болғанмен,
Қайран ғасыр өзгерген.

Ұқсастықты табам дөп,
Ескіліктен жолданған.
Жаман болған адам жоқ,
Елге қалқан болғаннан.

Буырқанса күлмейді,
Қарсы тұрар дауылға.
Бір зәнталақ жүр дейді,
Батыр қонған ауылда.

Туылған соң ірі боп,

Сабыр сақта, тыз етпей.
Тыншығатын түрі жоқ,
Тұқымына тұз екпей.

Ер қадірі білінер,
Жыр қылармыз тұшына.
Жалғыз қалмақ ілінер,
Найзасының ұшына...

КЕКІРЕЛІ*

Күн кешкен өкініштен жылай алмай,
Туса да көркем қыз бен дырау ұлдар.
Заманның қыспағына шыдай алмай,
Одақтай тарап кеткен бір ауыл бар.

Адамы қол көтеріп қолдағанмен,
Қоғамы өшірді оны, кесел емес.
Алаштың картасында болмағанмен,
Жадынан ұрпағының өшер емес,

Өкініш өзегімді тепкенменен,
Айналған мұқым елдің тілегіне.
Ел ауып, оңды-солды кеткенменен,
Көшірдім сол ауылды жүрегіме.

Қарсы алған қонағындай самолетті,
Жамалар ой дегенің, ой үстіне.
Сол елде ағыл-тегіл заман өтті,
«Бозторғай ұя салған қой үстіне».

Жадынан білем елдің көшпейтінін,
Жазмышқа не шара деп көніп кеткен.
Ауылдың ұғынамын өшпейтінін,
Адамның жүрегіне еніп кеткен.

**ауыл аты.*



Дархан Оңғарұлы

1971 жылы «Жаңақала» ауылында туылған. №185 мектепті 1988 жылы бітірген. 1994 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Ауылшаруашылығы институтының экономика факультетін бітіріп шықты. 1994-1999 жылдары мемлекеттік мекемеде кіші инспектордан жоғары аға маманға дейінгі қызмет сатысынан өтті. 1999 жылдан бастап өндірісте қаржы саласы бойынша қызмет жасайды. Алматы қаласында тұрады.

Наурыз келді

Көктем шықты, көкте күн күлімдеді,
Аяз ықты, ызғары білінбеді.
Жан-жануар түледі, жадырады,
Наурыз келді тіршілік дүрілдеді.

Жер бусанып, теңелді күнменен түн,
Көктем күшін асырған бұл-Ұлы күн.
Жақсылықтың жаршысы жыл бастауы,
Наурыз келді молайтып күннің нұрын.

Ақ көбейіп, бар өңір жаңғыратын,
Жаңғыратын, тіршілік сән құратын.
Пейіл түзеп, көңілде кеңейетін,
Наурыз келді еліме сан қыр асып.

Сөгілмейтін бірліктің берекесі,
Кеңге жайған ізгілік керегесі.
Төгілмейтін ырысы тіршіліктің,
Наурыз келді жылдың бас мерекесі.

ӘКЕ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Әке, сырласпаппын өзіңмен жалғаныңда.
Жаратқанның сын қылған салмағы ма.
Дұға жасап, соңыңнан жыр жолдадым.
"Көзбе-көз" жетер бір кез қалғаны да.
Әуелі Жаппар ием, өзің себеп.
Шыр етіп түсіргені жалғанына.
Өсірдің, өбектедің, бағыт бердің .
Өмірдің бұралаң жол тармағында.
Ес кіріп, өзім әке болғанымша.
Үзбестен балық ілдің қармағыма.
Жас шыбық майысардай өтсе дауыл.
Байқатпай жетектедің тал жағында.
Баулыдың адал менен адамдыққа.
Жақындатпай арамға - болған күнә.
Жақсыға үйір қылдың жақ түскенше.
Жамандықты жуытпай жан-жағыма.
Жаратқан жалтартқанша жалғанынан
Жаратып, жолға салдың жорға шыға.
Мен әлі мұқтаж болам ақылыңа.
Жасым бүгін жетсе де жар ғасырға.
Жадынан жаңылғандай күй кешемін.
Жоғалтқан жандай затын - жолға шыға.
Жаныңда жүргенімде айтылмады.
Оған да бір себептің болғаны да.
Қазақы биязылық мінез бе екен.
Жария көрсетпейтін талғамын да.
Жырымды жолдап тұрсам жылдар өте.
Оның да бүгін пісіп толғаны да...

...Өмірде , өзім үшін іске асырдым.
Өзіңнен өнеге ғып алғанымды.
Өлең де мұра болып сенен қалған.
Өткеннен - өсиет боп қалған ұлға.
Тимесе де шапағатым дүйім елге.
Бермедім себеп сені қарғауына.
Ағайын, жора-жолдас, көрші-көлең.
Сеп болып селбеседі жан-жағымда.
Әкеден - бала ширек кемшін,- деген.
"Теңесуге тырысам жар салмағыңа".
Кетпейді құлағымнан қоңыр үнің.
Қайтқандай жаңғырығы жарға ұра.
Қасыма кеп қалғандай елеңдеймін.
"Ау, балам...",- деген даусың жарғағымда.
Әркім де межелесе болашақты.
Дәл солай ой жүгіртер болғанына.
"Алтынға - мыс деп қарау", адамзаттың.
Орасан кем дүниесі жалғанында.
Өкініш жоқ, әттең бар. Қайтпек едім.
"Алтын балық" ілінсе бармағыма.
Ажалы алты жылға кешіксе де.
Адам өзін алпыс рет жарға жығар...
Көз көріп, қолым жетпей отырғаным.
Көрінбейтін құлпы бар торда мына.
Бір септігі тиердей шимайлаймын.
Таразыда күнәмнан қорғауына...
...Сеземін, солай ғой деп сенімін де
Тас төбемнен бақылап тұрғаныңды.
Қалар ем, жүріп тұрған бар ісімді.
Бақташыдай сыртымнан шолғаныңды.
Көрсең деп ем, асып тасып кетпесем де.
Өсіп-өніп ел қатарлы толғанымды.
Жарылқаушы Алладан бұйрық болып
Көбейіп ізбасарлы болғанымды.
Өзіңнен көріп білген үлгіменен.
Ұрпағыма жайлы жай салғанымды.
Су сылдырап, сайраған бұлбұлдары.
Жасыл желек бау менен шарбағымды.
Сәждеде бәрі үшін дұға жасап.
Құранда бетім сипап қалғанымды.
Еске алып келген менен кеткен күнің.
Бағыштап құрбандығым шалғанымды...
..."Қайырылып қарай-қарай көкжиекке
Күтумен көз жанарым талғанын да"...
...Кеткенге - жалғыз амал қалғанынан.
Жеңілдетіп "тар жол мен тайғағында".
Кешіріп үлкен-кіші күнәларын.
Қалдырмай сират көпір жар жолында.
Тілейміз дұға-медет Жаратқаннан.
Жұмақ пенен тамұқтың тармағында.
Пайғамбардан шапағат Хақтан медет.
Иә Аллам, алсыншы өз қорғауына...

Елу жас

Еңсеріп елу жасты қалған кезде
Шаршаңқырап, аяқ-қол талған кезде.
Қағазды көзәйнексіз оқи алмай
Жақыннан көмескі леу болған кезде.
"Шың басынан азырақ қар көрініп".
Шамалап қабақ қарын толған кезде
"Елуім - ер жасы",- деп сыр білдірмей
Сұлу көрсең - "кісінеп" алған кезде.
"Сырлыдан сыр кетсе де, сын кетпес" - деп
Сыр бермей қомпиғанмен жалған көзге.
Бәрібір, оңашада ой жүгіртіп
"Көз салам" болашақ пен болған кезге...
Жаратқан жазып қойған ғұмыр-бетін
Әкеміздің беліне салған кезде.
Ашқанбыз "жарықтағы" парақтарын
Анамыздан алғаш нәр алған кезде.
Сәби шақ, балалық кез, ер жеткен жас
Әлдеқашан айналған арман-сөзге.
Он сегізге келгенше мұңсыз өмір
Өткізген ащы жасың толмай көзге
Жиырма мен жиырма бес жас от боп өткен
Жиында жұлқынатын келмей сөзге.
Отыз жас ор шетінде ойнақтатқан
Лап етіп тұтанатын жалын лезде.
Отыз бес, "бұзған орда" артта қалған
"Қамалға" ұмтылған жас - "ұста, тез" - деп.
Қырығың қынсыз пышақ кесіп түсер.
Сенім мол: дөп түсермін, атсам көздеп.
Қырық бес қамал қалды, өзге жоспар
Мың сан ой, мақсат біреу: жетсем тез тек
Адамда арман мақсат таусылған ба
Елуде елестейді ғасыр көзге.
Алпыс, жетпіс, сексенді де сипаттармыз
Фәниде ет-терімен оны сезсек.
Бұйыртса Жаратқаным жалғанында.
Жеткізер сұрамай-ақ тоқсан-жүзге.
Ұрпағың жүз жасыңды жырғап берер
Уақытың келмей тұрса "тыққан бөзге".
Алжымай ақыл есің түзу болса.
Балаға "сүйел болмай шыққан көзге".
Жарлықпен жан шықпаса, көрер басың
Бір құлдың - "бір парағы" Оған сөз бе.
Я Аллам, жанымды алсаң - иманды алма.
Салсаң да жалғаныңда қанша тезге...

* * *

...Өткен өмір - бірде шөл, бір теңіздей-ді.
Көңіл шіркін, теңізде - шөл іздейді.
Көңіл ашта, тәбет - ас жегізбейді.
Тоқшылық, нәпсіге не дегізбейді.
Өткен өмір - өшкен от, қайта келмес.
Өшкен отты шоқ қылу, ол іс өнбес.
Қолаamtаны маздатып қайта жақсаң.
Жылынуға отыңа кімдер келмес.
Әрине: өмір - сынақ Жаратқаннан.
Сақтасын Аллам "сағат санатқаннан".
Күн мен түн жетпей тұрып тұрағына.
Абзалы - әр сұраққа жауап алған.
Білгеннің - білгендігі кешірімде.
Көп күнә, қателіктің кесірінде.
Өкінішке апармас жол іздеңдер.
Көңілдегі кірбіңді өшірің де.
Өлім хақ, біреуге кеш біреуге ерте.
Үлгермейсің сыйласып болса келте.
Сыйласайық Бауырлар тірімізде.
Күмбез қойып не керек, бір күн өлсе...
Шежіреміз үзілмесін күн сөнгенше.
Жамандыққа рұқсат жоқ одан ерте...
Отырмын , "күйі кетіп домбырамның".
Ескі әуенді қайталап шерте-шерте...

* * *

Күннен-күнге "ақылды" боп барамыз.
Қолдан - тілге өтті кейбір шарамыз.
Уақытында жасамаған бір істі.
Орындаса, - деп тілейміз, - баламыз.
Күш-жұмысқа әлің келмей жатады.
Түйсігімен түсінгенмен санамыз.
Жата кеткің келіп тұрса кей кезде.
Ол, жас кезде елемеген "жарамыз".
Құрдасыңмен жолығысып кездессең.
Деп қоямыз: "өзгермепсің мүлде сен".
Бала-шағаң кеп тұрса да жиырмаға.
Тұрғандайсың жиырмадағы түрде сен.
Шын мәнінде, қырау шалып самайды.
Сәл баяулап жүрісің де өзгерген.
Әлдебіреу жетпейтіндей іздейсің
Ағайынды, құрдасыңды көз көрген.
Өстіп жүріп қарттыққа да жетерміз.
Сол қарттықтан таяқ тастам жердеміз.
Бұл фәниге қалай келсек лыпасыз.
Дәл сол түрде - еш лыпасыз кетеміз.
Мойындармыз бір күн, "кемпір-шалдықты".
Қанша ширақ болсақтағы хәл мықты.
Шүкір Алла, "Адам болып келген соң -
Адам болып,- десе халқың, - жан шықты"

* * *

Өмірді қазақ атам жалған деген.
Жалғанды Жаратқаның "жалға" берген.
Жауабы жаралғанның - ғибадаты.
Мал мүлкің, пайдаң емес жолдан ілген.
Жалғаның жалт бергенде іске аспайды.
Дәрежең, ен байлығың жиған-терген.
Жисаң да сансыз дәулет құтылмайсың.
Ерте-кеш дөп тигізер ажал-мерген.
Болады нақ өмірге
аттанғанда.
Басқасы иманыңнан сенен жеріген.
Жігіттер, шамаң барда - ой түзеңіз.
Көрсетіп кейінгіге мінез көркем.
Тілеңіз жарылқаушы Хақтан иман.
Әл Мүмин сұрағанның бәрін берген.
Пайғамбар үмметіне сай болыңыз.
Нақ мүсiм парыз-сүннет жолмен жүрген.
Нәпсiңдi жуасытып игере алсаң.
Аларсың жұмақта да орын төрден.
Айтуды парыз көріп , хатқа түсті.
Бірер сөз азды-көпті естіп-білген.



Ақмарал Күзембаева

1972 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданы «Жаңақала» совхозында дүниеге келген. №185 орта мектепті 1989 жылы өте жақсы оқып бітірді. Филолог мамандығы бойынша жоғарғы оқу орнын бітірген соң туған жеріне келіп, Қармақшы ауданының орталығындағы кәсіптік училищеде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы болып қызмет атқарды. Ал, 2007 жылдан бастап, халыққа қызмет көрсету орталығында абыроймен қызмет атқарып келеді. Өз ісінің білікті маманы. Қазір Қызылорда қаласында тұрады.

Жаңақалам!

Қызылқұмның қойнауында қайнаған
Бір ауыл бар жарқыраған, жайнаған!
Адамдары мейірімді, пейілді
Дәл осындай алтын аймақ қайда бар?!?

Аталары еңселі де айбатты
Әжелері ашық жарқын жайдары!
Балалары асыр салып ойнаған
Ауыл –елі бірін-бірі ойлаған,
Бірлік пенен ынтымақтың қойнауы.
Ауылымдай жер жәннәты қайда бар?
Барар болсаң осы ауылға тойға бар!

Дәмі болек шыртылдаған қауыны
Болек онын жауған -дағы жанбыры
Бөлек оның құйындаған дауылы
Жаңақалам жер жәннәты ауылым!

Айтсаңшы онын сусылдаған аққұмын
Білінбейді -ау шаң болса да какканың!
Дарияның сығалаған шетінен
Күттік талай арайлаған ақ таңын!

Аңғал едіжігіттері ауылдың
Жүрмеуші еді -ау үстіменен ауырдың.
Білмеуші едік кімнің қандай руы
Бірін-бірі көруші еді бауырдай!

Көрші деген аты ғана болатын
Туыс едік бір-біріне қонатын.
Араласқан ыдас-табақ, төсегі
Ортақ еді самаурын мен көсеуі!

Көркем еді қыздары да шетінен
Ұяңдығы төгілетін бетінен.
Кесе өтпейтін ер адамның алдынан
Аспаушы еді ата-ананың еркінен!

Саф ауасы рахаты ғой жаныңның
Түбегі ғой менің кіндік қанымның!
Сағынамын жасын-дағы кәрісін
Құшағы ашық, жүрегі кең бәрінің!
21.11.2002жыл

Біздің заман

Сәлемнің өзі сатулы заман
Қабағы елдің қатулы заман
Қаптаған балшы, көріпкелдердің

Келешегіңе болжауы жаман,
Ақсақалдарды тұрғызып қойып
Жастары ақыл айтатын заман.
Уақытым жоқ!,- деп хаттарын
Сауатсыз-дағы жазатын заман!
Түндері өтіп сан сұрақпенен
Қорқынышпен таңы ататын заман!
Кәрісі тұрмақ жастары-дағы
Жүрегі ұстап жататын заман.
Осының бәрін ойлайтын болсаң
Жаныңа қатты бататын заман...

ӘКЕ

Жанымда жүрші жақыным болып өтінем
Сен бар жерде бақытты болып көрінем!
Асқар тауым , сен бар кезде батырмын
Қорықпаймын тағдырдың да кәрінен!
Сүйенішім, барым, нарым, байлығым
Өзің барда көрмеймін мен қайғы-мұң!
Сен бар кезде әкетайым қасымда
Ұқпайды екем не екенін де қайғының!
Болмаса да зәулім үй мен дүнием
Ата-анаммен шүкір алла баймын мен!

Балам...

Балам!,-деп өмір сүремін
Сол күлсе мен де күлемін!
Аман-сау атқан таңы үшін
«Тәуба» деп ылғи жүремін!
Қанатын қақса балапан,
«Самғаса»екен деп тіледім.
Ақжолын берсін жаратқан
Тілейді соны жүрегім!
Жер басып жүрсем егер де
Сендер деп қан жүремін!

Алинама

Жаратқанның тартуысың алтыным
Арайланып атса деймін әр күнің!
Балбұл жанған шуақты ақ жүзіңнен
Көрсем деймін бақытыңды жарқыным!

Мейірлісің, мейірімдісің , арайсың!
Бұл әлемге үміт күтіп қарайсың!
Сүттен де әппақ жүрегің бар күнімсің
Пәк күлкіңмен шуақ болып тарайсың!

Жүрегімнің ішіндегі жүрексің!

Мейірімді жүрегіңмен бөлексің!
Аңғалдығың басымдау боп тұрса да
Дәл сонымен басқалардан ерексің!

Қызым менің қызғалдағым, ақ гүлім!
Риясыз , боямасыз пәк күлкің!
Ақталса екен күткен әрбір сенімің
Үкілі үміт алдамасын тек КҮНІМ!

Қызыма

Бұл кішкентай сынақ қой сына көрме!
Жігерінді құм қылып жыға берме!
Сен мықтысың білем ғой ботақаным
Тік тұра біл тағдырға босамағын!

Босамағын, бос болып жаным менің!
Сендерсіндер өмірде барым менің!
Не сұрайсың бойымна сұра менен
Сендер үші жан құрбан бәрін берем!

Жұлып берем кеудемнен жүрегімді
Ала қойшы бойымнан керегіңді!
Сендер үшін жаным мен тәнім құрбан
Тек білгейсің барымды берерімді!

Үлкен сабақ аларсың өмірден де,
Сене берме себепсіз көрінгенге!
Қолдап жүрген жандарға қолыңды соз,
Қорлап жүрген жандарға көңіл бөлме!

Жамандасын , сен бірақ жамандама!
Алла сенің қорғаушың алаңдама!
Тырнағыңның астынан кір іздейді
Тырнағыңа татымас Адам ғана!

* * *

Сергелдең болса ой-санаң
Бағытың болмас жол салар..
Өзіңнен-өзің тығылсаң
Халіңді сенің кім сұрар...
Кем-кетік болса айналаң
Ойланғанан не пайда?!
Жаныңды ұғар жақын жоқ
Өмір сүресің алайда...

10.01.2019

* * *

Өтеді бәрі, өмірде мынау өтпелі
Өтеді заман, сынақ та мынау кетеді.

Өтеді уақыт, жазылар жанның жарасы
Көңілде қалар өткеннің бірақ наласы...

* * *

Күнің үшін сыйласпа жақыныңмен,
Сыйласа біл, сыйлай біл ақылыңмен!
Дүние кезек, ешқашан ұмытпағын,
Кім біледі күні ертен бұл жалғанда
Кім жоғары, кім төмен отырарын...

Өлшемегін адамдықты ақшамен
Салыстырма сыйластықты басқамен!

Бүгін барсың ертен жоқсың адамдар
Бір-біріңе бұл фәниде жараңдар...



Нүрсәуле Жалмағанбетова

1973 жылы «Жаңақала» ауылында туылған. 1990 жылы «Кекірелі» бөлімшесіндегі №254 мектепті бітірген. 1994 жылы Қорқыт Ата атындағы университеттің Қазақ тілі мен әдебиетіне қосымша араб тілі факультетін бітіріп шыққан. Қазір Қызылорда қаласы, Нағи Ильясов атындағы мектеп-гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Сазгер. Ән жазады, әннің сөзін де өзі жазады. Телеарналарда әндері орындалып жүр. Қалалық ұстаз-ақындар сайысының жүлдегері. Қызылорда қаласында тұрады.

Кекірелім

Кекірелі-бұл менің өскен жерім,
Бір заманда ыдырай көшкен елім.
Бойымда сол даламның қасиеті,
Несіне мен дауылдан сескенемін.

Сол далам керімсалдай көсілетін,
Жел болса құм-толқынын көшіретін.
Көрінбес бағбаны бар төбелерім,
Көктемде жуа, көсік өсіретін.

Қырқаларда киігі жайылатын,
Коймен бірге бөкенін қайыратын.
Қояны орғып алдыңнан, түлкібұлаң,
Көлдеріне үйрек-қаз шайынатын.

Шегірткесі шырылдап арай түнде,
Тойған малдар пырылдар тымық күнде.
Масасы жоқ жазында жадырасып,
Әзілдескен жастары жүріп бірге.

Қызығы да ерекше, Кекірелім,
Елі көшкен сен енді, жетімегім,
Шірк Рабат, Сырлытамдай мекеніңмен
Өшпесіңді білгейсің, өтінемін!!!

Туғанжерге

(Әні бар)

1.Ен далам, сен маған асқақ
Арманды сыйладың бастап.
Күндізін көз жетпес көктен,
Жұлдызын түнгі аспан сепкен

Қайырмасы

Сағынған сар(ы) дала жерім,
Аңсаттың алыстан мені.
Жанымның бөлшегі едің,
Қалдың қол бұлғап/(2 рет).

2.Жеткізбес көбелек қусам,
Кекіре табаның, жусан.
Қызылдың қиясы ең өскен,
Заманың көзімнен көшкен.

Қайырмасы

3. Келерміз қай күні қайтып,
Сағыныш ән-жырын айтып.
Ағарып таң үміт сыйлай,
Қызарып батқан күн қимай.

Қайырмасы

Елім, жерім менің

Қорқыттың күйі шалқып,
Сыр анна иіп балқып аққан.
Қармақшым топырағым,
Сөз маржан асылдарың,
Шайырлар көмейінде жатқан.

Төлдері тулаған жер,
Жырауы жырлаған ел жерім.
Кішісін шыңдаған ел,
Үлкенін тыңдаған жер,
Аяулы Тұрмағанбет елім.

Көңілге нұрын төккен,
Еңбектің туын тіккен жерім,
Майданда дүбірлеткен,
Халқына келіп жеткен,
Тәйімбет батыр атам менің.

Сырлытам босағасы,
Рухымның отанасы жерім,
Сақтарға болған мекен,
Қасиет қонған екен,
Киелі Шірк Рабат жерім.

Даласы дархан елім,
Асулы төбе белім, жерім.
Әкелер төккен терін,
Аналар өткен керім.
Қадірлі Кекірелім менің.

Сағымы селдіреген,
Селеуі желбіреген жерім.
Туып мен өскен елім,
Жусанын кешкен жерім.
Сағындым мен өзіңді елім.

Сағыныш

Ауылда жүрген кез әсерлі,
Сезініп, бар жақсы, әсемді.
Сексеуіл түтіні ойлантып,
Көзіме келіп түр жас енді.

Ертемен ошаққа от кім жақты,
Көрпеден сығалап кім жатты?
Суыған қараша үйішінде,
Сексеуіл түтіні тым тәтті.

Бәріңді мәпелеп анашың,
Тоңбасын деп ойлап баласын.
Ошақта алаулап оттары
Жанғанда табатын жарасым.

Үй жылып осылай қалатын,
Анашым киіп ап халатын.
Түндігін серпи сап ашқансоң,
Сиырын саууға баратын.

Айналаң әп- сәтте жадырай,
Бауырлар тұратын жамырай.
Ентігіп самаурын иықтан,
Есіктен кіретін тағы да-ай.

Пәттелеп төсектер жиналып,
Біреу де ерінбей қиналып.
Еңбекшіл қазақтың отбасы,
Нан жапқан далаға қи жағып.

Дайынды бер демей ешкімге,
Риза едік өмірлік бес күнге.
Сондай бір үйлерде өссек те,
Қалмадық ізіненк өштің де.

Анаңды сағынған шағыңда,
Өсірген жеріне барыңдар.
Түтінін иіскеп тұтатып,
Рухани алау от жағыңдар!

Екі мың

Жалақы емес бір күнгі, екі күнгі,
Бірақ жиырма мың шығар осы күнгі...
Анам маған сақтайтын әкеміздің,
Зейнеткерлік ақшасың екі мыңды.

Жаратылмай үйдегі тола жанға,
Түйілетін екі мың орамалға.
Беретін үнсіз ғана пейілімен,
Кезекті демалысқа мен барғанда.

Қалаға кеп бір шығып тәтемменен,
Керек-жарақ дүкеннен әкелем мен.
Шәкірт ақы алатын кезім әрі,
Тәтем барда жағдайым бөтен де емен.

Сол ақшаны ешкім де көп демесін,
Білсе де дағы қатардан шеттемесін.
Деп анашым сақтаған шығар, бәлкім,

Әкесі де өзінің жоқ" демесін.

Жастығымыз гүлдейін құлпыратын,
Талай киім кидік те жылтыратып.
Не кисем де екі мың қай кезде де,
Өзімменен үнемі бір тұратын.

Бір ақшаның бір ақша мысын басты,
Теңге өзгерді, құнының құты қашты.
Екі миллион болса да екі мыңға,
Анам берген жетпеді ықыласты.

Жерұйығым

Қарап қалмай жайбарақат үйімде,
Желмаямен желіп шықтым бүгін де.
Сыр елімнің әр төбесін кәдірлеп,
Асанқайғыбабадайын сүйінгем.

Барлық жыры қобыз үннен тараған,
Үлгі алатын Дәдәм Қорқыт бабадан.
Қармақшымда күні-түні көз ілмей,
Жыраулары жыр жырлауға жараған.

Байқоңырым момақан ол-қоңырым,
Бағым ба екен болар ма екен зор ұғым.
Аспанға асқақ әрбір адам жол тартса,
Қайран жерім зорға басар солығын.

Түйелері шаңлатқан алабын,
Батысында Қазалы мен Аралым.
Балықтары тайыншадай тулаған,
Уақыт салған теңізім, ол-жаралым.

Жамандықпен аталмаған бір ісі,
Жалағаш пен Сырдарияның тынысы.
Сырдың аппақ сұлуындай жарқырап,
Қамбаларға төгіледі күріші.

Оңтүстігі-Жаңақорған, Шиелі,
Еңбекшіл ел осында өмір сүреді.
Жақаевтың ақ күрішін, Нартайдың
Шырқау әнін бүкіл қазақ біледі.

Тереңөзек теріп сөздің тереңін,
Белгілі ақын Әбділданың елі едің.
Табанында кие жатқан кеңбайтақ,
Қызылорда-Жерұйыым сен едің.

Бақыт құсы ұялады басыңа,
Сен деді елдің үлкен-кәрі, жасы да.
Жаңа өмірге жаңа қадам секілді,
Көпір түскен арғыбетке асыла.



Балауса Жанайқызы

1974 жылы «Жаңақала» ауылында туылған. №185 мектепті 1991 жылы бітірген. Мамандығы аспазшы. Қазіргі уақытта жеке қызметте. Әуесқой сазгер. Өлең жазумен айналысады. Қызылорда қаласында тұрады

Бұл өмір - ғажап...

(Өні бар)

Жылжиды уақыт
қойсаң да байлап.
Өтеді күндер
білінбей жайлап.
Тұрлаусыз күнді,
Қаласың санап...

Атады таңдар,
Күн көзін жалғап.
Көргенің жарық-
Бұл өмір -ғажап!!!

Күтусіз кезең
Болады сынақ.
Сүрінбей өту -
Керек -ақ шыдап.
Жақтырмас өмір,
Жатқанды құлап...

Жігерді қайра,
Мекенің -тұрақ.
Жамаусыз қылма,
Көңілді құрақ.
Жасыма , пендем!
Бұл -өмір бірақ!

Тамшы мұң

(Өні бар)

Жанарымнан үзілгендей тамшы-мұң,
Бір сыр бары анық еді тамшының.
Үзік бейне көз алдымнан өткенде,
Талай сырлар жатыр іште жасырын.

Қ-сы:

Сынақтарда жасымады жігерім,
Таңбасындай қалып жатты іздерім.
Сыйға алынған осынау өмірімнен,
Бақытымды талмай менде іздедім..

Су түбінде жарқырайды лағыл тас,
Көрінгенмен қолға бірақ алынбас.
Жарқыраған гүл-дәуренім тірімде ,

Қиындыққа оңайлықпен бағынбас...

Етегімнен тартса дағы қырау күн,
Бақытымды жамап- жасқап құраймын.
Іздері бар мойнымдағы бұраудың,
Мақсатыма жетіп барып құлаймын...

Жасыма, досым.

Көңілдің тарқамасын базары,
Жүзіңнің кірлемесін ажары.
Тағдырдың арқаланған азары,
Теріскей алыстатсын назаны.

Күншілдер өзеуресе тілімдеп,
Ушыққан жараны кеп қазады.
Ей досым, басыңды көтер кәне,
Болмағай бос кеуделі ел мазағы...

Уақыттың төрелігі еншісінде,
Өткенді ұмыттырар сәл шамалы.
Керуеннен аялдап кешіксеңде,
Ашық тұр өмірдің кең қамалы.

Жарық күн нұрымен қуаттасын,
Жадырасын көңілдің жаз жамалы.
Жанашыр жаның сені уатқасын,
Ыдырар мұң- шеріңнің бар амалы.

Үміт пен өкініш те кезектесер,
Күн батса да шығады ғой таң азаны.
Раббым да пендесіне көтерердей,
Жүк артып ап пешенеңе жазады...

Адалдық қасиет болсын өн бойыңда,
Кірлетпей жүрсең екен сен жағаны.
Өмірге тоймай ғашық бол,
Бұл өмір деген қымбат екен бағалы!

Бақыттысың

Бақыттысың..

Білемісің..

Сен анық бақыттысың!

Басыңда қонып тұр әне-

БАҚЫТ құсың!

Күйрек оймен кеміме,
Алыстан мұнартады
бақытты шың..
Көлеңкесі тоңдырар
мұздай кесек,
Биік шыңның басында-
БАҚЫТТЫСЫҢ!

Бақ та сені талғайды, білемісің?
Бірақ сен оны анық түсін!
Мынау әлем- ғаламат бір-ақ сәтте,
Сыйлайды саған алып күшін!

Махаббатты бағала БАҚЫТ үшін,
Сенде оның ең қымбат жаһұтысың!
Сүюді білетін адамдарға,
Қолына қонады БАҚЫТЫ шын!
Сен анық БАҚЫТТЫСЫҢ!!!

Жаңақалам

Шартарапқа кең жайылған,
Кім білмейді Сыр өңірін?
Жайқалған Жаңақаламда,
Өткізген ауылым өмірін...

Сылдырай аққан Сыр өзені,
Сексеуілі тұнған жер.
Берекенің бар өзегі,
Құтты мекен қонған жер.

Самал желмен саф ауасы,
Жанға жайлы жұмақтай...
Жусаны бар хош иісті,
Жасыл кілем құрақтай...

Көкжиектен көк белдеулі,
Қарақ тау тұр мұнартқан.
Қасиетті бұл өңірде,
Қолдағандай жырақтан...

Сусындаған талай жандар,
Білім нәрі бұлақтан.

Өсіп- өнген еліміз бай,
Пендеміз Алла ұнатқан.

Төрт түлігі сай ауылым,
Күн күлімдеп, таң атқан.
Батыр атты жамылғаны,
Құр қалмасын мадақтан!

Ауылым

(Өні бар)
Қызылқұмның аймағы,
Жаңарып қайта жайнады.
Жаңақалам ерекше,
Бұзылмаған қаймағы.

Қ-сы
Ауылым!
 Құт-берекем!
Ауылым!
 Бол мерекем!
Жарқырап жайылсын,
Шаңырақ-керегең.
Тірегім-тілегім,
Ауылым сен екен.

Жазиралы кең далам,
Жусан иісі аңқыған.
Құшағындай анамның,
Айналайын халқымнан.

Туған жерім жұмағым,
Тарихта қалар есімің.
Аман бол туған ауылым,
Киелі алтын бесігім.



Оразбек Мұратбаев

1974 жылы Жалағаш ауданының «Жаңаталап» ауылында дүниеге келген. 1976 жылы «Жаңақала» совхозына қоныс аударып, осы ауылдағы №185 орта мектепті 1992 жылы бітіріп шықты. Еңбек жолын көмекші шопан болудан бастаған ол шаруашылықтың әр саласында түрлі жұмыстар атқарды. Өлең жазумен айналысады, жырау, термеші. Қазір «Жаңақала» ауылында тұрады.

Наурызға шашу.

Шабыттың жолға салдым кер жорғасын,
Ақының бірер ауыз ой толғасын.
Ағайын құтты болсын тойларыңыз,
Қу бас та домалайды той болғасын.

Есітіп келген құстың дауыстарын,
Қолыма қаламымды уыстадым.
Уа, халқым, құтты болсын наурыз тойың,
Жиналып келді, міне, туыстарым.

Көктемнің келіп тұр ғой алғашқы айы,
Бәйгенің басталмақшы ат пен тайы.
Тартылып наурыз көже дастарханға,
Жарасып қазы-қарта, құрт пен майы.

Қиялым көк теңізде қалқи берсін
Қазағым наурыз тойда шалқи берсін
Ақсақал осы тойға бата беріп,
Батасын періштелер «Әумин!»-десін.

Ұлыс күн

Көгеріп,бүршік жарып көктің басы,
Еридi Самарқанның көкте тасы.
Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын
Жиналып келген екен үлкен-жасы.

Құрадым қара сөзден өлеңімді,
Арнайын ауылыма тілегімді.
Қолдан ақ,басымыздан бақ кетпесін,
Осы ғой айтар сөзім ал менің де.

Судағы сары сазандай сылаңдатып,
Жырымды жазып келдім жылдамдатып.
80 мен 81-дің жастарына,
Алғысты жаудырайын бұрқыратып.

Осылай жыр арнадым көпшілікке,
Батырлар күш сынасар жекпе-жекте.
Мен бірақ ,батыр емес,жазба ақынмын,
Сол үшін өлең жаздым қалмай шетте.

Қазақ тілі

Қазақтың қара сөзін жинақтайын,
Шалқытып көп алдында шумақтайын.
«Ана тіл» ардақты сөз түсінгенге,
Келтіріп көркем сөзбен мен мақтайын.

Мақтауға тұрарлықтай «Ана тілім»,
Бастасам ақтарылар іштен сырым.
Анаңның әлдилеген әуендерін,
Бәрің де тыңдап өстің бесік жырын.

Қазаққа «Ана тілін» білген дұрыс,
Бойыңа қанмен сіңген осы бір іс.
Бұрмалап шала сөйлеп отырғанды,
Ұнатпас тыңдаушы да, деп «жарым ес».

Не жетсін қазағымның өз тіліне,
Жарамас сөйлеп тұрса құрметіле.
Келгенде дүниеге қазақ болып,
Еліктеп кетпегейсің өзге тілге.

Қарағай көктегенде тамыр байлап,
Ұқсамас өзгелерге өссе бойлап.
Қазағым қазақ болып жаралғасын,
Тұрмай ма «Ана тілін» құстай сайрап.

Наурыз

Мінекей ағайындар көктем келді,
Көктің алды көрінді бөктердегі.
Алланың түсіп тұрса күн шуағы,
Бұл-дағы жаратқанның жеткергені.

Құстар келіп көл бетін жайлап жатыр,
Ағайын наурыз тойын тойлап жатыр.
Тойларың тойға ұлассын жиылған жұрт
Көмейден жыр төгіліп келіп жатыр.

Бұл келген сиыр жылы құтты болсын,
Піскен астық көбейіп қамба толсын.
Алладан тілейтінім тек жақсылық,
Айналып ауылыма бақыт қонсын.

Қыс өткесін келді көктем жарқырап,
Таудан төмен су ағады сарқырап.
Дарияның мұзы кетіп мөлдіреп,
Көз тартады балықтары жалтырап.

Осылайша жаздым өлең шамалы,
Аз да болса көптей көрші салалы.
Шұбыртпайын аяқтайын сөзімді,
Аяғы емес өлең сөздің бұл әлі.

Қос ағын

Қолыма қалам алып қимылдаттым
Ойымды ақ параққа сыйғызбақпын
Ақынның тойына арнап өлеңдетіп
Алдына көпшіліктің сыйға тарттым.

Кіші жүзде Шөмекей шыққан тегі
Бозғылда Қаратамыр боп келеді.
Жыраулық, ақындықты қатар ұстап
Өнердің кер бедеуін жетеледі.

Келгенде 13 жасқа «Бала жырау»
Қариядан бата алып, алған мақтау.
Балқы Базар, Дүр Оңғар бабалардан
Сабақ алған дастандар оқып, жаттап.

Атағын «Бала жырау» арқалаған
Біртіндеп көтеріліп, сатылаған.
Шумақтап, өлеңдетіп, дастан жазып,
Артына өшірілмес із қалдырған.

Өнерін ұрпақтары жалғастырған,
Із қалар өнегелі талаптыдан.
Бұл күнде талай әнші айтып жатыр,
Сұлуға Жарқынбектен шыққан бір ән.

«Талайды таңырқатқан жырау едің»
Кітабы жарық көрген дарынды ердің.
Бұл күнде мұражайда сақтаулы тұр
Ақынның жазып кеткен өлеңдерін.

Қырандай қалықтаған көкке самғап
Пендеге нұр жауады болса оң талап.
Қанатың орта жолда қайырылмасын
Ұмтылған талаптанып өр жасқанат.

Арнадым осылайша бір ақынға
Өлеңім келіп жатыр шұбатыла.
Жиылып ағайындар тойлап жатыр,
Жыраудың 140 жыл туғанына.

Осылай мен де жаздым азын-аулақ,
Жазамын ақ параққа жыр шумақтап.
Қысқартып өлеңімді доғарайын
Келер жас жүргейсіңдер есте сақтап.

Доғардым осылайша арнауымды
Сепкейсің ұрпағыңа Алла жырды.
Алладан тілейтінім тек жақсылық
Ұмытпай еске алған жөн әруағыңды.



Гүлнұр Нұрханова

1975 жылы «Жаңақала» ауылында дүниеге келген. №185 мектепті 1992 жылы үздік бітіріп, мектепке іс жүргізуші болып жұмысқа қабылданды. «Болашақ» университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бітірген. Қазіргі таңда №185 орта мектепте мамандығы бойынша дәріс береді. Мектептегі өз ісінің шебері, білікті де білімді озат мұғалімдердің бірі. 2020 жылы Қазақстан Республикасы Білім министрінің «Құрмет» грамотасымен марапатталған. Дайындаған оқушылары мұшайраларда жүлделі орындардан көрініп жүр. Көбіне мектеп өмірі, ұстаздар жайлы жыр толғайды. Қазір «Жаңақала» ауылында тұрады.

Әкеге сағыныш

Әкем менің, өмірдегі тірегім,
Еш қиындық, қайғыны мен білмедім.
Еркін өстім, құшағыңда бұлаңдап,
Алшаң басып, еркін есте күлгенім.

Тау тұлғалы айбатым да өзің ең,
Өзің барда қорғаушым деп сезінем.
Жақсы перзент болу үшін жасымнан,
Өзің салған келем соқпақ ізбенен.

Сенсіз өтті талай жылым сағынып,
Өзінді іздеп, ойға батам қамығып.
Тоқтамадым, еңбектендім, тер төктім,
Жүрсемдағы тағдырға бұл бағынып.

Мақтанамын бұл күнде мен өзіңмен,
Шаттанамын әрбір айтқан сөзіңмен.
Менің әкем ең жақсы адам өмірде,
Деп айта алам мақтанышты сезіммен.

Әріптестеріме

(№185 мектеп ұжымына)

Ұстаздың аты, ұстаздық мейір мәңгілік,
Жырлайды оны, шырқайды оны ән қылып.
Жүректерде қанша өшпей жүр уақыт өтсе де,
Ұстаздай ұлы маманның аты жаңғырып.

Көкірегінде білімнің қайнап көздері,
Қаламайды олар ізгі ниеттен өзгені.
Бақытты болса болғаны оған тек қана,
Баланың балғын, шаттанған албырт кездері.

Ұстаздан алар білімнің қайнар көздерін,
Санада қалар ақылмен айтқан сөздерің.
Дана да сенен, бала да сенен білім ап,
Жеткізер биік мақсаттарға әркез өздерің.

Алғысқа ұстаз еңбегімен бөленген,
Шәкіртіменен қуанышқа кенелген.
Биікке самғап жетістігімен шәкірттің,
Абыройы артып биіктерге теңелген.



Мақсат Бекішов

1975 жылы Қарақалпақ Автономиялық Республикасына қарасты «Нысан» елді мекенінде дүниеге келген. 1989 жылы «Жаңақала» совхозының №3 фермасының орталығы «Кекрелі» елді мекеніндегі №254 мектептің 8 сыныбын бітірген. Кейін отбасымен Қазақстанға қоныс аударып, «Жаңақала» ауылында тұрды. Автобус жүргәзушісі болып, ауыл халқына қызмет жасады. Қазір Қызылорда қаласының жанындағы «Белкөл» қыстағында тұрады. Өлең жазатыны бар, домбырамен ән айтады.

ЕЛГЕ САПАР

Жаратқан сәтін салып Хак Тағала,
«Иә сәт» деп шықтық жолға ат тағалап.
Сағынып туған жерге барып келдік,
Сәтімен сабақты ине, бақ та қалап!

Жараулы екі жүйрік жер қуырып,
Тұлпардай екіленіп, терді үгіп.
Түнімен толық жүріп, таң атқанда,
Ауылға біз аңсаған келдік кіріп.

Құрылған мың тоғыз жүза лпыс бесте,
Иргелі өсіп-өнген ел емеспе?!
Қаракөл қой фермасы деген дерек,
Тақта тұр бар тарихын салып еске.

Біздің ел қонағына басын иген,
Ауылым жасарыпты ескі күйден.
«Қошкелдің, перзенттерім, аман ба?» деп,
Туған жер күтіп алды үлкен сыймен.

Біз үшін бұрқылдайды қазан қайнап,
Қонақтан жалықпайды жатсаң айлап.
Жайылған ойсылқара көрінеді,
Қойыпты әр үй сайын бота байлап.

Бірлік боп осындайда арамызда,
Оралдық туып-өскен даламызға.
Бір көлік май-суымен тақтап берген,
Мың рахмет Ғалидай ағамызға.

Дәстүр мен өрнектелген салтымыз да,
Қызметтен аянған жоқ қартыңыз да.
Көп алғыс Күзембайдай ақсақалға,
Көрсеткен жоралғысын алдымызға.

Жүгіріп еткен еңбек төбесі мен,
Шықпайды еңбектері ел есінен.
Лариса, Нұрсәулелер бір тынған жоқ,
Жақсының жақсылығы өресінен.

Қауышып айқұш-ұйқыш сондағы елге,
Құранды бағыштадық өткендерге.
Бата алып үлкендерден тәуба дедік,
Ән мен жыр өнерлілер айтып терме.

Сәскеде ал жақсы деп қайттық кері,
Тербейді таңның салқын қоңыр лебі.
Қол бұлғап қимастықпен бар ағайын,
«Сәлемайт» сұрағанға түгел деді.

Көңілге көшірдік те жылы шуақ,
Сол ауыл ырысым боп бойда тұрад.
Ағайын жел сөзімді неге аяйын,
Құдайым тіл мен жаққа берсе қуат.

Арнау

Жыр жаздым қалам алып туған жерге,
Жасқанбай өрге қарай тілім өрле.
Шамамның келгенінше түгел айтам,
Кемісі болса ағайын күле көрме.

Өлеңнің өзегі де Кекірелі,
Осында жастық шағым өтіп еді.
Ой, дәурен, сағыныштан қара балаң,
Бір өлең елге тарту етіп еді.

Басынан бастайын мен әңгіменің,
Басардай тыңдаушының жанды жерін.
Көп өскен сол алапта «Кекіреден»,
Атанған Кекірелі, осы жерім.

Құрылған мал өсірер орталық боп,
Ел келіп, қоныстанды осында көп.
Мың тоғыз жүз алпыс бестің көктемінде,
Ашыпты Үмбетияр көкеміз кеп.

Еңбегін жақсылардың етеміз сөз,
Ізіне еріп кетпей бөтен іздің.
Түстікте, "Бұзаубасты" кең тақыры,
Атында Үмбетияр көкеміздің.

Көрсетіп бірлік деген дұрыс жолды,
Келді кейін басшылар сөзі қоңды.
Тілеубай, Зинабыттай – ақсақалдар,
Ақтайдай азаматтар басшы болды.

Осылай ел құралып ауыл болды,
Тіршілік біріктіріп қауымды елді.
Жүретін бір атаның баласындай,
Көрсетіп бірлік деген тәуір белгі.

Үлгілі жақсы еңбегін етіп мадақ,
Берілген марапаттар атын атап.
Әділбек Хайруллаев көкемізге,
Берілді «ЕңбекЕрі» деген атақ.

Болса да малға жайсыз: боран, қар, қыс,
Өр істі қойған жолға, етпей тартыс.
Жем-шөпті уақытында әзірлейтін,
Жақсылық Нұрғалиев алған алғыс.

Бұл күнде жетпіс жасқа отыр толып,
Тынбайтын машинамен жолға қонып.
Еңбегі сол ауылға сіңді әбден,
Күзембайдай ағамыз шофёр болып.

Сөйлескен машинаның тілін тауып,
Алыс жол маторына емес қауіп.
Маманы техниканың Якия ағам,
Көлігі тоқтамайтын аттай шауып.

Жүк тасып трактормен Таһир ағам,
Аяңмен ұзақ жолға тұзақ кереген.
Еңбегі бір адамдай сіңді елге,
Ырзығын адал жолмен тауып жеген.

Мектепке басшы болды Әли, Байзақ,
Көтерген төбесіне ауыл-аймақ.
Сәдуақас, Әлихан мен Сахи ағай,
Біздерді адам қылды бағып-жайлап.

Гүлсара ең алғашы болды ұстазым,
Бойыма сіңіргендей оңды ұстаным.
Ең алғаш қалам ұстап, жазу жазып,
Ең алғаш әріптермен танысқаным.

Қатары ұстаздардың ұлғаюда,
Апайлар – Тұрсынкүл мен Гүлбағира.
Тәлімін аямаған шәкіртінен,
Әмина ақ жүректі, кең жазира.

Өмірге жол көрсеткен ұстаздарым,
Болсыншы бұлөмірде үстем бағың.
Бақыт апай, Айнаш пен Закира апай,
Білдірген оқушыға үлкен таным.

Интернат болып еді жатағымыз,
Сөгілмей өстік бірге қатарымыз.
Базаркүл, Несібелі, Күлән апай,
Жақсы іспен шыққан еді атағыңыз.

Зинеш пен Өміркүлдің еңбегі көп,
Істеді ауылымызда медбике боп.
Түймедей бір дәріні жұта сал деп,
Беретін тез жазылып кетесің деп.

Болмайтын ақы төлеп, көмектесу,
Араз боп бір-біріне етек кесу.
Алады бір-бірінен тарыққанда,
Болмайды тыйын-тебен есептесу.

Жүздері күлім қаққан күндей жарық,
Жүрмеңіз бұл ауылды білмей қалып.
Аралап алты құрлық шықсаң-дағы,

Еш жерден кездеспейді мұндай халық!

Ерекше жаратылған сайын дала,
Бақытқа жетелейтін дайын дала.
Киігі қойдай өрген сол ауылдың,
Бүгінгі құлазыған жайын қара.

Төрт түлік түгел өсті танабында,
Аң мен мал тең жайылып алабында.
Бір қауым ұрпағына пана болған,
Бір кие бізбілмейтін бар-ау мұнда.

ДОСҚА ТІЛЕК

Мекенінен көшпеген Нышан досым,
Түсірмеген мұңайып көңіл қошын.
Сол құтты қонысында қалды отырып,
Арда еміп төрт түлігі жердің төсін.

Айрықша болды достың кәсібі де,
Ұл-қызы өсті елдің бесігінде.
Ұлдары Астанада білім алып,
Кем емес қатарынан осы күнде.

Мал-жаны өрбіді де етегінен,
Жүрмеген пенделіктің жетегімен.
Жиналмай дастарханы елге жайған,
Бата мен алғыс алды тек елінен.

Пейілін өзгертпеген досқа, жатқа,
Қадірі азаматтың алтын тақта!
Ағайын келді ғой деп күлімдеген,
Мың лайық, Нышан досым жақсы атқа.



Ғайни Балшынова

1977 жылы «Жаңақала» ауылында дүниеге келген. №185 мектепті 1994 жылы бітірген. 2012 жылы Қызылорда қаласындағы «Қызылорда қызмет» колледжін «Кеңесші заңгер» мамандығы бойынша бітіріп, «№185 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне «Хатшы» болып жұмысқа орналасқан. 2016 жылы оқып жатқан мамандығына сәйкес, «Кітапхана меңгерушісі» қызметіне ауысып, қазіргі таңда сол салада жұмыс атқарып келеді. 2020 жылы Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетін сырттай аяқтап, «Кітапхана ісі» мамандығын алған.

Анаға сағыныш

(Анам Ханымға)

Көңілің кең пейілді аяулы анам,
Өзіндей мейірімді қайдан табам.
Өзіңнің жоқ екенің білінсе егер,
Бұлақ ағып тұрсада шөлдеп қалам.

Іздеймін, сағынамын мен өзінді,
Естігім келіп тұрар әр сөзінді.
Береке мен бірліктің ақ туы едің,
Мойымайтын жан едің бір төзімді.

Жылдар жылжып өтіп жатыр кезегімен,
Амал жоқ жоқтығыңа төземін мен.
Құшағыңды сағынып аяулы анам,
Сағыныштан өлең туды өзегімнен.

Нұр бейнең бұлтарменен алмасама,
Сағыныш жылдарменен таласама.
Анашым жұпар иісің сағым болып,
Сағыныш мәңгілікке жалғаса ма?

Сағынышты мәңгілікке жалғастырып,
Көз жасымды өлеңге алмастырып.
Сенің берген тәрбие – тәліміңді,
Қызың жүрер мәңгіге жалғастырып.

Алғыс айту күні

(Ұжымға тілек айту)

Күн шуағын төгіп нұрын аямай,
Келді көктем жан – жағына қарамай.
Сол көктемнің майда самал желіндей,
«Алғыс айту» күні келді далама ай.

Шаттық кернеп жүректреде ән салсын,
Қуанышты күндер сізді қарсы алсын,
Береке мен бірлік орнап төріңе,
Дос – дұшпаның бәрі сізге тамсансын.

Тілек тілеп, алғыс айтып бүгін жұрт,
Ізгі тілек сатылмайды мұны ұқ.
Шын көңілмен, шын жүректен ұжымда,
Қуанышпен алғыс айтты бүгін жұрт

Алғыс айту парызың дейт ұғымда,
Алғыс айтсын ұлың менен қызыңда,

Бақыт тілеп, жанұяға ниетпен,
Алғыс айтам, алғыс айтам ұжымға!

01.03.2019 жыл

Балалық шақ

Жайлау кешін сағынамын бала күнгі,
Қол бұлғап шақырады аспан түнгі.
Сағынамын сағым қуған балалық шақ,
Естігендей балалық сылдыр үнді

Алаңсыз бауырлармен ойнайтынбыз,
Суға түсіп, ойынға тоймайтынбыз.
Қозы бағып, бұзау қуып кешке дейін,
Бүгінгі күн бітпесе деп ойлайтынбыз.

Анам көмген тапа нан, құрт пен майы,
Қаймақ пенен сүт қатқан қою шайы.
Береке мен бірліктің мекені екен,
Қара шаңырақ екенсің бақыт жайы.

Балалық шақ өзіңді іздеп қырға шықтым,
Табылардай іздері балалықтың.
Ол күндер қайта келмес сағым болып,
Жылдарменен кеткен екен соны ұқтым.

Сақтапберген ағама

Ақ пейілді, кең жүрек,
Сақтапберген ағайым.
Бүгін сізге жыр арнап,
Көңіліңізді табайын.

Кездесуге шақырдым,
Жоқ демей сіз келдіңіз.
Зор денсаулық тілеймін,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Арайлап атсын таңыңыз,
Аман болсын жарыңыз.
Ерен еңбек еленіп,
Елбасы қолын алыңыз.

Еңбек пен бірлік жолдас боп,
Асулардан асыңыз.
Бүгінгі кештен бір тілек,
Құтты болсын алпыс жасыңыз.

Мәртебеңіз асқақтап,
Шыңдардан орын алыңыз.
Шәкіртке берген біліммен,
Ұстаздық жолын салыңыз.

Шәкірттерге бас болып,
Ұлы ұстаз боп мәңгі қалыңыз.
Арнадым шын жүректен,
Тілегімді қабыл алыңыз.



Ғалымжан Нұрханов

Нұрханов Ғалымжан Бидакеұлы 1979 жылы 13 қаңтарда Қармақшы ауданы, «Жаңақала» ауылында дүниеге келген. № 185 орта мектепте 1986-1996 жылдар аралығында білім алған. 1997-2001 жылдары Қызылорда қаласындағы «Сейхун» институтын тарих мамандығы бойынша бітіріп шақты. 2001 жылдан бастап № 185 орта мектепте мұғалім болып қызмет атқарып келеді. Қазір «Жаңақала» ауылында тұрады.

Махаббат

Махаббат, махаббат
Әркімдер саған таңғалат.
Ынтызар ғып біреуге,
Бір бәлеге қалдырат.

Махаббат деген бір сезім,
Шоқ болып маздап сөнбейтін.
Берілсең бір сезімге,
Өзгені сірә көрмейтін.

Жүзіне қыздың қарамай,
Төмен қарап өтесің.
Сүйем деген бір сөзді,
Айталмай-ақ кетесің.

Құдіреті күшті махаббат,
Жылатып көбін қиналлат.
Махаббат жоқ деген адамдар,
Өзін қалай сыйлатат.

Жәкебай көршіме

Көршім менің Жәкебай,
Қалтасында насыбай.
Насыбайын атпайды,
Шақша бер деп әркімнің,
Жетіп барар қасына-ай.

Жәкебай бірақ жақсы адам,
Көршілері мақтаған.
Мал айдауға шыққанда,
100 метр ғана аттаған.

Барып қайт, малым, барып қайт,
Деп оралар қайтадан.
Бүгін қойы кезектен,
Қалып қойды айт оған.
Осындай көрші кімде бар,
Ешкімді жоқ менде бар.

Аманқос жездеме

Отынға барып менімен,
Қылжақтасып едің ғой.
Қайырам деп шыбықты,
Оңбай таяқ жедің ғой.
Енді ойнасаң менімен,
Жантаясың абайла.
Қалды ғой басың мәңгіреп,

Шыбық тию оңай ма?.

Әкеме арнау

Әке жолы сара жол
Тура жолдан тайдырмас.
Ақылы оның дария,
Жақсы жолдан айырмас.

Мектептен бастап еңбегі,
Математикадан сабақ бергені.
Шәкірттері үнемі,
Ұмытпай айтып жүреді.

Директор болды мектепте,
Майлыөзек деген ауылда.
Жақсы қызмет атқарып,
Сыйлы болды қауымға

Табысқа жеткен ісімен.
Әкемді етем мен мақтан.
Жақсылық істеп баршаға,
Артында өшпес із қалған.

Ауылым

Ауылым Қуаңдария жағасында,
Бойында орналасқан Жаңақала.
Шірік-Рабат, Бұланды, Қос қаламен,
Тарихи жәдігерле осы маңда.

Төрт түлікпен ауылымның аты шықты,
Бүгінгі ұрпақтары ұмытпапты.
Әділбек, Демеу, Сайлау әкелердің,
Еңбек ері атанып даңқы шықты.

Осындай ауылыммен мақтанамын,
Тарихты тарихына жалғап жатқан.
Алматов Алмас ағай мақтанышым,
Өнердің сан жолында аты шыққан.

Зейнетақы

Зейнетақы келді бүгін ауылға
Ағылуда қарттар ақша алуға
Шырайланып жүздеріне қан жүріп
Асығуда кезек алып қалуға
Пенциядан алған газет қолында
Асығыс бір көз жүгіртіп қойды да
Насыбайда бір атымды тастап-ап
Мықырбайдың ой түсті бір ойына

Құрдастарын күтіп алып іштегі
Сыртқа шығып тұрды аз-кем тосылып
«Бір-екі кол сызайық»-деп жөн айтты.
Қалған екен басымызда қосылып.
Түнге дейін препанс сызылды
100 грамнан тастап бәрі қызынды
Не болғанын одан әрі білмейді
Түн жарымда әнгіме де бұзылды.
Бас ауырып болмай мүлде мазада
Оянғанда үйде жатыр азанда
Жартысы жоқ қалтадағы ақшаның
Қарызына бермепті әлі базарға.
Пенциясы қайда кетті білмейді
Есептейді өз-өзіне сенбейді
Әттең-әттең , қайта келсе сол ақша
Өз мәнінде жұмсап едім мен дейді.
Деп уәде бергенменен бәрібір
Ақша алса бұның бәрі ұмытылар
Пенциядан пенцияға жеткендер
Жүдеп-жадап шөлдегендей боп тұрар.
Үлгі өсиет айтар жаста салалы
Бірлі –жарым осындайлар бар әлі.
Кейінгі ұрпақ кімнен үлгі алады
Ойланып көр өз ойыңыз таразы.

Тәуелсіздік жасасын

Ғасыр бойы еркіндікті аңсаған
Қазағым сенің батырлығыңа таң қалам
Сан қилы өмір, ауыртпалық болсада
Бостандықты аңсаудан бір танбаған.
Қазағым сенің , басыңнан өтті аштықта
Қаратаудан босып кеттің жан-жаққа
Бауырынан айырылған жандар егіліп
Ертеңі үшін , төздің ғой ауыр салмаққа
Тәуелсіз елдің , ақ таңы атты бүгінде
Көк туы елдің, желбіреді көгімде
Өшкенім жанып, өлгенімде тіріліп
Тәуелсіздік берік орнады жерімде
Қазағымның мәртебесі биікте
20-жылды еңсердік қой бүгінде
Әдет –ғұрып , салт-санамыз жаңғырды
Ел мен жердің, атаулары өзгерді
Ертеңі үшін , нық саясат ұстанған
Мұның бәрі , Елбасымның арқасы
Мұндасы да , сырласы да халқымның
Елбасымен мың жасасын ұрпағы.



Нұрлан Жетесов

Жетесов Нұрлан Кенжеғалиұлы 1983 жылы Қармақшы ауданы, «Жаңақала» ауылында дүниеге келген. 2001 жылы №185 орта мектепті бітірген. Ауылдық, аудандық жыр мұшайраларына қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр.

Қазіргі кезде «Жаңақала» ауылында тұрады.

Қазағым

Қазақ атың биіктесін биікке!
Ассалаумағалейкум арма елім
Сонан соң құтты болсын баршаға ортақ
Тәуелсіз Қазақстан думан тойың.

Көрінер аузын ашса көмейі бар
Еліне айтатұғын тілегі бар
Мен-дағы бір қазақтың баласымын
Кеудеде жыр тербеткен шабыты бар

Мен бүгін көпмен бірге мақтанамын
Несіне кінәлідей ақталамын
Еркімше қиянатсыз азат елдің
Ақыны боп айтарымды айталамын

Ұрпақ үшін қан төккен атам қазақ
Ажалдан артық көрген арын бірақ
Сүйем қарыс жер бермей дұшпанына
Қалдырды бәрін бізге аманаттап

Аманатты сақтаған асыл ұрпақ
Қиянатқа көнбеді қайтпай шыдап
Жалғасы боп Исатай Махамбеттер
Жау аяғын бастырмады елге бірақ.

Аңсағаны еліне азаттық боп
Күткені тек дұшпаннан ажал оқ боп
Оларда өтті баянсыз бұл өмірден
Келешектен күтумен үмітті көп.

Жылдар өте арада жалғасы боп
Алматыда қозғалды жастарың көп
Ойларында бөтен ой болмаса да
Түсінбестік орнады араға кеп.

Тістерімен тістегендей темірді
Қолдарымен көсегендей көмірді
Қапы қалды-ау жиналғандар алаңға
Көрген кезде қоршай түскен көпірді.

Сақырлаған суық күнге қарамай
Суық суды нөсерлетті аямай
Қарды жоқ еркін тұрған жастарды
Жұлып алып ұрып жатты аянбай.

Қанды қолдар аямасын түсініп
Төбелеске кіріп кетті шешініп
Қаншамасы құлап жатты қансырап
Дем алуға шама келмей күрсініп.

Құтырғандай көздеріне қан толып
Жендеттер жүр шаш орнына бас жұлып,
Жағылғанын машинаға лақтырып.
Кең аланды ойрандады қан қылып.

Қайсар бірақ жастар рухын жеңе алмай
Қиянатпен жүректерін жұла алмай
Тепкіге алып жұмсағанмен жұдырық
Қапы қалды жендеттерің жын соғып.

Бұлтсыз күнде жарқ еткендей найзағай
Қайрат, Ләззат көзге түсті қаршадай
Қиып жанын бас идіріп дұшпанға
Тәуелсіздік силап кетті халқына-

Мың алғыс, айтарым сол, бұл күнде
Ерліктері естен кетпес еш күнде
Тәуелсіздік тойы болған әр жылда
Аталады есімдері бір күнде.

Бұл күнде елім азат ерікті
Азат елдің ертеңі де көрікті.
Қарап тұрсаң қазір көзің тояды
Ел жүзіне нұрлы күлкі еніпті.

Әйтеке мен Төле билер бұрынғы
Айтқан сөзі қашанда сол төрей
Жайлы болса ел басқарған басшысы
Онда елдің көсегесі көгерді.

Сол айтқандай Елбасы да ел үшін
Жасап жатыр жастарға көп көмегін
Көп ұзамай халқым «Барыс» болса деп
Салып жүр ғой алысқа да көз қырын.

Сену керек деп айтады жастарға
Болашақта игі істер бастарға
Елдің елдік рухын биік көтерер
Біздің жастар батыл туған қашанда.

Бас иеді қазір әлем қазаққа
Қазақ деген атың сенің алыста
Барлығыда бірлігіңнің арқасы
Сол бірліктен айрылмайық қашанда

Көк байрағың желбіресін көгіңде
Әнұраның шарықтасын төріңде
Дұшпан күйіп, досың сенің сүйінсін
Қазақ атың биіктесін биікке!!

Кеудемде жалынды от жатса жанып,
Сөндіре алмас оны ешкім суын шашып

Тәнімде, жаным барда, дұшпан тасып
Кеудемді өте алмас тайраң басып.

Қазақтың таза қанды ұланымын
Сондықтан өрлігімді жыр қыламын!

Арнау

Поэзия болып сыйласы оның
Жанына жақын тартқаны
Құлагер аттай қиялға мінсе
Кететін шарлап даланы

Қаламы үшкір ойлары үшқыр
Сезімі мөлдір бұлақтай
Мұханның жыры жүрекке жылы
Тиеді жайлы жел қақпай

Кейде бір нәзік көңілі тасып
Жазғанда жырды алқынбай
Қаласың ойлап қайғысыз өмір
Кешкен деп оны қиналмай

Әй қайдам бірақ мойымас Мұхаң
Мұқалған сәттер аз емес
Сондада болса ұсынып мойын
Артта қалған ол емес.

Бұл күнде Мұхаң, жай ақын емес
Халықтың сүйген баласы
Өлсе де өзі өлген жоқ бірақ
Қалдырған бізге мұрасы

Ол жасар мәңгі сөздері мәнді
Тұрғанда өшпес жырлары
Биікке самғап қанатын еркін
Қағады көкке ол әлі,

Сүйемін менде Мұханның жырын
Сөйлейтін тірі жандай ғып
Халқым деп айтса қасқайып тұрып
Айтатын шынды шындай ғып.

Ана тілім

Әйтеке, Төле, Қазыбек
Қару қылған-Ана тіл.
Дұшпанға сілтер жүректен
Жебе қылған-Ана тіл
Қадірін білмес бұл күнде
Қазақтың кейбір баласын
Ар алдында ұялтып
Жерде қылған-Ана тіл.

Аналар бесік тербетсе
Жыр ғып айтқан-Ана тіл.
Сәби өссе былдырап
Сөз ғып айтқан-Ана тіл

Санаға еніп ақ сүтпен
Ұялаған мәңгілік
Ана тілден мұнша ыстық
Болмас өзге дара тіл.

Тоңсаң егер тәніңді
Жылытатын-Ана тіл
Өзегіңе шоқ түссе
Жалындатар-Ана тіл
Түссек қызу сайысқа
Демейтұғын қолтықтан
Біз өлсекте, сен өшпе
Айналайын-Ана тіл

«Жарасымды жанұя-ел болашағы»

Алтын қазық қазақтың шаңырағы,
Алыстан мен-мұндалап шақырады.
Барсаң егер сүйсініп тамсанасың,
Ұйыған айрандай ғой оттың басы.

Ол үйдің киесі бар бесігінде,
Әр қойған сәбиінің есімінде.
Бесік тербеп сәбиін әлдилеген,
Қасиет бар сол үйдің келінінде.

Кешегі өткен батыр мен даналар да,
Мейірімнен осылай жаралған да.
Тас бауыр, тас жүректен сақта құдай,
Елін сүйер ұрпақ одан жарала ма?!

Бұл күнде бір шындық бар көзге түрткі,
Салады бұлаңдатып елге іріткі.
Ар түгіл беттерінде иманы жоқ,
Көбейді ғой әртүрлі жандар тіпті.

Ақыл айтса шатынап тайсалмайды,
Өз дегені болмаса қайрылмайды.
Ері түгіл,елін де ойламастан
Қыз күнгідей көшеде сайраңдайды.

Көріп мұны көңілім алаңдайды,
Ел аманда шаңырақты ойрандайды.
Шоқ басқандай ышқынып секіргенде,
Өзі түгіл сәбиін де аямайды.

Не масқара беті аулақ мұндайлардан
Қарғыс алған оңбайды бұл халықтан.
Жаратқан өзі сүйіп тұрмаған соң,
Періштелер ышқынар ондайлардан

Ұрпағын ерте ойлаған қайран қазақ,
Тектілікті алдына қойған мақсат.
Қыз өсірсе ибалы,ұяң етсе
Ал ұлдарын өсірген нар тұлғалап.

Кешегі өткен желтоқсан соған үлгі,
Берді ғой жалаң қолмен жауға сыйды.
Ел үшін солар қанын төкпегенде,
Тәуелсіздік бізге оңай келер ме еді.

Жемісі ғой бұл да сол тәрбиенің,
Қанға сіңген қасиет қалама шын.
Намыс пенен арды аттап кете алмаған
Аман болсын өсірген ұл қыздарың.

Тілді сүйген,Отанды аялаған
Бақытым деп ошағын саялаған.
Жылы болсын бар қазақ жанұясы
Бірлігі мен тірлігі таусылмаған.

Сырымды мен осылай ақтарайын,
Мейлі мен бақ табайын,сор табайын.
Тек халқыма ұнаса,сол болғаны
Қалғанын болашаққа сақтағайсың.



Алмат Қайырқұлов

*Қайырқұлов Алмат Шарападинұлы 1984 жылдың 25 қараша күні Қармақшы ауданы, «Жаңақала» ауылында дүниеге келген. 1991-2002 жылдар аралығында №185 орта мектепте білім алған. 2004-2006 жылдар аралығында Түркістан қаласындағы Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің филология факультетінде оқыған. 2006 жылдан бастап № 185 орта мектепте мұғалім болып қызмет атқарып келеді.
«Жаңақала» ауылында тұрады*

Әбзәли Егізбаевқа арнау

Қармақшы елі, киелі туған жерің,
Сағыныштан жырға қостың Сыр елін.
Өзге жерде қанды кешіп жүрсен де,
Соқты мәңгі туған ел деп жүрегің.

Сыр елінің мақтанышы бір өзің,
Сақталады есімізде жыр сөзің.
Жыраулардың ізін басқан бұрынға,
Қармақшының қайталанбас дәрі өзің.

Қан майданда берік болдың антыңа,
Ән-жырыңды арнап өттің халқыңа.
Үлгі болдың ұрпағына келешек,
Бас иеміз ерлігіңе, даңқыңа.

Мақтанына айналдың Сыр елінің,
Қармақшыдай қасиетті жерімнің.
Кейінгіге өлместей із қалдырған,
Ел есінде мәңгі есімі ерінің.

Ойы терең, өлең-жыры астарлы,
Әрбір сөзің тәрбиелеп жастарды.
Елі үшін адал сезім оятып,
Отансүйгіш қасиетке бастады.

Қадірлі ағалардың бірі едіңіз,
Көңілдің тұнып тұрған жыры едіңіз.
Жауына қарсы шығып қорықпастан,
Елімнің тыныштығын тіледіңіз.

Мақтан етер ерлігіңді халқымыз,
Есте тұрар, өлең-жырың даңқыңыз.
Еске алып, құрап оқып, бағыштау,
Рухын сыйлау ата-баба салтымыз.

Қош келдің, Наурыз, ауылыма

Ассалаумағалейкум, халқым менің,
Қадір тұт наурыз тойын дархан елім.
Халқымның мерекесі таусылмасын,
Берекелі жыл болсын жылан жылым.

Құтты болсын, Наурыз той,
Жайнап тұрар қыр мен ой.
Күн мен түні теңеліп,
Елім жүрер қуанышқа кенеліп.

Халқым тойлап, наурыз тойын шаттанып,
Қуанады ұлыс келсе бар халық.
Ауыл халқы халқыменен көркейіп,

Өсіп жатыр қыран жастар есейіп.

Наурызым тойланатын жыл басы,
Дастарханға әр үйдің толған асы.
Тілек тілеп, қариялар әр үйге,
Баталары қуат берер көңілге.

Қарттарым, ауылымның қазынасы,
Жақсылыққа жеткізер әр батасы.
Шапан киіп, ұлыс күнін тойлайтын,
Аман болсын елімнің қарт данасы.

Наурыз тойда ән мен биі жарасқан,
Балуандары бәйге үшін сынасқан.
Теңге алу, көкпар тарту, қыз қуу,
Үлесінді ал босқа қалма сайыстан.

Ауылыма береке, шаттық орнасын,
Әулиелер жеті жұттан қорғасын.
Ұлыс күні айтылған баталарды,
Хақ Тағалам, періштелер қолдасын.

Тәуелсіздік – тірек болған еліме

Желтоқсанның ізі қалды, өткен күннің белгісі,
Ұрандаған еркіндікке қайсар рухты ер кісі.
Сан зұлмат болса да, өзекті жанды өртеген,
өткенін ұмытпайтын, тарихын ұлықтайтын ел іші.

Еркін болдық
Тәуелсіздік – төрімде,
Бейбітшілік жасап келед елімде.
Татулықты жақтайды әрбір тұрғыны,
Қазақтың бұл ұлан-байтақ жерінде.

Тәуелсіздік арманы еді бабамның,
Еркіндікті жырға қосар балаңмын.
Бабалардың ерлік ісі сақталар,
Қойнауында тарих болып даламның.

Тасысын елім, береке-бірлік, ырысың,
Ұрпағыңның мақтанышы, сырысың.
Әр күнде бейбітшілік орнаған,
Ақындарға шабыт берер жырысың.

Тәуелсіздік, тұғыры болсын мәңгілік,
Бостандықтың атсын таңы нұр күліп.
Ертеңгі ұрпақ елінің қамын ойлаған,
Тәуелсіз елін мақтан етсін жыр қылып.

Барысты таңдап, азуды айға біледік,

Күллі әлем таныған біз ел едік.
Өзге ұлтқа үлгі болған елімнің,
Болашағы мәңгі болар, сенелік.

Ұлы Жеңіс – халықтың жүрегінде

Сұм соғыста кеудесін оққа тосқан,
Ұрандады жауларына қорықпастан.
Сан мыңдаған бабалар ерлігімен,
Мезгілсіз өзге жерде ажал құшқан.

Пида еткен ұрпақ үшін жандарын,
Енді соғыс елімізде болмағын.
Ұлтаралық татулықты сақтаған,
Бейбітшілік құсы келіп орнағын.

Күн санап азаюда қатарлары,
Өткенді ойлап, жанарға жас алады.
Әрқашан Елбасының назарында,
Ер жүрек қазағымның бабалары.

Ұлы Жеңіс рухың биік қашанда,
Бейбітшілік жалғассын, ғасырларға, заманға,
Отты жылдар оқиғасы мәңгілік,
Тарих болып жатталады санамда.

Кенде емес батырларға Сырдың елі,
Көмейінен күй төккен жырдың елі.
Әбзәли, Тәйімбеттей бабалардың,
Жүректерде жатталар есімдері.

Атанған «Ғасырының жауынгері»,
Мақтан етер ерлігін қауым елі.
Тәйімбеттей батырдың атын алған,
Менің туған ауылым берекелі.

Ұстаз – ұлы есім

Шәкірт үшін бар уақытын аямаған,
Ұстаз деген қамқоршы аялы адам.
Қазақтың дара туған Әуезові,
«Ұстазды ұлы есім», - деп бағалаған.

Ұстаздар шәкіртімен мақтанады,
Есімдері жүректе жатталады.
Ұстаз берген мен үшін мол қазына,
Өмірімнің қаруы боп сақталады.

Құтты болсын, ұстаздар, мерекеңіз,
Тағи берсін бағы артып берекеңіз.

Шәкірттері биікке шығып жатса,
Мақтанып қуанышқа кенелдіңіз.

Ұлы жансыз келешекті ойлаған,
Әрбір сөзі қате кетпес ойлы адам.
Бар өмірін ізденумен өткізіп,
Білімнің тереңіне бойлаған.

Сезім сиқыры

Ғашық болып бір қызға қарапайым,
Дәрменсізбін алдында баладаймын.
Сұлу сымбат ерекше жаратылыс,
Көктемде құлпырған құс тотыдайын.

Қазақтың ару қызы ерке марал,
Нәзік сезім өзіңе берік, адал.
Алау сезім отқа оранған біздерге,
Махаббаттың соқсыншы желі самал.

Бойымды нәзік сезім билегендей,
Сыңғыр күлкің жүректі тербегендей.
Тұңғыыққа тығылған сезімімді,
Ай дидарлы нұр жүзің емдегендей.

Таппаймын бір өзіңдей бұл өмірден,
Шықпайсың асау жүрек көңілімнен.
Сен мені түсінсеңші мұң сыйламай,
Еліктірдің әсем, сұлу күлкіңменен.

Сені ойлаумен өтермін өмірімде,
Сендеп соғар кішкентай жүрегімде.
Қол ұстасып бірге жүрген күндерім де,
Қалар менің мәңгілік көңілімде.

Күлімдеген мөлдір қара көздерің,
Сыңғырлаған тартымды әсем сөздерің.
Қанша ма рет бір өзіңе айтсамда,
Шын махаббат, сезімді сезбедің.

Кетсем бір кіріп сезім қиялына,
Мен сені басқа жанға қиямын ба?
Білмеймін сен болмасаң жанымда егер,
Өзіңсіз мына әлемге сиямын ба?

Сені ойламай өткізе алман бір түнді,
Түсімде де сенің даусың естілді.
Қанша сұлу көрінсе де өзгелер,
Сенен басқа сүйе алмас ем ешкімді.

Өмір жайлы

Өмір-теңіз, адам-кеме, қарсы жүз ағынына,
Ей, досым, алдан ба сен өмірдің құр сағымына.
Ұлт рухын ұлықтауда отқа түссең,
Күймейсің ешқашанда жалынына.

Өмір сабақ өзгені ойландырсын,
Әрбір істен ғибрат алып тұрсын.
Түпсіз терең тұңғыық жұмбақ өмір,
Бар екенін әркімде ойлап жүрсін.

Жалған дүние өтеді аялдамай,
Жаймен жылжып барады аяңдап – ай.
Өзім деп өміріңде сыйласқанның,
Жара салма жүрегіне абайламай.

Мына өмір біреуге байлық берген,
Енді біреу мехнат пен қайғы көрген.
Біреулері көзін ашып, ілім іздеп,
Ізгіліктің бойына дәнін терген.

Қалма жанның көз жасы, наласына,
Бір келер бұл ғұмыр адам баласына.
Дүние жиып, ашкөз болған бұл құлдарын,
Жаратушым түсірер бір күні тәубасына.



Шаттық Қыстаубайқызы

Қыстаубайқызы Шаттық 1986 жылы «Жаңақала» ауылында туылған. №185 орта мектепті 2003 жылы бітірген. 2011 жылы «Болашақ» университетін «Педагогика және Психология» мамандығы бойынша бітірді. Республикалық, облыстық жыр мұшайралардың бірнеше мәрте жеңімпазы. «Халық» газеті, «Ақмешіт апталығы» газеттерінде қызмет жасаған. Қазір Алматы қаласында тұрады. Қазақ Ұлттық Құманғазы оркестрінің СММ маманы, редактор.

Ауылым

Ауылым алтын бесік қымбат маған,
Сәбиін сол бесікке құндақтаған.
Өзіңе жүрегімнен лебіз етіп.
Ешқашан айтылмаған жырды ақтарам.

Бүкіл Отан басына қайғы алғанда.
От пен оққа оранып қан майданда.
Көмекбаев есімі ауылыма,
Құт әкелер есімге айналғанда.

Ауылым Жаңақала думанды өлкем.
Дүр Алмас,ақын Серік туған мекен,
Қора қора өргізіп төрт түлікті.
Ұрпақ үшін белдерін буған мекен.

Ауылым топырағы қасиетті.
Төл өсіріп,көбейтіп кәсіп етті.
Қаратай әке:Еңбек ет,елінді сүй,
Деп жастарға қалдырған өсиетті.

Қызылдың қиясына көркем қылып.
Көк шықты жасыл-желек,өркен қылып.
Қаратай,Болысбай мен Рүстемдей,
Әкелерім жол бастады,ел қондырып.

Жаңақала жатсынбай таныстарды.
Ағайын,туыс,бауыр қоныстанды,
Сыйластықпен татулық бірге жүріп.
Өсірді талай дарын,арыстарды.

Қасым,Дәли бастаған ардагерді.
Сәжделі Сәт көкемдей молда болды.
Сейділдә,Әбутәліп,Садық,Шайхы.
Елінің сыйлы ұлы болған еді.

Туыстық,татулықпен,достықпенен,
Қайнады жалау тіккен жастықпенен.
Фермалар жұмыс жасап абыройлы,
Шопандар баға алды бестік деген.

Әділбек,Демеу,Сайлау майталманым.
Тек жұмысқа арнаған бар ынтасын.
Рахман ағай өз ісінің құлагері.
Озат маман Жұлқышев Жарылқасын.

Жүрекке мөлдір жырлар жиналып мың.
Шабытымды бойыма сыйға алыппын.
Нағашым Омар ұлы Рысбаймен.
Енбегі адал болған Зинабыттың.

Барлығының өзіндік жұмысы адал.

Таза ауа,раҳаттана тыныс алам.
"Қыз жібек пьесасында Бекежаннын.
Рольіменен есімде Жүніс ағам.

Әлиакбардай көкем бар әңгімелі.
Құлағыма құюшы еді бар білерін.
Мәрісадық,Көшек,Байұзақ,Бидаке ағай.
Ұстаз болған қалғанша соңғы демі.

Ұстаз болған ұлы есім жаны терең.
Еңбек етті барлығы жаныменен.
Жаңақала танылды тұңғыш рет.
Түменбаев Байділдә әніменен.

Танымас кім Зәлиев Садықбекті,
Инатулла мектебіме жарық бопты.
Зухра апай сол жарық сәулесі еді,
Жарқ етінде жұлдыздай ағып кетті.

Ауылымның тарихы таусылмайды,
Жаза берем әліде бар сыр жайлы.
Ақмырзадай батырды еске салсам.
Алыс тұрған дұшпаным қалшылдайды.

Бекмағамбет ақ халат бас дәрігер,
Көнекөзді қария,жас та білер.
Кетсе дағы барлығы бақилық боп,
Есте қалған еңбегі.жас күнінен.

Орақ жырау,ойы ұшқыр орақ тілді,
Әлиев Машарап бар араб тілді.
Көк күмбезді Жәрімбет баба кесенесі.
Қарақ төбе басынан қарап тұрды.

Серікбай көке ұста болған ұстаралы,
Байнаш әке жасаған іс бағалы.
Ерсейтбенбет ұрпағы Бәйіш Қожа.
Бойынан қанат біткен күш тарады.

Ауылымды бар алаш сыйлайды анық,
Ақ парақта жыр жатыр шимайланып.
Барлығының есімі жүрегімде.
Дәптеріме қалсада симай қалып.

Ойымды ұшқырладым алмас қылып,
Жаныма қаламымды жолдас қылып.
Елу жылда ел жаңа бүгін міне,
Ұрпақтары тойлап жатыр жалғастырып.

Жаңақалам мақтаным,бақ тұғырым,
Өркез солай арайлап атты күнім.
Ата-анасы жолынан шабыт алар.
Мәдікәрім Қыстаубайдың Шаттығымын.

Естелік

Естеліктер ескірмеген,
Жалған екен бес күн деген.
Суреттермен сырласамын,
Жас баладай ес білмеген.

Жылап та алам, күліп те алам,
Кейде әлсіреп сынып қалам.
Өмір деген өтер-кетер,
Алға қарай жүріп барам.

Әкем жайлы, анам жайлы,
Естеліктер жазғым келді.
Ең бақытты отбасы едік.
Бір болсақта аз күн мейлі.

Дастарханның төр жағында,
Әкем тау болып отыратын.
Бесеумізді еркелетіп.
Қасына әркез шақыратын.

Анам болса, тәттілермен,
Керемет ас дайындайтын.
Дастарханы толып әр күн,
Молшылықтан айырмайтын.

Бәрімізде еркелеуші едік,
Ашық айтып ойымызды.
Мейіріммен, қамқорлыққа,
Үйретуші еді бойымызды.

Дастарханда абыр сабыр,
Отырушы едік улап шулап.
Таңғы асқа бақшасынан,
Анам жүрер салат турап.

Жоктан жасап баршылықты,
Берекеге толы уйім.
Көрмедік те таршылықты,
Алла берген бізге сыйын.

Әкешімнің әр сөзі алтын,
Қу дүниеге құнықпа деп.
Санамызға сіңген сөздер
Ешқайсысын ұмытпадық.

Сөз құрадым, суреттерді,
Көрген кезде жүрекке ауыр.
Отбасымыз аман болсын.
Аман болсын барлық бауыр.

Естеліктер ескірмеген,

Жалған екен бес күн деген.
Жылап та алам, күліп те алам,
Жас баладай ес білмеген.

Халқын сүйген ер

(Ұлы Отан соғысының ардагері Қасым Жүсіпұлының рухына)

Отан үшін от кешкен елі үшін,
Бір аяқтан айырылды жері үшін.
Халқын сүйген ұлы жүрек Қасым әке,
Қан майданға, сұм соғысқа берді күшін.

Қолға алып берген атақпенен еңбекті,
Үлгі қылып ұрпақтарға бермекте.
Ойластырды үлгі етуге өсиет,
«Еліне батыр ұл болуға» көн депті.

Біз егемен ел болдық одан бері,
Ата менен әкеміздің арқасында.
Бізге Қасым әкенің адал ісі,
Күш береді, әл береді әрқашанда.

Ән әуені

Жүрегімді ән әуені тербейді,
Көңілімді күй саздары кернейді.
Сәби кезім, бесікте жатып анамнан,
Естігенмін ең бірінші әлдиді.

Біз ананың ақ сүтінен нәр алған,
Өнерменен барлық адам жаралған.
Кейбіреулер терме тартып үйренсе,
Енді біреу күймен, жырдан дәм алған.

Ең бірінші адамға өнер керек,
Өнер ғана биікке жетелемек.
Дарын болып сіңсе адам бойына,
Сол адам өнер үшін етер еңбек.

Алтын бесік

Ауылым!
Алтын бесік қымбат маған,
Сәбиін сол бесікке құндақтаған,
Өзіңе жүрегімнен лебіз етіп,
Ешқашан айтылмаған жырды ақтарым.

Ауылым! Көмекбаев нулы өлкем,
Талай ақын, жыраулар туған екен.
Қора-қора өргізіп, төрт түлікті,
Ұрпақ үшін белдерін бұған бекем.

Ауылым!
Топырағы қасиетті,
Төлдерді көбейтуді кәсіп етті.
Қаратай әке: «Еңбек ет, жасұландар»
Деп бізге мұра еткен өсиетті.

Ауылым!
Арналады асыл әнім,
Талайды балық, етпе асырадың.
Қыдырып кетсем-дағы басқа жаққа,
Өзіңе сағынышпен асығамын.

Қарақта Жәрімбет баба кесенесі,
Батыс жақтан шуақ берер көлеңкесі.
Көкпеңбек болып аспанмен тілдескендей,
Қарақ десе көтерілер ел еңсесі.

Ауылым!
Тарихы мол қазынасы,
Археолог зерттеуімен қазылады.
Ақмырза мешітімен, Меңей, Көлдей,
Тарихи кітаптарда жазылады.

Нұр төгемін бүгін мен жыр төгемін,
Қошақандай емін-еркін еркеледім.
Иісі қандай керемет емге дәру,
Жусаны мен көкжуалы кең төбенің.

Ақын болып жыр жазуға талпынамын,
Жан-жағымды көңілді ән қыламын.
Қасиетті туған жерім жүрегімде,
Алтындардай мәңгілік жарқырадың.

Көктемге ғашық көңілім

Шуағын төккен, арайлы көктем жайнаған,
Оянып бақтар, қуанып құстар сайраған.
Бұлт шымылдығын түріп тастады ару-күн,
Келіншектей боп көркіне көзін тоймаған.

Үмітпен қарап, биікке қарай ұмтылдым,
Сәнденуін-ай сәмбі тал ерке сылқымның.
Серуен құрып кетейін бүгін сенімен,
Сыңғырлар үні бұлақтай таза күлкімнің.

Сиқырлы сипат көктем, сен маған ұнадың,

Қуанып тұрмын тапқандай егіз сыңарын.
Құлпыра берші бәйшешек пен қырмызым,
Жайқалып өсіп, шыңдағы сұлу шынарым.

Жыладым кейде, жаңбырдай жасым тамшылап,
Тағдырым мені жосып өткендей қамшылап.
Өкпелі жырлар құсадан тұрар жарылмай,
Отырам үнсіз барлығына да жан шыдап.

Шапағат күтем, махаббат күтем әр күннен,
Нұрланған әлем, жарқырап бүгін жандым мен.
Қиналған шақтар, жадаған жаным мұңайып,
Жуылып кетші көктемгі жылы жаңбырмен.

Поэзия періштесі

Топты жарған шын дарабоз сен едің,
Мендегі рухты әруағыңмен жебедің.
Жырларыңды оқыдым-дағы өзінді,
Поэзияның пайғамбарына теңедім.

Үміт үзбедің бақыт бақыт дейтін бағыттан,
Сенсің, аға, жыр жауһарын танытқан.
Аңсағанмен, шаршағанмен не пайда,
Тау тұлғаңыз табылады табыттан.

Жыр иесін іздеп жатыр құба бел,
Дәл осыдан өз бағаңды ұға бер.
Күреңбайдай сыншы халық әрдайым,
Жырларыңды деп айтардай Құлагер.

Құлагерсің, расында шын тарлансың,
Көк бөрінің сүтін емген арлансың.
Поэзияның періштесі еді-ау,
Жұмыр басты жұтып тынды жалған шын.

Менде бүгін жыр жазуға талпындым,
Сен секілді қас, дұшпанға салқынмын.
Бар болмысты жырларыңнан ұғындым,
Қолда барда қадірі жоқ алтынның.

Қалтамызға сыймаса да теңгеміз,
Жайсаңдарды сыйға тарттық жерге біз.
Қара жермен хабар жетсе жағымсыз,
Өкпелеме қазақ деген пендеміз.

Өлік сынды тас қабірге көмілген,
Жетім жүрек қорлық көрді өмірден.
Енді, Мұқа, елесіңмен күн кешем,
Көкжиектен күлім қағып көрінген.

Қаламаймын қайғымен таң атқанын,
Кұр күдікпен қызыл күннің батқанын.
Аяқ асты тапталғаннан жақсы ғой,
Сен секілді төмпешік боп жатқаным.

Жыр тұлпардың ауыздығын ағыттым,
Шенберіне шектеу қоймай шабыттың.
Келер күннің не сыйлары белгісіз,
Бақ бермейді мен жүретін бағыт тым.
Мұқа аға, сенің алтын басың сақталған,
Бұдан былай менде мылқау табытпын.

Ызғар

Тәуелсіздік!
Егемендік елміз біз,
Туған талай батыр, ақын, ұл мен қыз.
Қиындыққа қарсы шықпай қанша жыл,
Орыстардың қол астында жүрген біз.

Шыдамның да шегі бар ғой адамда,
Әділетсіздікке жала болып табанда.
Шеру құрды жастар жағы жиналып,
Ертесіне шықты ерлікпен алаңға.

Бірақ, бірақ!
Өкінішті ар жағы...
Талай қыршын үзілді үміт, арманы.
Азап көріп енді аман қалған,
Шайналғандай өмір сүрді бармағы.

Жоқ, жоқ!
Бәрі ақталатын күн туды,
Талай жастың көкірегін нұр жуды.
Қашқын болып өмір сүрген аға-апа,
Бір серпілді қойды ма деп аңдуды.

Жақсылыққа жорып халық бұл күнді,
Қиындықтың ызғар лебі ұмтылды.
Елін сүйген батыр жанды құрметтеп,
Талай ақын өшпес мұра жыр қылды.

Желтоқсанның мұзда жанған алауы,
Еліміздің тәуелсіздік қалауы.
Әрқашанда батырлықты нұсқаған,
Тарихымыздың таусылмайтын тарауы.

Анама!

Қара өлеңге, тіл бітті жаңа ғана
Шабыттанып бойдағы жолбарысым
Ең керемет жыр жаздым жан анама
Тек біздердің анмыз болғаны үшін

Күн нұрының сәулесін сенен көрем
Шуақ беріп әрдайы жылулығың
Жеткізе алмай отырмын өлеңменен
Ешкімде жоқ анамның сұлулығын

Менің анам ерекше алтын адам
Күлімдейді жүзінен нұр төгіліп,
Қашан көрсем маңдайы жарқыраған
Мың етпейді, жатсын жер төңкеріліп.

Тәрбиелейді біздерді адалдыққа
Қолда тұр деп, бақ-бойлық дәулет деген.
Қиналсаңда ұрынба жамандыққа
Әрбір іске шүкіршілік тәубе ет деген.

Ұл қыздарың ер жетті тәрбиемен
Орындалды шүкір ақ ізгі арманың
Көктеп жатыр гүл болып әрбір үйден
Өзің еккен қос сұлу қызғалдағың.

Бақыт-байлық денсаулық бәрі-бәрі
Орын алсын әрдайым шаңырақтан.
Әке-Ана арманың орындалды
Үш батырың ер жетті жалын атқан.

Ал анашым ақтардым жыр беттерін
Қызығын көр балдарыңның әкемізбен.
Мақтан тұтып өзіңді құрметтедім
Қабыл алшы бұл сыйлық жеке бізден.

Ақыл айтып уақыттың ерте кешін
Жақсы жолға біздерді жетеледің
Ата-анамны қашанда мәртебесін
Мақтанышпен биікке көтеремін.



Мейрамкүл Қосбаева

Қосбаева Мейрамкүл Сақтапбергенқызы 1989 жылы Т.Көмекбаев ауылында дүниеге келген. 2007 жылы № 185 орта мектепті «Алтын белгімен», 2011 жылы Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың «Археология және этнология» факультетін қызыл дипломмен бітірген. Еңбек жолын 2011 жылы Алматы қаласындағы Ә. Марғұлан атындағы ғылыми зерттеу институтынан бастаған. 2023 жылы Қорқыт Ата атындағы Университетті педагогика мамандығы бойынша бітірген. Бірнеше аудандық жыр-мүшәйралардың жүлдегері. Қазір Байқоңыр қаласындағы №272 орта мектепте мұғалім.

Ауылым-әнім

О, туған жер, жазира кең мекенім,
Өмір бойы, сен деп тірлік етемін.
Қиялымды шарықтатып қияға,
Сенде ғана, арманыма жетемін.

Әр кез жайып, сенде көңіл кілемін,
Көп-ақ саған, менің айтар тілегім.
Жылап бірге, сен жыласаң, туған ел,
Күлсең егер, мен де бірге күлемін.

Гүлдерінді иіскеймін, дем аламын,
Жусаныңның иісінен ем аламын,
Бақыт бар ма бұдан асқан жаһанда,
Қуаныштан неге, неге шет қаламын?

Секілді бір бұзығыңнан аумаймын,
Көк шөбіңе құлаймын да аунаймын.
Қасиетті тауға барсам, Қараққа,
Жүзбен нұрлы кең ашады баурайын.

Созылыңқы көлемі, алыс-шетсіз,
Сенде өскен ұл-қызда алғыс шексіз.
Қадір тұтып ауылды, туған жерді,
Мұнайтпайық, адамдар, жерді ретсіз.

Көтеремін аспанға көк байрақты,
Туған жерден аламын күш-қайратты.
Саған жетпес ауылым, ешбір өлке,
Күнің сенің жүрегімді сайратты.

Әке-Ана

Әке-ана! Қос ұғым бас иетін,
Жаныңа ең жақын жан сүйенетін.
Тек ойлайтын бақытын ұл-қызының,
Кие тұтар қадірлім, қасиетім.

Балаларын қашанда өрде көрген,
Сіздерсіздер, дүнием дөңгеленген.
Әрдайым аман болып жүріңіздер,
Болмасын өмір жолы көлденеңнен.

Келтірген берекесін үйіміздің,
Бастауы жырымыздың, күйіміздің.
Қос бәйтерек бәріне сая болып,
Жайымызға алаңдар жиі біздің.

Әке-ана! Құзар-шың, асқар тауым,

Сіздер барда еш жерде жасқанбадым.
Қамқоршы, қолдау болған ұл-қызына,
Өздеріңмен биікке асқан бағым.

Мейірленіп сан өнер тұнығымен,
Әке-ана! Батаңменен шынығып ем.
Сіздер салған жолменен жүріп келем,
Сусындап адалдықтың шырынымен.

Әке-ана! Ұзақ болсын ғұмырларың,
Биік болсын, құламай тұғырларың.
Құрметті төрімізден орын алған,
Ардақтап сіздер бүгін жыр қыларым.

Абай әні

Білетін Қазақстан бар аймағы,
Мәңгі асыл маржан Абай әні.
Мәңгі орнап қазағымның жүрегінде,
Тамсантар талай ғасыр талайды әлі.
Татьяна қазақша ән салғандай,
«Желсіз түнде жарық ай» арайлады.
Нәзік жібін үміттің жалғағандай,
«Айттым сәлем Қаламқас» жан арманы.
«Көзімнің қарасы» боп ішкі сезім,
Мұң болып әр жүрекке тарай барды.
Шертетін сезім күйін сиқырлы әуен,
Сазымен таң қалдырған талайларды.
Сыңғырлап сыры кетпей сан ғасырда,
Сақталған ескерткіштей сарайдағы.

Сүйікті ұстазыма

(Сынып жетекшім, әдебиетші ұстаз Нұрханова Гүлжүр апайға)

Сезім сырын ұғынып жас жүрегім,
Әдебиет әлемінде түледім.
Сара жолмен өзіңіздің сілтеген,
Кеттім кезіп, құпиясы мол, жыр елін.
Бұл өмірде екінші анам сияқты,
Сіз дарасыз бір мен үшін білемін.
Өмірдегі бар жақсылық, қуаныш,
Пәк көңілмен сізге ғана тілерім,
Қай қиырда жүрсемдағы бір сізге,
Әрқашанда шәкірттік мол тілегім.

Алдымызда жаңа арман, жанды үміт,
Жаңа өмір атып келед таң күліп.
Амал қанша өмір заңы осылай,
Жүре алмадым қасыңызда мәңгілік.
Қайығымды салдым өмір – теңізге,
Өзіңізді жағалауда қалдырып.

Қанат қағып ұштым бүгін ұядан,
Ұстаз – анам қалай сізді қия алам.
Ақтап әркез алға қойған үмітті,
Ендігі арман көріну тек қиядан.
Сізге ыстық ықыласымды жеткізсін,
Бір ауыз сөз туған бүгін қиялдан

25 мамыр 2007 жыл

Ана тілім – айбыным

Ана тілім – айбыным,
Мөлдір бұлақ айдыным.
Кедергі болмас ешкім де,
Қанатыңды жай бүгін.

Мол шежіре, жыр – дастан,
Шешендік сөздер жалғасқан.
Жауды да, дауды да тоқтатқан,
Ана тілім – алдаспан.

Жасыл желек, құрағым,
Алға апарар ұраным.
Тек өзіңе арналады,
Бүгінгі шашу жыр-әнім.

Асқар биік, құзар шың,
Басындағы шынарың,
Жоғалтпайтын мәңгілік,
Мойнымдағы тұмарсың.

3-бөлім

*Балауса
жырдың
бағында*



Манат Бидаке

Бидаке Манат 1996 жылы 1 қазан күні Қармақшы ауданы «Жаңақала» ауылында дүниеге келген. №185 орта мектепті 2014 жылы бітірген.

Қазір Алматы қаласы, Наурызбай ауданындағы №200 мектеп-гимназияда бастауыш сынып мұғалімі

Ұлыстың уыз ұйқастары

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын,
Баршаның отбасына ырыс қонсын.

Байлық, даулет, биліктің керегі не?
Тек қана татулық бер өміріме.

Күн сәулесі жарқырап төрімізде,
Көктем келді шат күліп жерімізге.

Тойландар барша қазақ гүл көктемде,
Жылына бір келетін бұл көктемде.

Көптен күткен мейрамда келді міне,
Өміріңе өзгеріс енді міне.

Қане достар шырқандар отырмандар,
Наурызды дүркіретіп бір тойландар.

Көктемнің назды күні-сазды күні,
Ойнаңдар барлығыңда жазды күні.

Қыстың кезі тоңасың дірілдейсің,
Наурызда шуақ шашып күлімдейсің.

Ұлыстың ұлы күні біз тойлайтын,
Бар бала бал қызыққа бір тоймайтын.
Қазақтың көне салтын сақтай білу,
Ежелгі дәстүріміз ұмытылмайтын.

Өмір ғой бұл ағынымен ағатын,
Көктем ғой бұл кезекпен есік қағатын.

Қуанамыз көктем есік ашқанда,
Бақыт болып әр қадамы басқанда.

Әлі талай Наурыздаға жетерміз,
Биік белес асулардан өтерміз.
Барлығымыз бірге болып әрқашан,
Татулықпен еркін өмір кешерміз.

Тойдан тойға ұласып келе берсін,
Қуанып барлық адам жүре берсін.
Өмірдің нағыз сәні күлкі емеспе,
Қанекей достар бірге күле берсін.

Ұлы күн шуақ шашып жадырайды,
Арайлап әрбір таңым жарқырайды.
Жүрегіме жасырған сағынышым,
Ән болып ұшып жатыр саркылмайды.

Тәуелсіз Қазақстан елдігі

Тәуелсіздік- тектіліктің таңбасы,
Тәуелсіздік-жаңғырудың жалғасы.
Тәуелсіздік-өмірімнің қимасы
Тәуелсіздік-көңілімнің айнасы
Тәуелсіздік таңы атты бүгінде
Қарсы алады барша халық елімде
Күн сәулесі жарқыраса көгімде
Көк туымыз желбіресін төрімде
Бабалардың иісі әлі кетпеген
Ата-баба ұрандары өшпеген
Қазақстан атауы еді жерімнің
Тәуелсіздік еді жүрек көксеген.

Тәуелсіздік-әр қазақтың теңдігі
Тәуелсіздік-қазағымның кеңдігі.
Тәуелсіздік-ата-баба елдігі
Тәуелсіздік-батырлардың ерлігі.
Тәуелсіздік-батылдықтың айғағы.
Тәуелсіздік-батырлықтың қайнары.
Тәуелсіздік-кең даламның барлығы
Тәуелсіздік-көк аспаңдай байрағы.
Тәуелсіздік-ақыл-білім көптігі
Тәуелсіздік-ашу-ыза жоқтығы
Тәуелсіздік-отбасымның шаттығы
Тәуелсіздік-Қазақстан елдігі.

Таңым атты, жарқырады арай күн,
Әркез бізге күлімсіреп қарайтын.
Уын шашқан зар-заманнан құтылған,
Ер көңілді қазақпыз ел сыйлайтын.

Лебі есіп қазағымның жерінде,
Самғап туым желбіресін көгімде.
Ілтипатпен қарсы алайық қанекей,
Замандастар тәуелсіздік төрімде.
Естілгендей ата-баба үніде,
Лапылдап тұр қазір бала көңіліде.

Тәуелсіздік

20 жыл міне тәуелсіз дала, қалада
Өткен сол талай азаптың орны тола ма?
Көптеген қазақ қиналды сол бір жылдарда
Ескерткіш қоймай ізінде мұра қала ма?
Талай жандар құрбандық болып аттанды
Есімі мәңгі жүректе қалып сақталды.
Күндегі айтар ұрандардай ән қылып,
Өмірі айтып жүретіндей болып жатталды.

Азап шеккен майданда

Соғыстың қиындығын көріп келді
Көре тұра соғанда төзіп келді

Қиын ғой сондай кезде ашаршылық
Сонымен оның бәрін жеңіп келді.
Қазіргі кез төзбейді бір ұрғанға
Ол кездері сабаған бір тұрғанға
Азаптанып жүрдіғой талай адам
Талай адам қиналды сол жылдарда

Соғыс соңы

Талай адам көрді талай азапты
Соған төзген мына адамдар жасапты
Сол жылдарда бала мейлі, ал мейлі
Ұрып -соғып білгендерін жасапты.
Қинап әптен сабадығой баланы
Ол балалар шырылдайды жанады
Көздерінен пар-парлаған мөлдір жас
Тебіrentті қазіргі ата-анамды
Аналары күнде ойлап баласын
Қалай ғана ол азапқа шыдасын
Әр аққан жас дария болып жатады
Естігенде қара қағаз мың хатты
Қазір міне дамығанбыз бәріміз
Алла қолдап жасаймыз ғой әлі біз
Үлкендерге ұзақ өмір тілейміз.
Кішілерге сыйлап жүр деп үздіксіз.

Ғалымжан ағама

Асырады, ардақтап, мәпеледі
Басқалардан біздерді кем көрмеді
«Сен білмедің»- демей-ақ әркез бізге
Жақсы оқы, адаспай жүр деп келеді
Орындауға әрдайым тырысамыз
Қолымыздан келсе егер мәз боламыз
Үміттерін үзбесін тек біздерден
Жоғары балл алып біз қуантамыз
Жақсы тілек жүректі жібітеді
Жаман адам жүйкені ірітеді
Қиындық қанша жерден кез болса да
Шындық деген әрқашан бірігеді
Рахметімді айтамын басымды иіп
Көңілдегі бар ойды бірге түйіп,
Әрдайым биіктерден көрінсін деп
Тек бізге қалмасын деп көңіл кейіп.
Жақсылардың орындалар арманы
Ақ көңілі тек жүректе самғады
Көрген адам мақтап жүрер ағамды
Көрінеді биіктен бұл жоғары

Ана- өмірдің шуағы

Ана деген- күннің шашқан сәуесі
Ана үшін бала оның әуресі
Ана деген – ылғи ғана күлімдеп

Ана үшін бала тәтті мәуесі.
Қалай ғана жыр жазбасқа анаға
Ана деген- қымбатқой әр балаға
Ана есімін ұмытуға болама
Ана сыйлау берік сіңген санаға
Ана деген – баланы ер жеткізер
Жаманнан аулақ , жақсыға үйір еткізер
Ана деген-көзді ашып-жұмғанша
Баласы үшін бар байлығын өткізер.
Анасыз үй – қара жерге тең келер
Анасы бар бала күнде еркелер
Ана деген –күннен күнге құлпырып
Күлімсіреп жамандарды итерер
Жақсыларға қолын созып әрқашан
Жамандарға жақсы бол деп қолдаған
Әркез барын аямаған білсіндеп
Бар дүниесін баласы үшін жалғаған
Мен үшін ана деген-ардақты ат
Ойдағы армандарды жалғап тұрад
Ана деген –жүректің соғысы ғой
Соғып тұрад, әрқашан соғып тұрад.
Аналардың ақ сүтін ақтау керек
Айтқандарын ұмытпай жаттау керек
Өмірбақи жүрмейтіні анық болса
Ана деген- ат дара,Айқын дерек.



Сымбат Айтбаева

Айтбаева Сымбат 1997 жылы дүниеге келген. №185 орта мектепті 2015 жылы бітірген. Бала кезінен өлең жазумен айналысып, жыр мұшайраларға қатысқан. 2019 жылы Алматы технологиялық университетін инженер мамандығы бойынша, 2022 жылы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетін «Математика-физика пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бітірген. Қазір Алматы қаласы Алатау ауданы №209 мектеп-гимназияда математика пәнінің мұғалімі.

Анама

Жаныма жақын анашым,
Мен үшін сен дарасың.
Жақсылықты үйретіп,
Ақыл айтқан данасың.

Бар әлемнің тірегі,
Балалардың жүрегі,
Тіршіліктің бастауы,
Анаға бас иеді.

Анашым

Ана, ана, о, анашым!
Шын қамқоршы жанашырым.
Бағып мені жылатпаған,
Түсініп сен бала сырын.

Қатемді де кешірген сен анашым,
Мәпелеп бір өсірген сен анашым,
Жыласым да жұбатқан сен анашым,
Құшағына енгізген сен баласын.

Ізгі жанға

Ой жүйрік сейіл құрып сайраңдаған,
Сәттерімнен мына бір жайды аңғарам.
Талмайтын, шаршамайтын, жалықпайтын,
Ұстаздар еңбегіне қайран қалам.

Ақпарды береді ғой ой қаламға,
Бұл өзі ыстық ұғым байқағанға.
Білім бақтың саялы бәйтерегі,
Жандары мөп-мөлдір ғой айнадан да.

Бойға ізгі мейірімді дарыттырып,
Болашақтың бейнесін жарық қылып.
Баласынан ешқандай кем көрмейді,
Ізгіліктің шуағын таныттырып.

Ер Мәншүк

Тұратын ерлік пенен махаббаттан,
Тек екі қасиет бар жастыққа тән.
Тал бойынан кездескен екеуі де,
Ер Мәншүгін тұтады елі мақтан,
Құшыра алмай ызғарға шалынғанмен,
Ол өтіпті өмірден жалындаумен.
Ерен ерлік үлгісін қалдырыпты,
Қайсар қыз қасарысып қалың жаумен

Наурыз

Наурыз тойы басталатын күн бүгін,
Бүршік жарып, табиғатта тірілдің.
Мәз-майрам боп қуанады елім де,
Азайғандай ауырлығы жүгінің.

Жадырайды жан атаулы қуанып,
Шуақты өмір кеткендей ғой нұрланып,
Көңіл қалып, өкпелескен адамдар,
Ұлыс күні татуласар жиналып.

Күмбірлеп күй, әсем ән де самғайды,
Би билеуден қыздар сұлу талмайды.
Алтыбақан бір тынымсыз тербеліп,
Шаттық кернеп, жадыратты маңайды.

Әдет-ғұрып өткенді ойға алатын,
Халықтың түрлі ойыны ойналатын,
Көгілдір көктем сайын сағынамын,
Ұлыс күні наурызда тойланатын.

Даңқын кеткен алысқа, туған елім,
Қасиетінді қашан да қастерледім.
Ұлыстың ұлы күні бәріне алғыс,
Жаңғыртқан ата-бабам дәстүрлерін.

Туған ауыл

Кеудеме өзің құйдың жарық нұрды,
Сағыныш қашан мені жалықтырды?
Барсам да қай қиырға сенің атың,
Жұлдыз боп аспанымда жанып тұрды.

Оранып жатыр әні, дала гүлмен,
Көркіңе көзім қанық бала күннен.
Өзінді, туған ауыл, сәл ұмытсам,
Анамды ұмытқандай боламын мен.

Тілім менің

Тіліменен жасайды мәңгі қазақ,
Ғасырлардың шежіресін қолдайды хақ.
Ана тілін ар қылған талай ұлы,
Қай кезде де қазақтың тілегі ақ.

Ұлтымның мүддесіне қызмет еткен,
Кең даламда еңіреп ерлер өткен.
Қазақ тілі Абай менен Жамбыл тілі,
Бұл тілде Махамбеттің кегі кеткен.

Жат тілінде бұлбұлша біз сайрадық,
Ана тілін ойран қылып қорладық.
Өз ойымды өз тілімде айта алмай,
Тілімізді тістеп тұрып сорладық.

Құдай да бар әділдікті жақтайтын,
Ерлерім бар халықтығын сатпайтын.
Үзілмеген қасиетті тілінен
Ұландар бар ана тілін сақтайтын.



Нұржанат Камалбекова

Камалбекова Нұржанат Камалбекқызы 1997 жылы Қармақшы ауданы, «Жаңақала» ауылында дүниеге келген. №185 орта мектепті 2015 жылы бітірген. Аудандық, облыстық «Абай оқулары» байқауының жеңімпазы. Өлеңдері газет беттерінде жарық көріп тұрады. 2019 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетін бітірген. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында Әлем әдебиеті қызметінің маманы болып жұмыс жасайды.

Елімнің жүрегі – Астана

Сарыарқаның төсіндегі гүл қала,

Ертегідей бой көтерген – аспанға.
Бәйтерегі аспанымен таласқан,
Ару қала, әсем қала – Астана.

Есілі бар көк аспандай түп-тұнық,
Зәулім үйлер көш түзеді керіліп.
Қызыл, жасыл гүл жайнайды бақтары,
Көргің келер бас қаланы сен барып.

Бұл Астана Алаштың мақтанышы,
Авторы Астананың Нұр ағасы.
Көркіне көз тоймайтын алтын қала,
Көңілдің құсын көкке ұшырады.

Келді, міне, ұзақ күткен азат күн,
Кетті мәңгі ұмытылп азап, мұң.
Ақмешіттен бастау алған хас далам,
Көркейе бер гүлдене бер,
Менің ғажап Астанам.

Жеңіс жыры

41 – дің маусымы.

Қиын да ауыр кез еді.
Фашистердің соққысы,
Бізге де оңай тимеді.

Соғыс деген зұлымдық.
Жаралмаған қан үшін.
Жеңіс деген жақсы сөз,
Пайда болған ар үшін.

Ерлікпенен шайқасқан,
Батырлары қазақтың.
Аты аңызға айналған,
Әлия, Мәншүк, Бауыржан.

Тек қана алға ұмтылған,
Батыр, батыл Төлеген.
Елі үшін аянбай,
Тек биіктен көрінген.

68 жыл болыпты,
Парағын Жеңіс ашқалы.
68 жыл болыпты,
Бейбіт күн таңы атқалы.

Жақсылықпен біргеміз,
Ұмытылсын бар қайғым.
Мықты болсын іргеміз,
Ұлы Отаным – қазағым.

Батыр бабам Бұқарбай

Жаздым жыр рухыңа арнап батыр бабам,
Еске алған тарихыңды мен бір балаң.
Жол жатыр ерлікпенен Сіз қалдырған,
Жырлайын келгенімше оған шамам.

Естекбай Алладан бір бала тілеп,
Басында әулиенің жатқан түнеп.
Он ұлға татитын бір ұл берішті,
Арыстандай айбатты қайтпас жүрек.

Бұқарбай бабамыз бұл бірлік дейтін,
Болады бірлік болса, тірлік дейтін.
Біртуар нартұлғасы қазағымның,
Азаттық деп елінің қамын жейтін.

Аман қайтып талай отты жалыннан,
Елі үшін ерлік көзге шалынған.
Дау – тартыста әділетті жақтаған,
Шыққан тегі Теке елі Табыннан.

Батыр әрі шешен болған беделді,
Қажыр-қайрат таң қалдырған көп елді.
Қанша найза түйрелсе де кеудеге,
Атой салып, жауға қылыш сермеді.

Сенімді серік болып Хан Кенеге,
Орыстың саясатын аңдап еді.
Ұлтының азаттығын сақтау үшін,
Жүректе намыс оты жанған еді.

Ел басына қара бұлт орнағанда,
Қарсы тұрып Хиуа мен Қоқандарға.
Қайырымды қасиетінің көрінісі,
Ашыққан барлық жұртқа болған пана.

Қаймықпай лаулап жатқан қызыл оттан,
Бой тасалап көрмеген жауған оқтан.
Қабыландай қайратты рухты бабам,
Көз ілмей ат үстінде таңда жортқан.


Ғасыр өтті, өтті ұрпақ елім деген,
Батырлар көп елінің қамын жеген.
Баһадүрі қазақтың батыр бабам,
Қорғап жерін жауына беріспеген.

Татулықтың көк байрағын желбіреткен,
Небір дүлдүл тарихта жүріп өткен.
Жауының мысын басқан Бұқарбайға,
Ақындар ән-жырларын арнап кеткен.

Есіміңді ұлықтаған ұл, қызың,

Көрсеткендей бүгін қазақ бірлігін.
«Көшпенділер» кітабында аталған,
Қаһарманы күллі қазақ ұлтының.

Сенше туып, сенше өлсе батырлар,
Есігіне жұмақ бақтың жақындар.
Екі жүз емес, бес жүз жылдан әрі асып,
Мыңжылдықта аталуға хақың бар.



Нұрай Қасым

Қасым Нұрай Нақыпбекқызы 2001 жылы Қармақшы ауданы Т. Көмекбаев ауылында дүниеге келген. № 185 мектепті 2018 жылы бітірген. Жыр-шумақтары баспасөз беттерінде жарық көріп жүр. Ғылыми мақаласы облыстық басылымға жарияланған. Жыр мұшайраларына қатысып, бірнеше рет жүлделі орындарға ие болған. 2022 жылы «Болашақ» Университетін үздік дипломмен «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Қазіргі таңда Қызылорда облысының білім басқармасының «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығында кадр даярлау жөніндегі инспектор болып қызмет атқарады.

АЛТЫН ӘЖЕМ – АҚ ӘЖЕМ

Көңілі кең өрістей.
Алтын әжем – ақ әжем,
Қиналғанда қасымнан,
Табылған ол дара әжем.

Қартайсаңда шаршамай,
Бағып – қағып өсірдің.
Менің алтын қазынам,
Қатемді бар кешірдің.

Мейірімін бөлісіп,
Сен жамансың демеген,
Отырады ерінбей,
Әңгіме шертіп көнеден.

«Ақ маңдайлым айым»-деп,
Еркелетіп қараған.
Әжеме ешкім жетпейді
Әжем менің дара адам.

АТАМДЫ МАҚТАН ЕТЕМІН

Атамның жарқын жайдарлы,
Бейнесі әлі есімде.
Атамның аты мәңгілік,
Сақтаулы сәби жүректе.

Кетсе де мәңгі өмірден,
Артында ұлы із қалған.
Халықтың сыйлап бәрі де,
Өсиеті сақталған.

Атамды халқы сыйлаған,
Өлдіге оны қимаған.
Жаза берсем егер де,
Кітапқада сыймаған.

ҚАРЫНДАСТЫҢ ТІЛЕГІ

Сау-саламат, аман ба, тойшыл қауым?
Ата-әже, аға-іні, туған бауыр.
Осы тойға жеткізген бұл күнге де,
Жоқ менің айтар ешбір өкпе, дауым.

Жүсіповтер әулетінде бүгінде,
Көз жасы қуаныштың төгілер.
Бұл тойымыз шаттығын ала келіп,

Ұзағынан баянды бақ боп үйге енер.

Дәу папа, қуанышың құтты болсын!
Үйің сіздің күлкі мен нұрға толсын!
Бар жақсылық игі істе жаныңызда,
Бауырларың, балаларың бірге болсын!

Шын жүректен құттықтаймын аға, жеңге,
Іргесі бұл отаудың берік болсын.
Шайқалмасын шаңырағың мәңгілік,
Махаббат пен сенімділік серік болсын.

Жеңеше сізге айтарым:
Пейіліңіз кең болсын,
Жүзіңіз нұр болсын,
Мейірімді жүрегіңіз,
Ақылды сөз, шат күлкі,
От басында мол болсын,
Барлық ауыл сүйсініп,
Әр қашанда жол болсын.

Барлық істің басшысы дәу папа өзің,
Зор денсаулық, күш-жігер, қуат берсін.
Қалған ұл-қыз қызығын көре бер деп,
Дәу маманың әруағы қолдап тұрсын.

Ендігі жерде бұл әулет
Жамандықтан аулақ боп.
Жүре берсінші аман сау,
Баршаңызға мың рахмет!

Қыс мезгілі

Қыс келді міне алақай
Аппақ қырат, аппақ сай
Айналаңа қарасаң
Үлбіреген мақтадай

Коньки теуіп балалар,
Шанаменен сырғанап.
Күлкіге батты бәріде,
Аппақ қарға аунап.
Қонып жатыр ақ ұлпа,
Күн көзімен жалтырап.
Қуанады мәз болып,
Бала біткен жадырап.

Қыста аппақ қар жауып,
Айналаға нұр қонды.
Қызыққа бір тоймаймыз,
Біздер үшін той болды..

Мәншүктің ерлігі

Мың тоғыз жүз қырық бір,
Кенеттен соғыс басталды.
Аттанып жатыр ер жігіт,
Демеді бәрі «бас қайғы».

Он тоғыз жаста бар жоғы,
Мәншүк студент қыз әлі.
Жүрегінде кек қайнады,
Жауға деген ызалы.

Мың тоғыз жүз қырық екіде,
Жау беті қайтпай жатқанда.
Оқуын қойып майданға,
Сұранып Мәншүк аттанды.

Жасақталған жүзінші,
Бригадаға алынды.
Пулеметші болып соғысқа,
Кірісті жас қыз жалынды.

Қорғауды Невель қаласын,
Көрсетіп ерлік үлгісін.
Үш сағат бөгеп жау жолын,
Қаза тапты елі үшін.

Отаным деп жан қиды,
Не бары жиырма жасында.
«Шығыс шынары» - деген аты оның,
Ғасырдан жетті ғасырға.

Ұлы Жеңіске қосып үлесін,
Сыйлаған бізге азат күн.
Туғанына биыл тоқсан жыл,
Қызының қайсар қазақтың.

Ұмытылмас мәңгілік,
Жас ұрпаққа үлгі кейінгі.
Отаншылдық сезім оятқан,
Мәншүктің ұлы ерлігі.

Ұстаз – ұлылық

Арманға алыс жетелеп,
Қияға қанат қақтырған.
Санамда менің жатталған,
Парасат биік нар тұлғаң.

Білімді құйып санама,
Сан жылдар өтті ұстазым.
Есімің мәңгі жүректе,

Ұстазым менің – ұстазым.

Шапағат нұр, көңілінді.
Үлгі тұтам мәңгілік,
«Ұстаз» деген бір сөзді,
Айтамын әр кез ән қылып.

Алдыңда ұстаз бас иіп,
Айтамыз сіге мың алғыс.
Жадырап дәріс берсеңіз,
Біздер үшін қуаныш.

Жолыңды қудық ұстаздар,
Білімді болып бәріміз.
Көрініп биік асудан.
Осылай мәңгі жүреміз,

Ұл – қызы өсіп мұғалім,
Шәкіртімен танылды.
Шуақ болып ұстазым.
Жадыраттың жанымды,

Әліппені үйреттің,
Кітап болып ұстазым.
Әдептіде үйреттің,
Ұстаз болып мұғалім.

Ұстаздарым күлімдеп,
Дәл осылай тұрыңыз.
10 жылдан соң келгенде,
Алдымыздан шығыңыз.

Туған тілім – байлығым, қазынамсың

Қазақ тілі – халқымыздың айбыны,
Қазағымның жырсыз өткен қай күні?
Тіл байлығым ұлтымыздың мақтаны,
Қазақ тілім - маржан ойдан айқыны.

Қазақ тілім - терең және мазмұнды,
Қазақ тілім - тұғырлы елдің қазығы.
Әр ғасырда өз болмысын сақтаған,
Қазақтардың баға жетпес азығы.

Әрбір қазақ қазақпыз деп мақтаған,
Әрбір қазақ ана тілін сақтаған.
Әрбір сөзде таусылмайтын мағына,
Өзге елден елдігімді сақтаған.

Туған тілім – күшім де, ием де сен,
Құдіретім, қасиетім кием де сен,
Туған тілім - өзіңді өмірімдей,
Артық емес, мәңгілік сүйем десем.

Туған тілім – байлығым, қазынамсың,
Нәр беретін жүрекке қуатты әнсің.
Өзіңнен бір күш алып қайраттанып,
Әр сөзіңмен ауырсам, жазыламын.

Мен өзіңмен бар ойды жырлап бағам,
Сол ойымды келеді тыңдап далам.
Қажеті болса – дағы басқа тілдің,
Туған тілім бәрінен қымбат маған.



Нұрай Өркенбекқызы

2003 жылы 19 маусымда Қармақшы ауданы, Тәйімбет Көмекбаев ауылында дүниеге келген. 2018 жылы Т. Көмекбаев ауылындағы №185 орта мектебін бітірді. 2018-2022 жылдары Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары коледжінің “Ән салу” мамандығын тәмамдаған. 2022 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің, “Дәстүрлі музыка өнері” мамандығына оқуға түсті. Ақындық пен жыршылықты қатар алып келе жатқан ол, бірнеше дүркін облыстық, республикалық жыршы-термешілер байқауының жүлдегері. Қызылорда қаласында тұрады.

Жыр бастау

Тыңдаушы қардар келдіңбе,
Ал сөйле деп алқалап.
Қалайша үнсіз қалайын,
Отырсаң жұртым қолқалап.
Тіліме тауфих бер Құдай,
Жаныма жырым қолқанат.
Қайырлы қылсаң қадамды,
Басады өрге оң талап.
Сыпайылық нышаны,
Аспай сөйлеу орталап
Иманы кәміл кемеңгер
Сынға түссе суырылып
Қысылған жерден жол табат
Жыршы қыз келді алдыңа
Мұра қылған бабаның,
Аманатын арқалап.

Сүлейлер салған сүрлеумен
Ілесіп біздер келеміз
Құмары көптің тарқамақ
Түрекең Омар Жүсіптен,
Сөз саумалын ішіппе ең?
Әңгімесінен бал тамат
Жиенбай, Базар қас жүйрік,
Жүгенін жырдың босатса,
Таң асырып жырлаған,
Бесінде тізгін қаңтарат
Шәмшәт елдің бұлбұлы,
Саңқылдаған үніне,
Сай келген сән мен салтанат.
Көшіне ерген солардың,
Өркенбекқызы Нұраймын,
Тыңдаймын десең марқабат.

Бойыма біткен өнерді,
Аянайын несіне,
Ентелеп тұрса ел қалап.
Кер мінез, кердең емеспін,
Мақтағанға мастанып,
Менменсейтін шалқалап.
Қарабазар Кетенің,
Ұрпағы боп туған соң,
Жарамас ерте шаршамақ.
Айдос жырау ұстазым,
Талай топта сөйлеген,
Өлеңнің тонын қамқалап.
Батасы батыр бабамның,
Тілегі ғазиз анамның,
Желеп-жебеп жүргейсің,
Тіл менен көзден қалқалап.

Жар болсын енді бір Алла,
Шораяқ Омар айтқандай,
Шайырлық жолы шартарап.

Наурыз тойы

Қыста бітті аяз болып қар ұшқан
Күн мен түнің теңеліп тұр ғарыштан
Аманбысың арда туған ағайын
Көктем келіп құшақ жайып қауышқан

Күн жылынып қызған кезі жұмыстың
Басы жиі құралатын туыстың
Берекелі мерекелі өз Наурыз
Құтты болсын ұлы күні ұлыстың

Алтыбақан қыз бен жігіт ән салып
Жарапазан айтылады жар салып
Наурыз көже жасалады әр үйде
Қазанына жеті түрлі дәм салып

Ел аралас қой қоралас жатқасын
Жабатын күн өкпе реніш қақпасын
Қатып қалған көңілдерді ерітіп
Жібіткен күн самарханның көк тасын

Мал жан аман қора толған төл болсын
Ұлысымның ұлы күні оң болсын
Ақсақалдар баталарың қабыл боп
Дархан көңіл дастарханың мол болсын

Қалың қазақ қадір тұтып бір бірін
Тыныштықта түрілсе екен түндігің
Арқаласын елдің жүгін ұлдарың
Тарқамасын береке мен бірлігің

Аман болсын қала дала ауылың
Ауыздары бір болса екен бәрінің
Өз наурызда тілейтұғын тілегім
Бақыт бағын нәсіп етсін Тәңірім

Қазыналы қарттарым

Арнасымен ағады өмір өзен,
Ауыл жұмақ, міне май, әні көжең.
Тектіліктің тұмары менің атам,
Тәрбиенің бұлағы менің әжем.

Берекенің бабалар жолын білді,
Санамызға сөзінен сенім кірді.
Еткен ісі әжемнің келінге үлгі,

Айтқан сөзі атамның елімде үлгі.

Әжетайым аяулы алақаның,
Еркелетіп өсірген балапанын.
Аһ, дегенде аузымнан түскен едің,
Дейді-“ботам жолыңда садақамын”.

Атам-әжем балам деп мені айтады,
Бұл дәстүрді жалғаймын талай тағы.
Бірақ атам, атаңның баласы емес,
Адамның баласы бол деп айтады.

Әулетінде кетпеген құт, қадірі
Мақтанышпен айтамын жұртқа мұны.
Қазыналы қарттарым аман жүрсін,
Өсиет, өнегенің түп-тамыры.

Туған жерге тарту

Жарамас жырау болып жырламаған,
Бисмилла сөз тыңдаңдар тың жаңадан.
Армысың атырабым, топырағым,
Ақыннан өлеңменен жыр қалаған.
Қасиет белден емес елден дейді,
Жүз жырау шыққан еді бұл даладан.
Әйгілі Қорқыт баба жатқан мекен,
Түркінің мақтаны боп тұрған адам.
Базар, Оңғар, Жиенбай, Омар ақын,
Жан қалмаған оларды тыңдамаған.
Жыраулық атасынан үзілмеген,
Көшенейдің көшінен үлгі ала алам.
Алдашпай, Ер Сейтменбет, Марал ишан,
Қазірде барма ондай діндар адам.
Жәрімбет әулиені кім білмейді,
Тау тұлға Тұрмағанбет тұлғалы адам
Осы елдің суін ішіп, демін жұттым,
Жырласам сыр суындай зырлап ағам.
Қарақтың төбесінен гүл тергенбіз,
Естен кетпес естелік бұл да маған.
Себебі сүлейлердің мекенісің,
Даласы ән мен жырдан құрғамаған.
Бұл елдің бесіктегі баласы да,
Жыласа мақамға сап іңгөлаған.
Туған жерім тұғырың аласармай,
Тұра бер айдан есен, жылдан аман.



Жаннұр Әбиева

Әбиева Жаннұр Сәрсенқожақызы 2004 жылы Т. Көмекбаев ауылында туған. №185 мектепті 2021 жылы «Алтын белгімен» бітірген. Өлеңдері баспасөз беттерінде жарияланып жүр. Бірнеше дүркін жыр мүшәйраларының жеңімпазы, Халықаралық конференцияларға қатысып марапатталған. Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Химия және химиялық технологиялар факультетінің 3 курс студенті.

Өзім туралы

Мен туғанда қар жауған,
Аспаннан ақ нұр жауған.
Сол себепті атымды
«Жаннұр» деп қойған.

Жаннұр деген есімім,
Әбиева бұл тегім.
Қунышы әулеттің,
Өнері мол өренмін.

Қобызға да барамын,
Шырқап әнге саламын.
Мың бұрала би билеп,
Тақпақ та айта аламын.

Ана деген...

Ана деген-асқақтаған әуенім,
Ана деген- ең әділім, әдемім.
Ана деген- бәйтерегі әлемнің,
Ана деген- ғажайып бір өлеңім.

Бүкіл әлем анаға бас иеді,
Өйткені ол бәрінен де қаделі.
Ана деген сөздің өзі киелі,
Біз де оны құрметтейміз үнемі.

Анам менің мейірімді жан анам,
Өмірдегі ең асылым дара адам.
Ақ бесікте әлдіңмен тербеттің,
Түн ұйқыңды төрт бөліпсің сен маған.

Наурыз келді

Наурызым келді менің ауылыма
Шалқар, шаттық әкеліп қауымыма.
Күн менен түн теңеліп, шуақ шашып
Жылда осылай келе берсін қуантып.
Үлкен-кіші қуанады шаттанып,
Ұл-қыздары ақсақалдан бата алып
Наурыз көже пісіп жатыр

Қазандарға ақ толып.

Мысығым

Мысығым, менің мысығым,
Кіп-кішкентай пысығым.
Домалап жіппен ойнаған,
Қой десе де қоймаған,
Ойынға бір тоймаған.

Көктем

Көктем келді жадырап,
Қозы, лақтар жамырап.
Күн күлімдеп көгімде,
Ағады бұлақ сылдырап.

Гүлдер

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,
Қызыл, сары, шоқ гүлдер.
Ұнады гүл балаға,
Көрік берді далаға.
Үзіп алып біреуін,
Сыйлайын мен анама.

Астана

Астана - қазағымның бас қаласы,
Астана - алты алаштың жас қаласы.
Астана - гүлдей жайнап құлпыра бер,
Астана - болашақтың бастамасы.

Төрт түлік

Төрт түлігім-тірлігімнің айнасы,
Төрт түліктің тиер бізге пайдасы.
Төрт түліктің ырысына қуанып,
Күнде барам, төлдеріме су алып.

Торғай

Балалар торғайды,
Қауіптен қорғайды.
Жем беріп аялап,
Досым деп санайды.

Мұқағали

Мұқағали қазағымның мұзбалағы,
Тербеген ән мен жыры кең даланы.
Әлі де талай өлең жазар еді,
Жүрегiнiң тым ерте тоқтағаны.

Қыс келді

Айнала күміс қар,
Енді не тұрыс бар?
Жүгіріп ойнайық,
Шананы сайлайық.

Аққала жасайық,
Қарды да атайық.
Жүгіріп, секіріп,
Қызыққа батайық!

Ұлы жеңістің жетпіс жылдығына

Жеңістің міне бүгін жетпіс жылы,
Батырлар ерен ерлік еткен күні.
Біздер үшін жүректе сақталады,
Отан үшін жанын пида еткендері.

Әлиядай, Мәншүктей апаларды,
Бауыржандай ардақта аталарды.
Ел қорғаған жауынгер сарбаздардың,
Тарихта мәңгі есімі аталады.

Ұрпағына бақыт күнді сыйлаған,

Жауларына жақындарын қимаған.
Жер бетінде бейбітшілік болсын деп,
Бар күштерін бойларына жинаған.

Абай

Абай деп Зере атаған,
Ақсақал көріп, бата алған.
Елінің ерке ботасы,
Данышпан сөздің атасы.

Абайға арнау

Абайым дана,
Абайым дара
Өзімнің туған жерімде.
Жазбасың ақын,
Халқыңа жақын
Тәрбие, өлең төрінде.
Қарасөз түрлі,
Ұрпаққа үлгі
Жадымда мәңгі жатталған.
Өзіндей ұрпақ,
Мың жылда бір-ақ,
Келеді-ау деп ойладым.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮТІНІ

Әлеуметтік желілердегі шатпақтарымды оқып жүрген болуы керек Шораяқов Өмірсерік ағам алдымен телефон нөмірімді сұрап өзі хабарласқан болатын. Ағаға тән қамқор қоңыр үн «ал бала, біздің елдің азаматы сияқтысың, қай баласың» деп сұрақты төтелей тартты. Менің есіме, атақты батыр әрі шешен, ел билігіне ерте араласқан Сырым Датұлының осындай мағынадағы сұраққа берген жауабы сап ете қалды: «Әкем тірі болды, Ағам ірі болды, сондықтан көзге ілінбеген баласымын» дегендей жауап қатса керек. Елден ерте кеткен мен де қал-қадірімше ата-тегімді түгендеп жатырмын...

Ағамның әңгімелерінен туған жерге деген сағыныштың табын сезіндім. Көптен есіме алмаған балалық шақ пен туған жерге деген сағыныш менің де жүрек тұсымды шымырлатып жіберді.

Қара шаңырақты қарайтын екі ұл да Алматының қызығына шырмалып елге оралмаған соң, 1996 жылы әкеміз – Зинабыт Сүлейменұлы 57 жасында, шешеміз – Зылиха Баймырзақызы 54 жасында Алматы қаласына көшіп келген болатын. Сол кездегі аласапыран тірлік шағын ауылдың шаңырағын шайқалтып тынған. Ұлтымыздың «Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан ізде» деген тәмсілі сол кезеңнің суретін дәл беретін шығар.

Жұмағы жақын шаһарға көшіп келгенмен құлақ пен көз ауылға телміруді бастады. Ағайын арасындағы қуаныш пен қазаның хабары тисе елге тұра шабады. Кезекті сапардан шаршап оралып, сәлден соң қайта елге елеңдеп отырғандары.

Бес күндік жалғанның қызығына алданып, безбүйрек қаланың тұрғынына айналғанымға қапаланған күндерімнің болғанын несіне жасырайын. Қабілетім жетпесе де, темір-терсекке немесе ауыл шаруашылығына қатысты мамандықты таңдап, туған жердің төсінде алшаңдап жүрмегеніме өкінген күндер де болған. Бізге бағынбайтын мәртебелі уақыт бәрін де жөнге келтірді.

Уақыт өте келе әке-шешем Алматылық Кете-Шөмекейлердің ықыласты ниеті мен ыстық құшақтарына көміліп қалыпты тірлікке араласып кетті. Бәрі де ұмытылды, бірақ туған жерге деген сағыныш қана ұлғая түскен. Туған жердің телісі мен тентегіне де тебіренетін жасқа өзім де жақындап қалыппын. Қазір маған туған жердің түтіні де ыстық көрінеді.

Арғы тегі көшпенділерден тарайтын біздің ұлтымыз үшін туған жерден қасиетті ештеңе жоқ. Туған жер мен туған елі үшін етінен ет кесіп алсаң да қыңқ етпеген біздің қайсар ата-бабаларымыздың рухы «итжеккенге жер аударған» сұрапыл науқанда ғана сылқ түскен көрінеді. Қадыр ақынның (Мырзалиев) мына өлең жолдары осыдан хабар беретін шығар:

«О залым-ай, залым-ай,
О ант атқан, ант атқан,

Осал жерін ерлердің,
Қалай ғана дәл тапқан».

Өтпелі кезеңнің сұрапылы біздің буынның да пешенесіне жазылған жазуға өзінің өзгерісін енгізді. Ауылынан алысқа аттанарда тезірек қайта оралуды мақсат еткен ата-бабаларымыз «Айналайын туған жер!» деп тебіренетін болған. Жырақта отырып, туған жерді тербеген біздің ниетіміз де іс-түссіз жоғалмайтын шығар. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын мамыражай тірлік аузын ашса жүрегі көрінетін баладай дархан ұлтымызға түбі келетініне өзім сенемін.

Біз туған ауылда туып, бұйырған ырзыған байтақ Қазақстанның түкпір-түкпірінде теріп жүрген, тіпті алыс та жақын шет елдеріне қоныс аударған жерлестеріміз жайлы ара-тұра естіп жатамын. Шағын ауылдан арман қуып алысқа аттанған азаматтардың бәрі абыройсыз емес. Жезқазған мен Сәтпаев қалаларының құрметті азаматына айналған, талантты ақын, журналист Абдолла Дастанов ағам, әскери дәрігер ретінде еліміздің бірнеше қалаларында қызмет етіп, ендігі қазығын Алматыға қадаған Ермек Байнашов пен Әбдуали Тұрғанов ағаларым осыған дәлел.

Мәртебелі жырдың отын өшірмеуге өмірін арнаған белгілі жырау Алмас Алматов, артынан ерген інілерінің көшбасшысына айнала білген Имран Лепесов пен Дархан Ахметов, ұлттық мәдениетіміздің жоқтаушысына айналған, Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері» және Қазақстан Республикасының спортына еңбегі сіңген қайраткер Дүйсенбек Жақсығұлов, Желтоқсанның ызғарынан ықпаған көкем – Мирамбек Бөлекбаев, сурет өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған дарынды суретші Рашид Нұрекеев, өзге де өзім сияқты қарапайым жігіттер жырақта жүрсек те туған жердің қазығына мықтап байланғанымызды мойындайтын шығармыз.

Өзге елдің түтінін түтеткенімен, елге деген ықыласын бір мысқыл да кемітпеген апа-қарындастарымыз қаншама?! Көңілімізден мәңгілік орын алып, жанарымыздың ауласынан шығармаған «Жаңақаланың» тірлігі біздің жүрегімізді әлі талай тербететін шығар. Кім білген?!

«Ауылына қарап, азаматын таны» деген тіркес түбі тегін айтылмаса керек. Жүрегіміздің түкпіріне орап, әлдиімізге айналған ауыл да, сол ауылдың қазығына оратылып дүниеге келген азаматтар да биыл 60-қа толып жатыр. Туған жердің төбесі мен құмын, белесі мен қырын зерттеп, зерделеп жүрген Қосбаев Сақтапберген ағам қызылқұмның қызыл желіне қақталған, өзегін өлең тербеген бір топ ұл-қызының шығармаларын жинастырып, «Қызылқұм әуені» деп аталатын жаңа бір дүниені ұсынып жатыр екен. Найзағайдың отына суарылғандай өлеңдерді оқып отырып туған жерге деген сағыныштың кеудемде қайта жаңғырғанын-ай! Ауылмен бірге өзімнің де біраз қырдан асқанымды межелеп жатырмын. Мына өлеңдердің бәрінен туған жердің киесі мен иісін тұщынып жатырмын. Сіздер де оқып көріңіздер!

Бекжан СҮЛЕЙМЕНОВ

Осы кітаптың жарық көруіне рухани қолдау мен қаржылай демеушілік еткен ел азаматтары – Абдолла ДАСТАНОВ пен Бекжан СҮЛЕЙМЕНОВке алғысымды білдіремін.

Сақтапберген ҚОСБАЕВ